священным долгом оказать тяжущимся полную беспристрастную справедливость. Он терпеливо выслушивает все малейшие подробности – как приносимой жалобы, так и оправдания и потом объявляет свое решение, принимаемое всегда беспрекословно и свято исполняемое» – «Істі қарастыру кезінде би және ақсақал дауласушыларға асқан әділдік танытуды өзінің қасиетті парызы санайды. Ол екі жақтың да дәлелдемелерін әбден тындағ болған соң ғана өзінің әділ шешімін жариялаған және ол шешім міндettі түрде орындалған<sup>1</sup>», – деп жазды. XIX ғасырдағы қазактың көрнекті ғалым-зерттеушісі Ш.Уәлиханов былай деп тұжырымдайды: «Значение биев основано на частном авторитете, который приобретают они так же, как в Европе поэты, ученые и адвокаты. Шекспир и Гете считаются всеми за великих поэтов, но мнение о гениальности их основано не на декретах правительств и не на формальных вы борах народа» – «Билердің беделі Еуропадағы ақындар, ғалымдар мен адвокаттар сияқты өздерінің жеке бастарының қасиеттеріне байланысты болған. Шекспир мен Гетеңің ақындық ұлылығы үкімет деректерінен тұмаған, өздерінің дарындылығынан туған. Сол сияқты билердің де беделдері осы тектес реттелген».<sup>2</sup>

Қазак құқығының қалыптасып, жүйелі түрде дамуына алғышарт болған үшфакторды баса айтып өткен жөн. Олар: біріншіден, қазактар және олардың ата-бабалары мекендеген Еуразиялық континенттегі жердің байтақ кеңдігі. Қазақ Республикасы бүгінгі күні аумағы бойынша әлемде 9-орында, 2,72 млн. шақырым, ал 200-300 жыл бұрын бұдан да үлкен – 1,5-2,0 есе аумақты алғып жатқан. Екіншіден, көбінесе Шығыстан Батысқа қарай дүниені дүрліктіре ауысқан көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдар мен бірлестіктердің жүздеген жылдарға созылған жолдары, осы Еуразиялық дала арқылы өткен немесе одан басталған. Осы ұлы көш барысында, сонымен бірге Орта Азия мемлекеттік құрылымдарының ауысуы және ыдырауы барысында, олардың бір бөлігі осы Қазақия деп аталатын «еркін» аумақты мекендейді. Олар өзіндік мәдени-демократиялық, әдептік-құқықтық дәстүрлерді ала келді. Үшіншіден, осы ұлан-байтақ кең даладағы соғыстар мен жаугершілік этномәдени шенберінде қорғау және өзін-өзі нығайту идеяларына ұласты. Қазақ даласындағы бытыранқылықтың, өзара араздастықтың бірте-бірте бірігушілік идеяларына қарай ойысуы елдегі қоғамдық қатынастардың бір қалыпқа түсүіне және еркіндік, бейбітшілік, ел бірлігі рухынан нәр алған құқықтық ережелердің рөлін арттыратусты. Көптеген мыңжылдықтар

<sup>1</sup> Александров А.Е. Киргизская степная газета. 1890, № 2.

<sup>2</sup> Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в 5 томах. Т. 4. Алматы, 1985, С. 77.

бойына қазақ сахарасында ауысып отырған ірілі-ұсақты мемлекеттік құрылымдар, әсіресе, түркілер мен түркіленген одактар ұлан-ғайыр далада өздерінің қалыптасқан түрдегі «әділеттік», «бостандық», «еркіндік» идеяларын мұра етіп артына қалдырыды.

Қазақ көне заңдарының ережелері берілген кеңістіктік шегі Қазақия атты қошпелі халықтың этномәдени аумағын қамтиды. Яғни ол ешбір қазақ халқының нақты билігінің аясымен өлшенбейді. Демек, «Қазақ мемлекеттігі» деген ұғым бір хандықтың шенберіне сыймайды. Қазақ қоғамы үнемі феодалдық бытыраңқылықта және ұлыстар мен жүздердің «Қазақияны» иеленуі үшін қурес жағдайында өмір сүрді. Елдін саяси бірлігі тек халық басына ауыр құн туғанда, қыын-қыстау жылдары ғана бой көрсетіп, басқа кезеңдерде уақытша сипатта болды десек, шындықтан қияс кетпеспіз. Ал қазақ құқығы этникалық аумактардың жалпы мәдени жетістігі болып қала берді.

## II

Ортағасырлық қазақ қоғамының бүкіл құқықтық өлемінде негізгі билік «Дала заңының» билігі болды. Ал оның қорының сақтаушысы, реформаторы және жүзеге асырушы күші – билер еді.

Би, ең алдымен – сот (судья). Бидің өзі де, билігі де түп-тамыры халықтың тарихына байланысты. Сол себепті ол беделді, дәстүрлі билік қатарында болды. Ал хан билігін көвшілік бүқара әкім билігі деп таныды. Қазақтың мәдениет қайраткерлерінің бірі жазғандай: «Мықты билер, тілін алмаған хандарды бір кездे тақтарынан күйршақша алып тастап отырған»<sup>1</sup>.

Би халықтың сана-сезімінде ақ туын көтеруші ретінде сипатталады. Оған дәлел ретінде билердің мына көсіптік ұрандарын келтіреді: «Шыннан өзге Құдай жоқ», «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы». Билердің негізгі ісіне айналған бұл ұрандар адам үшін оның ар-ожданы мен намысын, адамгершілік, әділдік тұргыдан қорғауды ең жоғарғы қадір-қасиет деп санаған. Бұл моральдық құндылықтар әділ сот мәселесіне тікелей қатысты. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», – деген нақты ережеден көрініс тапты.

Қазақ даласында би болу оңайлыққа түспеген. Оған күрделі талаптар қойылды. Тек «Құдайдың сүйген құлдары ғана» би бола алады. Би боламын деген адам тек жеке қасиеттерімен танылып қана қоймай, бірқатар сатылардан тұратын сыннан сүрінбей өтуі керек болған. Далада әділеттің ақ туын желбіретер биге табиғат берген

<sup>1</sup> Сейфуллин С. Шығармалар. VI том, Алматы. Жазушы, 1994. 265-б.

қасиеттерден басқа шешендік, сөзуарлық, ақыл-парасат, қызыл тілде ешкімге дес бермеу және де «Қасым ханның қасқа жолында», «Есім ханның ескі жолында», Әз-Тәүкенің «Жеті жарғысында» көрініс тапқан «Дала заңының» негізгі қағидалары мен нормаларын жатқа білуі, өзіне дейінгі атақты билердің үлгілі сезінен нәр алу секілді негізгі талаптар қойылатын. Әрине, билік шенбері жағынан билердің елдегі беделі мен ықпалы бірдей болған жоқ: шағын ауыл, шағын ру бірлестігінен бастап жұзге, ұлысқа, тіпті бүкіл қазак еліне төрелік айтқан билер болған. Міне, осыған сәйкес билерге қойылатын талаптардың да түр-сипаты, «қаталдығы» да өзгеріп отырған.

Баласының табиғи дарынын байқаған ата-анасы оған би болу жолында дұрыс бағыт-бағдарда тәрбие беруге тырысқан. Ең алдымен отбасында оған қазақтың айшықты сез өнерін, әдettік-құқықтық дәстүрлері мен ережелерін үйреткен, логикалық мәселелерді шешуді, яғни сottық қызмет барысында кездесетін сан қылыш өмірлік мәселенің түпкі негізін табуды үйренуіне көмектескен, қисынды сөзбен қиуластырылған жұмбак сөздің астарын табуға баулыған. Бұл қызметті ата-анасы үйреткен, ауылдан белгілі, танымал, көпті көрген, өзінің білген-түйгенімен өмірлік тәжірибесі бар ауыл ақсақалдарынан тәлім алған. Мұндай жас жеткіншектің ерте бастан белгілі билердің алдын көріп, оларға атқосшылықта жүріп, «далалық» сот ісін жүргізуіндің қыр-сырын жас күнінен бастап игеруі өте маңызды шарт болып есептелген. Ұстаз рөліндегі бұл билер шәкіртіне кейде билер сотында қаралатын істер бойынша шығаруға қатысты шешімге өзінің көзқарасын нақты білдіру мүмкіншілігін беріп, оның кабілетін сынап отырған. Кейінректе қазак халқының ұлы ақыны әрі Орта жүздің ғана емес, бүкіл қазақтың «Тебе би» атанған Абайдың әкесі Құнанбай да осы ескі жолдан таймаған. Құнанбай баласын 6 жасынан бастап Қазақ даласындағы атақты Қоянды жәрменәкесіне алып баратын. Оның әкімшілік орталығы – Қарқаралыда билердің, ақсақалдардың, шешендердің қатысуымен соттар, жиналыштар болып тұратын. Тобықты руының өзінде де тәжірибесі мол ақсақалдар көп болған. Абай солардың мектебінен өткен. Зерттеушілердің айтудынша, 13 жасында Абай өзінің соттық шешімдерін шығара бастаған. Абай өмірін зерттеуші М.Әуезов бұл туралы былай деп жазған еді: «Врачаюсь в кругу изощренных вдохновителей межродовой борьбы, Абай, наделенный от природы недюжинными способностями, постигает тончайшие приемы ведения словесных турниров, где оружием служили красноречие, остроумие и изворотливость. Так как тяжбы решались не царским судом, а на основе веками существовавшего обычного права казахов, Абай должен был обратиться к сокровищам казахской

народно-речевой культуры» – «Руаралық күрестің дем берушілерінің арасында жүріп табиғатынан дарынды Абай каруы – шешендік, ақыл-парасат болған сөз сайсын жүргізудің сан қылы тәсілдерін жіті менгереді. Даулар патша сотында емес, ғасырлар бойы қалыптасқан казак әдеп-ғұрып құқығы негізінде шешілгендіктен Абай қазақтың халықтық сөз өнерінің інжү-маржандарын жетік білуі қажет еді<sup>1</sup>. Зерттеушілердің мәліметтері бойынша, Әйтеке би де (1681-1766) дәл осындай жолдан өткен. Оған «оның ерекше талантына қауым мен ауыл ақсақалдары 5-6 жасында көніл бөлген»<sup>2</sup>. «Болар бала боғынан» дегендей Орта жүзден шыққан атақты Шорман 13 жасында, кейінректе Сырдария (Кіші жүз) алқабындағы азаттық қозғалысты бастаған Есет (Көтібардың баласы) 20 жасында атақты би болады. Толықанды би атану үшін жеке қасиеттері мен «Дала заңының» ережелерін білгеннен басқа «жетілгендік» белгісі деп аталатын екі жоғарғы сын-наң өту қажет болды. Біріншіден, ол атақты билер мен ойшылдардың «философиялық» сұрақтарына жауап беріп, өзінің ақыл-парасаты мен таным логикасының жеткілікті дәрежеде дамығандығын дәлелдеуі қажет болды. Екіншіден, абыз ақсақалдардың батасын алуы керек. Сондықтан халық: «Батамен ер көгерер, жауынмен жер көгерер» деген. Неғұрлым мықты би боламын деген адам, соғұрлым атақты да шешен бидің батасын алуға тырысқан.

Мұндай жолдан «билер атасы» атанған атақты Төле би де (1663–1756) өткен. Төленің әкесі Әлібек сол рудагы ең атақты би болған. Әкесі оны «Дала заңдарының» қыр-сырын менгерсін деп даулы істерді шешуге бірге алғып жүретін. Төле 9 жасынан сottық істерге араласа бастады. Ал 15 жасында атақты би болды. Ол кезінде 90 жастағы дана қария Жетес бидің, жүз жастағы атақты Әнет бабаның батасын алды. Халық жадында бұл жағдай былай сипатталады:

Әнет баба бір бума солқылдақ шыбық алдырады: «Балам, мына-ны сындырып көрші», – дейді. Төле буылған шыбықты олай-былай иіп, сындыра алмайды. «Енді сол бума шыбықты біртіндеп сын-дырышы», – дейді Әнет баба. Төле оп-оңай сындырады. Әнет баба: «Бұдан не түсіндің балам?», – деп сұрайды. Төле: «Түсіндім, баба. Үйнімақты, бірлігі мықты елді жау да ала алмайды. Саяқ жүрген таяқ жейді» дегенді білдіреді», – деп жауап беріпті. Сонда Әнет баба: «Бәрекелді балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін елді ауыз бірлікке, ынтымакқа шақыра біл. «Бақ қайда барасын? – «Үйнімаққа бара-мын» дегеннің мәнісі осы», – деп оң батасын беріпті».

<sup>1</sup> Ауэзов М. Жизнь и творчество Абая Кунанбаева. – В сб. «Жизнь и творчество Абая», Алматы, 1954, 7-8-б.

<sup>2</sup> Есламғалиұлы М. Әйтеке би. Жеті жарғы, 1988, 91-б.

Төленің ру ақсақалынан алған тағы бір батасында: «Үй баласы ма деп едім, ел баласы екенсің. Ауылыңың таңы бол, маңдайдағы бағы бол», – деген еді.

Қазақ даласының атақты биіне айналған Әйтекенің де Кіші жүздің атақты данагейі Қосуақ бидің өзінен бата алғандығы туралы аңыз бар. Ол: «Кәрі тозады, жас озады. Ендігі жерде үйде де, тұзде де билік тізгінің өзің ұста!» – деп бата берген екен.

Әлі қофамның мойындауына ие болмаған, би болам деуші адамды да сынау әртүрлі себептерге сай жүргізілген: жас күнінде – оның қабілетінің бар-жоғын тексеру үшін, есейген шағында бидің дарындылығының деңгейін тексеру үшін, ел аузына ілініп жүрген билер де басқа ру-тайпа арасында «сенімділік» сынанағынан өткен. Топ алдында, билер айттысында не ел төре-әкімі алдында өзін көрсете білу әдеті қолданылған. Мәселең, Үргеніштің (Шығыс Түркістан) ханы атағы шыққан Сырым бимен кездескенде оған төрт сұрақ қояды: «Дау мұраты не? Сауда мұраты не? Қыз мұраты не? Жол мұраты не?» Сырым бидің жауабы: «Дау мұраты – біту, сауда мұраты – ұту, қыз мұраты – кету, жол мұраты – жету» дегендеге хан ұшып тұрып, құшактап, қонағасын беріп, ат мінгізіп шығарып салыпты.

Бидің нормативтік-құқықтық білімі мен оның ойлау үрдісінің ерекшелігі қашан да бірінші саптағы өлшемі болған. Егер соттық процестің және сотқа дейінгі процестің сайдысуышылығы, ашық, жария сипатын ескерсек, онда олардың зор мәнінің болғанын еске түсіреді. Әрине, таным біртіндеп келеді және өмірлік тәжірибе барысында жылдар бойы жиналады. Бірақ би болам деген адамда өзіндік өнерінің жақ кезінен бастап-ақ байқалуы қажет. Қофамның қазіргі және болашақтағы билерге қоятын талабы осындағы болды. Билердің ешқайсысы, тіпті есейген шағында да мұндағы кездейсоқ сынадан тыс қаламын деп ойламаған.

Қазақтың әдettіk-құқықтық жүйесі тарих бойы қалыптасқанын, оның әртүрлі ғасырлар үні мен үндестігін баса айтпаса болмайды. Бір жағынан алғанда, ойын консервативтік сипаты, екінші жағынан, көшпелі өркениет ауанында әр кез қозгалыста, дамуда болғандығы сезіледі. Осындағы өзгерісті қозғалыс барысында би қазақтың құқықтық дәстүрлерінің сактаушысы ретінде көрініс тапқан. Бұл оның кәсіптік қызметінің міндетті қыры болып табылады. Сонымен қатар би – Ұлы дала құқығын еркін талқылаушы әрі оның нормаларын қофам өзгеруіне сай қолданушы.

Қазақ құқығы өз бастауын XIII ғасырда өмір сүрген, қазақтың көне үйсін руынан шыққан, Шыңғыс ханының (1155-1227) «Орда

біі» атанған Майқы биден алатындығы шұбә көлтірмейтін шындық. Сондықтан Қазак құқығында «Түгел сөздің түбі бір, тұп атасы – Майқы би» деген даналық сөз қалған. Қазак құқығының жүйеленген қайнар көзі болып «Қасым ханның қасқа жолы» (Қасым хан билігі – 1511-1523 жж.), «Есім ханның ескі жолы» (Есім хан билігі – 1598-1628 жж.) және Тәуке ханның «Жеті жарғы» атты ережелер жинағы есептеледі. Билердің және билер сотының құқық байлығына тек дәстүрлі «хан жарлықтары» фана жатпайды. Сонымен қатар атақты билердің жалпы жұртқа кең тараған бітім, шешім, жүгініс үлгілері де жатады.

Ортағасырлық Қазак даласында, тіпті жақын арадағы жаңа заманға дейін сөз құдіретінің беделді де күшті болғандығы сонша, сөз өнерін жете менгерген жестандай би алдында фактілер де тізе бүккен. Ұлы дала мәдениетінің мұндай ерекшелігі Қазак құқығында нық орын алды.

«Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірер би», «Өнер алды – қызыл тіл» дей келе Қазаки құқық сот әділдігінің мақсаты «Тіл жүйрік емес, билікте шын жүйрік» деген тұжырымды нықтап бекітті.

### III

Қазак құқығының ерекшелігі ол көшпелі өркениет шеңберінде туып, сол дәуірдің ең құнды сипатын иеленді. Бұл тұрғыдан ол тарихи маңызы бар құқықтық жүйелер әлемінен занды түрде өз орнын ала алды, алуды тиісті де.

Қазак құқығының мәні мен ерекшелігі оның тарихтағы белгілі бір жүйелі-институционалды құрылым екендігінде емес. Барлық халықтар өз тарихында бастапқы сатысында ондай әдет-ғұрыпқа негізделген құқықтық реттеудің ұstemдік етуі дәуірін басынан өткерді. Бірақ мұндай кезең көптеген халықтардың тұрақсыз әрі қысқа мерзім ішіндегі өтпелі дәуірі болды. Оларда құқық жүйесі билік үшін династиялық құрес, көшпелі және жартылай көшпелі одактардың жаңа жерлерді іздең, көшуі сияқты ортағасырлық идеологияға сай қалыптасты. Қазак құқығының ерекшелігі оның «еркіндік» лебі өріс алған кең аумақта қалыптасып өркендеуінде, көшпелі өркениеттің бейбіт, табиғи тұрақты қағидаларына негізделе дамығандығында. Бұл тұрғыдан ол өзінің мазмұны бойынша өзі қалыптасқан дәуірді айқындағы және оның шеңберінен асып түсті.

Қазак әдет-ғұрып құқығы жүйесінде бидің мәні мен мәртебесін анықтайтын бірқатар қағидалар мен нормалар бар. Олар халық санасынан берік орын алғып, көбінесе оның дәстүрлі менталитетінің

мазмұнын құрады. Олар қысқа да мәнді нақыл сөздерден көрінді: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Тұғанына бұрганы – биді Құдай үрганы», «Таста тамыр жок, биде бауыр жок».

Шындық пен әділдікке жету қазак құқығының, оған негізделген билердің соттық шешімдерінің түпкі негізі, түпкі мақсаты саналған. Оған мына тәмендегі әрі моральдық, әрі құқықтық күші бар ережемәтелдер дәлел: «Атаңың құлы айтса да, әділдікке бас и», «Әдет – әдет емес, жөн – әдет», «Тіл жүйрік емес, шын жүйрік», «Әділсіз болса би оңбас, әйелсіз болса үй оңбас», «Би төрттің құлы: адап енбек, таза ниет, терең ой, әділдік», «Елге бай құт емес, би құт», «Батыр дегенді екі қатынның бірі табады, би дегенді ілуде біреуі табады».

Дауды қарастырудың қарапайымдылық, сот әділдігі мен дәлелдеу бостандығының қамтамасыз етілуі, тараптардың және процеске қатысушылардың әрқайсысының өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігінің шектелмеуі, тараптарды татуластыруға тырысу және соттық шешімдердің тіпті кінәлі тарапқа қатаң жаза тағайындалған кезде де қоғамның алдындағы әділеттігі мен логика зандарына сай болуын қамтамасыз ету билер сотының формасы мен мазмұнын құрады. Ақырғы соттық шешім шығару жауапкершілігін иеленген би жасына, жастығына қарамастан ертедегі, өз дәүіріндегі данышпан қарияларға үқсал бақты.

Соттық функцияны аткарған бидің өз пікірін білдіруінде және іс-әрекеттерінде еркіндік көп болды. Бірақ оны халық жіті қадағалап отырды.

Сот жүргізуін тәртібі мен сот құрамын белгілеуде екі нәрсеге көніл бөлінді: оған қатысатын тараптардың ықыласы мен істің құрделілігі. Дауды бір би жеке-дара өзі шешуі де мүмкін еді. Бұл сот ісін жүргізуін ең қарапайым әрі кен тараған түрі. Ол көбінесе биге бір ауылдың адамдарының, жақын руластардың дауын шешіп беруді сұрағанда немесе тараптардың өздері – талапкер мен жауапкер ерікті түрде өз дауларын шешуді сұрап жүгінгенде қолданылады. Егер жәбірленүшінің немесе өкпелі адамның шағымы бимен туыстық байланысы бар адамдарға қатысты болса, соған қарамастан іс бидің ынтасымен басталып, қаралуы да мүмкін. Бұл жағдайда бидің жауапкершілігі арта түседі, керекті адамдарды жүгініске өзі шакырады, ал жауапкер бұдан бас тарта алмайды. Оның келмеуі туыстары үшін барып түрган ұят болып саналады. Егер би әрі атақты, әрі дана, әрі әділетті болса, оның шешіміне құлдық үрган және оның алдына алыс рулярдан жүгініске келушілер легі бір мезетте толастамаған.

Әртүрлі рулық қауымдардың арасындағы аса шиеленіскен дау-шарларды әрі құрделі істерді билер соты алқалы түрде

қарастырады. Олардың ішінде біреуі Төбе би, яғни негізгі би болып сайланады да, оның пікірі сот шешімін шығаруда басымдылық мәнге ие болады.

Билер сотты сайысушылық процесс. Әрбір тарап сотқа өзінің биімен, кейде тіпті өз руласының мұддесін қорғайтын бірнеше биімен қатысады. Билер сотында кездейсок сырттан келіп бір тарапты жақтауға рұқсат етілмейді. Сот ісін жүргізу ханың отыратын жерінде, алаңында, бидің үйінде немесе белгіленген жерлерде, көбінесе рулардың көшпелі мекендерінде өтті.

Қазак құқығында өлім жазасы, түрмелер мен зындандар (қамауға арналған жерасты орындары), бас бостандығынан айыру, денеге зақым келтіру түрлері, қылмыстық жазалар болған жоқ. Барлық даулар және ең күрделі қақтығыстар азаматтық-құқықтық сипатқа ие болды және олар үшін мұліктік, мұліктік емес, ұлтатын, масқаралайтын, бітімгершілік және өзге де жазалау нысандары колданылды.

Жауапкершілікке тартуда жазалаудың үш негізгі түрі бар: «құн төлеу» (кісі өлтіргені үшін немесе кісі өлтіруге теңестірілген қылмыстар үшін төленетін төлем), «тоғызы» (тоғыз санына теңестірілген мұліктік жауапкершілік), «айып» (кешірім айыбын төлеу). Бұлардың барлығы мал, әсіресе жылқы басынан тұратын заттық сипатта болған. Әрбір жазада тараптардың өзара бітімге келу шарты сақталынады, кейде дау-тартыс, жауапкершілік некелік мәмлелермен бітіскең. «Құнның да» (кісі өлтіргені үшін жауапкершіліктің) түр-түрі болған, ол өлген адамның қадір-қасиетіне сай: «ер құны» (әскер үшін), «сүйек құны» (кісі өлтіргені үшін), «өнер құны» (өлген кісінің өнердегі білімі мен қабілеті үшін), «ар құны» (ар-намысқа тигені үшін). Жазаның мөлшері өлген адамның әлеуметтік жағдайына да байланысты болды.

Біздің есептеуімізше, жаза түріндегі қолданылатын «тоғыздың» 27-ге жуық түрі бар. Ол – тәменгі «тоғыздан» ат немесе түйе бастатқан «тоғызға» немесе қыз бастаған «тоғызға» барған. «Айып» көбінесе «ат-тон шапанмен» шектелген.

Қазактар құқығындағы жауапкершілік пен жаза түрлері аса бай әрі көп түрлі болды. Олардың түрлерінің көптігі соттардың әрекеттерінің қеңістігін қамтамасыз етті. Сонымен қатар бұл билерге өз шешімінің логикалық, адамгершілік негізділігі үшін өрекше жауапкершілік жүктейді. Дәл осы жерде істің мән-жайынан кем бағаланбайтын судьяның жеке қасиеттері мен ақыл-парасаты көрінуі қажет.

Еуразиялық кеңістіктің ұлан-байтақ Орта Азиялық бөлігінде көне заманнан қазіргі қүнге дейін негізінен Қыпшақтар деген жалпы атқа ие болған түркі тілді этностар мен халықтар өмір сүріп келеді.

Тарихтағы глобалды мәніне қарай Қыпшақ даласын екі: Оңтүстік және Солтүстік аумаққа бөлуге болады. Ираннан Қытайға, Үндістаннан Қазақстанның қазіргі оңтүстік аудандарына дейінгі ұлан-ғайыр «Оңтүстік аумақ». Еуропа мен Азияны жалғастырған тоғыз жолдың торабы және белгілі бір дәрежеде дамыған қала шаруашылығы, саудасы, мемлекеттік құрылымы бар жартылай көшпелі және жартылай отырықшы елдердің өмір сүру аймағы болып табылды. Дәл осы аумақ орта ғасырлардың бастапқы кезеңдерінде әлемдік тарихқа елеулі әсер еткен Орта Азия халықтары мен олардың ата-бабаларының күшті саяси одактарының қалыптасуының алтын бесігі болды. Әлемді дүр сілкіндірген, біздің ғасырымызыға аяқ басқан шакта түркі тілді көшпелілер – ғұндардың Батысқа қарай көшуі, әскері негізінен түркілерден құралған Шыңғыс ханның (XII ғасыр), Әмір Темірдің (XIV ғасырдың екінші жартысы – XV ғасырдың басы) жауап алушылық жорықтары дәл осы аумақта басталған. Дәл осы жерде ірілі-ұсақты, негізінен түркі тілді мемлекеттер бірінен соң бірі пайда болып, өзара текетірестің, сыртқы күштердің және уақытша жауап алушылықтардың әсерінен жойылып кетіп отырды.

Бір сөзben айтқанда, Орта Азияның «Оңтүстік аумағы» саяси-әлеуметтік толқулар мен әрқишли оқиғаларға толы болды.

«Оңтүстік аумаққа» қарағанда одан да қөлемді кеңістікті алып жатқан «Солтүстік аумақ», яғни Балқаш пен Аralдан Сібір Алтайына дейінгі, Еділ өзенінен Ертіс өзені, Тарбағатай тауларына дейінгі жерлер көшпелі өркениеттің канат жайып орнығуы үшін мейлінше ыңғайлы бейбітшілікке бет алған «еркін аймақ» қатарында саналды. Бұл өлкені мекендеген өзінің байырғы түрғындары – түркі текті халықтан басқа, бұл жер көптеген ауыр зұлматты оқиғалардан, өзгерістерден ыққан халықтардың екінші демін алар тұрағына айналды. Әсері күшті ислам орталықтарынан алыс орналасқан Орта Азияның бұл бөлігінде қоғам өмірінің барлық салаларына, сондай-ақ құқықтық мәдениетке де әсер еткен «еркіндік» ырғағы, зиялыш өмір қалпы орнады.

Ерте орта ғасырларда құрлықтың Еуразиялық төсекейінде, түркілердің этногенетикалық тамырын, қазіргі қазақтардың негізін құраған, көшпелілердің саяси тұтастығы қалыптасты. Қазақ даласы өзінің Оңтүстіктерінде ықпалын арттыра отырып, бүкіл

Түркістан аумағын қолтығының астына алуға тырысты. Қазақстан тарихын зерттеуші ғұлама ғалым, академик Манаш Қозыбаев былай деп жазған еді: «Қорыта айтқанда, қышишақ атаяуымен халық болып танылған қазақ барша түрік өулетінің қара шаңырағы болды. Еуразияның кос күрлігінде тарихтың құдіретті төріне бір-ақ шықты»<sup>1</sup>.

Аса көрнекті қазақ ойшылы және ақыны Мағжан Жұмабаевтың осы ғасырдың 30-жылдарында: «Түркістан екі дүние есігі ғой, Түркістан ер түріктің бесігі ғой», – деп айтқан сөздері тарихи хроникалық ақыратты сипаттайды. Қазіргі күні бұл сөздер Түркия астанасы Анкара қаласының шағын демалыс алаңында жазылған. Бұл кейінгі ұрпаққа Қазақ елі – Қазақстанның түркі халықтарының негізгі бастауарының бірі екендігін, дәл осы жерден түркі тілді этнотарихи және құқықтық мәдениеттер өлемінә апаратын жолдардың бастау алатындығын білдіреді.

Қазактар, олардың ата-бабалары бастанқыда жартылай көшпелі бірлестіктердің өмір сүру жағдайларына сай, көбінесе табиғи жолмен қалыптасқан әдет-құқық жүйесін қабылдап, оны едәуір дәрежеге көтеріп, дамытып, жетілдірді. Олардың нормативтік мазмұны мен құрылымында негізінен түркі халықтарының және Қазақстан аумағын мекендейген түркі текті емес халықтардың одақтары мен мемлекеттік құрылымдары өз ізін қалдырыды. Олардың бір бөлігі Орта Азияның көшпелі және жартылай көшпелі өлеміне сәйкестігі дәрежесіне қарай «Дала занында» бекітіліп, бейімделіп, оны байыта тусты. Демек, қазақтың ата зандары, бір жағынан, тұп тамырымен байырғы жергілікті, локалды режимдерге кететін құқықтық мәдениет ретінде көрінсе, екінші жағынан, Қазақ елінің өміріне сай қоғамдық құрылымдар мен негізінен түркі және өзге де халықтардың пайдалы құқықтық үлгілерін өз бойына жинақтаған жүйе болды.

Қазақ мемлекеттің құрылуын тарихшылар XV-XVI ғасырларға жатқызады. Ал «Қазақ құқығының» пайда болуы одан әріде, теренде жатыр, ол қазақ халқының этникалық тұтастануынан бұрын қалыптасқан. Қазақтың көне құқығы ежелгі түркі-қазақ тайпалық, мемлекеттік құрылымдардан құралған, ауысып отырған көптеген көшпелі және жартылай көшпелі бірлестіктердің құқықтық дүниетанымы мен нормативтік активтері негізінде қалыптасты.

## V

Негізгі кайнар көзі Ұлы даланың әдет-ғұрып жүйесі, мәдени дәстүрлері болып табылатын Қазақтың ата зандары қаншама

<sup>1</sup> Қозыбаев М. Ата тарихы туралы сыр. // «Егемен Қазақстан» газеті, 1999 жыл, 30 соуір.

ғасырлар бойы тікелей және жанама түрде әртүрлі мемлекеттер тарапынан қысым көріп, олардың идеологиясының әсерін сезінсе де, өзінің таңғаларлық өміршендігін көрсетті. Әрине, қазақ қоғамы осындай құштердің әсерінен елеулі түрде өзгеріске ұшырап отырған, бірақ оның құқықтық мәдениеті мен тіл мәдениетін ешкім, ешбір құш өзгерте алмады. Олар бүндай қыын-қыстау жағдайларда да тек өзін-өзі сақтап қана қоймай, іштей құшке ие болып, нығайды да.

Ұлан-байтақ қазақ даласында болған өзгерістер мен төңкерістерге қарамастан сақталып, өзінің бастапқы «мәйегін» жоғалтпаған қазақ құқығының өміршендігін, оның негізі құрылымының өзегі болған табиғи еркіндік, әділдік, өнегелік идеялармен үндестікте болуымен түсіндіруге болады.

Патшалық (ресейлік) өкімет XVIII ғасырдың бірінші тоқсанында басталған, дала өлкесін отарлау саясатын белсенді түрде жүзеге асырса да, ғасырлар бойы Қазакияда қалыптасқан дәстүрлі құқықтық режимнің түбегейлі жүйе екендігіне және оны бір ұрпақтың өмірінде орыстың құқық жүйесімен күштеп немесе «бейбіт жолмен» алмастырудың мүмкін еместігіне күн өткен сайын көздері жете бастады. Өз халқының тарихы мен болмысын жақсы билетін, жазушы әрі ғалым, академик Сәбит Мұқанов былай деп жазған еді: «Кіз туырлықты қазақ аталатын бүл елдің өмір тарихы, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы айна-қатесіз бірдей... осыншама тұрақтылық, тұтастық Октябрь революциясына дейін тұтас мемлекет болмаған елде сақталуы таңғаларлық құбылыс»<sup>1</sup>.

Қазақтың ата заңдарының мәнін тек қана Қазакияның этномәдени шекарасындағы өзіндік нормативтік рөлімен түсіндіруге, шектеуге болмайды. Онда біз аясы кен қазақ құқығын белгілі қысандықтың бүғауында қалдырарамыз хақ. Ол бір мезгілде бірнеше функция (қызмет) атқарды: реттеушілік, басқарушылық, біріктірушілік, қорғаушылық және адамгершілік. Ол кең мағынада алғанда заң да, билік те, қоғамдық болмыс пен өнегелілікten қайнар көзі де, рухани құндылық та болды. Осындай өзіне тән тұрақты сипаттарының арқасында «Көне қазақ заңдарын» құрастырған ережелер екпіні күшті мұсылман құқығының, көшпелілік сипаты бір болған моңғол құқығының, тегеуріні мықты орыс заңының ықпалында кетпей, өзінің бет-бейнесін сақтап қалды. Қөршілес елдердің құқық жүйелерінің қазақ құқығына әсері болса да, оны жоятын құшке ұласа алмады. Қазақ құқығының түбегейлі құрылымы кешегі Жаңа заман дәуіріне дейін қоғамдағы ықпалын жоймады. XIX ғасырдың ортасында Шоқан Үәлиханов атап айтқандай: «Суд биев, несмотря

<sup>1</sup> Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. 16 томдық. Алматы, 1979. 15 т. 37-6.

на 50-летие русского влияния, остался таким, каким он был за сотни, может быть за тысячу лет до нас» – «Билер соты, 50 жыл бойғы орыс саясатының әсеріне қарамастан, бізге дейінгі жүздеген, бәлкім, мындаған жылдар бұрын қандай болса, сол қалпында қалды»<sup>1</sup>.

## ҚАЗАҚТЫҢ БИЛЕР СОТЫ ҰРПАҚТАР ЖАДЫНДА ТӘҮЕЛСІЗ, КӘСІБИ ЖӘНЕ ӘДІЛ СОТ РЕТИНДЕ САҚТАЛДЫ

Әр халықтың көп ғасырлық тарихында келесі ұрпактар бойында мақтаныш сезімін туғызатын оқиғалар, белгілі күндер мен түлғалар болады. Ұрпактар осы жайларды естен кетпес елеулі кезең, өткен тарихымыздың рухани байлығы деп еске түсіреді. Ал сирек болса да өркениеттік маңызы, тіпті адамзаттық құндылығы бар жаңа ұрпактар өміріне бойлай сіңіп, олардың ішкі сезімінде тұрақты орын алған құрылымдар мен мекемелер де кездеседі. Олар қоғам мүшелері ойында болашаққа бағыт және орны бөлек мұра ретінде сақталады. Осындай ұмытылмайтын тарихи құбылыс қазақ өмірінде де болды – ол әділ соттың «Алтын ғасыры» деген атқа ие болған, түрік-қазактардың көшпелі қоғами қойнауында қалыптасқан билер соты. Билер соты тұғырынан тайған кезде де халықтың жадында өміршен, сөнбейтін шырақ ретінде сақталды.

Сот ғасырлар бойы, қай қоғамда болмасын, билік пен ел басқарудың мәні мен сәні болып табылатын. Ең алдымен, сот мекемелеріне қарап қоғамдағы билік жайлы, оның халық мұддесі алдындағы адалдығы туралы пікір қалыптасады. Шын мәнінде, мұндай ұғым сот ауыртпалығын көбірек шегетін көпшілік арасында басым болады. Көшпелі қазақ қоғамының тірегі болған билер соты тарих қойнауында қалып қойса да оның беделі арта түсті, өзгерген өмірге қарамастан, бүгін де көпшілік арасында, оның ішінде қазіргі билік басындағылардың да қайғысы мен куанышының игілігіне айналды. Бұл оғаш пікір емес – билер әділ соттының құндылығын аңсаған шындық.

Осы жерде «көшпелі қазақ қоғамындағы билер соты» деген ұғымды анықтап алған жөн. «Билер соты» ұғымы көшпелі қазақ қоғамын даралап бөліп алып, оны отырықшы және қалалық қауымдардан алшақтату, олармен арадағы байланыстарын жоққа шығару емес, керісінше, көшпелі қазақ қауымдарының өзіндік ерекшеліктерін, құнды-құнды, тіпті әлемдік маңызы бар жетілген

<sup>1</sup> Валиханов Ч. Суд биев в древней народной форме. – Записки Русского географического общества «По отделу этнографии». Т. 29, СПб., 1904, С. 164.

құбылыстарын айырып айту мақсатын көздейді. Осындай жете на-зар аударатын, ерекше бөліп көрсететін құбылыс – ол билер әділ соты. Билер соты үstem болған дәуірдің «сот жүйесінің алтын ғасыры» деп аталуы, оның дүниеге келуі, осындай мәртебеге ие болуы ортаазиялық ұлан-байтақ қеңістікті алып жатқан кешпелі қазақ дала өлкесіне байланысты, оның туындысы. Отырықшы, мұсылман діні көбірек тараған көрші өнірлер мен елдердің басқару үлгісі, олардың өзіне тән заңдары мен тәртіппері қазақтың кешпелі қоғамының өзіндік дамуы мен ішкі ыргагына айтарлықтай өзгерту өсерін тигізген жоқ, керісінше, белгілі деңгейде оның сақталуына, нығаюына қызмет етті.

## **1. Билер соты Республиканың қазіргі мемлекеттік қайраткерлері үшін де идеал болды**

«Кеңестік билік жылдарында Қазақстан Республикасын ұзак жылдар басқарған, Кеңес Одағы коммунистік партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А. Қонаев қазақтың атақты билерінің бірі – Төле биді ерекше құрметтеген. Оның үйіндегі жұмыс үстелінде аса қадірлейтін үш сурет болған: өзі – Димаш Ахметұлы, Төле би (ортасында) және жұбайы Зухра Шарипованың суреттері тұрған»<sup>1</sup>. Егер де коммунистер идеологиясының Кеңес үкіметі құрамындағы Орта Азия халықтарының өткен тарихына теріс көзқараста болғандығын ескерсек, соған қарамастан Д.А. Қонаевтың қазақ билерінеге иисеті, олардың тарихтағы орнын анғартады.

Қазақ КСР Компартиясы Орталық Комитетінің бүрынғы бірінші хатшысы, тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғашқы және қазіргі Президенті (1990 жылдан бері) Н.Ә. Назарбаев өзінің ресми баяндамаларының бірінде ежелгі қазақ билерін – соттарды «мұлтіксіз әділ, от ауызды, орақ тілді шешендер» деп атады. XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген, дала өлкесінде әділ соттың «Алтын ғасыры» жаңғырығына жол ашқан ұлы тұлғалар, атап айтқанда, Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би жөнінде Н.Ә. Назарбаев былай деген еді: «Барша қазақ баласы аттарын ардактап, айтқандарын жаттаған осы үш бабамыздың ел алдындағы еңбегіне, халық қамын жеген қасиетті ісіне сөз жеткізіп баға беру қыын-ақ... Үш данагейдін өнегелі өмірі, ел қамын жеген адал еңбегі, топ бастаған көсемдігі, от ауызды, орақ тілді шешендігі, мұлтіксіз әділдігі жөніндегі айтар

<sup>1</sup> Даутов С. Абыз, или уважение к минувшему. // «Вечерний Алматы». 2006 ж., 24 тамыз.

әңгіме аз емес»<sup>1</sup>. Бұғынгі Қазақстанда билер соты, сот билігі деген атаулар мен ұғымдар сот жүйесінде әділдік, кәсібілік ұлгісіне лайықты еліктеу ретінде ресми түрде қолданылады. Республикада аса күрделі қылмыстық істерді қарауда әділдікті ең жоғары деңгейде қамтамасыз ету идеясымен енгізілген сот алқасы «Билер алқасы» деп атала бастады. Осының өзі де қазақ тарихындағы билер әділ сотының деңгейінің биік болғандығын, әділдік және адалдық жолындағы маңызын көз алдымызға елестетеді.

Сол билер әділ соты үстем болған арада талай ғасырлар өткеніне, қоғамдық-саяси өмірде түбекейлі өзгерістердің болғандығына қарамастан, бұғынгі тәуелсіз Қазақстан Республиканың сот жүйелеріне билер әділ сот үлгілерін, номинациясын кең түрде енгізу тәнірегінде пікірталасы жиі күн тәртібіне қойылуда. Біз үшін осы мәселенің қабылдануы немесе қабылданбауы маңызды емес. Ең маңыздысы – билер әділ сотының ел өміріндегі тарихи орнын мойындау, оның бұғынгі Қазақ мемлекетін демократияландыру саясатында құнды қызмет атқара алатын мүмкіндігі болып табылады.

## 2. Қошпелі қазақ қоғамында билер соты жөнінде зерттеу желісі

Адамзат тарихи қарама-қайшылықтарға толы, сырттай қарағанда жетілмеген, шала өмір болып көрінеді. Кейде солардың ретсіздігінен араларында әдеттегідей үйреншікті ұғымға сыймайтын жалпыадамзат құндылығы бар құбылыстар да елеусіз қалып қоюы мүмкін. Осындағы жұмбақ құбылыстардың бірі – олеуропалық өркениеттүрғысынан қарағанда артта қалған деп есептелген қошпелі қазақ қоғамында мейлінше беделді дәрежеге ие болған билер әділ соты еди. Қазақ Дала өлкесінде, қандай мақсатпен болмысын XII-XIX ғасырлардың аралығында болып кеткен еуропалық елдер өкілдерінің қөшпілігі бұл өнірде артта қалған қошпелілер, «жартылай жабайы», рулағра бөлінген, ұлан-ғайыр жайылымдық кеңістікті жайлаған халықтар тұрады деп суреттеген, олардың басқару-білік ерекшеліктерін жете көрмеген. Солардың ішіндегі жеке ойы озықтары ғана, әсіресе соңғы кездегі шығыстанушылар ғана қошпелі қазақ еліндегі басқару-білік жүйесіне мән бере бастаған. Олардың көрсеткеніндей, қошпелілер қоғамы басқару саласында бір жағынан көпті көрген, тәжірибесі мол, сезімтал, сөзшеш-шешен, әділет туын жоғары ұстаған адамдардың беделі артық болған, құрметке бөленген. Қошпелі қазақ елінің азиялық және еуропалық өркениеттер орталығынан алыс жа-

<sup>1</sup> Назарбаев Н.А. Пять лет независимости. Алматы, 1996, 153-бет.

туы, оның «көшпелі артта қалушылығы» еуразиялық оқымысты элитаның назарына кешірек ілінуіне себеп болды. Алғашқы шетел зерттеушілері, әсіресе орыс «шығыстанушылары» тек XIX ғасырдың басында ғана қазақ өңірінде көріне бастады. Олар қазақ қоғамының ішкі құрылымында орын алған қоғамдық ой мен тұрмыста қалыптасқан шешендей, заңдылық, сөз құдіреті секілді құндылықтарды жария ете бастады. XIX ғасырдың 20-жылдарында қазақ даласын қөзімен көрген, ғылыми еңбектерімен әлемдік даңққа ие болған, орыстың атақты ғалымы, шығыстанушы А.И. Левшин былай деп жазған еді: «Было время, говорят благоразумнейшие из киргизов Меньшей орды, когда и наш народ жил в покое, было время, когда и у нас существовал порядок, были законы и правосудие. Сей Золотой век, о котором вспоминают они со вздохами, есть царствование знаменитого хана Тявики (Тауке), который, если верить преданиям, был действительно в своем роде гений, и в летописях казачьих должен стоять наряду с Солонами и Ликургами. Усмирив волновавшиеся долго роды и поколения, он не только ввел в них устройство, порядок, но и дал им многие законы. Киргизы (казахи) Большой и Средней орд утверждают, что народные за коны их гораздо древнее хана Тявики» – «Көп біледін, ақылды Кіші жүз қазактарының айтуы бойынша бұрын да халық тыныштықта өмір сурген, ол заманда елде тәртіп болған. Қазақтар аңсан еске алатын сол «Алтын ғасыр» Тәуеке хан билік құрған заманда болған сияқты. Тәуkenің атын атаса-ақ бар қазақ құрсініп, оны еске алады. Егер де бұл азызға сенсек, онда ол ханды әлемге әйгілі Солон мен Ликург қатарларына қоюға болады. Ол талай жылдар бойы алауыз болған елді сабаға түсіріп, ру мен рудың арасындағы айтыс-тартысты тоқтатты, тәртіп орнатты, заңдар шығарды. Ал Ұлы жүз, Орта жүз қазақтарының айтуы бойынша, бұндай тәртіп Тәуке ханнан да бұрын дүниеге келген»<sup>1</sup>.

А.И. Левшиннің бұл пікірі жол үсті айтыла салған естелік емес, мүқият зерттеудің нәтижесі. Ол көшпелі қазақ қоғамының түбебейлі өзіндік сырлары мен ерекшеліктерін ашты, өткен дәуірдегі ел бірлігінің, заң күшінің беделді болғандығын атап көрсетті. Автордың айтуы бойынша, қазақ қоғамындағы тәртіп пен заңдылық орнатуда әділ соттың рөлі зор болған. Әділ соттың «Алтын ғасыр» аталуы да осыған байланысты. Бұл арада ескеретін бір жайт – ол әділ сот деп билер сотын айттып отыр, заманына лайықты құрылған әділдік пен шындықты, «Тура биде туған жоқ» деген ұранды басшылыққа алған билер басқарған соттар туралы сөз болып отыр. Бұл жөнінде

<sup>1</sup> Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., 1832. Ч. III, 169-б.

кейінірек кеңірек тоқталамыз. Әділ сот халықтық рейтинг – «Алтын ғасыр» сатысына көтерілуі үшін ол ерекше нышандарға ие болуы әрі өзі тектес көшпелі қоғамдағы дәстүрлі мекемелерден ерекшеленіп тұруы тиіс еді. Осы қатаң талапқа «әділ сот» атанған билер соты сәйкес келді.

А.И. Левшин мәлімдемесіндегі тағы да бір құнды жайтты атап өтуге тиістіміз. Ол «көп білетін, ақылды» қазақтар «Алтын ғасырды» қазақ қоғамында XVIII ғасырдың соңғы ширегінде билік құрган Тәуке ханның кезеңімен байланыстырады деп көрсетеді. Халықтың жадында сақталған бұл мағлұмат кездейсоқ емес. Тәуке хан тұсында, оған дейін ханның сүйеніші болған Шыңғыс хан тұқымдары – сұлтандардың қоғамның саяси өміріндегі ықпалы азайып, қарадан шыққан билер тобының әсерімен беделі арта тұсті. Тәуке хан өзінің мемлекеттік саясатын жүргізуде билер тобына көбірек сүйенді, билер кеңесін жиі шақырды, ішкі және сыртқы саясаттың маңызды мәселелерін билер кеңесінің талқысына салды. Бұл кездейсоқ жаңалық болған жоқ, алдыңғы кезеңдер дамуының нәтижесі еді. Тәуке ханның еңбегі – ол өзінің мемлекеттік саясатын іске асыруда, қоғамның әкімшілік-басқару жүйесін тәртіпке салуда билер әділ сотының беделіне сүйенді, оны негізгі қару ретінде пайдаланды.

Билер әділ сотының қалыптасуы Қазақстан тарихының қай кезеңіне жатады – деген сұраққа келсек, ол ғасырлар бойы қалыптасты, ұлттық масштаб құбылысы ретінде Қасым хан заманында (XVI ғасыр) күш ала бастады, ал шарықтау кезеңі Тәуке хан билік құрган дәуірге сәйкес келеді. Көшпелі елдін өмір үлгісі – оның консервативтігі. Билер әділ соты ғасырлар бойы жетіліп шынықты, консервативті дәрежеге ие болды, қоғамдық-саяси күшке айналды. Билер әділ сотының жекелеген тірі өкілдері XX ғасырдың басына дейін өмір сүрді. Ел, халық мұддесін көбірек ойлаған қазақ хандары көшпелі қоғамда тәртіп пен зандылықты қамтамасыз етуде, Орта Азия ұлан-байтақ кеңістігінде шашыраңқы орналасқан көшпелі қазақтар бірлігін сақтауда, оны нығайтуда билер әділ соты беделіне арқа сүйеп, биліктерін жүргізді.

Атакты орыс шығыстанушысы, профессор В.В. Григорьев көшпелі қазақтар өмірі мен олардың ішкі құрылымын зерттеуде ерекше еңбек сіңірген, аса білімді ғалым еді. Оның басқалардан артықшылығы – ең алдымен, Дала өлкесі халқының тілі мен тұрмысын жетік білуді мақсат етті. Ол XIX ғасырдың ортасынан бастап Ресей патшасының тағайындауымен Орынбор қаласына орналасқан Қазақстанның Батыс бөлігін басқаруды өз қолына алды. Осы кезеңнен бастап он жылдай бойы қазақ қоғамымен тығыз қарым-қатынаста бол-

ды, ру-руға бөлініп көшіп жүрген жақын және алыс ауылдарды аралады. Бұның үстіне профессор В.В. Григорьев Орталық Ресей мұрағаттарындағы қазақтар жайлы материалдармен танысты. Ол шығыс-түрік халықтарының тарихын салыстырмалы талдауға арналған еңбектерінің бірінде қазақ қоғамы туралы былай деп жазады: «Кочевой быт считают обыкновенно несовместимым с каким-либо значительным развитием экономическим и интеллектуальным. Но это едва ли основательно» – «Әдетте қошпелілерді негізінен экономикалық және интеллектуалдық дамуға қарама-қарсы деп санайды. Бұл тұжырым шындыққа сәйкес келмейді<sup>1</sup>. Ол өз ойын өз сезімен айтқанда былай деп қорытындылайды: «В пастушеских еще обществах возникает иногда, как видим у киргизов (казахов – С.З.) такое превосходное судопроизводство и такие порядки следственного и судебного процесса, каким могут позавидовать многие издав на цивилизовавшиеся народы»<sup>2</sup>. Қазақшасы: «Малшылықпен айналысқан қоғамда, атап айтқанда, біз көріп отырғанымыздай, қазақтар қоғамындағы сот жүргізу, сот тергеу тәртібін көзімен көре қалса ертеден өскен, өркениет деңгейінде дамыған халықтар таңқалып, қызғанышпен қарар еді».

Билер соты және қазақ құқығы «Жарғы» жөнінде профессор В.В. Григорьевтің пікірін шығыстанушы, орыс ғұламасы Л.А. Словоохотов та қолдады. Ол Қазақстандағы патшалық әкімшілік мекемелерінде ұзақ жылдар жұмыс істеді, қазақ тілін жетік оқып үйренді, осы тілде еркін сейлемді, жергілікті белгілі ұлт қайраткерлерімен тығыз байланыста болды. Ол қошпелі қазақ қоғамындағы әділ сот жөнінде арнағы еңбек жазды.<sup>3</sup> Дала өлкесінде билер жүргізген әділ сотты автор «любимая народам и, следовательно, действительная судебная власть»<sup>4</sup> – «халық ұнататын әрі шынайы сот билігі», – деп бағалады. Ол билер сотын «ұздік», «халықтық», «кайыптаушылық қасиеті» шектелген, халыққа түсінікті әрі жақын, әрі «бәсеке сипатқа ие әділ сот еді» деп көрсетті. Оның пікірінше, өз тілінде айтсақ, «Народное судопроизводство киргизов (казахов – С.З.) гласно, публично, несложно, непродолжительное. Долгими годами своей жизни народ выработал своеобразную, но вполне ему понятную структуру судебных процессов, обойдя столь вредный бюрократический элемент» – «Қырғыздардың (қазақтардың – С.З.) халықтық сот ісін жүргізуі жария, ашық, ынғайлы әрі тұжырымды.

<sup>1</sup> Григорьев В.В. О скифском народе саках (Переиздание). Алматы, 1998, 43-бет.

<sup>2</sup> Сонда, 44-бет.

<sup>3</sup> Словоохотов Л.А. Народный суд обычного права киргиз Малой орды.-Труды оренбургской ученої архивной комиссии. Вып. XV. Орынбор, 1905.

<sup>4</sup> Сонда, 80-81-бб.

Халық ұзак жылдар бойы аса зиянды бюрократиялық элементті айналып өтіп, өзіндік, бірақ өзіне толық ыңғайлы, жайлы сот тәртібін қалыптастырыды», – деп жазды.

### **3. XIX және XX ғасырдың басындағы ұлт зиялышарының билер сотын бағалауы**

Дала өлкесінде ұлттық зиялыш қауым XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қалыптасты. Олардың көшілігі Ресей және орыс мәдениетімен тығыз байланыста өрбіді. Бірен-саран дарындылары Шығыстың ғылыми орталықтарынан тәлімтәрбие алды. Қазақ ұлттық зиялыш қауымы алғашында саны аз болсада, орыс, европалық мәдениет аясында олардың алдыңғы қатарлы дәстүрлерімен байланыста өсті. Қайда қызмет еткеніне қарамастан олар көшпелілер өмірімен тығыз байланыста болды, кейбіреуі атақты ғалымдар мен ойшылдар қатарына қосылды.

Көшпелі қазақ қоғамының ортасынан шыққан, оның ұжымдық, рулық құрылымын, ішкі өмір сүру тәсілдерін жете білген ұлттық зиялышлар өкілдерінің еңбектері мен жазбалары, пікірлері ете құнды. Үрпақтан үрпаққа жалғасқан халық санасына әбден сінген аныздар ғана емес, XIX ғасырдың алғашкы кезеңіне шейін ел арасында, әсіресе отаршылық саясаттың ықпалы әлі де шала қамтыған алыстағы қазақ ауылдарында күшін жоймаған билер әділ сотын олар көздерімен көрді. Осындай қазақ зиялышарының ғұлдызы саналған, бүкіл Ресей шығыстанушы ғалымдарының арасында ерекше жоғары беделге ие болған кеменгер зерттеуші Шоқан Уәлихановтың (1835–1865) мұрасы аса құнды. Ол, Ресей отаршылары қазақ даласындағы ғасырлар бойы дәстүрге айналған билер сотын жойып, оның орнына үкіметке бағынышты жаңа сот жүйесін орнатуды құн тәртібіндегі саясат етіп қойған кезеңде жоғары тұрган органдарға хат жолдады. Хатында: қазақ қоғамының ішкі тұрақтылығы мен тыныштығы үшін, сондай-ақ отаршыл самодержаваның өзінің мұддесі үшін мұндай қадамдарға бармауға шақырды. Ол «Ежелгі халықтық ұлгідегі билер соты» атты еңбегінде былай деп жазды: «Биді ресми түрде ешкім сайламайды да, ресми түрде ешкім бекітпейді де, европадағы ақындар, ғалымдар, адвокаттар сияқты билердің атағы, манызы, олардың жеке бедел әсеріне негізделген. Шекспир мен Гетеңі толайым халық ұлы ақын санайды, бірақ олардың ұлылығы туралы пікір үкіметтің декретімен немесе сайлауына негізделмеген». «...Солар сияқты қазақ әділ сотының беделі билердің Дала заңдарын терең білгендігімен, олардың шешендік қабілетіне байланысты болған»... Билер соты ау-

ызша, халық алдында жария жүргізілді, барлық жағдайда да адвокатура араласты. Оның халықтың құрметіне бөлөнген соншалық, оған ешқандай да «әдейі тәртіпке шақыру құралдары мен шараларының» бұрын да, қазірге дейін де керегі болған жок»... «Біздің пікірімізше, билер сотының басты артықшылығы немікүрайдылық пен әртүрлі ресми кертарапалықтың жоқтығы. Бидің мәні беделге негізделген және бұл атақ сот практикасына деген патент тәрізді»<sup>1</sup>.

XIX ғасырдың басында Қазақстандағы саяси ұлт-азаттық қозғалыстың ірі өкілі, оқымысты, зиялы Әлихан Бекейханов талай рет билер соты мәні, үлгісі тұрғысынан қазақ халқы тарихына «халықтық сот» ретінде енді, оны өзге соттармен алмастыруға бағытталған отаршыл үкіметтердің саясатын оңтайлы саясат деп бағалауға болмайды деп мәлімдеді. Ол өз мақалаларының бірінде «қазақ биінің орны бөлек еді»<sup>2</sup>, – деп атады. Осы сөздің мағынасы мол. Сол сияқты қазақтың атақты ойшылы, ағартушысы Ахмет Байтұрсынов өз мақалаларының бірін «Бұрынғы әділ билер» деп атады. Оның пікірінше, «Бұрынғы әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатуғын жақсы дәрі еді, бүгінгі арам билердің қолында дәрі болмақ түгіл, у болып жүғып тұр»<sup>3</sup>.

#### **4. Кеңес билігі халықтың тарихи жадынан қазақ әділ сотының «Алтын ғасырын» өшіре алмады**

Таңғаларлық жағдай: Кеңес үкіметі заманында қазактардың және бұрын отаршылықта болған өзге де халықтардың кеңестік кезеңге дейінгі тарихында қандай да бір құндылықты теріске шыгаруға негізделген ресми идеологияға қарамастан, шынайы халықтың құрылымдар ретінде көпшілік санасына сіңген билер мен билер сотын бағалау қазақ халқының беделді тұлғаларының қозқарастарында көрініс және жалғас тапты. Әрине мұнданай сезім, қадам сол кездері қауіпсіз емес еді. Олардың «саяси сенімсіз», «үлтшыл» деп айыпталуы мүмкін болатын. Сол себепті олар көбінесе өз пікірлерін ашық жазбай, астыртын білдіретін, белгілі оқиғалар мен жағдайларға байланысты жанама түрде баяндайтын. Мысалы, әлемдік деңгейде танымал ғұлама ғалым, геолог Қ.И. Сәтбаев XVII ғасырдағы Ноғай Ордасының атақты биі, билеушісі Едіге биге арналған еңбегінде оған сипаттама бергенде халық арасында кең тараған «Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің ары, білімі бар» де-

<sup>1</sup> Валиханов Ч. Собрание сочинений. Т. I. Алматы, 1985. 494–523-бб.

<sup>2</sup> «Казақ» газеті, 1914, №50.

<sup>3</sup> Байтұрсынов А. «Жана низам». Алматы, 14-бет.

ген қанатты сөзді қолданды. Оның пікірінше, көшпелі қазақтар қоғамында «Хандарға қарағанда билерге деген құрмет үнемі басым түсіп отырды»<sup>1</sup>. Әлемге танымал заңғар жазушы, ғалым М. Әуезов «Билер айтысы» атты қөлемді мақаласында билер туралы тікелей жазбай, билер қатысқан билер айтысын шешендіктің үлгісі ретінде мактанишпен сипаттаған<sup>2</sup>. Ұлттық Фылым академиясының академигі, қазақ халқының ежелгі және ортағасырлық тарихының аса білгірі Ә.Х.Марғұлан XIX ғасырда казақ даласын отаршылдықпен басқару орталықтарының бірі Омбы қаласына өзгелермен бірге, ең алдымен қазақ халқының ежелгі және шешендік тарихын жетік білетін атақты билерді жиі шақырып отырғанын атап көрсеткен. Оның айтуынша, «Мұнда келетін адамдар көбінесе халықтың рухани тіршілігін, оның шекіресін, ертегі-жырын білетін кілең шешен билер, құйылма ақындар, атақты күйшілер болған»<sup>3</sup>.

## 5. Республиканың тәуелсіздік жылдарында билер әділ соты жария түрде айтыла бастады

Кеңес империясы ыдырап, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланысымен билер, билер соты және қазақ құқығы «Жарғы» жүйесі туралы кеңінен айтыла бастады. Ұрпақтар құрметі ретінде Республика Елордасы – Астана қаласында Жоғарғы соттың ғимараты алдына XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген атақты үш биге: Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге граниттен ескерткіш орнатылды. Олар шығыстық әдет бойынша молдас құрып қатар отыр, алысқа көз тастаған, әділдікке сүйенген өмір құруға шақырғандай. Олар жалпыадамзаттық құндылығы бар әділ сотты тұғыр етті. Осындай бүгінгі ұрпақтың алғысы ретінде өткен ғасырларда үш жұздің билер кеңесінің талай рет жиналған орны – Оңтүстік Қазақстан облысындағы тарихи мекенді Қазақстан үкіметі «Ордабасы» деген аттестацияның штаб-квартирасы болады. 1993 жылы 28 мамырда оның ашылу рәсіміне үш көрші түрік республикасы – Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан президенттері қатысты. Қазақ халқы тарихындағы билердің ерен еңбегіне мәдениет қайраткерлері мен ғалымдардың еңбектерінде, оның ішінде тарихи зерттеулерімен көпшілікке танымал әйгілі қазақ жазушыларының

<sup>1</sup> Сотбаев К.И. Ер Едіге, М., 1927.

<sup>2</sup> Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы, 1991. 183–191-бб.

<sup>3</sup> Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, 1995. 234–235-бб.

шығармаларында жоғары баға берілді. Еңбектері Еуропа елдерінде аударылған әрі оқырмандар ықыласына бөлөнген «Қан мән тер», «Парыз» романдарының авторы Әбдіжәміл Нұрпейісов «Билер мен шешендер» атты еңбегінде былай дейді: «В самом деле, с годами я, все чаще оглядывая мысленно иные пластины веков казахской истории, все более и более поражаюсь тому огромному доверию, к той опоре его на мудрость и высоту духа, что были присущи Высоким Его Сыновьям. И это опора никогда не подводила мой народ. И не потому ли находим мы ныне в истории тысячелетнего института биев-ораторов тому не мало удивительных примеров» – «Шын мәнісінде, жылдар өткен сайын мен қазақ тарихының, қойнауына ойша көз жүгіртіп, елдің Ұлы азаматтарына тән болған даналық пен жоғары рухқа деген зор сенімге таңғала түсемін. Осы сенім ешқашанда менің халқымды ұятқа қалдырған жоқ. Сол себепті болар, біз бүгінде би-шешендердің мыңжылдық институты тарихында көптеген керемет мысалдарды тауып отырымыз»<sup>1</sup>.

Атақты жазушы, тамаша көркем туындылары мен философиялық тағылымға толы тарихи романдар мен повестердің авторы Әбіш Кекілбаев билер мен шешендерге арнаған өз еңбектерінің бірін «Есімдері дүние тұрғанша ұрпактардың жадында сакталады» деп атады. Ол былай дейді: «...Нұрлары екі дүниеде бірдей шалқып, жандары жаңнattың төрін иемдеген, есімдері дүние тұрғанша ұрпактардың жадында тұратын жарықтарымызды осынау дүние тұрғанша тұрмақшы, киелі ғимараттағы бұйырмас мекендеріне қайта жалғастырғанымызға тәубе деп тұрмыз»<sup>2</sup>.

Республикамыздың егемен алғаннан бері өткен жылдары киындығына қарамастан билер әділ соты жөнінде ұрпактар жадында қалған фольклор, қолжазба және наративті дерек материалдары негізінде көптеген еңбектер дүниеге келді. Негізгі зерттеу жұмыстары да басталды. Біз ұсынып отырған он томдық «Қазақтың ата заңдары» – «Древний мир права казахов» осы жолдағы алғашқы іргелі қарлығаш болып табылады. Ол жаңа зерттеулерге негіз болып кең жол аштын түбекейлі алғашқы, тұжырымы мол еңбек ретінде ұсынылуда. Қазақ билер әділ соты жалпыадамзаттық деңгейге ие бола алатын, жалпыхалықтық мәдениет анналына кіруге лайықты дүние құбылысы екендігі баяндады.

Арада талай уақыт өткен сайын болған шындықты шындық деп бағалау, түсіндіру оңайлыққа түспейді. Кезінде өз заманын-

<sup>1</sup> Нұрпейісов А.К. Мысли, навеянные действиями предков. В книге «Айтеке би». – Алматы, 1998, 49–54-66.

<sup>2</sup> Кекілбаев Э. «Егемен Қазакстан», 22 маусым, 1999.

да айтылған құнды ойлары мен пікірлері, ортаға ғасырлар түскен сайын күмәндана бастайды. Оның үстіне сол арада идеологиялық қарсыластар үстемдік етсе, өткен шындықтар, ел тарихындағы құнды-құнды оқиғалар мен өзгерістер көмескілене бастауы мүмкін, шындықты сағым басады. Осында жағдайды билер әділ соты, қазақ «Жарғысы» бастарынан кешірді. Сырт көшпілікке жұмбақ ретінде көрінген қазақ тарихындағы билер соты, өмір өткен сайын бүгінгі, ертеңгі ұрпақтар санаасында жалпыхалықтық, адамгершіліктің нысанасы ретінде мәңгілік сақталады. Оны көшпелілердің келесі ұрпақтары бағалай білді. Фылыми орталықтар да оны жалпыадамзаттық құндылық, жұмбақ заманалық маңызы бар құбылыс ретінде бағалауда.

## ҰШ ЗАНГЕР – ҰШ АҢЫЗ

Қазақтың құқық жүйесінің негізгі қозғаушы күші, алтын діңгегі, ерекше әлеуметтік категория «билер» болған. «Би» өз бойына саяси-құқықтық өмірдің бірнеше ерекшеліктерін, қырын жиыстыра білген жан. Ол да拉 төсіндегі әділдіктің басты жаршысы, қара қылды қақ жарған тереші (сот), үлгілі жолжоралғы түзе білген заң шығарушы, өрелі сөзді өрнектеген ақын, қызыл тілдің көркімен, ыстық тезімен талайды пәтуаға келтірген шешен, қысылтаяң тұста тіл қаруы мен найзасын қолына қатар ұстаған батыр, «сегіз қырлы, бір сырлы» әмбебап тұлға. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл тақырыпта ұлы ұш би – Төле, Қазыбек, Әйтекелер туралы мәліметтер топтастырылды. Олар туралы нақты құжаттар аз. Бірақ олардың өнегелі істерін, үлгілі биліктерін, өсінет сөздерін паш ететін ауыз әдебиетінің мұралары жетерлік. Олар туралы материалдар өткен ғасырда одан да көп сақталған болатын, бірақ кейінгі кездегі ел басына түскен ашаршылық, зұлмат жылдары бұл бай мұра үлгілері тістегеннің аузында, ұстағанның қолында көбісі жоғалып кетті.

Қазақтың құқықтық мәдениеті туралы нақты деректердің, құжаттардың, әлі де болса қолымызға түспеуі елдің дәстүрлі де құқықтық мәдениетінің ұлы мұра екендігіне шұбә келтірмеуі қажет. Өйткені қазақ халқы – ауыз әдебиеті үлгілеріне, шежіре-тарихқа бай халық. Қазақ халқының психологиясын жақсы білген Г. Бельгер өз зерттеулерінде: «Қазақ халқының тарихты есте сақтап, атадан балаға қалдырып отыруы қазіргі күні де таңғаларлық жағдай», – деп қазақтың бойындағы бұл ерекше касиетіне өзінің таңданысын білдіреді. Сондықтан да оның бастауларын қазақтың өткен тарихындағы ауызша сөйлеу мәдениетінің бізге жеткен үлгілерінен

іздеуіміз керек. Осылай қазақ әдет-ғұрып құқығын тануды әр кырлыш жолмен байыта отырып, біз оның толыққанды бет-бейнесін сомдауға белгілі қадамдар жасай аламыз.

Қазақтың Ұлы даласының әртүрлі кезеңдерінде әділдігімен ерекшеленген көптеген билер болған. Қазақ даласы тарихының толайым бір кезеңін атақты үш би – Төле, Қазыбек, Әйтекенің атымен байланыстыруға болады. Төле би өзінің балаларына: «Мен болсам халық үшін жүрген адаммын» десе, Әйтеке би өз өмірі туралы: «Өмірім өзгенікі, өлім ғана өзімдікі», – деген екен. Бұл сол кездегі билердің билік жүргізу идеологиясының негізін құраған қағида болатын.

Үш бидің өмірі қазақ тарихының ең ауыр да құрделі кезімен тұспатыс келді. Жонғар қалмақтарының шабуылы қазақ елінің өміріндегі пешуші тарихтың ұрымтал кезеңін тудырған болатын. Бұл кезең тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен белгілі. Дәл осы кезде қоғам құшті мемлекет қайраткерлерін қажетсінді. Төле, Қазыбек, Әйтеке билер дәл осы кезде билік құрған, қазақ жері мен елінің тұтас бірлігін сақтап, сүттей үйип, құн кешуі үшін аяибай тер төккен марқасқалар. Сондықтан да олар қазақ тарихында «Атышулы үш би», «Үш пайғамбар» деген атқа ие болды.

Қазақ билерінің көшбастаушысы, түгел сөздің түбін түсірген бидің бірегейі, дала жұртында билік жүргізуің символына айналған тұлға – ол Майқы би. Майқы би – бүкіл қазақ билерінің пірі. Қазақта кейін мақалға айналған «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген қағидадан Майқы бидің беделінің сайын далада каншалықты асқақ, жоғары болғандығын көре аламыз. Кейінгі билер билік құрғанда сөздерінің салмағын арттыру үшін «Майқы биден қалған сөз», «Майқы би кесімі солай болған» деп, міндетті тұрде Майқы би беделіне сүйеніп отырған. Майқы би атағы мен беделіне сүйену билердің шешімдерінің ықпалын арттырған, даугерлердің екі жағының да бітімге келуіне негіз болған.

Майқы би (1105-1225) ұзақ өмір сүрген деседі және ол халықтың айтуы бойынша, Үйсін тайпасынан шыққан. Ортағасырлық кейір араб-парсы, түрік және монғол деректеріне сүйенсек, Майқы би Шыңғыс хан және оның үрпактары билік құрған тұста өмір сүріп, қызмет еткен. Тарихи мәлімет бойынша, Майқы би Шыңғыс ханның ең жақын кеңесшісі және «Төбе би» болған көрінеді. Майқы би Шыңғыс ханнан бастап, оның балалары тоғыз монғол ханының сайлану рәсіміне қатысқан. Нақтылай түссек, көне түрік әдет-ғұрыпты бойынша, Шыңғыс ханның баласы Жошыны Ұлытауда ак киізге отырғызып хан көтергенде қасында болған. Майқы би – бірнеше

тіл білген, өз заманында әділеттіктің қорғаушысы, көшпелілердің бостандығының идеологияна айналған тұлға.

Қазақ тарихындағы билік жүргізу үрдісінде қалыптасқан негізгі зан қағидалар кезінде Майқы би айтқан үлгілі сөздерден құралған. Солардың бірі: «Тура биде туған жок, туғанды биде иман жок», «Әділ, қара қылды қақ жарған». Майқы би өз өмірінің көп бөлігін осы Ұлы далада өткізген екен.

Төле, Қазыбек, Әйтеке – қазақтың үш жүзінен шықкан ұлы билері. Билігі бүкіл қазақ жеріне бірдей болған Тәуке хан Түркістан қаласына жақын жерде болған жыында оларды өз жүздерінің басқарушылары деп жариялаған. Ол кезеңде билерді әрбір жүздің басшысы етіп бекіту, сол уақытқа дейінгі ел билеу үрдісін өзгертуге батыл қадамдар жасау, әрбір басқарушының батылы бара бермейтін іс. Әйткені әрбір жүзде басқарушы болғысы келген Шыңғыс тұқымдары – сұлтандар да жеткілікті еді. Бірақ аталған билердің мысы басып түскендіктен, сұлтандар олардың беделін амалсыз мойындауға мәжбүр болды.

Төле би Ұлы жұз ішінде Үйсін, Үйсін ішінде Дулаттан шықкан. Әртүрлі деректерден бізге Төле бидің Ташкент қаласына жақын жерде туып, қайтыс болғандығы мәлім. Оның өсіп, өніп, би ретінде қалыптасуына аталар салған жолдың үлкен әсері болды. Оның шежіресі өз бастауын атақты Майқы биден, одан қалды «Сөз бастап кетсе шешен, ел бастап кетсе көсем» деп халық сипаттайтын Бақтияр биден алады.

Төле әкесінің айтуымен бес жасынан билік дәстүрді менгеру жолына түседі. Бастапқыда әкесімен бірге ел аралайды, кейін беделді билердің қасында «косшылыққа» жүреді. Ол ойлы, сөзге жүйрік бала болып өседі, тоғыз жасынан билік құрып, еліне танылады. 15 жасынан бастап өзінің жеке билік жолын бастайды. Ақсақалдар сынынан сүрінбей өтіп, олардың батасын алады. Деректерге сүйенсек, Төле би Әнет бабаның сынынан өтіп, батасын алған екен. Ол кезде би болу үшін елге танымал дуалы ауыз билердің батасын алу міндепті рәсім болып табылатын. Белгілі зерттеуші Нысанбек Төреқұловтың айтуы бойынша, Әнет бабага Төле би өзінің өмірлік ұстанымын (кредосын) былай деп жеткізген екен: «Саяқ жүрген таяқ жейді», «Інтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды».

Өсе келе Төле би «Хан көзі жетпес қайғыны қашықта жатып көремін. Екі ел егес болғанда ел басын қосар төремін» деген сияқты ел бірлігіне мензеген аталы сөздерімен танылып,abyroйы арта түседі. Төле би Ұлы жүздің «Төбе биі» болумен қатар, батырлық қырымен де танылған тұлға. Төле би бір кездері Ташкент қаласын он жылдан астам уақыт басқарған. Сол кездегі реңсі деректердің бірінде Төле

би Ташкент қаласында «Ханнан да беделді болды» деп көрсетілген. Төле би жасы жағынан да, жолы жағынан да ұлы үш бидің үлкені. Ол туралы халық арасында: «Бүтін билікке Төле би, бүкіл хандыққа Есім хан жеткен» деген мақал сақталған.

Қазыбек би – Аргын руының Қаракесегінен шыққан және Қазақстан тарихында XVII және XVIII ғасырларда халықты ауыр жағдайдан алып шығуға атсалысқан «ұш зангердің» бірі. Аныз бойынша, Қазыбектің анасы ол туғанда «Адалдан болар нәсібін, тілінен болар кәсібін» деп болжаған екен. Қазыбек би мен Төле би кездесіп, Қазыбек Төле биден бата сұраған екен. Бұл кездесу желісі төмендегідей өткен: Бірде Төле би Қазыбекке: «Шырағым, бір бала әкесінен өтіп туады, бір бала әкесіне жетіп туады, енді бір бала кері кетіп туады. Сен сонын қайсысың?» – дегенде, Қазыбек би:

– Әкеме жете туған баласы болармын, – дегенде, Төле би:

– Өзім де солай шамалап отыр едім, – дейді. Кейін Қазыбек би Төле биге сұрақтар қояды:

– Аға, алдыңыз қандай? – дегенде, Төле би:

– Алдыым жақын болды.

– Тәттіңіз қандай?

– Тәттім сиреп барады, шырын болды.

– Несиеңіз өне ме?

– Шүкір, несием өніп жатыр.

Бұл әңгімесін Қазыбектің қасындағылар бірден түсінбейді. Сонда Қазыбек әкесі Келдібекке бұл кездесуді өзі баяндайды:

– «Алдыңың қандай?» – деп қос жанар көзін сұрадым.

Ол: «Алдыым жақын», – деп, жақыннан көретінін, жанарың тая бастағанын айтты. Мен: «Тәттіңіз қандай?» – деп, үйқысын білмек болып едім. Ол кісі: «Тәттім сиреп барады», – деп, үйқысының қашқанын білдірді. Мен: «Несиеңіз өне ме?» – деп, балаларының қалай күтіп қарайтынын сұрап едім. Ол кісі: «Шүкір, несием өніп жатыр», – деп, балаларының жақсы күтіп қарайтынын білдірді. Қазыбек бисіз Орта жүздің ел тізгінін ұстаған иті жақсылар маңызды бір істі шешпейтін болған. Оның пікірімен кезінде атакты Әбілмәмбет, Абылай хандар да санақсан.

Алшын Әйтеке бидің беделі Кіші жұз аумағынан асып кеткені тарихтан мәлім. Оның туған, қайтыс болған жылдары туралы анық мәлімет жоқ, бірақ 56 жыл өмір сүріпті деген болжам бар. Мұқадес Есламғалиевтің зерттеулері бойынша, ол Самарқандың қасындағы Нұратта тауының маңында жерленген. Оның есімі Төле, Қазыбек билермен қатар аталады. Деректерге жүгінсек, ол жасы жағынан Төле би мен Қазыбек биден кіші болған көрінеді.

Тарихи әдебиеттерде Әйтеке би өз өмірінің көп бөлігін Сырдария мен Әмудария өзендерінің арасындағы қазақ даласында өткізгенге үксайды.

Әйтеке бидің тікелей аталары да атақ, даңқтан кенде болмапты. Мысалы, оның аталарының бірі Ораз би (1299–1385) Тұран мемлекетінің негізін қалаған Әмір Темір ханның кеңесшісі болған. Самарқандың Әмір Темір мен Ұлықбекten кейінгі үшінші атақты басқарушысы Жалантөс Әйтеке бидің аталары болып табылады.

Әйтеке би өз заманында жоғары діни білім алғып, атақты Ұлықбек медресесінде оқып, оны жақсы аяқтаған, бірнеше шығыс – араб, парсы, түрік тілдерін жете менгерген. Бес жасынан атақты билердің мектебінен өткен.

Нәтижесінде Әйтеке би білімді де білікті би болды. Оған халық алыстан да, жақыннан да ақыл-кеңес, дау бітімін сұрап, ағылып келіп жататын.

Әйтеке бидің идеялық ұстанымдары мен өмірлік мақсаты Төле би мен Қазыбек бидікі сияқты. Яғни бұл үш би ең алдымен әділетті болып, халыққа қызмет етуді мақсат етті. Үшеуі де халықпен бірге қуанып, бірге қайғырды. Әйтеке бидің: «Халықтың көз жасын құннің шуағы да кептіре алмайды», «Әмірім өзгеникі, өлім гана өзімдікі» деген сөздері анызға айналған үш бидің өмірінің мағынасы болған.

Әйтеке би Төле бимен, Қазыбек бимен бірігіп, Тәуке ханға халық басына қызын құн туган кезде сүйеніш, ақылшы болған. Түркістан қаласына жақын жерде өткен құрылтайда қабылданған ірі заң актісі – «Жеті жарғыға» үш бидің – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің қосқан үлесі зор.

Төле, Қазыбек және Әйтеке би Түркістан қаласы маңында өткізілетін құрылтайда талай шүйіркелесе отырып ел бірлігін сактау, әділдік, заңдылық орнату жолында іргелі маңызды шаруалар тындырған. Сондықтан да олардың есімдері жер бетінде қазақ деген халық тұрғанда оның көк аспанында шоқ жұлдыздардай жарқырай бермек.

Төле би көшпелі қазақтың маңдайына біткен үшabyздың ішіндегі жас бойынша, жүздердің орналасу жолы бойынша, сондай-ақ тәжірибесінің молдығы тұрғысынан да үлкені болып есептеледі. «Бүтін билікке Төле би, бүкіл хандыққа Есім хан жеткен» деген сөз тегіннен қалмаса керек.

## «АДАЛ БИ – ӘДІЛ БИ»

### I

Би – көшпелі қазақ қоғамындағы маңызды да мәнді тұлға. Билер қауымы бұқараның көреген, көсем, білгір де білікті бөлігі еді. Ел дәріптеген жан қуаттары мен материалдық қасиеттердің барлығы осы билерге, олардың қызметтеріне негізделген. Ал қоғамдағы дәстүрлі тұрмыс пен құнделікті тірлік шеңберіне сыймайтын жат қылыштар мен жағымсыз әрекеттер белең ала бастаса, билердің бей-береқетсіздігі мен берекесіз қызметі деп есептелетін. Би орны мен рөлін, мәртебесін айқындайтын және олардың табиғи заңдылықтай болып кеткен тәртіп нормативтерін реттейтін нормалар жүйесі белгіленген. Әдетте, бұл заңдылықтар тілге женіл, еске оңай сақталатын үйқас түрінде кездеседі. Мәселен:

- «Елге бай құт емес, би құт».
- «Туғанына бұрганы – биді Құдай ұрғаны».
- «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ».
- «Ердің құнын екі ауыз сөзben бітірер би».
- «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары бар».

Ортағасырлық көшпелі қазақтардың қоғамдық өміріндегі рухани құндылықтардың даму үрдісі басқа салалармен салыстырғанда біршама ілгері әрі қастерлі еді. Орта Азияның құнарлы да шұрайлы жерлерін мекендеу барысында дала демократиясының өзіне ғана тән ерекшеліктері мен «адам тану» мәдениеті және тұрмыс қамында осындай салт-сана қалыптасты. Әсіресе Сөз құдіреті мен Әділет күші аса жоғары бағаланатын. Осы құндылықтардың арқасында, мейлі қара халық, ру-тайпа немесе хан-сұлтанның бас қосуы болын, әйтеуір барлық жерде бар ойын ашық айтуға құқық беретін сөз бостандығы бар болатын. Мұны әлі күнге дейін өз өктемдігін жоймаған «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген киелі сөз дәлелдейді. Қазақтар үшін «Өнер алды – қызыл тіл». Сондықтан аталы сөзді аттамай, аталы сөзге тоқтаған адамдарды ел сыйлаған. Ар-намыс пен сөз бостандығы бақ-дәүлетпен өлшенбейтін рухани қасиеттер еді. Бұл түсініктер қазақ бойына ана сүтімен берілетін. Мұны «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп айшықтаған. Ал ел ішіндегі елеулі тұлға бол танылатын бишшепендер осы қағиданы мықтап ұстанса, беделдері биқтей түсетін.

Талай айтыс-тартысты талқылап, тиянақты тұжырым жасау, күрделі дау-дамайдың шырмауын шиарататын парасат-пайым таныту

немесе қорғаушы, әлде айыптаушы ретінде айғақтар келтіріп, асқан шешендігімен өз тарарапына женіс әкелу немесе би-төреші дәрежесінде даулы жақтарды татуластырып, әділ өрі бейбіт келісімге көндіру адамға асқан абырай-атақ әкелетін ең мәртебелі іс болды. Бірақ билік айтуды армандау онай болғанымен, би болу қыынның қияметі еді. Көшпелі қазактар ерекшелігінің сырты осында болатын.

Көшпелілердің қоғамдық-саяси тұрмыс-салты мен жадында «адал би – әділ би» деген қағида қазықтай қағылған. Бұл – сот қызметіндегі кез келген би-қазыға қарасты айтылған сөз. Өлеуметтік-тұрмыстық сала қарабайыр, яғни күнделікті күйбең тіршіліктің шенберінен шыға алмайтын күйде болғандықтан, би-төрелердің бейбіт уақыттағы қызметі жеке тұлғалар арасындағы шатыс-шатпақтан гөрі қауымдар мен топтар арасындағы дау-дамай, пікірталасты тарқатуға негізделетін.

«Адал би – әділ би». Бұл ұран қоғамды басқару ісіндегі басты қағида. Және бұл сөзде сот билігінің серкелері – би бітім-болмысы бейнеленген.

## II

Жалпы адам табиғатының теренінде женіс пен атақ-даңкты аңсау құпиясы жатыр. Кезіндегі қазақ қоғамында да өздеріне сенген өр мінезді, өжет жастар би болуды місे тұтып, атақты қазылардың қасынан қалмауға тырысқан, ал балдырганның болашағын ойлаған ата-ана баласының бойынан ерекше қабілет байқаса, бишешендердің кәсібіне баулытын. Дәл осындаі үрдісті қазір де көруге болады, болашағының берекелі болғанын көздеген жастар жаппай білім алуда.

Жас баланың бойына біткен қасиет-қабілетті шамалап, би атына лайық болар-болмасын бағамдайтын басты фактор – ата-ана мен қоғамдық пікір. Би лауазымы мұрагерлікке берілмейтін, бірақ ата-бабасы белгілі би-қазылар болса, баланың да бабасының «өкшесін баса» ел аралап, өсиет-өнегесімен ерте есейстіні және жүртқа танылышп, белді биге айналатыны қысынды құбылыс еді.

Би болу қаншалықты қын болса, соншалықты мәртебелі. Оның даңкы туыс-туған, ру-тегінің ғана емес, өзі туған өнірдің де атағын асыратын. Сондықтан баланы би-төрелікке тәрбиелеу ісіне ата-ана ғана емес, барлық ауылдастары атсалысқан. Бұл орайда бәсекелестік те белен алатын, себебі «би тәрбиелеп шығарды» деген абырайдан кім бас тартсын. Әдетте, билердің дәреже-дәрмені жеке қасиеттері мен қабілеттеріне байланысты. Би болуға деген құштарлықтан

туған қаһармандық атағын асырғанымен, халық көnlінен шығып, сенімін ақтау оңай шаруа емес еді. Ең бастысы – ел мұддесі мен құндылықтарын қастерлеу, еркін ойлау, шешендік тілде еркін сөйлеу және айтыс-тартыста парасат-пайым танытып, ұтымды да ұтқыр сөз табу қажет. Сонда ғана қазақ жерінің тұтастығын сактап, үш жүздің бірлігін нығайту сияқты халық құндылықтарын аманат етіп, би сайлаған. Және әулеттік, рулық, қауымдық, қоғамдық мәселелердің бәрін аталмыш құндылықтар қисынымен қарастырған. Бұған қарасты «Атаңың баласы болма, адамның баласы бол» деген даналық бар.

Ұлы даланың дүлдүлдері мен шешендерінің шебер шәкірті, абыз билердің асыл тұғыры, алғыр қыраны болған атақты Төле би жастар үшін үлгі-өнеге. Жастайынан қазақ қамымен дала кезіп, ел аралағаны үшін «тұздің би» атанған жетпіс жасар Қонқа би (Арғын тайпасынан) он бестері Төленің таудай талабы мен парасат-пайымына тәнті болыш, «мен секілді сенің өмірің тұзде болсын, тұздің адамы бол, балам» деп өсiet еткен. Ал Шу өзенінің Балқаш көліне құятын тұсындағы Арғын мен Үйсін тайпаларының ірі басқосуында би-төрелер мен игі жақсылар бозбала Төлеге былайша бата берген екен: «Үй баласы деп едік, ел баласы екенсің. Ай маңдайлы арысым, талабың алдан өтелсін. Ауылыңың таңы бол, маңдайдағы бағы бол»<sup>1</sup>.

Жоғарыда айтылған шарттармен қатар жас талапкер көшпелілер даласында аса қастерлі және хан-сұлтан заңнамаларының негізі болып табылатын «Қасым ханның қасқа жолы» (XVI ғ. басы), «Есім ханның ескі жолы» (XVII ғ. соны), «Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деп аталатын салттық-құқықтық нормалары мен Майқы биден (XII–XIII ғ.) бастау алатын билердің қарауынан өткен сот оқиғаларын зерттеп-зерделеуі тиіс еді.

Қазактар баланың болашактағы адами тұлғасы ана құрсағында қалыптасып, табиғи қасиеттері бесіктегі жөргегінен-ақ байқалады деп түсінген. Осы жайында «Болар бала боғынан» деген мақал бар. Және бұл сөз әр ата-ананың жадында жүретін. Сондықтан бойынан асыл қасиеттер қылтаны байқалатын балаға әке-шешесі мен туыстуғаны ерекше көніл бөліп, үлкен үміт артатын. Көшпелілер қоғамы көбіне екі қасіпті қадір тұтатын: би болу және батыр болу. Хан мәртебесіне Шыңғыс хан ұрпағы ғана тағайындалса, күшті қолбасшы және жекпе-жекте ерекше ерлік көрсетіп, ержүрек жауынгер ретінде көзге түсken батырлар жаугершілік заманында бағаланған. Ал ел арасында тыныштық орнап, азаматтық қоғам құрыла бастағанда және Орта Азия халықтарының сыртқы қарым-қатынастары тұракталып,

<sup>1</sup> Төреқұлов Н. Төле би. Алматы, 1992. 5-бет.

бейбіт заман орнағанда қазақ хандығындағы сот билігінің өзектілігі өсіп, би-төрешілердің беделі биіктей түсті.

Баланың тұлғасынан биге қатысты қасиеттер байқалса, оны да мыту ата-ананың ғана емес, бүкіл әулет пен қоршаган қауымның да міндегі болатын.

Дау-дамай мен айтыс-жанжалды жан-жақты талқылап, түйінді тұжырым жасау – қоғамды басқарудың басты белгісі. Бұл қызмет, әрине, биге жүктелген. Адам тағдыры талқыға түсетіндіктен, аталмыш қызмет әлеуметтік және саяси жағдайларға негізделіп, арнайы қабылданған нормалар жүйесімен реттелетін. Ал сот билігінің мәнмазмұнын сот-төрешілердің жеке қабілет-қасиеттері межелейтін. Бұл орайда халық «әділет, ар, бірлік» сынды құндылықтарды қастерлеп, қадір тұтқан. Көшпелі тұрмыс кешкендіктен, кейбіреулер, әсіресе европалықтар қазақтарды кенде қалған деп есептегендіктен, көшпелілердің аталмыш құндылықтарды ұстануы мүмкін еместей көрінер. Алайда сол замандағы Орта Азия, соның ішінде қазақтар жайлы осылайша ойлау – нағыз надандық пен қараңғылық. Егер әлеуметтің тұрмыс-тіршілігіне үстірт шолу жасап, осындаі тар ойды талғажау еткендерді тыңдар болсақ, онда әлемдік өркениеттен зор орын алатын араб-парсы және қытай мәдениеті мен ғұн, түркі, қыпшақ және моңғол империяларының ортағасырда жарты әлемді жаулағаны жайлы ақиқат ақылға сыйымсыз болар еді. Қазақ хандығындағы сот билігінің ұстанымдары, бір жағынан, Орта Азияның кең қойнауында тарыдай шашылған көшпелі қоғамның басын қосып, бет-бетіне бытырап, жоғалудың алдында тұрған рутайпаларды біріктірудің ең тиімді әдістерін ұсынса, келесі жағынан, табиғат белгілеген адами тұрпатты нақты бейнелей білген.

Би соттарында адамдық қасиет-құндылықтар құнталатын, ал материалдық-процессуалдық аспектілер би қызметінің жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған. Мұндай қадір-қасиеттер принципі қазақ қоғамындағы сот ісінде қашан және қалай қалыптасқанын зерттеушілер нақтылап, зерделей жатар, ал бұл жөніндегі өз пайымызың осы еңбектің басқа бөлімдерінде көрініс табады.

Әдетте, би болу-болмау мәселесін халық шешетін. Тағы бір айта кететін жайт, билер сотындағы қадір-құндылықтардың сипаты қоғам мен оның саяси өміріндегі эволюциялық өзгерістерге сай ауысып отырган. Десек те, көшпелілер қоғамының тұғырына тұрақтылық тән болғандықтан, билер сотының моральдық мақсат-мұddeлери мен процессуалдық негіздері орныкты еді. XVI–XVII–XVIII ғасырларда Қазақстанның ішкі және сыртқы істерінде өзгерістер орын алғандықтан, көшпелі қазақтар қастерлеген құндылықтар

да өзгешеленген. Мәселен, ертеректегі жаугершілік заманында «Жаным – ерлігімнің садағасы, ерлігім – елдігімнің садағасы» десе, қантөгістер азайып, бейбітшілік орнай бастаған шакта бұл ұран түрленіп, «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп айтылған. Алайда халыққа қызмет етуді дәріптейтін мазмұны өзгеріссіз қалды.

Біздің болжам бойынша, жаратылыстағы бар қасиет-құндылықты дарытып, даму шынында шарықтаған билер институты қазак да-ласында әскери сапарлар мен толассыз шабуылдар саябырлап, көшпелілер азаматтық қоғам зандылықтарымен бейбіт күн кеше бастаған уақытта қалыптасқан болуы керек.

### III

Билер сотының тарихында XVII–XVIII ғасырлар ерекше орын алады. Атақты үш бидің өмірі мен шығармашылығы осы кезенге дөп келеді. Ұлы жүзде – Төле би, Орта жүзде – Қазыбек би, Кіші жүзде – Әйтеке би. Қазақ сотындағы саңлақ сөздер мен бірегей оқиғалар осы кісілердің атымен тығыз байланысты. Ел аузындағы аңыз-әнгімелер мен фольклористика деректері арқылы олардың өмірі мен қызметі туралы көп мағлұмат алуға болады. Үш бидің ұлы істері мен тәлім-тәжірибесі кейінгі билер ушін үлкен үлгі-өнеге.

Кейбір деректерге сәйкес, Төле бидің тегінде он бір ата-бабасы «от ауызды, орақ тілді» би болған. Арғы атасы – Бақтияр би Қыпшақтар мемлекеті кезінде өмір сүрген екен. Ол өте өжет, ержүрек, шешен, адап әрі әділ адам ретінде танылған дәулетті кісі болыпты. Халық оны «Елдің бақытына туған Бақтияр» деп дәріптеген. Төле бидің тағы бір бабасы – әйгілі Майқы би. Ықылым заманда ол Шыңғыс ханның өзіне кеңес беріп, бас уәзір болған. Ал Төленің әкесі Әлібек өз аймағында атақты би екен. Ол баласының болмыс-бітімі мен жүріс-тұрысын жіті бақылап, бойынан болашақ биге тән қабілеттерді байқағандықтан, ұлының тәрбиесіне бар ықылас-ынтасын салған. Көне жазбаларға сенсек, Әлібек атақты би-ұлықтар мен дүлдүл шешендердің бас қосуларына баласын да ерте барған. Төле қаршадайынан қазақтың ғана емес, көршілес этностардың да ауыз әдебиеті мен мәдениет-тариҳына зейін қойып, зеректік танытқан. Сондықтан Әлібек би ел аралап, дау-дамайларға төрелік айта, айтыстартысты тарқатып жүрген би-төрешілерге Төлені ертіп жіберетін. Осындай сапарларында тоғыз жасар Төле күрмеуі қын таластарға қатысты қисынды пікірлерін айтып, тіпті егер даугер мен айыпкер қарсы болмаса, жеңіл істерге төрелік ету күрметіне ие болған.

Баптаушылар дарынды баланы өдептілікке үйретіп, көшпелілер тұрмысының қыр-сырымен таныстыруы және туған елінің тарихы мен мәдениетін дәріптеп, еркін де еңсөлі өмір сүруге машықтауы тиіс. Құнделікті құйбен тірліктері шаруашылыққа араласып, халықтың әл-ауқатымен етене танысуы да қажет. Сондықтан Әлібек би жазғы және күзгі маусымдарда баласын қойшыларға қосып жіберетін. Себебі ауыл ішіндегі бар жаңалықтар мен жаңашылдықтар және жуырда орын алатын оқиғалар жөнінде бәрінен бұрын қойшылар құлағдар болған. Олар көрші ауылдардың қойшыларымен жиі жолығысып, өткен-кеткен жолаушылардан да жөн сұрасқан және колдары босай қалса, әңгіме-дүкен құрысып, даңқты би-төрешілер мен елеулі оқиғалар турасында ой бөліскең.

Беделді би атағына талпынған талапкер талай сынақтардан сүрінбей өтіп, белгілі би-шешендердің батасын алуға міндettі. Яғни оның тұр-тұрпаты, тұлғасы, көзқарасы, өз-өзін ұстау мәнері жіті бақыланып, фәлсафа саласынан қойылған абстрактілік сауалдарға берген жауаптары сынға алынатын. Әдетте, талапкерден мәнді де мазмұнды, ұтымды да ұтқыр және қисынды жауап қүтеді. Болашақ бидің өмірлік ұстанымдары мен ар-ождан жайлы түсінігі де қатаң сыналатын. Осы орайда бірнеше мысал келтіре кетейік. Бірде бозбала Төленің қабілеті жайлы құлағдар болған қонақтардың бірі, сөз арасында, «ұш жетімді» атауын өтінеді. Төле сәл ойланып: «Жаңбыр жаумаса, жер жетім; басшысы болмаса, ел жетім; тыңдамаса, сөз жетім», – деген екен.

Қолда бар деректерге сәйкес, Төле би он бес жасынан өз бетінше сот істерін қарастырып, дау-дамайға кесім жасағаны белгілі. Ол дала даналары мен ұлы би-ұлыстарының мықты мектебінен нөр алғандықтан, көбіне екі жақтың да талаптарына сай төрелік айтқан, не болмаса дұрыс дәлелдері мен ақиқат айғақтарын дәйектеп, шешендігімен шешімінің әділ екендігін еріксіз мойыннатқан. Көзі тірісінде осындағы дүлдүлдігін дәріптеп, халық оны «қара қылды қақ жарған әділ би» деп атапты.

Талай қылмыскерлер мен өтірікші-суайттарды, ұры-қарылар мен бауқеспелерді жазбай танып, әділ кесім айтатын аты әйгілі Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің атақтары асқақтағаны сонша, тіпті шалғай ауыл, ру-тайпа, басқа жүзден арнайы іздел келіп, алдарына жүгінетін. Мәселен, турашыл Төле бидің қаталдығы мен қаһарлылығы туралы «Төле бидің ашы тілінен сақтан, өткір көзінен сақтан» деген сөз бар. Мұның төркінінде «Төле бидің алдында аққа қүйе жақпа, адамды қаралама немесе қылмысынды жасырып қалам

деп дәмеленбे» деген ескерту жатыр. Сондықтан Төле бидің бүкіл қазақ даласының Төбе биі болуы да тегін емес.

Орта жүздің беделді билерінің бірі – Қазыбек би (1667–1763). Оның шығу тегі – Арғын ішіндегі Қаракесек руы. Қазыбектің би болып қалыптасуына ата-анасы көп ықпал еткен: әкесі Келдібек – белгілі би, анасы Тоқмейіл – қазақ ауыз әдебиеті мен дала зандарын жете менгерген ақылды да ардакты әйел болған. Тоқмейіл баласының бойындағы ерекшелікті ерте байқап, «ақ батасын» берген екен.

Қаз дауысты Қазыбек бидің қабілетін танытатын бір мысал келтірейік. Атағы асқақтап тұрған шақта ол көршілес Жонғарияның қонтайшысымен жолығады. Қонтайшы «неше ұлың бар?» деп сұрағанда, Қазыбек «бір жарым ұлым бар» депті. Таңырқаган қонтайшы: «Бір жарымың не? Мен бес ұлы бар деп естуші едім», – дейді. Сонда би: – «Мениң елге ие болатын ұлым біреу-ақ. Аты – Бекболат. Соны бүтінге санадым», – деп, ал мал мен қатынға ғана ие болатындарын есепке алмайтынын және жартылай ерек деп санайтынын айтқан.

Сот жүйесіндегі ерекше қабілет-қызметін құрметтеп, халық Қазыбек биді «Қазып айтқан Қазыбек» деп қадір тұтқан.

Бөйбекұлы Әйтеке – Кіші жүздің Төбе биі. Ол Алшын тегінен. Орта Азияның Самарқан мен Бұқара сынды әйгілі қалалары арасындағы төскейде дүниеге келген. Хронология бойынша, XVII ғасырдың ортасы мен XVIII ғасырдың екінші тоқсанының басы аралығында өмір сүрген. Кейбір деректерге сәйкес, Әйтеке он екі жасқа дейін жергілікті қазақтардың ханындағы болған Ақша атасының тәрбиесін тәлім алған. Бірнеше онжылдықтар бойы Самарқан қаласын билемеген Жалаңтөс батыр да оның жақын туысы. Ақша атасы Әйтекеге ықылас-назарын сала, жеті жасынан хан билігіне баулып, шетелдік қонақтарды қарсы алу өнеріне бейімдейді. Жалаңтөс батырдың немерелерімен бірге болашақ би Бұқарадағы діни мектепте сауатын ашып, араб, парсы тілдерін менгереді. Беделді зерттеушілердің бірі Әбуталиев Нәбиден атап көрсеткендей, Әйтеке жиырма бес жасында Төртқара руының биі, ал отыз жасында жиырма тоғыз рудың басын біріктірген Әлім, Байұлы, Жетіру және Кете тайпаларынан тұратын Кіші жүздің Төбе биі болып сайланады. Қошпелі қазақтардың мәдениетін зерттеуші ғалымдардың жазбалары мен мұрагерлерінің естеліктерін ескерсек, хан немесе билер алқасының шақыруымен өтетін бүкіл қазақтар құрылтайында немесе аймақтық жиналыштарда елеулі рөл атқарып, салмақты орын алатын санлақтар – Толе, Қазыбек және Әйтеке билер кейде өзара бас қосысып тұрған. Себебі, жиі қырғи-қабақ болып жүретін үш жүздің қарым-қатынасын рет-

теп, жалпықазақтық мәселелерді талқылау және тиімді де тиянақты шешім қабылдау – тым күрделі де, аса маңызды іс. Үш бидің бір-біріне деген ықылас-ынтасты сонша, алыстан жай сыйласып қана қоймай, арнайы шабармандар арқылы саяси және тұрмыстық жаңалықтарымен бөлісіп, ақпарат алмасады және тарту-таралғы мен сыбаға берісіп тұрады.

Әлдебір қонақасыларда кездейсоқ екеуі, сәтін салса, тіпті үш бидің басы қосыла қалса, қарапайым жиын ұлан-асыр тойға айналатын еді. Мәліметтерге қарасақ, бірде Төле би мен Қазыбек би жүрт алдында Әйтекені сынамақ болып, «Жақсы жігіт деп, нағыз жігіт деп кімді айтады?», – дегенде, Әйтеке би тәжелмesten: «Көзге ілінген жігітті жақсы жігіт дейді. Тура сөзге басын иген, өзінің дұрыс сөзіне басқаның да басын игізген жігітті нағыз жігіт дейді», – деп дәл айтқан. Жауабына тәнті болған еңсөлі екі би тағы бірнеше сұрақ қояды: «Ақылдың шегі бар ма?» деген сауалға «ашудың басы – ақылдың ақыры» екенін айтады, ал «жауменен күш сынасар алдында неше серігін болу керек?», – дегенде, «ақыл, тұлпар ат және құрыш сауыт» деп жауап береді.

Ел арасындағы аңызға сенсек, Төле би ажал аузында жатқанда ұлдарының біріне «Мен өлген соң асатаяғымды Әйтеке биге табыс ет» деп аманат қылады. Баласы нәкерлерін ертіп, Әйтеке бидің ауылына бет түзейді. Оның әкесінен кіші екенін ескеріп, көніл сұрап деген ниетпен ауылға кірмей, шетіне уақытша шатыр тігіп аялдайды. Алайда арада бірнеше күн өткенімен, Әйтеке би келе қоймайды. АқырЫнда олар Әйтекенің ауылына кіріп, арнайы құрылған киіз үйге түседі. Ал Әйтеке бимен кездескен кезде: «Әкем өлді. Ол сізден жасымен де, атымен де үлкен еді. Сізді соңына ерген інісіндей көрді. Бірақ ғасырлар бойғы қалыптасқан әдет-ғұрыпқа сай маған көніл айтуға да жарамадыңыз», – деп өз өкпе-назын білдіреді. Қаралы қазаға налып отырған Әйтеке би де ойын ортаға салады: «Әрине, сенің осылай деуге хақың бар. Төле би сенің, сенің ғана емес қалың бұқараңың да әкесі болды. Және мен әкенді ерекше қастерлегендіктен, қасыңа келіп, қайғына ортактасуым керек те шығар. Бірақ сен бір маңызды жайтты естен шығардың: сен жетім қалған жоқсың, себебі қасында қайғыдан қабырғасы қайысып отырған мен сияқты аған бар, ал мен нағыз жетімге айналдым, себебі Төле би қазасына қайғырысып, жұбату айтар ағам жок. Осыны ескерсек, салтқа сай көніл сұрап алдымен сен келу керек едін». Жиналғандар Әйтеке бидің сөзін қолдап, жөн санаған екен.

Өситет сұраган жастарға Әйтеке би: «Менің өмірім өзгенікі, өлім ғана өзімдікі болды», – деп саналы да салиқалы ғұмырын қорытындылап, соңғы сөзін айтыпты.

Билер қоғам назарындағы тұлға болғандықтан, олардың қызметі мен лауазымы ел арасындағы атағы мен даңқ дәрежесіне байланысты белгіленетін. Әрбір би атағының өз ортасына ғана емес, дүйім жүртқа жайылғанын қалаған. Ал мұндай мәртебе әкелер соны сүрлеу – ел сеніміне ие болып, үмітін актау үшін аянбай қызмет ету.

Билер сатысымен биікке өрлеу әрбір төрешінің мақсат-мұддесі еді. Фасырлар бойғы әдет-ғұрыпқа сай, би болудың өз мәнері мен тәртібі қалыптасты. Соның ішінде ел ағалары мен би-шешендерінен «бата алу» рәсімі биік бағаланып, «кайнымас айғақ» ретінде қабылданған. Әдетте, белді билердің алдына бармас бұрын жас талапкер ортанқол төрешілердің сынағына түскен. Халық ауыз әдебиетін зерттеуші-фольклоршы Төреқұлов Нысанбектің деректеріне сүйенсек, Төле жас шағында Орта жүзге аты аян тоқсандағы Жетес би мен жүз жасаған Әнет бидің ақ батасын алған. Әнет абыз туралы жұрт аузында «Әнет бабам – Арғынның ер ағасы, әрі би, әрі тере, ел ағасы» деген сөз бар.

Ерекше бітім-болмысы мен қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі үшін би-қазылар жаугершілік заманында да бағаланып, әскери үйымдастыруышы, көрнекті қолбасшы бол тағайындалатын. Мұны «Қабыргадан қар жауса – атан менен нарға күш, ел шетіне даумен қоса жау келсе – қабыргалы биге күш» деген асыл сөз айғақтайды. Қолға түскен құжаттарға қарасақ, Төле би Ташкент түбіндегі талай жорыққа қатысып, он екі жыл ішінде екі рет осы қаланың билеушісі болған.

Ұлы даланың Төбе билері боп танылған үш би: Ұлы жүзде – Төле би, Орта жүзде – Қазыбек би, Кіші жүзде – Әйтеке би халықтық сот билігі мен даналығының, тұрақтылығы мен табандылығының, тұтастығы мен тенденцијінің нақты нышаны бола білді. XVIII ғасыр басында Қазақ даласының аспанын қара бұлт торлап, елдігіне қатер төнгенде Тәуке хан Түркістан қаласының маңындағы «Күлтөбе» шатқалында билердің бүкілқазактық құрылтайын құрады. Сондағы Әйтеке бидің айтқаны киелі сөзге айналып, ел жадында сакталды: «Біз, қазақ, бір биенің құлыны едік, тұлпар болып оза шабайық. Біз бүкіл қазақ – бір ұяның балапаны едік, қанаттанып сұңқар болып самғайық. Біз бүкіл қазақ – бір тоғайдың ағашы едік, орман болып жасылданайық, жайқалайық. Біз, бүкіл қазақ – бір шаңырақ, бір қазан, бір төрлік дастарқан болып атамекенді түгел қамтиық»<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Байдосұлы З. «Ақтөбе», 1993, 23 маусым.

Қазактың ата заңына айналған осы басқосуда «Жеті жарғы» қабылданып, ұлы үш би өз өсietтерін айтады. Төле би көшпелі қазақ даласының біртұастығы сақталып, ынтымақтастығының нығая түскенін тілеген. Қаз дауысты Қазыбек үш жүздің ұрыс-керіссіз, өзара бейбіт өмір сүруін қалаған. Әйтеке би, өз кезегінде, егер әр ру өзін әйгілі санаң, сасық сөүегейлік танытса, бас-басына би болып, бытырай бастаса, елдігіміз бен ерлігіміз құрдымға кететінін ескерткен.

Би-шешендердің қоғамдағы құдіретін дәл бейнелейтін сөздерді Абылай хан (1771–1781 жылдар аралығында хандық құрған) айтқан деседі: «Батыр қол бастайды, қол бастайтын батыр болу да қымбат; көсем жол бастайды, жол бастайтын көсем болу да қымбат; шешен сөз бастайды, бәрінен де ел тағдырын шешетін шешен болу қымбат». Сойтіп, жогарыда жазылғандарды былайша тұжырымдауға болады:

1. Ортағасырлық көшпелі қазақтар қоғамының тұрақтылығы мен тұтастығын қамтамасыз ететін идеологиялық құндылық ретінде қалыптасқан «Адал би – әділ би» деген даналықта ұлы дала мәдениетінің мән-мазмұны мен болмыс-бедері бейнеленген. Және қазақ билері осы сөзге сай сот қызметкері, өнеге-өнердің өжет иесі және жан дүниесі адалдық пен әділдіктен жаралған тұлға болуды мақсат тұтқан.

2. Сотта келелі көрегендік пен көсемдік, кеменгерлік пен парасат-найым таныту – билер сотының басты ұстанымы. Іс жүргізуіндің барлық механизмі осы бағытта өрбүі тиіс. Азан-қазан боп дауласып жатқандарды жөнге салу үшін айтылатын «дау сұрай келдіңдер ме, ақыл сұрай келдіңдер ме?» деген алғашқы салмақты сөзінен-ақ сот процесінің қаталдығы мен қадірі сезіледі. Осылайша, соттың басты мақсаты – салиқалы санаға сүйеніп, ақылға келу, яғни ақылға сыйымды шешім қабылдап, жалпыға ортақ әділ кесім айту екендігі ескертіледі.

3. Би-қазылардың қызметіндегі «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қатаң қағиданың өркениетті көздеген әрбір мемлекет пен халық үшін маңызы зор.

Бұл тақырыпта даналық пен даралықтың, әділдік пен адалдықтың қайнары болған, XVII–XVIII ғасырлардағы шоқтығы биік үш ұлы бидің қысқаша өміrbаянын бейнелеумен шектелдік. Бұл үштік оздерін «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы бидің» (1105-1225) ізбасарлары санаң, халықтық-құқықтық құндылықтарды дәріптеуші ретінде танытқан. Ал сот қызметін дәстүрлі нормативтерге сай жүргізетін замандастары мен «өкшесін басқан» ұрпағы үш бидің онегелі омірін үлгі тұтып, өсietтінен тәлім алған. Бұл үш данышпан, үш ұлы тұлға – Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би.

## «БИ – ХАЛЫҚ ШЕЖІРЕШІСІ, ДАНАСЫ ӘРІ ЗАҢГЕРІ»

Бұл анықтама Қазақстандағы (Ақмола қаласында) отарлау әкімшілігінде қызмет еткен Ресей империясының ерекше тапсырмалар жөніндегі шенеуінігі И. Козловтың қазақтардың әдettік-құқықтық нормалары мен құқықтық институттарын арнайы зерттеу негізінде 1882 жылы жариялаған енбекінен алынды. Автор сонымен қатар билердің «безукоризненной честностью, с природным умом» – «кіршіксіз әділ және білім иелері» болғандығын да жазды.<sup>1</sup> Аталмыш анықтама XIX ғасырда да Қазақ даласында болған және «Ал-тын ғасырдың» соттық дәстүрін сақтап қалған билердің тобына қатысты айтылды. Сол шағын топтың ішіндегі билердің кейбіреуі «көне нысандағы» қазак әділ сотының бұрынғы даңқын қайта тірлітүге тырысты. Қазақтардың соттық-құқықтық жүйесін жақсы білетін адамдардың барлығы дерлік осы пікірде болды. «Киргизский народный суд» деп аталатын 60 баспа беттік көлемді мақаласында А. Зуев қазақ билері парасатты да дана болған, олардың соты «светлые страницы далекого прошлого, когда в тихом укладе патриархальной жизни он был столь же чист и правдив, как и сама жизнь» – «еткен кезеңнің жарқын беттері, патриархалдық тыныш түрмиста өмірдің өзі сияқты шындығымен әрі пәктігімен ерекшеленді»<sup>2</sup>, – деп жазды. Ал Б.Н. Дельвиг болса қазақ билерін «единственными хранителями обычного права» – «әдет құқығының жалғыз сақтаушысы» деп атаған болатын<sup>3</sup>.

### I

Ерте және кейінгі жазба деректерге сүйенсек, ұлттық және аймақтық әділ сот тарихына жүздеген билер есімі енген. Ол билердің ішінде заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырының» дәстүрлерін ғасырдан-ғасырға жеткізіп, сақтаған және оны әркез үағыздап отырған билер де көп болатын. Мысалы, Майқы би, Аяз би, Едіге би (Ноғайлы – қазақ елінен), Төле би (Ұлы жүз), Қазыбек би (Орта жүз), Әйтеке би (Кіші жүз), Жәнібек би (Торғайда), Тіленші би, Есет би, Әнет баба би, Сырым би, Саққулак би (Бөгенбай батырдың немересі, Ереймен жерінде), Шорман би, Шоң би (Баянауылдан), Сайдалы би және Аққошқар би (Арғын елінен), Ерден би (Бағаналыдан), Бала

<sup>1</sup> Козлов И.А. Обычное право киргизов. В кн. «Материалы по казахскому обычному праву». Сб. 1, Алматы, 1948, 225-66.

<sup>2</sup> Зуев А. Киргизский народный суд. – Журнал Министерства юстиции. СПб., 1867. №3, 161-162-бб.

<sup>3</sup> Дельвиг Б.Н. Киргизский народный суд в связи с правовым положением иностранных Степного края. – Журнал Министерства юстиции, СПб., 1910, №5, 123-б.

би, Досбол би, Ақтайлақ би, Мөңке би, Байдалы би, Тоқсаба би, т.б. Таңғаларлығы олар ұлан-байтақ қазак-қыпшақ даласының әр түкпірінде өз руластары арасында, өз ауылдарында өмір сүргенімен, олардың атағы бүкіл Ұлы далаға әйгілі болды. Қазак билерінің барлығы қай ғасырда, қай жерде, қай рулы елде өмір сүргендігіне қарамастан, қазақ әділ сотының атасы атанған Майқы биді бірдей пір тұтқан. Орталық Азияның ұлан-байтақ аумағының әртүрлі бөліктерінде орналасқан қазактардың этникалық, тілдік-мәдени және идеялық-психологиялық бірлігін түсіндіретін құпиялардың бірі – дәл осы қазақ құқығы мен әділ сотының жүйесінде деп есептеуге толық негіз бар.

XIII–XIV ғасырларда Шыңғыс хан дәуірінде өмір сүрген көне түрік руларының бірінен шыққан Майқы бидің рөлі мен орны қазактың дәстүрлі әділ сотының негізгі қағидаларына айналған қысқа да нұсқа ережелерден көрініс тапты, мәселен: «Түгел сөздің түбі бір, тұп атасы – Майқы би», сондай-ақ тұтастай құқықтық және саяси тәртіпке айналған: «Әдет – әдет емес, жөн – әдет», «Тіл жүйрік емес, шын – жүйрік», «Кеңесшісі бар ел кемімес», «Хан атаулының қазығы, қара бұқараның азығы».

Кейбір деректер бойынша 93 жыл өмір сүрген (1663 жылды туған) Ұлы жүзден шыққан Төле бидің өз дәуіріндегі бүкіл Қазак даласына атағы шығып, «Төбе би» атағына ие болғанын жақсы білеміз. Ол тоғыз жасынан бастап билік ісіне араласа бастайды, ал 15 жасында-ақ өз аймағына танылған биге айналды. Төле би мұрасын зерттеушілер «Төле би айтыпты» дейтін қағидалар қатарына: «Елге бай құт емес, би – құт», «Қабырғадан қар жауса – атан менен нарға құш, ел шетіне жау келсе – қабырғалы биге құш»<sup>1</sup> деген ережелерді жатқызады.

Өз заманында қазақ құқығының тарихында «зан шығарушыға» айналған Орта жүзден шыққан Қазыбек би де (1667– 1764) өзінің артында бірқатар нормативтік-прецеденттік мәні бар мұра қалдырған. Мысалы, «Ана – баласының қызығышы, өзін қиса да оны от пен өлімге қимайды».

## II

«Көне нысандағы» қазақ сотын қазақ халқының ұзаққа созылған тарихында басынан өткөрғен көшпелі өркениет шенберінде пайда болған және дамыған құбылыс ретінде түсіну және тану қажет. Қазақтың атақты тарихшысы Манаш Қозыбаевтың айтуына

<sup>1</sup> Торекұлов Н. Төле би. Алматы, 1992.

қарағанда, «қазақ шын мәнісінде дала перзенті еді»<sup>1</sup>. Қазақтар өздерін және өз мемлекеттілігін «Киіз туырлықты қазақ хандығы» деп атаған. «Көне нысандағы» бұл сот әділ сот та, халық соты да бола білді. Ол әмбебап маңызы бар әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің құқықтық институттарына негізделген динамикалық құқықтық аяда, жалпыұлттық мұдделерге сай касталық, таптық және жергілікті мұдделерден ада өктемдік нормативтік ережелерге сөйкес іске асырылды. Сот шешімі рудың, аумақтың атынан шығарылмайтын, оны әділ де тәуелсіз би шығаратын. Қазақ құқығында бекітілген би соттың әрекет ету талабының негіздері моральдық императивтік күшке ие болған қысқа да нұсқа құқықтық ережелерде көрініс табатын болған. Оның негізгі нормасы: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп, бұған қосымша «Туғанына бүрғаны – биді Құдай ұрганы» деп сипатталды. Қазақтың билер сотының тағы бір маңызды ерекшелігі – оның руханилығы, яғни қарастырылып отырған істің материалдық мазмұнына қарағанда рухани мазмұнының басымырак болуы, екінші жағынан, би әрқашанда моральдық қағидаларды басшылыққа алуға тырысты. Халықтың санасында әрқашан «Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің білімі мен ары бар», «Бай мал сақтайды, би ар сақтайды» деген қанатты сөздер жаңғырып тұрды. Осы және өзге де нормативтік-моральдық қағидалар әділ соттың «Алтын ғасыры» дәүіріндегі бидің болмысынан көрініс тапты. Атакты Әйтке би үрпактарына «Менің өмірім өзгенікі, өлімғана өзімдікі» деген өсiet калдырыды.

Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асқақ мұраттарының талабына жауап беру үшін билер дала даналарының мектебінен өтуге, алдыңғы ұлы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болды. Сонымен қатар қазақ құқығын терең менгеруге тырысты және өздерінің шешендігін әркез шыңдаумен болды. Осы талаптар деңгейіне көтеріле білген билер соты ғана қазақ даласындағы заңдылықтың «Алтын ғасырының» шынайы бейнесін тудыруға қабілетті еді. Қазақ сотының бұл бейнесі XIX ғасырдың ортасында да халық санасында сақталды. Бұл жөнінде өткен ғасырда өмір сүрген қазақтардың ішінен шыққан білімді топтың айтқан не-месе жазып қалдырыған мұралары көп-ақ. Еуропалықтардың ішінен бұл жөнінде Орынбор, Омбы, Ташкент қалаларындағы отарлау әкімшілігінде қызмет еткен және Ресей өкіметінің арнайы тап-

<sup>1</sup> Козыбаев М.К. Ежелден бірлікті аңсаган. // «Егемен Қазақстан» газеті, 1992 ж., 19 маусым.

сырмасы бойынша көшпелі және жартылай көшпелі халықтардың, оның ішінде қазақтардың әдettік-құқықтық институттарын зерттеген орыстың білімді шенеуніктері жазған болатын. Олардың барлығы дерлік қазақ құқығының «халықтық сипаттағы құқықтық дәстүрлер» болғанын, ал билер әділ сотты жүзеге асырып қана қоймай, құқықтық шығармашылықпен айналысқандығын да тілге тиек еткен. Олардың айтуынша, бұл сот сонымен бірге «ашық, жария, ауызша және бітімгершілік сипатта болғанын», ал сот процесінің өзі және оның шешімдері әділеттікке негізделген (Л.Ф. Баллюзек, И.А. Козлов, Д' Андре, т.б.). «В отношении справедливости суда киргизы (казахи) очень требовательны... Справедливость – присутствие ее всего важнее» – «Қазақтар соттың әділдігіне қатты қарайтын», «Әділдік – оның негізгі өзегін құрады» (А. Крахалев).

### III

Қазақ билері өз ар-оқжданы мен сот әділдігін жүзеге асыруда өзге Орталық Азия хандықтарындағы этникалық аймақтардағы билерден, би-бектерден елеулі түрде өзгешеленді. Қазақ билерінің жалпы түркі тілді кеңістікегі әлеуметтік топтың, оның ішінде билеуші топтың ішінен дарапануы қазақ-қыпшақ көшпелі өркениеттің өзіндік ерекшелігі негізінде қалыптасты. Қазақ-қыпшақтардың Ұлы даласындағы билердің дамуы Орта Азия даласының, басқабөліктегіне қарағанда өзгеше жолмен өрбіді. Қазақ билері тек әділ сотты ғана жүргізді, ал көршілес түркі жерлеріндегі «би» титулын иеленушілер елбасының жаңында әкімшілік және кеңесшілік қызметтер де атқарған. Қазақ билері көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдағы соттық-құқықтық істе үрпақтар даналығы мен білімін менгерген зияллы топ ретінде қалыптасты. Әдет құқығының нормативтік байлығын менгеру және оны шебер қолдана білу, шешендік шеберлік пен халық алдында өзін көрсете білуі, халықтың тарихы мен тұрмыс-тіршілігін жетік білуі – билердің үлкен билік жолына жолдама алуының басты шарты болды. Атақты зерттеушілердің бірі Д.Самоквасов орыстың және Еуропаның соттық жүйесін жақсы біле отырып, 1820 жылы қазақ құқығын зерттеген. XIX және XX ғасырлар тоғысындағы Қазақ даласында өмір сүрген ұлттық мәдениеттің ірі қайраткері С. Сейфуллин де қазак биінің болмысы мен табиғатын ерекше сипаттап берген болатын. Ол: «Елдің ескілікten екшеліп келе жатқан жол-жоба, салт, дәстүр, зан ережелерінің дәстүр жинақтарын, бұрынғылардың шежіресін, өнегелі, үлгілі сездерін жадына көп тоқып, жатқа айтуға үстарған, «білігі жүрген» ру басылардан көсем шыққан, өздері де

тұрмыстан туған қорытынды сөздерді әдемілеп жүптаپ, үйқастырып айта алатында болған шешендер би атанған»<sup>1</sup>, – деп жазды.

«Көне нысандағы» қазак биінің рөлі мен орны қысқа да нұсқа ел ішінде мақалға айналған мына байламдарда өте жақсы көрініс тапқан: «Би жақсының елі жақсы», «Батыр елін жауға бермейді, би елін дауға бермейді».

Қазақтардың халық ауыз әдебиетінің үлгілерін зерттеушілер қазақтың Ұлы даласында «би» және «шешен» сөздері бір мағына береді, синонимдер деген пікірді бір ауыздан макұлдайды. Шешен адамды би дейтін, шешен адам биге айналатын. Қазақтардың «шешендігі» тек сөз шеберлігін ғана емес, сонымен қатар әділдіктің мағынасын көрсеткен дәлелдемелік құшімен де ерекшеленді. Бұл қазақтың: «Сөз тапқанға қолқа жок» деген қанатты сөзінен айқын көрінеді. XVIII ғасырдың ірі билерінің бірі Қазыбек биді кезінде «Ағын судай әйгілі шешен» деп те атаған. Атақты зерттеушілердің бірі Балтабай Адамбаевтың пікірінше, «шешен-би» ұғымы Жиренше шешен (XV–XVI ғасырлар шамасы) заманынан бері осылай бөлініп айтылып келеді. Ол: «би» мен «шешен» деген атаулар тіпті революцияға дейін (яғни 1917 ж. дейін – С.З.) қатар қолданылып, кейде бірін-бірі ауыстырып келгені кездейсоқ емес<sup>2</sup>, – дейді.

Арнайы әдебиеттерде «би» сөзі түркі тілінен шыққандығы тура-лы қөзқарас орнықкан және ол шығыс билеушілерінің – хандардың, сұлтандардың жаңындағы маңызды лауазымдық титулды білдірді. Ол тарихтың әртүрлі кезеңдерінде әртүрлі түркі халықтарында «бек», «бей», «би» деп әртүрлі аталып жүрді. Бірақ әрқашан бұл сөз «білік», «білеу» дегенді білдірді. Әдетте ол кенесші, идеолог, ақылшы, дана ретінде бағаланды, бірақ өте сирек жағдайда бес-би мемлекеттегі бірінші тұлға болған еді.

Қазақтың «би» сөзінің де бастауы бастапқыдағы түркілік мәнімен тікелей байланысты және де «білік» элементтерінің көрінісі болып та-былады. Ол терминологиялық символ мәнін жоғалта қойған жоқ. Ал басқа жағдайлардың барлығында ол арнайы мазмұндық ұғым ретінде өзге синонимдерден даралық танытты. Орталық Азияның Ұлы даласында немесе қазақ-қыпшақ жерлерінің тікелей мұрагері болып та-былатын қазақ хандықтарындағы, жұздері мен рулық бірлестіктерде «би» ұғымы соттық сипаты басым, өзгеше мәндеге дами бастады. Оған өз кезегінде шаруашылық жүргізуіндегі көшпелі әдісі де белгілі дәрежеде ықпал етті. Билер негізінен әділ сотпен байланысты ерекше топты

<sup>1</sup> Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Қызылорда. 1932, 34-бет.

<sup>2</sup> «Қазақтың ата заңдары» – «Древний мир права казахов». Алматы, 2003. 2-том. 43-бет.

құраған болатын. Ұлы даладағы сот билігі екі мағынада көрініс берді: біріншіден – дала жұртындағы сот ісін жүргізудің негізгі құралы, екіншіден – құқық тұзушілік сипатқа ие болды. Қазақ билері соттың да, заң шығаруышының да рөлін атқарды. Бұл қазақ билерінің басқа түркі тілді елдердегі бек-билерден басты айырмашылығы болып табылады. Бидің қазақ жұртындағы көтерер жүгі ауыр еді. Би тарихи-құқықтық жағынан терең білімді болумен қатар қолданылып жүрген Дала құқығы жүйесін жетік менгеруі тиіс еді. Оны игеру онай болмайтын. Қазақ құқығының нормативтік жүйесі үш маңызды бөліктен құралды: а) қысқа да нұсқа мақал-мәтел түрінде көрініс тапқан негізгі нормативтік ережелер мен әдептік-құқықтық институттардан; ә) Қазақ құқығында оны құрастыруға ерекше ат салысқан атақты хандар мен билердің атымен тікелей байланысты ірілі-ұсақты нормативтік-құқықтық ережелер жинағы. Оған: Тәуке ханның «Жеті жарғысы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» жатады; б) бидің үлгілі билігі, яғни атақты билерден қалған үлгілі сөздер, оларды «Атадан қалған үлгі», «Биден қалған жол өнеге, жол – жоралғы сөз» деп те атайды. Олардың әрқайсысы қысқа да нұсқа әрі айшықты сөз тіркесімен безендіріліп беріліп отырған.

#### IV

Қазақстандағы сот билігі негізінен қалалық мәдениет тудырған, құқықтық нормаларға әрі мұсылман құқығына сүйенген басқа да жекелеген Орта Азиялық елдер мен мемлекеттерге қарағанда за-йырлы да менталды болды және жалпы мемлекеттік билікке көп әсер етті, билердің билігі кейде тіпті жоғарғы билік – хандық билікпен қатар тұрды. Қазақ халқы мен оның мемлекеттілігінің дамуындағы тұтастай бір тарихи дәүірді құраған заңдылық пен сот әділдігінің «Алтын ғасыры» қоғамның табиғи болмысын бейнелеу-мен қатар, соттық-құқықтық қатынастар тұрғысынан жалпы ұлттық құндылықтар дәрежесіне көтерілген құбылыс болды.

Қазақтың Ұлы даласында соттық-құқықтық билік және оның иеленушілерінің жауапкершілігін айқындайтын талаптар мен қағидалардың тұтас жүйесі қалыптасып қолданылғанын көреміз. Ол талаптар мен қағидалар моральдық-өнегелілік өлшемдерге негізделді. Олар жеке тұлға мен адамның рухани-шығармашылық тұрғыдан қалыптасуына маңызды ықпал ете алатын қанатты сөздер мен айшықты афоризмдер нысанында көрініс тауып жатты.

Билер соттында сот ісі дәстүрлі ережелер мен әдептік-құқықтық нормалар негізінде дереу, ашық, әділетті жүргізілді. Қазақ даласындағы

сот ісін жүргізу қарапайым, түсінікті, белгілі бір мағынада ерікті болған, бірақ сонымен бірге сот ісін жүргізу ежелден келе жатқан қысқа, оңтайлы ережелерде бейнеленді. Сотқа деген сенімсіздік пен күдікті жою үшін негізінен сотқа дейінгі дайындық пен сот процесін бастау рәсіміне ерекше көңіл белінді. Сот ісін жүргізудің екі негізгі нысанын ажыратуға болады. Біріншіден, билер сотына жүргіну бастамасы тараптарға, яғни дауласушыларға берілген, сонымен қатар сот ісін жүргізуде бидің өзі де бастамалық танытатын. Даулы істің күрделігіне, ескілігіне және дереу қарау қажеттілігіне қарай сот ісі жеке-дара немесе алқалы түрде қаралуы ықтимал. Бидің сотта өз руластары мен ауылдастарының мұддесін қоргауы үйреншікті әрі құптарлық іс саналып, ондай биді ешкім «туысынды қорғадын» деп істен аластата алмады.

Сот ісін жүргізуде оны бастаудың дәстүрлі символдық сипаты басым екі нысаны болды. Оның бірі – «жүргініс» деп аталды. Яғни сот ісіне қатысуши субъектінің «жауапкер» немесе «талапкер» ретінде белгілі бір қалыпта отырып уәжін білдіру. Бұл рәсім әрқашанда күрделі емес істерді қарастырғанда да қолданылатын. Екіншісі – тараптардың өкілдері, яғни өз билері (қорғаушылары) қатысатын топтық істерде қолданылатын. Бұл жағдайларда тараптардың әрқайсысының жағынан бір-бір адам шығып, бидің алдына өз қамшыларын қояды, егер қамшылары болмаса, оның орнына шапанының «белбеулерін» шешіп қояды. Бұл тараптардың сот алдында дауды қарастыруға дайын екендігін және оның шешімін мойындайтындығын білдіреді. Исті қарастыру кезіндегі қызуқандылыққа, дәлелдеудегі шешендікке қарамастан, тараптардың қорғаушылары арасында айыпталушы мен жәбірленушінің жеке мұдделері ғана емес, ауылдық-рулық мұдде, ел намысы тұратын әрі дауды бітіммен аяқтауға тырысатын. Егер даулы істе жауапкер тараптың кінәсі толық мойнына қойылмай жатса, онда беделді адамдардың «ант беруіне» сүйенетін. «Ант берушіні» кінәлі тарап – жауапкер таңдайтын. Ал сот шешімін орындау жәбірленуші жақ – «талапкер» немесе «даугерге» жүктелетін. Көшпелі қазақ қоғамында жеке адамның кінәсі рулы елдің, жүздің кінәсі ретінде бағаланатын. Сондықтан билер сотының шешімін орындауды қамтамасыз ету бүкіл рудың міндеті болып табылатын. Сот шешімі орындалмай қалса, жәбірленуші барымта жасау, яғни жауапкер тараптың малын айдал әкету құқығына ие болатын.

«Кене нысандағы» қазак құқығында сот ісін жүргізу даулы істі қараудан гөрі өнерге үқсас болды. Сот ісіндегі сайысушылық әдет-ғұрыптарды, тарихи өткенді білумен қатар шешендіктің сынына үқсайтын. Сондықтан сот ісіне халық көп жиналатын, ал «от ауызды,

орак тілді» дейтін билер өздерінің бар шеберлігін көрсетіп қалуға тырысатын. Қазақ даласында ондай билерді XIX ғасырдың ортасында ұшыратуға болатын. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ондай билердің біріне, мысалы, Орта жүздің Қанжығалы руынан шыққан Мендерек батырдың баласы Шәңкі биді (1811 жылы туған) жатқызуға болады. Ол өмір бойы адаптың қызмет етіп, өз өмірінде төрт қағиданы берік ұстанды: «Адал еңбек, таза кесім, терең ой, әділдік». Сондай-ақ Шәңкі туралы оның замандасы, атағы елге жайылған Саққұлақ би: «Бұндай шешендік қасиет мен білетін ешкімде де жоқ. Ол сөз акыны, оның адалдық, әділеттен басқа жолы жоқ еді», – деген болатын<sup>1</sup>. XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ұлы билердің соңы – Құнанбайдың баласы Абай болды.

## ҚАЗАҚ БИЛЕР СОТЫ – ОРТАҚ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚ

2007 жылдың басында Мәскеу зерттеу институттарының бірінде бөлім менгерушісі болып қызмет атқаратын заң ғылымдарының профессоры, менің бұрыннан таныс тілекtes әріптесіммен өзекті әңгіме ербіткен едік. Ол – мемлекеттік құқық саласындағы танымал маман. Мен оған Алматы қаласында, шамамен 2008 жылдың екінші жартысында «Қазақ билер соты – бірегей сот жүйесі» атты Халықаралық ғылыми конференциясын үйімдастыруды жоспарлап отырғанымызды айттым. Ол кісі менің жетекшілігіммен соңғы он жылда «Қазақтың ата зандары» атты он томдық ғылыми жоба саласында жұмыс істеп жатқанымызды және оның сегіз томы жарыққа шығып, қалған екеуді 2007-2008 жылдары басылатынын жақсы білетін. Бұл жөнінде тілекtesім былай деді:

– Менің түсінуімше, сіздер ортағасырлық Қазақстандағы билер сотын ғалымдар қауымының назарына ұлттық деңгейдегі мәдени құндылық ретінде ұсынуды көздел отырған сияқтысыздар?

– Қателескен жоқсыз, – дедім мен, – зерттеу-зerdeлеу жұмыстары барысында адамгершілік түргышындағы құнды жерлері билер сотында көрініс тапқан «Жеті жарғы» атты қазақ зандар жинағының бірегейлігіне көз жеткіздік.

– Бұл – ете жауапты және батыл тұжырым. Мұндай ұсыныстарыңыз тек зангерлердің ғана емес, көптеген ғалымдардың да жіті сынына ілінетін сөзсіз. Сол себепті бұлтартпас айғақтар керек, ал ең бастысы – осы айғақтар сараптамасы мен негізгі тезистерінің бастапқы дәйектемелері қажет, – деп күмәндانا сөйледі әріптесім.

<sup>1</sup> Баталов Г. Шәңкі би. //«Қазақ әдебиеті» газеті, 1993, № 8.

— Қазақ билер сотының аса маңыздылығы жөніндегі тұжырымымызды, әзірше, осы мәселетөңірегіндегі мамандардың пікірталасы мен жалпы бұқара талқысына түсेतін ғылыми концептуалдық гипотеза ретінде қабылдасаңыз болады. Әрине, мұндай іске қолымызда дәйекті дәлелдер мен айнымас айғақтар болған соң ғана бел буып отырмыз.

Әріптесім ескерте былай деді:

— Римнің жиырмадан астам ең мықты зангері Рим құқығын қыырлы түсініктер мен сатылық сала заңдылықтарынан тұратын бірегей заң жүйесі ретінде құрып, қалыптастыру үшін екі ғасыр бойы еңбектенген. Ал сіздер мұндай маңызды іске аз күшпен енді ғана кірістіңіздер, оның үстіне біз әлі тарихи мұраларға деген «таптық» көзқарастан арыла қоймаған өтпелі кезенде өмір сүрудеміз.

Мен де түсіндіруге тырысып бақтым:

— Біз ортағасырлық қөшпелі қазақ қоғамының «Жарғы» заңдар жүйесі мен Рим құқықтар жүйесін салыстырғалы отырған жокпыз. Олардың сипаттық және салалық ерекшеліктерін салыстыруға да болмас. Алайда қазақ билер соты сот билігі ретінде жүйеленіп, дамығаны сонша, тіпті құрылыс-құрамы өз кезінде қалыптасып үлгерген. Сондықтан әлдебірденені ойдан шығарып, жасанды дәлелдер іздеудің еш қажеті жоқ. Тек қана ғасырлар басқан «шан-тозаннан» тазартып, билер сотының бастапқы қалпын қайтаруға тиіспіз. Рим зангерлері жекеменшіктің түпкі тұрпатындағы көпвекторлық қарым-қатынастың даму барысында жиналған мол, кейде тіпті партикулярлық, дегенмен заң саласы үшін де құнды болып табылатын құқықтық ұғымдарды жинап-құрастырумен айналысты. Ал билер соты қызметінің міндеттүмдделері, орны мен мөртебесі, қарым-қатынастар жүйесі басқа үрдісте болатын. Бұл үрдіс халық санасында туындал, билер сотына қызмет бабы мен шарты ретінде жүктелген. Егер римдік зангерлердің күшімен енгізілген қазықтай құқықтық нормалар мен түсініктерге келсек, онда қазақтың сот құқығы қысқа-нұсқа, тілге женіл, еске онай сақталатын үйқас түріндегі айнымас нормалар мен түсініктерден тұратынын ескере кету шарт. Бұл тұрғыда қазақ билер соты мәселесінің ғылыми зерттеуі айтарлықтай женілдейтіні сөзсіз.

Әңгіме-сұхбатымыздың соңында әріптесім басты сауалын қойды:

— Құқық саласынан алғанда, билер соты мен Рим құқықтар жүйесінде жазылған әділ сottың мән-мағынасында қандай айырмашылық бар?

— Билер соты мен олардың қызметін айқындайтын жарғылар және түсініктер төркінінде дау-дамайды адамгершілік пен бейбітшілік

түрғысында шешіп, этно-мәдени қауымның тұрақтылығы мен бірлігін сақтауды және әділдік пен бейтараптықты ұстануды мақсат еткен қазылардың өнеге-өсіет нормалары жатыр. Қазақтың «жарғысы» мен билер сотында байлық пен дәulet түсінігі адам өміріндегі жан қуаттарынан кейінгі орында тұр. Билер соты біршама еркін әрі өнегелі болғандықтан, халық көңіліне де жақын және жағымды еді. Бұл орайда билер соты өркениетке ортақ ұлгідегі сот жүйесі болғаны анық.

## I

Қазақ тарихын білмейтін немесе үстірт шолып шыққандар жан қуаттарының құнды қасиеттеріне негізделген Билер сотының мал соңындағы ортағасырлық халық боп есептелеңтін көшпелі қазақ қоғамында пайда болып, қалыптасқанына сене алмас. Көшпелі қазақтардың тұрмыс-салтын зерттеген беделді ғалымдардың бірі, орыс шығыстанушысы, профессор В.В. Григорьев қазактар туралы мұнданай пікірді теріске шығарғаны мәлім: оның ойынша, қазақтардың өміріне тереңірек үңілген сайын «керемет ерекшеліктері» жиі кездеседі.

Енді қолда бар тарихи-әдеби деректерге назар аударайық. Ұлы даланы зерттеу жұмыстары беретін уақытта, яғни XIX ғасыр – Ресейдің отарлау саясаты кезеңінде ғана басталған. Қазақ қоғамының ортағасырлық саяси-құқықтық тарихын зерттеу құрметі орыс зерттеушілерінің құзырында болып табылады. Олардың енбектері мен жазбаларында заңдылық және әділ төреліктің «Алтын ғасыры» мен қазақтар тарихындағы «әділ сottың асыл құндері» туралы мағлұматтар кездеседі. Қазақстан тарихын алғаш зерттегендердің бірі, шығыстанушы-ғалым А.И. Левшин Қазақстанның тарихы мен тұрмыс-салтына қатысты материалдарды жинап, зерттеу және сараптау жұмыстарымен арнайы айналысқан. Осы мақсатта ол Петербург және Мәскеу қалаларының азиялық мұрағаттарында тер төгіп, Қазақстанда, сол заманғы тілмен айтқанда, «Қырғыз даласында» болып қайтқан Патша үкіметінің өкілдері мен қызметкерлерінің күнделікті баяндама, колжазбаларымен танысты. Қазақ даласын қадағалаушы орталық – Орынбор қаласында болып, шенеуніктермен бірге Қазақстанның Батыс бөлігіндегі ауылдар мен рулардың қотандарын аралап, болыстар және жергілікті халықтың тарихы мен әдет-ғұрптың терең білетін көрегендерімен кездесті. Бұл XIX ғасырдың жиырмасыншы жыл-дары болатын. Осы зерттемелерінің нәтижесі 1832 жылды Санкт-Петербургте басылған үш бөлімді «Описание

киргиз-казачылар или киргиз кайсацких орд и степей» деген еңбегінде жарық көріп, авторына әлемдік атак әкелген еді. А.И. Левшин қазактар туралы «патриархалдық тұрмыс кешіп, артта қалған көшпелі халық» деген жалпы европалық және жалпы орыстық көзқарасты үстанғанын айта кету керек. Дегенмен, мұндай көзқарас көшпелі қазақтардың өмірі мен тұрмыс-тіршілігіндегі кейбір әдептен тыс құбылыстарды байқауға кедергі бола алмады. Мәселен, ол сол бір кезде зандылық пен әділ соттың қалайша биік деңгейге көтерілгенін түсіне алмаған.

Жоғарыда аталған профессор В.В. Григорьев мырзаны қазіргі заман зерттеушілері Қазақстанның саяси және мәдени тарихының жетік зерттеушісі ретінде қабылдайтыны жасырын емес. Өз еңбектерінде ол билер сотына талай тоқталған және зерттемелерін орыс мемлекетінің Орталық мемлекеттік мекемелеріндегі шаң басқан мұрағат материалдарына ғана сүйеніп жасай салмаған. XIX ғасырдың орта шенінде ол он жыл бойы Орынбор қаласындағы Қазақстанның Батыс бөлігін басқару жөніндегі патшалық мекемесін басқарды (Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы болды). Ол қазақ тілін менгеріп, қазақ ақсүйектерімен жиі араласып тұрған жеке дала өнірінің түкпір-түкпірінде болуға тырысқан, бәрінен бұрын – ол жергілікті халықтың сенім-нанымдарын құрметтеп, көшпелі тұрмыс-салтқа салиқалы көзben қараған. Профессор В.В. Григорьев көшпелілердің ішкі өміріндегі саяси және әлеуметтік жағдайына қанық болғандықтан, терең өрі дұрыс сараптама жасай білгеніне еш күмән жоқ. Ол Дешті Қыпшақтың Шығыс бөлігі – қазақтың үш жүзі жайлы жазылған батыс және орыс әдебиетін қатаң сынға алды.

Көп жылдар бойы Қазақстондағы Патша әкімшілігінде қызмет еткен көрнекті орыс зерттеушісі Л.А. Словохотов мырза да қазақ тілін жетік менгеріп, Ұлы даланың ішкі құрылышы мен көшпелі халықтың әдет-ғұрпын жіті зерттеген. Ол Қазақстондағы сот ісі жайлы арнайы еңбек жазған өте білікті шенеунік ретінде танымал. Оның ойынша, көптеген орыс авторларының дала зандылықтары мен билер соты туралы жазған жұмыстары үстірт және шындықты бұрмалайды. «Бұл жұмыстар алғашқы алдамшы әсерге еріп, қолма-кол жазылған. Біржақты және жалаң болғандықтан, салмақты ғылыми еңбектен ғөрі еріккеннің ермегіне көбірек ұқсайды, – деп жазды ол. – «Они написаны в большинстве случаев прямо от руки, под первым непосредственным впечатлением. Эти труды сильно грешат субъективизмом оценки, что придает им характер скорее авантюризма, чем серьезной научной работы<sup>1</sup>. Шендік соттың жаңа жүйесі енгізілген

<sup>1</sup> Словохотов Л.А. Народный суд права киргиз Малой орды // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. XV. Орынбор, 1905. 24-бет.

орыс отаршылдығы кезінде де Қазақстанның көшпелі аймақтарында өз мәртебесін жоғалтпаған билер сотын ғалым мақтаулы сөзбен сүреттеген. Қобиңе айыптау емес, бәсеке-сайыс түрінде өтіп, халыққа жақын, түсінікті және пайдалы болғандықтан, ғалым Билер сотын «бірегей» және «халықтық» деп есептеді. Ол Ұлы даланы жиі аралап, көнекөз қариялар мен шешендердің аузынан естіген тарихи жылдар мен оқиғалар жайлы аңыздарды, әсіресе сот және заңдылықтар турасындағы естеліктерді қағаз бетіне түсірді. Басты екпінді билер сотына жасаған: «Заңнамасы мен ха лықтық әділ соттың асыл құндерін аңсаған қазақтың өзіне құлақ түрініздерші, сағынышқа толы жан дауысын есте сақтасаңыздар екен». – «Прислушайтесь, как киргиз (казах – С.З.) поет про былые дни своей юрисдикции, помните, как тоскует его душа по утрате светлых дней народного право судия»<sup>1</sup>. Осы сөздер профессор Григорьевтің ел аузынан жазып алған аңызымен мазмұндас: «Кезінде билер көктен түскен періштелер іспеттес дала кезіп, сот пен жаза қолданып, қайырымдылық жасаған». – «Когда би как ангелы степь исходили и суд и расправу повсюду чинили добро водворяя»<sup>2</sup>.

Қазақ жерін жан-жақты отарлауды көздеген Орыс әкіметі XIX ғасырдың орта шенінде, әсіресе, жетпісінші жылдарынан бастап, оның ішкі жағдайы мен құқықтық тәртібіне, басқарма және соттық құрылымына баса назар аударып, белсенді түрде зерттеуге кірісті. Отаршыл әкімшілік органдарында бірталай уақыт қызмет етіп, оның тапсырмаларын орындаған патшалық шенеуніктердің арасында парасатты қайраткерлердің болғанын мойындау керек. Олар қазак даласындағы басқармабилерқолындағы әділ сотқанегізделгенін және әлеуметтік-саяси өмірінде ғасырлар бойы билік пен халықтың нышанындей болып бекітілген тұракты жүйе болып табылатынын баяндап тұрган. Және осы билер сотын әлсіретіп, жоймаганша, отаршыл билікке бағынышты жаңа жүйені енгізу қын, тіпті мүмкін еместігін хабарлаған. Сол кездегі білікті шенеунік Г. Загряжский Түркістан аймағындағы патшалық әкімшіліктегі бес жылдық қызметінен кейін қазақ даласындағы сот төрелігі туралы мынадай ой түйген: «Жаза және сот істері негізделген салт-дәстүрлерді жетік менгерген. Сот саласында мол тәжірибе жинап, адалдығымен ерекшеленген және парасат-пайым өрелі өнегесімен аты шықкан қазақты би деп атайды». – «Киргиз (казах – С.З.), известный безукоризненной нравственностью, по своему уму, справедливости, опытности в киргизском (казахском – С.З.) судопроизводстве, а следовательно

<sup>1</sup> Сонда, 146-бет.

<sup>2</sup> Григорьев В.В. О скіфском народе саках. СПб., 1871. 63-бет.

и в знании киргизских (казахских) обычаев, на основании которых производится суд и расправа у киргизов (казахов) именуется бием».<sup>1</sup> Аты-жөні белгісіз, бірақ деректерге қарағанда, Торғай облысындағы отаршыл әкімшілкте, кейін Ресейдің Ішкі істер министрлігінде қызмет еткен автордың Төуке хан (XVIII ғасырдың басы) мен билер соты туралы жазған хатында мынадай жолдар бар: «Бұл зандар қағаз бетіне жазылмаған, алайда оны сақтап, түсіндіріп, үрпаққа жеткізу міндеттін халық мол тәжірибелі, қастерлі де атақты билерге жүктеген». – «Законы эти ни тогда, ни позже не были записаны, но хранителями их, истолкователями и проводниками в сознании народа являлись умудренные опытом и пользовавшиеся всеобщим уважением и известностью бии». Ол қазактар арасында кең таралған сағынышқа толы өлендерден үзінді келтіреді: «...Халық үшін жанын кияр көнекөз билерім-ай; Қайдасыңдар, билерім-ай?...» – «...Вы, старые бии, полагавшие за народа свою душу: о бии, где вы теперь?».<sup>2</sup> XIX ғасырдың аяғында патшалық әкіметтің тұғыры мен саясаты қатайып, Қазақстандағы ішкі басқарма жүйесі жаңа үрдіс алғанда қызмет еткен С.Масимов та «әттеген-айын» жасыра алмаған: «Билер маңызы төмендеп, халықтық соттың игі өсері әлсірей бастады және бірталай билер қызметсіз қалды... Керемет халықтық мекеме көнеріп, онымен бірге ақиқат пен әділдік түсініктері де жогалып барады». – «Значение биев пало благотворное влияние народного суда ослабло и немалое число биев осталось без занятия и средств... Прекрасное народное учреждение падает, а с ним исчезает и понятие о правде и справедливости»<sup>3</sup>. Басқа да салиқалы орыс шенеуніктері осындағы ойларымен бөліскең. Мәселен, А. Зуев билерді «ең дана және дара адамдар» деп атайды. Оның ойынша, қазак билер соты «өмірдің өзіндей шынайы және пәк» болған. Қазақ қофамы мен хандығындағы би-қазылардың дәурені бұрынғы дәүірдің қатпарында қалғанымен, «қазіргі қазақ жадында бұл дәурен жайлы асыл аңыз терең сақталған: осы аңызды әңгімелеген шакта терең күрсініп қойып, сағыныш толы сөздерімен қасындағыларды мұңайтады». – «В современном киргизе (казахе) крепко живет еще светлые предания этого прошлого: делясь ими, он всегда приправит свой рассказ, то глубоким и тяжелым вздохом, то такими хорошими словами, от которых станет грустно и не

<sup>1</sup> Загряжский Г. Юридические обычай киргизов и о народном суде у кочевого населения Туркестанского края. Петербург, 1876.

<sup>2</sup> О преобразовании киргизского народного суда в Степных областях. 1900 (авторы мен басылған жері көрсетілмеген).

<sup>3</sup> Масимов С. Народный суд у киргизов // Юридический журнал, VIII, СПб., 1897.

ему одному»<sup>1</sup>. Қазақстанда отаршыл саясатты жүргізу міндетімен орталық мекемелерде қызмет етіп, азиялық істермен шұғылданған орыс фалымдары мен Қазак еліндегі Патша әкімшілігі органдарында қызмет атқарған қатардағы шенеуніктердің билер соты турасында тамсана айтқан саналы сөздерінен кейін еуропалық мәдениетте тәрбиеленген орыс шығыстанушы-галымы, профессор В.В. Григорьевтің билер сотына «кезінде өркениет еткен елдер қызыға қарап еді» деген тұжырымының туралығы мен толыққандылығына тағы да көз жеткіздік.

## II

Ұлт зиялышарының, өсіресе, XIX–XX ғасырлар тоғысында, яғни билердің әділ тәрелігі туралы естелік әлі көмескіленбекен, тіпті түпкірлердегі кейбір ізбасарлар аяулы би-қазылардың тарихқа батып бара жатқан билігін жаңғыртуға тырысқан кезде өмір сүрген ірі тұлғалардың ой-пікірлері мен айтқан сөздері аса кымбат. Себебі, олар – көнекөз билердің соңғы тұяғы мен патшалық Ресейдің және Қоғамдың күнінде көзінде.

Билер соты туралы керемет қолжазбалар қалдырыған көрнекті фалым, қазақтың «жарық жүлдізы» Шоқан Уәлиханов (1835–1865) жайлы 1904 жылы орыс шығыстанушысы, академик Н.Веселовский «орыс ориенталистері бұл адамның феномендік құбылыс екендігін бірауыздан мойыннадады» деп жазды. Шоқанның Қазақстандағы Ресей әкімшілігіне дайындаған «Ежелгі халықтық үлгідегі сот» атты көлемді мақаласында қазақ қоғамының даму ерекшеліктері мен Билер сотының артықшылығы жайында айттылған ғажап сөздері бар: «Халқымыздың Шығыс шығармаларынан гөрі үнді-германдық эпостарға сай келетін бай әрі поэтикалық қазынаға толы әдебиеті бар. Және ең бастысы, біздің қоғамдық дамуымыздың формасы жоғары мәдени даму деңгейінің табиғи кезеңінде тұр». Фалым қазақ тұрмыстыршылігіндегі «жоғары мәдени даму» деңгейіне, яғни еуропалық дәрежеге жеткен осындағы қоғамдық форма ретінде билер сотын мензеп отыр.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында, яғни дала түкпірлерінде би-қазылардың соңғы толқыны «келместің қайығыны» күтіп отырғанда, ал халық Ресей сотынан жиреніп, әділ сотын армандаумен күнелткен заманда өмір сүрген Дағын Дағын, Абай Құнанбаев халықтық сот

<sup>1</sup> Зуев А. Киргизский народный суд. Журнал Министерства юстиции. №10, 1907, 161-162-б.

міндетін атқаруға бел буып, ең болмағанда өз руластарын жергілікті шенеуніктер мен «жаңа билердің» қанауынан құтқаруға тырысады. Дау-дамайларына төрелік етуін өтінген ауылдастарының тілегін орындап, бұрынғы билердің ашық және еркін сотының салтын үстану арқылы дана әрі әділ би ретінде таныла бастайды. Күрделі сот істерінің күрмеуін шешетін Төле би болып сайланады және оның соттық кесімдері мен беделі ел арасына кең таралады. Бүгінгі таңда, «ежелгі» ереже бойынша сот процестерін қарастыру ісінде шығарылған елуден астам шешімдері белгілі. Олардың кейбіреуі ізбасарлары – «халықтық» қазылар мен либералдық басқарушылар үшін соттық және өмірлік үлгі болып табылады. Қазақ билерінің қазылық бейнесі қандай еді деген сұраққа Абай былай жауап берген: «...Бұл билік деген қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Әз-Тәуке ханның «Құлтөбенің басында құнде кеңес» болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек»<sup>1</sup>.

Қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін құрес жолында құрбан болған аса зиялды ағартушымыз Байтұрсынов Ахмет (1873-1938) 1917 жылғы Қазан төңкерісінә дейінгі жазылған мақалаларының бірін «Бұрынғы әділ билер» деп атаған. Қазақстандағы патшалық әкімшіліктің отарлау реформалары мен шолақ саясатын сынағаны үшін құғын-сұргін көріп, патшалық цензураның езгісіне түскен жылдары жарық көрген бұл батыл мақаласындағы билер туралы ойы маңызды және мәнді болғандықтан, көлемді үзінді келтіруді жөн көрдік. Патшалық отарлау саясатының бұғауына түсе қоймаган Қазақстанда төрелік еткен билер жайында алып қайраткеріміз былай деп жазған: «Народный сот дегеніміз қазақтың ғазетіндегі қагидалар бойынша айтылатуғын билік. Бұрынғы әділ билердің қолында билік қазақтың неше түрлі дертін жазатуғын жақсы дәрі еді, бұл күнгі арам билердің (патша әкіметі тағайындаған билерді айтып отыр – С.З.) қолында дәрі болмақ түгіл, у болып жұғып тұр... 1822 жыл уставы (Қазақстандағы хан билігін жою жөніндегі Ресей Заңы – С.З.) шықпастан бұрын қазақ билігі (соты) өзінде еді, сайланған би жок, қазақтың қадірлі, халық қалаған билері билік айтушы еді. Биге екі жағы келіп жүгініп, билік әділ саналып, оны бұзамын деу болмаушы еді. Қазақтың мұндай билері, ілуде біреу болмаса, киянат билік айтпаушы еді»<sup>2</sup>.

Қазақстанның Ұлттық Фылым академиясының тұнғыш президенті және оны жыл бойы басқарған әйгілі ғалым-геолог, қазақ мәдениет

<sup>1</sup> Қазақтың ата заңдары. Г.т. Алматы, 2004, 90–91-бб.

<sup>2</sup> Сонда, 93-б.

тарихының саңлағы Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899-1964) Томск университетінде оқып жүргенде «Биде қырық кісінің ары, білімі бар» атты мақала жазған болатын. «Тура сөзді «әділ жарғыға» сансыз адамның батасы тимекші. ...елде қашан да ханнан гөрі бидің қадір-киесі басым болады», – деп пайымдады ол. Шыңғыс ханның өuletінің үрпағынан сайланатын хандардың өзі билерсіз билігін жүргізе алмаған: «Ханның арқа сүйеуі жарасымды бимен табылады. Бисіз хан онбайды, хандықпен қатар қырағы билікте бір жерге бас қосса, ондай ханды ел де сүйеді, ұмытпайды, ел шежіресінде атын қалдырады... Ел ішіндегі рулардың көсемі – билерді ішіне тартып, қыбын таба алмаған алаңғасар, әңгүдік хандар хан болып та тұра алмайды»<sup>1</sup>.

### III

Қырағы би-қазылардың әділ төрелігі кезеңінен кейін өмір сүрген бұрынғы және қазіргі үрпақ қазақтардың парасат және саяси мәдениетінің нышанында болған еңсөлі ата-бабасын мактан тұтады.

1993 жылы Қазақстанның оңтүстігіндегі Ордабасы шатқалында билердің ерен еңбегіне деген құрмет ретінде XVIII ғасырдағы ұлы үш би – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биге арналған естелік саябағы бой көтерді. Қазақстан Республикасының Президенті осы дала ескерткішінің ашылу салтанатында сез сейледі: «Үш ұлы битарихтың дәл мұндай тар өткелінде бірліктен қалған жүртттың тірлікten де үміті үзілетінін ашық көрсетті. Қазақ батырларына үш жүзге сауын айтқызып, халықты алқалы жыныға шақырған да сол ұлы бабаларымыз болатын. Үш ұлы бабамыздың даналығы, даралығы, міне, осындағы қысталан шакта ерекше білінді...»<sup>2</sup>.

Билер төрелік қылған қазақ әділ соты ортағасырлық көшпелі қазақ қоғамының мұратындағы ең киелі де қастерлі қасиеттерді дарағыта білген. Бұл сотқа хандардың бүйірі мен сыртқы күштердің еш қатысы жок, тіпті көшпелі қоғам тірегінің қосымшасы да емес. Ол осы қоғамнан тамыр алғып, тұрмысы мен даму ерекшеліктерін айқындаиды. Бостандық пен еркіндікті, демократия мен халықтық билікті қастерлегендіктен ғана қазақтар Орта Азия кеңістігінде этнос пен мемлекеттікі мердігері ретінде қалыптаса білді. Қазақтар тұқымының (генезисінің) мұндай ерешеліктері жайлы осы кітаптың басқа мақалаларында нақтырақ жазылған.

<sup>1</sup> Сәтбаев К. Ер Едігे, М., 1927.

<sup>2</sup> Қазақтың ата заңдары. I т. Алматы, 2004, 78-79-66.

Билердің сот құқығы жалпы алғанда, яғни оз үстанымдары мен қызмет-құрылым негіздерінде, бір жағынан, де мократия мен халық билігінің ортағасырлық көшпелі қоғамға тән қалыптарын анық байқатса, енді бір жағынан, адам табиғатының киелі қасиеттеріне арқа сүйеген. Дәл осы соңғы аталған ерекшелік билер әділ сотының мәртебесін айқындаپ, ұлттық деңгейден асуға мүмкіндік берді. Бұл орайда, билер сот жүйесі адамгершілік түрғысындағы қадір-қасиеттерді дарытып, қызмет барысында қолдану арқылы өзінің әлеуметтік-экономикалық негізін қалаі білді.

Билер сот ісінің бастамасы мен соңғы нәтижесі, яғни оның қызметі мен міндеті әдет-ғұрып нормативтеріне айналған моральдық нормалармен белгіленген. Билер соты материалдық, нормативті-құқықтық процессалдық нормаларды ортақ құндылыктарға қол жеткізу құралы ретінде пайдаланатын.

Көшпелі қазақтар мен билер әділ сотындағы ең киелі түсінік – «Ар» ұғымы. Халық оны өмір заңдылығы деп қабылдап, «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген қағиданы үстанған. Ана сүтімен берілетін бұл өсietті былай да айтуға болады: «Мал сақтама, ар сақта». Бұл бұқаралық қағида би, хан және ақсақалдар сотының құқықтық нормативінде де көрініс тапқан: «Жігіттің құны жүз жылқы, ары – мың жылқы». «Ардың» алғашқы иесі би деп есептелген: «Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің ары, білімі бар».

«Ар» ұғымынан кейін тұрмыстық қана емес, нормативтік маңызы бар «Ұят» түсінігі тұр. Егер халық «Өлімнен ұят күшті» немесе «Бар барын жейді, ұтсыз арын жейді» десе, Билер соты негізделген «Жарғы» заңдар жинағында «Ұтсыз жалған» немесе «Ұттыздан ант сұрама» деген нормалар бар. Бұл нормалардың тұп төркіні: сот ісінің ережесіне сәйкес, егер жауапты жақтың айыбын айқындау үшін айғақтар жеткіліксіз болса, би-қазылар дауласушы екі жақтың келісімімен, сенімді бір адамның антын дәлел ретінде қабылдаған. Осы орайда, «Ұттыздан ант сұрама» деген норма ұтсыз адам жалған куә беруі ықтимал екендігін ескертпін тұр.

Әділдік пен шындық түсініктері кез келген әлеуметтік-мәдени қауымдағы қарым-қатынастың іргетасы болып табылады. Алайда басқарма мен билік қатынасында бұл ұғымдар жариялышы және ресми түрдеған болуы мүмкін. Билер соты сот ісі басталмас бүрін халық алдында әділдік пен шындықтың сот процестері мен кесім шығару барысындағы басты шарттар екендігін ресми түрде хабарлаған. Осындағы мағынадағы нормативтері өсiet-өнеге түрінде де кездеседі: «Ақ пен қараны шындық айырар»; «Сөз шынына тоқтайды, пышақ

қынына тоқтайды»; «Шыннан өзге Құдай жоқ». Көшпелі қазақтар санасындағы әділдік пен шындықтың белгісі билер мен билер соты болып табылады. Бұл келесі өсиеттерден байқалады: «Адал би – әділ би»; «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ»; «Турашыл би елін оздырады, тумашыл би елін аздырады». Ал әйгілі Төле би «Туралы биде туған жоқ, арады биде иман жоқ» деген даналықты айттыпты-мыс. Мұның «Әділсіз болса би онбас, әйелсіз болса үй онбас» деген баламасы бар.

Билердің сот төрелігін бейнелейтін аталмыш моральдық және нормативтік ұстанымдармен заңдылықтардың сот ісі құндылықтарын жүзеге асыратын қоғам арасындағы белгілі бір күштері мен құралдары бар. Олар «Ақыл – Сөз құдіреті – Зандылық» үштігінде шоғырланған. Би-қазылардың қызметі осы үш ұғыммен тығыз байланысты деп есептеледі және әділдік пен шындықты орнату үшін осы қасиеттерді игеру шарт. Бұл ұғымдар – жер бетіне тән шынайы құаттар. Және билер соты үшін өте маңызды болғандықтан, бастапқы факторлардың қатарына қойылады. Қарастырылып жатқан оқиғаны терең зерделеп, желісін шебер құрастыру қабілетіне ие ойшылдықтың ең биік сатысындағы болған ақыл кез келген шығармашылықтың, соның ішінде сот қызметінің негізін құрайды. Құнделікті пайыммен ойлау – көпшіліктің паркындағы іс. Ал көшпелі қазақтар қоғамындағы би-қазылардың құзырынан асқан ойшылдық пен биік біліктілік айқын байқалады.

Қазақтар «Сөз» ұғымын киелі деп есептеген. Оны қоғамдық қарым-қатынастардың басты құдіретіндегі көрген. Бұл орайда «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» деген мақал бар. Қазақтардың «сөз» деген түсінігінің астарында кез келгенде көндіре алатын алғыр және алып, нанымды және нағыз шешендік өнері жатыр. «Өнер алды – қызыл тіл» дейді халық. Көбіне олжа мен байлық, бақ-дәулет пен бақытсыздықты Сөздің құдірет-қүшімен, сипат-әсерімен тығыз байланыстырады. Бұл жөнінде «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген нақыл бар.

«Сөз» Ұғымының шарықтау шегі – шешендік өнері. Би-қазылар осы өнерді де жетік игеруге міндетті болатын. Себебі «сөз» оның басты қаруы және «сөздің» киелі құдіреті дәл сол билер сотында көрініс табады. Билер сотының қызметін реттейтін материалдық және процесуалдық жүйеде «Сөздің» маңызы зор. Және бұл құндылық би болу жолындағы негізгі талаптардың бірі, тіпті бастысы деуге болады. Осыған орайлас нормалардың кейбіріне тоқтала кетейік:

1. «Сөз тапқанға қолқа жоқ». Нормативтік мәні бар нақылға сәйкес, егер сот процесіндегі айыпталушының айтқаны ақылға сыйымды әрі қисынды болса, онда ол акталады.

2. «Сөз жүйесін тапса – мал иесін табады». Бұл мәтіннен айғактардың атасы «Сөз» екендігін түсінуге болады. Мұлікке байланысты дауда (аталмыш істе малға байланысты) дәлелдеме сөздерімен сендеріне білгені женеді. «Досы өткірді жау алмас, сөзі өткірді дау алмас» деген эпитет те осы мазмұнда айтылған.

3. «Сөз» құдіретін ерекше бағалап, аталы сөзді аттамаған қазақтар өмірде де, соттық талас-тартыстарда да өз айтқанын растату үшін кейде ата-бабасынан қалған даналықтарға сілтеме жасаған. «Аталы сөзге арсыз жауап қайырады» деген өсиет бар. Егер билер сотының әдет-ғұрып нормативтерімен катар атақты данышпандар мен әйгілі би-қазылардың қисынды кесімдері мен өсиет-өнегелеріне сүйенетінін ескерсек, аталмыш нақылдың мазмұны айқындала түседі. Халық санасында қалыптасқан «Жөн сөзге тоқтамаған арсыз» деген пікір де «Сөздің» қадірі мен басымдылығын байқатады.

Көшпелі қазақ қоғамының идеологиясына сай, тірлік қамының маңызды құралы – «Сөз», яғни шешендік өнерінің киесін халық, ең алдымен, би-қазылардың құзырына табысталап, қатаң талаптар қойған. Яғни ел сеніміне ие болған билер «ердің құнын екі ауыз сөзben бітіре» білуге міндетті еді. Сот процесінің дәнекері болып табылатын би-қазы қаралып жатқан іс бойынша соңғы кесім жасау керектігін естен шығармауы тиіс. Бұл жөнінде «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» деген даналық айтылады. Ал кесімнің нақты және дәлелді болуы шарт екендігін ескертетін «Тілмен түйгенді тіспен шеше алмас» деген нақыл да әрқашан қазының жадында журуі қажет.

Қазақтар ерекше дарыны мен қабілеті үшін би-қазыларды «от ауызды, орақ тілді» деп мадактаған. Және мұндай тенеуге ие болғандар өте сирек. Бұл орайда «Батырды екі долы қатынның бірі табады, биді ілуде бірі табады» немесе «Жұзден біреу – шешен, мыңнан біреу – би көсем» деген аксиомалар айнымас айғақтай.

Айта кеткен жөн, орта ғасырлардағы көшпелі қазақ қоғамының сана-сезіміне сәйкес, дау-дамайдың қаншалықты күрделі, ал дауласушы жақтардың қарым-қатынасы қаншалықты шиеленіскеңіне қарамастан, билер сотының басты мақсаты – бітімге келтіру, татуластыру, табыстыру. Бұл жөнінде «Даудың түбі – біту» деген нұсқау болған.

Орта Азияның басқа да түркі тілдес мекені және хандықтарымен салыстырғанда, қазақ Билер сотының қалыптасу үрдісі басқаша бағытта өрбіген. Ол онтүстігінде Сырдария және Әмудария сағаларынан бастау алып, солтүстігінде Сібірге дейін, шығысында Жоңғар қақпасы және Жетісудан басталып, батысында Қаспий теңізі және Еділ өзеніне дейін жайылған құнарлы жайылым кеңістіктерін

игерумен өткен көшпелі өмірдің еркіндік пен азаттық сынды артықшылығын өз бойына сініре білді. Қазақтардың көшу жолдары мен жорықтары бір бағдарда жүздеген, тіпті мындаған қашықтықтарға созылған. Біріншіден, олар табиғат пен ғарышқа етene жақын болды. Екіншіден, тірліктің мәні соғыс, өзгелердің жерін жаулап алу деп түсінген және отырықшы өмірге мәжбүрлеп, мұсылман дінін билік арқауына айналдыруды көздеген билеушілердің билігін мойындағысы келмеген түркі тілдес этникалық қауымдар «қазақ» деген тарихи атау астында шоғырланған. Осылайша, көшпелі азат өмірден қол үзгісі келмегендер топ-тобымен коныс аудара, хандықтан шалғай жерлерге орналасып, өздерін еркін «қашқындар» ретінде жария еткен. Үшіншіден, көшпелі қазақ қоғамының қайта өркендеуі – көптеген ғасырлар ішінде өз негізінде дамыған құбылыс, сондықтан осы көшпелі қоғам тұрақтылық тұғырына қол жеткізді. Ал бұл өз кезегінде, ішкі тәртіп пен өзін-өзі ұстай мәнерін реттейтін нормаларды қалыптастыруға жол ашты. Көшпелілердің тұрмыс-салты мен ой-өрісінің көне дәстүрін қирату қын, тіпті мүмкін емес еді. Дәл осы себептен хан, сұltан мен қожалардың ауыл қазактарының арасында мұсылмандық құқық пен дінді насиҳаттап, оларды қала тұрғындарына айналдырудың іс-әрекеттері еш нәтиже бермейтін. Тәртіншіден, өзара қарым-қатынастағы еркіндік, табиғи еріктілік мен бостандық рухының салдарынан көшпелі қазақ қоғамында өнегелі және әлеуметтік-мәдени құндылықтар қалыптасты. Атальмыш қоғамның ең қастерлі және демократиялық дәстүрлерін таңдай білген қазақ Билер сотын тарихи-ұлттық және ортақ мәдени құндылық ретінде қарастыру қажет.

Қандай да болмасын Сот, ықылым заманнан бері, қоғам мен мемлекеттегі басты құзырлы мекемелердің бірі болып табылады. Оның маңызы мен рөлі өте зор болғандықтан, халықтың барлық бөлігі – саяси және қоғамдық биліктегілер де, дәрежесі жоғары адамдар мен қарапайым кісілер де, байлар мен кедейлер де оған катты құмар. Өйткені нағыз билік – сот, себебі, бір жағынан, проблемаларын өзара шеше алмаған адамдар сотқа жүгінеді, ал екінші жағынан, адамдар тағдырына, тіпті кейде жалпы адамзат мүддесіне әсер ететін және барлығына бірдей міндettі болып табылатын кесім айтылады. Жағымды және жағымсыз эмоциялардан бастап, өмір мен елімге дейін бәрі де осы сот шешіміне байланысты. Бұл орайда, сот саяси жүйе мен қоғам өмірінде табыстыру ғана емес, шабыстыру, яғни жауластыру рөлін атқаруы да ғажап емес. Мұның бәрі сот пен халықты құрайтын қауымдар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты. Адамзат тарихы көрсеткендей, қоғамдағы әлеуметтік және

саяси басымдылыққа ие таптар, әдетте, сотты басынып, өздерінің саясаты мен максат-мұддесін жүргізетін мекемеге айналдыра-ды. Сонымен қатар тарих тағы бір жайтты бейнелейді, егер қоғам мен мемлекеттегі қарапайым бұқараның ықпалы салмақты болса, сот қоғамның жоғарғы ғана емес, төменгі табына да қызмет етіп, халықтың барлық топтарының мұддесін тен дәрежеде ұстайтын демократиялық мекеме ретінде қалыптасады және осылайша саяси-мәдени ортандың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Қазіргі заманда дәл осындай үрдістегі сот билігі қолдау тапқан. Өткен ғасырларда бәрі де болған, кейде тарих жаңа жағдайда қайталанады.

Қазақ Билер соты демократиялық бұқараның максат-мұддесіне жақын сот билігі болып табылады, себебі оның қызметі қоғамдық-саяси жүйенің болмысына және халықтыққа, тұрақтылыққа деген құлшынысын көрсететін императивтік нормалар мен өнеге-өсietке толы қадір-қасиет құндылықтарына негізделген.

## ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ӘДІЛ СОТТЫҢ «АЛТЫН ҒАСЫРЫ» БОЛДЫ МА?

«Көне нысандағы» қазақ құқығын зерттеу барысындағы өзекті мәселелердің бірі – оның ұлттық шенберден шығып кететін «құндылықтық» сипаты, дәлірек айтқанда, тарихи деректер мен әртүрлі суреттемелерде жиі ауызға алынатын «Алтын ғасыр» қазақ даласындағы әділ сот ісінде орын алды ма деген мәселе. Бұл құрделі мәселе Ұлы қыпшақ (қазақ) даласына еуропалық зерттеушілердің келуімен XIX ғасырдың басында көтеріле бастаған. Олар үшін көшпелі патриархалдық қоғамда өмір сүріп отырған елдің санасында «Алтын ғасыр» кезеңінің сақталып қана қоймай, оның сарқыншақтарын арадағы күнделікті өмірде ұшырастыру таңғаларлық жайт еді. Еуропадан материалдық, мәдени және саяси дамуда көп артта қалып қойған қазақ тарихында ондай жағдайды кездестіру батыстық зерттеушілер үшін үш ұйықтаса түсіне де кірмейтін тосын жайт болып көрінді. Халықтар мен елдерді, ұлттар мен ұлыстарды батыстық және азиялық деп жіктеуден туған еуропалық құндылықтар өлшемі, оның талабына сай келмегендерді дұрыс бағалап түсінуде үлкен қол байлау болды. Бірақ ғылыми ой аса сезімталдық таныта алуға қабілетті және жаңа білімді жанғыртуда өзіндік мінез де таныта алады. Зерттеушілер қазақ даласында танымдық максатпен неғұрлым ұзак болған сайын, қазақ тарихындағы әділ соттың «Алтын ғасырын» шынайы құбылыс ретінде нақты әрі салмақты бағалай түсті.

Тарихи зерденің кемшін қыры сол, өткен үрпақтардан қалған, оның ішінде әсіресе халықтың қоғамдық жүйесінің құрылымы мен құндылықтарын бейнелейтін өнеге мен үлгіні кейінгі үрпақ сабактастыра алмай, тарих көшінде қалдырып, жоғалтып алып та жатады.

Қазақстанды жан-жақты жүйелі зерттеу ісі кештеу қолға алышып, Ресей империясының отарлау саясатымен тұспа-тұс басталды. Қазақ қоғамының ортағасырлық саяси-құқықтық тарихына қатысты заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасыры» туралы пікірді алғаш ауызға алған орыс зерттеушілері. Бұл орайда А.И. Левшин бірінші болып қалам тербеді. Ол Ресей империясына адаптациямен еткен мемлекеттік қайраткер және Петербург пен Мәскеудің азиялық мұрағатында, Қазақ даласын басқару жөніндегі аймақтық ведомост-твоярларда еңбек ете жүріп, халықтың «қаймағымен» етене жақын араласқан ірі шығыстанушы-ғалымның бірі. Оның 1832 жылы Санкт-Петербургте жарық қөрген «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» деп аталатын үш томдық еңбегі, алып Орта Азиялық аймақты танытуға жол ашқан, өзін әлемге танытқан және оған Ресейлік Фылым академиясының құрметті мүшелігін алыш берген еңбек болып табылады. Империялық Ресей үшін А.И. Левшиннің еңбегі ең алдымен саяси тұрғыдан – азиялық аймақтың кең-байтақ бөлігін қарқынды отарлау тактикасын жасау тұрғысынан құндырақ еді. А.И. Левшин өздерін қөшпелі қыпшақ немесе Дешті Қыпшақ деп әлі де болса аттайтын қазақтардың ортасында олардың қоғамдық-саяси құрылымдарын зерттеумен шүғылданып жүріп, қазақ тарихында «ерекше кезеңнің» өткендігіне көніл аударады. А.И. Левшин еңбегінің құндылығы, біріншіден – оның халықтың өзінен тікелей жазылып алынған деректер болып табылатындығында. Екіншіден, оларды жазып отырған дала жұртында жүрген сауда керуенінің басшысы немесе шытырман оқиға желісімен жүрген саяхатшы емес, Шығыс елін тану саласында түбегейлі білімі бар тәжірибелі ғалым, халықтың қоғамдық және өнегелілік тұрмысын зерттеу мен мемлекеттік қызметті қатар атқарған қайраткер болып табылатындығында. Үшіншіден, қазақ тарихының «Алтын ғасыры» соғыстармен және олардағы жеңістермен немесе қөшпелі халық үшін маңызды болып табылатын көші-қонды кеңейтумен байланыстырылмайды, керісінше қазақ тарихындағы «Алтын ғасыры» заңдылық пен әділ соттың беделімен сипатталады. Қоғамдық-басқарушылық өмірдің ішінде барлық кезеңдер мен дәүірлерде оның мызғымас адами мәні болған заңдылық пен әділ сот саласы ерекше бөлініп көрсетіледі. Төртіншіден, заңдылық пен әділ соттың «Алтын

ғасыры» қазақ даласының Кіші, Орта және Ұлы жүз болып бөлінетін үш кеңістігіне де ортақ тарихи тағдыр, оның бір сәті – Тәуке ханның басқарған уақытына (XVII ғ. соңғы ширегі мен XVIII ғ. басы) сәйкес келіп жатса, кейде оған дейінгі кезендерде де кездесіп қалады. Мұндай «Жаңа тәртіпті» енгізіп, бекіткен адамдарды автор Солон, Ликургтермен қатар қояды.

Сол кездегі Ресей астанасы Петербургтен шыққан орыс зерттеушісі А.И. Левшиннің ізін баса қазақ даласының кеменгер ойшылы әрі ғалымы Шоқан Уәлиханов та дәл сол тұста осындай ойды білдірген еді. Ол өз енбектерінде заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырының» жаңғырығы туралы естіп, жазып қана қойған жок, сонымен қатар «Алтын ғасырдың» шынайы бейнесін дәлме-дәл бере білді. Бұл кезенде ол «Ежелгі халықтық тұрпаттағы сот» бейнесімен астасыра отырып, оны қазақтардың Ұлы даласының өміріндегі тарихи тұрғыдағы ерекше құбылыс ретінде бағалады. Ол: «Наконец, что всего важнее, формы нашего общественного развития находятся в том самом безыскусственном периоде, когда они представляют наибольшую аналогию с результатами высшего, культурного развития»<sup>1</sup> – деп өз пікірін білдіреді (астын сыйған біз – С.З.).

Біз және өзге де зерттеушілер кезінде А.И. Левшинді де, Ш. Уәлихановты да түсінбедік, нақтырақ айтсақ, түсінгіміз келмеді әрі сезімімізді мойындағы, біздің тарихи санамыз ол кезендерде негізсіз таңылған ойлардың шырмауынан шыға алмады. XX ғасырда өмір сүре отырып, көшпелі қазақтардың заңдылық пен құқықтық тәртіп жағдайында күй кеше алу мүмкіндігін теріске шығардық, Ұлы дала мен қазақтардың ортағасырлық тарихына жаңа замандағы еуропалық өркениет пен мәдениет сипаттамасы мен талаптары тұрғысынан қарадық. Оның үстіне үш ғасыр бойы қазақтардың далалық өлкесінің тағдыры мен тұрмысын анықтауда патшалық Ресей мен кеңестік империя кезеңінде, қазақтарда қандай да болмасын мәдени кезеңнің болғандығын жоққа шығару саясаты өктемдік етті. Дәл осы мән-жайлар қазақ тарихындағы маңызды шындықтарды түсініп, зерделеуге кедергі болды.

Шоқан Уәлихановтың ойлары өзгеше терең және шындыққа жанасатын. Ол қазақ жерінде заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырының» шын мәнінде болғандығын және оның іздерін автордың өмір сүрген кезінің өзінде, яғни XIX ғасырда да көруге болатындығын жазды. Ол Батыс пен Ресейдің мәдени және саяси ілімі мен тарихының ерекшеліктерін жақсы білді және қазақтың «Алтын ғасырын» олармен бір қатарға қойды.

<sup>1</sup> Валиханов Ч. Собрание сочинений в 5 томах. Т. 1. Алматы, 1985. 494-бет.

Ш. Уәлиханов қазак әділ сотына берген өзінің жоғары бағасын, бір жағынан, бидің жеке тұлғасымен және мәртебесімен байланыстыrsa, екінші жағынан, әділ соттың іс жүргізудегі қарапайымдылығымен, жариялыштық сипаттымен түсіндіреді. Ш. Уәлиханов қыпшак-қазактардың ежелгі даласындағы зандылық пен әділ соттың «Алтын гасыры» кезінде маңызды рөл атқарған билердің беделін сипаттайтын негізгі белгі-нышандарын да атап көрсеткен болатын. Олардың бастылары мыналар: а) бидің соттық билігі оның «жеке беделіне» негізделді; ә) шешендік өнермен бірге соттық дәстүрлерді білуі қазактарға «би» деген атақты берді; б) айыптаушыға карсы құдіктенуден бас қа нақты айғақтар болмаған жағдайда билер ант беруді қолданатын; в) билер соты жария түрде, ауызша өтетін және барлық жағдайда корғауға жол берілді; г) билер сотының басты ерекшелігі оның әртүрлі қатып қалған рәсімдерден аулақтығында; д) қазактарда сот көне заманнан бар және бітімгершілік қағидастына негізделеді.

## I

Ш. Уәлиханов атап көрсеткен Билер сотының негізгі белгілері тарихи деректерді талдаудан алынған ойлау процесінің ой қорыту нәтижесі ғана емес, ол сонымен бірге Ш. Уәлихановтың кезіндегі қазак қоғамындағы әділ соттың құнделікті көрінісі болып табылады. Ол өткір ойлы ғалым ретінде өмірдегі шындықты қаз-қалпында бере білуге де қабілетті еді.

Қазакиядағы «көне нысандағы» зандылық пен әділ сот деп ондағы өнегелілік мөлдірлік пен тазалықты, оның қазак-қыпشاқ аталатын халық бірлігін қамтамасыз етуге бағытталғандығын айтуға болады. Бұл шындықтың көшпелі халықпен біте қайнақсаны соншалық, талай уақыттар мен дәуірлердің тезіне қарамай, оның идеялары мен институттары бұқара халықтың санасындағасырлар бойы сақталды. Сонымен бірге олар мұдделі күштердің ырқына көне қомайтын, көзге көрінбейтін, рухани, қуатты құш те бола білді.

Қазак әділ сотына терең де әділетті сипаттаманы XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ойшил, ақын әрі көне қазак құқығының білгірі Абай Құнанбаев та беріп кетті. Оның айтуынша, көшпелі қазактар өздерінің сауаты, мәдениеті және тұрмыс-тіршілігі жөнінен өз заманындағы халықтардан әлдеқайда артта қалса да, қазактар екі құндылығымен осы халықтардан әлдеқайда жоғары тұрды. Абай осы ойын былай деп тұжырымдайды:

«Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білім, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл

замандағылардан артық екі мінезі бар екен... Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі – заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Қош-конды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ал ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, бірден бірге жүгірмек болмайды екен... Екіншісі – намысқор келеді екен. Аты аталып, аруақ шакырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен... Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылдық. Ендігілердің достығы – бейіл емес, не күнdestіk, не тыныш отыра алмағандық»<sup>1</sup>.

Заңдылық пен әділеттіліктің «Алтын ғасырының» жаңғырықтары қазақтың ұлан-байтақ далалық өлкесін мекендерген көшпелі және жартылай көшпелі халықтардың XIX және XX ғасырлардағы өмірінен де көрініс тауып жатты. Оның халықтың санасында мықтап орын алғандығы соншалықты, отарлаушылар оны халық жадынан өшіруде алдау мен арбаудың, қоқан-лоқы көрсетудің сансыз түрін қолданып, арамтер болуларына тұра келді. Дегенмен Қазақстанда халықтың көзі ашық бөлігі Қазақстанның ежелгі және бүгінгі тарихында заңдылық пен әділ соттың алтын ғасырына тән адалдық пен әділдікті идеялық бағыт ретінде қарастырды.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында қазақ өлкесіндегі отарлық әкімшілікте қызмет еткен барлық ресейлік орыс шенеуніктері қазактардағы тәуелсіз билер сотының қоғамдағы рөлін ерекше атап өткен еді. Ал қазақтардың тұрмысы мен ішкі басқару құрылышын жақсы білген және зерттеген Ресей империясының тағы бір шенеунігі Д'Андре өзінің жоғарыға жазған ресми мәлімдемелерінің бірінде: «Природный ум, особые душевые качества с присоединением к тому опытности и примерной приветственности есть качества и имеете с тем все достояние, посредством которых бий может иметь право носить это почетное имя... Кроме всеобщего уважения, бий никакими особыми правами и привилегиями в Орде не пользуется. Хорошая молва в народе о беспристрастном суде бия по сути единственное отличие его от простолюдина»<sup>2</sup> – «Ерекше болмысымен табиғи ақылдылығына қосымша тәжірибесі мол және адамгершілігі бар билер шын мәнісінде «би» деген құрметті атаққа ие бола алады... Жалпы жұрттың құрметінен өзге, би Ордада ешқандай ерекше құқықтар мен женілдіктерге ие емес. Халық арасында билердің әділ соты туралы жағымды пікірлер шын мәнінде олардың қарапайым жүрттандырылған жағынан жалғыз айырмашылығы болып табылады», – деп бидің

<sup>1</sup> Құнанбаев Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы, 1997. 72–74-бб.

<sup>2</sup> Материалы по обычному праву казахов. Сб. I, Алматы, 1948, 124–125-бб.

жеке қасиеттерінің мәнін ашып көрсетеді. Осы бағыттағы бірқатар жұмыстардың авторы Л.Ф. Баллюзек: «Обязанность судьи лежит на так называемых биях. Это звание в сознании народном принадлежит тем немногим, которые с природным умом и даром красноречия соединяют в себе глубокие познания в коренных обычаях народа и в исторических о нем преданиях»<sup>1</sup> – «Соттың міндеті билердің мойнында. Халықтың санасында бүндай атақ табиғи ақылдылығы мен шешендігіне қоса халық әдеп-ғұрып заңдарын, олардың тарихын терең білестін кейбір адамдарға ғана беріледі», – деп жазды.

Қазак-қыпшақ даласындағы заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырымен» үндесіп жатқан «ежелгі билер соты» бұқара халық санасында XX ғасырдың басына дейін шынайы бейнесін сақтады. Оның халық санасына ықпалының күшті болғандығы сонша, күштеп таңылған әділ сот пен құқықтың ешбір басқа нысаны оның орнын баса алмады. Қоғамдық ой мен ұлттық мәдениеттің, ғылымның көрнекті өкілдерінің көзқарастары мен пікірлері халықтың тағдырына қатысты маңызды мәселелерде әр алуан болса да, казак құқығы, оның көне нысаны, қазақ тарихындағы заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасыры» туралы мәселеде бір арнаға тоғысты. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, XIX және XX ғасырлар тоғысында өмір сүрген, Еуропаша білім алған Ә.Бекейханов өз заманындағы сот ісін жүргізуден гөрі ежелгі қазақ даласындағы сот әділдігін жоғары бағалай отырып, былай деп жазды: «Бұл биді, билікті жоғалтып, қазақты орыс судьясына қарату керек деп орыс айтады, шарифатқа қарату керек деп біздің молдалар айтады. Біз мұның екеуіне де қол қоймаймыз»<sup>2</sup>. Белгілі зерттеушілер Нысанбек Төрекұлов пен М. Қазыбеков билер соты мен әділ сот туралы қазіргі заманғы көзқарастар арасынан жақындық іздей отырып: «Осы күнгі айтып жүрген жариялышы, демократиялышы, адамгершілік пен гуманистік дегеннің өзі осы емес пе?» деген ойға келеді. Аты әлемге әйгілі ғалым және академик Үлттық Ғылым академиясының тұнғыш президенті Қ.И. Сәтбаев та «ежелгі билер сотын» жоғары бағалады.

«Алтын ғасыр» ретінде тарихқа енген «көне нысандағы» қазақ әділ соты келесідей басты қағидаларға сүйенді әрі негізделді: а) бидің көшпелі қазақ қоғамының әдettік-құқықтық жүйесінің негізгі нормалары мен логикасын жетік білуі; ә) билер соты мен билердің адалдығы; б) соттың шешімдердің мәнін адамгершілік пен әділеттілік күрады; в) соттың жариялышы, ашықтығы; г) билердің

<sup>1</sup> Бұл да сонда, 163-б.

<sup>2</sup> «Қазақ» газеті, 1914, № 50.

сот шешімін негіздеу мен дәлелдеудің құралы ретінде шешендік өнерді менгеруі; д) билер сотының тараптарды өзара татуластыруға бағытталуы.

## II

Әрбір халықтың тарихында оның жеткен жетістігі саналатын айнымас құбылыстар болады. Ондай сезімдер көбінесе ұлттық шенбердің аясында көрші елдермен, жақын шетелдік этностармен қарым-қатынаста көрініс беріп отырған. Олар көп жағдайларда жергілікті деңгейден әрі аса алмады. Көбіне-көп бұл өнер мен әдебиетке, музыка мен сөүлет өнеріне, технология мен ғылымға, халықтың және ұлттық менталиитеттерекшеліктеріне, т.б. катысты болды. Бірен-сарап жағдайларда олар жергілікті деңгейден де көтеріліп, жалпы азаматтық құндылықтарға айналып та жатады. Соның бірі Орта Азияның ұланғайыр кеңістігін алып жатқан зандылық пен әділ соттың «Алтын ғасыры» ретінде танылып, тарихқа енген көшпелі өркениеттің мұрасы – қазақ құқығы болатын.

Бір кездері ежелгі қазақ даласындағы ұрпактар мұрасы болып табылған зандылық пен әділ соттың «Алтын ғасыры» қайтадан біздің тарихымыздың құрамдас бөлігіне – алтын бетіне айналуда және болашақта жалпы өркениеттің мұрасына да айналар деген үмітім бар. Ежелгі қазақ даласындағы зандылық пен әділ соттың «Алтын ғасырдың» негізін құраған идеялар адами маңызы бар көшпелі өркениеттің өзгеше құбылысы болып табылады. Уақыт өте келе қазақ құқығы әлемдік құқықтық жүйелердің ішінен лайықты өзіндік орнын алатындығына сеніммен караймын.

## БИЛЕР СОТЫ ТӨРЕЛІГІНІҢ ОН ҮЛГІСІ

### I

Би – көшпелі қазақ қоғамындағы сот ісінің басты тұлғасы. Тіпті істі басқа жолмен шешу қисындырақ болса да, халық бәрібір билерге, билердің кесіміне жүгінуді жөн санаған. Бұқара санасында тарих пен жүрттың жадына терең бойлаған соттың істер мен дала занының тасымалшысы және сақшысы ретінде қалыптасқан би-қазылар дауласуши жақтардың дәнекершісі бол есептелетін. XIX ғасырда Қазақстанды отарлаған орыс әкімшіліктері органдарында қызмет етіп, көнекөз билер қауымының соңғы тұяқтарын көріп-білген орыс шенеуніктерінің мынадай сөздері сақталған: «Мінсіз адалдығымен көзге түсіп, өзінің табиғи даналығын салт-дәстүрлердегі терең таны-

мымен үштастыра білген ілуде бірі ғана халық санасындағы би лауазымына ие болған. Би – халық шежірешісі, заңгері немесе заң маманы» (Козлов И.). Қазақтардың тұрмыс-салтын біліп қана қоймай, тілін де жетік менгерген А. Леонтьев қазақтардың қарапайым құқыктарына арналған кітабында би-қазылар қызметінің мәнін айқындайтын бірқатар нұсқау-нормаларына тоқталған: «Бидің билігі – жұрттың бірлігі» – «Судебное решение бия служит единению народа»; «Билік айтқан би емес, бітім тапқан би болар» – «Творящий только суд не является бием, а бием – судьей является тот, который приводит к примирению и перемирию сторон». «Көп жылдар бұрын, – деп жазды Крафт И. – Ұлы даладағы бір бидің даналығы және әділдігімен атағы шығыпты. Оған тіпті шалғайды дауласушылар да арнайы келіп, әрқашан әділ әрі жедел шешім алған... Ең ақылды және ең әділ адамдар би бол есептелеңін, олар ресми түрде сайланбағандықтан, жеке бір рудың немесе партияның өкілі еместін. Халық арасында кімнің адал және ақылды адам ретінде атағы шықса, дауласушылар соның алдына барып жүгінетін. Құллі далада үш, көп болса бес би болған шығар және олар әрбір істі ары мен халық дәстүріне сүйеніп қарастырган».

Қазақстанның батыс бөлігін басқару орталығы болған Орынбор қаласында және Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясында қызмет еткен, қазақ тілін жақсы білген шығыстанушы-ғалым А. Словоохотов қазақ билер сотын «халық ақиқатының жаршысы», «дауласуши жактардың дәнекершісі» деп атаған. Ол Орта Азияның басқа да түркі тілдес халықтарында болмаған осы сипаттас билер сотының қошпелі қазақ халықтарында қалайша қалыптастып, кең қолдау тапқанын анықтауға тырысты. «Быт кочевника настолько точно определен, степная жизнь так резко обособлена, стоит в таком противоречий с бытом земледельца, что кочевнику-степняку нечего заимствовать от земледельца – поселянина. То, что составляет культурное богатство после днего, чем он гордиться и что создает, не подходит к условиям степной жизни привольного кочевья» – «Көшпелінің тұрмыс-салты анық айқындалып, далалық өмірге бейімделіп, ерекшеленгені сонша, тіпті отырықшы халықтың тұрмысына қарама-қайшы ғана емес, олардың өмірінен алып-қосары жоқ. Отрықшы ойлап тапқан және мақтан тұтатын мәдени құндылықтар емін-еркін көшіп жүргендердің салтына сәйкес келмейді», – деп жазды ол. Автордың есептеуінше, би-қазылар өз бойларына осы «емін-еркін көшү» өмірінің барлық қасиет-құндылықтарын дарытқан. Оның ойынша, би «халықтың шежірешісі, құқықтық сана-сезімін саралайтын заң маманы» болып табылады. Қазақстандағы отарлау әкімшілігінде он жылға жуық

қызмет еткен тағы бір атақты шығыстанушы-ғалым, профессор В.В. Григорьев өз зерттеулері барысында мынадай тұжырымға келген: «Мы видим у киргиз (казахов – С.З.) такое превосходное судо производство и такие порядки следственного и судебного процесса, каким могут позавидовать многие издавна цивилизовавшиеся народы» – «Қазақтардың саңлақ сот ісі мен соттық-тергеу процестерінің тәртібіне бұрын өркениет еткен елдер қызыға қарап еді».

## II

Би-қазылар, тіпті өз тайпасы жайлаған жерлерден тыс аймаққа және өз жүзіне ғана емес, басқа жүзге де танымал болған әйгілі билер де аппарат немесе арнайы білімі бар адамдар ұстамаған, тек кейбіреулері шабармандарды қажет еткен. Жыл мезгілдеріне қарай жер-суды иемдену барысында, құнделікті құйбец тірлік пен шаруашылықта және жалпы қошпелі өмірдің тұрмыс-салтына байланысты туындаған басқа да даулы мәселелер жөніндегі маман да, сарапшы да, бағалаушы да осы билер еді. Олар осындай жан-жақты болу үшін дала мектебінде тәрбиеленіп, шынығатын. Би-қазылардың пайымы, тәжірибесі мен даналығы олардың соттық кесім-шешімдерінен айқын байқалады. Төменде осы төреліктердің типтік үлгілері келтірілген. Даулы істерде көбіне үш нәрсе басымдық танытатының айта кеткен жөн: жылқы, әйел тағдыры және ер адамның қазасы.

1. «**Бота дауы**» немесе кейін күллі Орта жүзге танылып, әйгілі би атанған, ал ол кездे жиырма жастағы Төле бидің тәжірибелі би шеше алмаған күрмеуі қын істі қалай шешкені туралы даудың мәні мынадай еді. Қөршілес қошпелі қауымның екі тұрғыны аруанадан туған ботаны бөлісе алмай, дауласып қалады. Және екеуінің де айтқан уәждері мен дәлелдері сырттай қысынды боп көрінеді. Сөйтіп, олар дау-дамайымен тәжірибелі Әлібек бидің алдына барады. Төленің әкесі Әлібек би жүгіне келгендерді қарсы алып, шағымдарын тыңдал болған соң, екі-үш күн ауылында қонақтауларын өтініп, өзіне мұрсат сұрайды. Осыдан-ақ даулы мәселенің мәнісін анықтап, ақиқатын ашу және шындық пен әділдікке негізделген нақты шешім шығару жолында бидің солқылдақтық танытып тұрғаны байқалады. Сондықтан дауласуыш жактардың көніліне күдік орнайды. Екі жактың өзара арыз-талаптары тыңдалған алғашқы сот кезеңіне қатысқан Төле де Әлібек бидің кібіртікеп қалғанын көреді. Әкесін мақтан тұтатын жас жігіт алыстан арнайы келгендердің күдігі мен наразылығы әuletінің атағына дақ түсірер деп уайымдайды. Сондықтан ол осы қын істің күрмеуін шешу үшін әкесінен рұқсат сұрайды. Ұлын

сот істеріне баулып жұрген әкесі баласына жолын беріп, даулы жақтардың алдынан өтеді. Билер соты алғанында Шолпан жұлдыздай жарқырап келе жатқан Төлеңің беделіне қанық дауласушылар бұған қарсы болмайды. Төле би дәстүрлі ережелерді ұстана отырып, оларды сотқа шақырады. Ботаға таласушы екі жақ кезегімен уәждерін ортаға салып, ботаның иесі екендітерін дәлелдеуге тырысады. Бота өте бағалы, көшпелі қоғамда азызға айналған бірөркешті, әдемі, әлді әрі сымбатты аруанадан туғандықтан, дау-дамай қыза түседі. Талапкер өз құқығын былайша корғайды: Әдette буаз майдар туар алдында онаша қалғанды қалайды, оның да буаз аруанасы туатын күні жақындағанда табыннан бөлініп, дала кезіп кетеді. Бір апта бойы іздеумен болған иесі ботасын ансан, мазалы күй кешкен інгенін тау бектерінен әрең табады. Көзі жасқа, дауысы қайғыға толы аруана дегбірсізденіп, даланы кезіп жұр екен. Егер оның ботасы шала туған болса немесе қасқырларға жем болса, інген сол арадан алысқа кетпес еді, қайта сол жерді айналышықтан, қан тамған орындарды ііскелеумен болар еді. Бірақ ондай накты орын байқалмағандықтан, талапкер ботаның ұрланғанын түсініпті. Енді, міне, бірнеше айдан соң жоғалтқан ботасын жауапкердің табыннан табады. Асыл тұқымдыларға тән ерекшелігіне, енесіне ұқсас қөзкарасы мен дауысина қарап, өз ботасын жазбай таныпты. Бірақ талапкер бейбіт түрде ботасын қайырып беруді өтінгенде, жауапкер үзілді-кесілді бас тартқан. Ал жауапты адамның айтуынша, оның да аруанасы жуырда туыпты, сондықтан ботаға таласудың еш қисыны жоқ. Оның үстіне бота енесінің қасынан шықпайды, түйе де оны шеттеппейді, қайта бауырына басады екен. Жауапкер ертіп келген түйеші де осыны рас-тап отыр. Сөйтіп, екі жақ та ботаға деген құқығынан айырылғысы келмей, отырып алады.

Төле би жай ғана кесім емес, дауласушы екі жақ та еріксіз мойындайтын, ақиқатпен ұшталған әділ төрелік айтуы тиіс еді. Сот процесінің негізгі қатысушылары мен олардың жақтаушыларының күе сөздері сенімді щешім қабылдау үшін жеткіліксіз болады. Оның үстіне екі жақтың айтқан сөздерінің салмағы бірдей болғандықтан, жағдай киындаі түсті. Бағалы жануарды ешқайсысы да қолдан шығарғысы келмейді. Төле би сот өтіп жатқан жерге бота мен екі енесін алдырады. Жас бидің төрелігін тындау үшін көрші ауылдардан да ағылған жұрт тына қалған. Төле би қасындағы көмекшілеріне шөккен ботаның артқы сирак-санын қыл арқанмен қатты қыса байлаулырын өтінеді. Осыны ауырсынған бота бақыра бастағанда інгендердің бірінің көзінен жас парлап, ботаға қарай жүгіре жөнеледі, ал екіншісі бей-жайлық танытады. Төле би-қазы ботаның табиғи

түйсікке еріп, жан дауысы шыққан ұрпағын қорғауға ұмтылған түйеге тиесілі екендігін, ал оның іесі – талапкер екендігін жария етеді. Жиналғандар Төле бидің кесімін бірауыздан қолдайды. Ал жауапкер асыл тұқымды ботаға қатты қызыққандықтан, төлінен айырылған өз түйесіне ертіп жібергенін мойындаған. Осыдан кейін Төле бидің атағы асқақтай түскен еді.

**2. «Сөздің атасы кім? Анасы кім?»** Ой мен қисынды жаттықтыратын осы текстес саулалдарды талқылап, пікірталас тудыру әрекеттері қазақ қоғамында жиі көрініс тауып, әдетке айналған.

Кейде мұндай саулалдардың салдарынан дау-жанжал да туындал кететін. Осындағы бір оқиға: бірде Қазыбек бидің ауылының маңына бір сауда керуені аялдайды. Ондағы саудагерлер өзара келісе алмай, жанжалдастқан сайын аралары шиеленісіп келе жатыр еді. Әлгі ауылда әйгілі Қаз дауысты Қазыбек би тұратынын білген олар екі топқа жарған дауларын айтып, бидің алдына баруга бел буады. Бір топты негізінен өзбектер құраса, екінші топта қазақтардың саны басым екен. Олар «сөздің атасы кім, анасы кім?» деген сауал төңірегінде таласып келе жатқан. Өзбектер тобы бірде сөздің атасы – ислам, анасы – исламға деген сенім екендігін айтса, енді бірде сөз пайда табудың көзі болғандықтан, оның атасы – манат, яғни ақша, ал анасы – сол ақшаны табу амалы екендігін дәлелдемек болады. Ал қазақтар тобы сөз атасы – би, анасы – шешендей, яғни қызыл тіл екендігін дәлелдеп бағады. Бұл дау сауда керуенінің бірлігіне қауіп төндіріп қана қоймай, екі жақты қанды қақтығысқа итермелеп тұрған еді. Осы оқиғаны баяндаушылардың айтудынша, Қазыбек би қалың ойға батып, жауабын кешіктіре былай деген: «Сөздің атасы – бірлік, Сөздің анасы – шындық». Даулы жақтар Қазыбек бидің жауабына тәнті болып, араз боп кірген үйден достасып шығады.

**3. «Бір әйелге екі еркектің таласы».** Бұл оқиғаны Дала аймағының батыс бөлігінде құнелткен қазақтардың аузынан орыс шенеунігі И.Крафт жазып алған: «Көп жылдар бұрын би алдына бір әйелді ерткен екі ерекек келіп жүгінеді. Еркектердің біреуі сол уақыттың өлшеміне сай сауатты екен, өз кезіндегі сауаттылар өздерін молда санап, ру әміршісінің қасында хатшылық жөне Бұқара мен Ресей елшілері келгенде, аудармашылық қызметін атқаратын. Ал екіншісі – билеушінің босағасында жүрген сауатсыз малай екен. Соңдарынан еріп келген сымбатты, жалғызбасты әйел де әміршінің сарайында қызмет ететін көрінеді. Әлгі екі ерекек осы нәзік жандыға таласып жүр екен. Бұл орайда, олар сұлудың қалауын сұрамастан, би сотына бас ұрады. Билер сотының ережесіне сәйкес, алдымен екі жақ та қазының кесіміне сөзсіз көнетіндерін бекітетін жоралғыларды орын-

дайды. Сосын кезектесе, әйелдің тек өзіне тиесілі екендігін растайтын айфактары мен дәлелдемелерін ортага салады. Би екі жақты да мұқият тыңдаған соң, әйелді қалдырып, үш күннен кейін келулерін өтінеді. Еркектер кеткен соң би үй шаруасымен айналысып жүрген әйелдің жүріс-тұрысын бақылап, тамақ өзірлеу әдісі мен дастарқан жаю мәнеріне назар салады. Және оның жазу құралдарын жақсы жинай билетінін, отырықшылардың өміріне тән астарды даярлауға ұмтылып, «мәдениеттірек» ереккек ұнағысы келетінін байқайды. Осыдан-ақ би әйелдің көшпелі емес ортаның тұрмысына бейімделген сауатты ерек үйінде жи болатынын түсінеді. Үш күндік мерзімнен кейін қазы түсінктеме бере отырып, өз кесімін айтады, дауласушы екі жақ та қисынды шешімнің әділдігін мойындаиды».

4. «Жорға дауы». XVIII ғасырда өмір сүрген Кіші жұздегі Сырым би (кейін үлт-азаттық көтерілістің басшысы болған) өзінің байқағыштығымен танылып, көптеген қурделі сот процестерінің Төбе биі болып сайланған. Бірде оның алдына екі адам келеді: бірі – бидің руласы өрі жақын туысы, ал екіншісі – алыстағы басқа рудан шыққан жергілікті би. Жауапкердің жақын туысы екендігін білсе де, талапкер – кедейлікке ұшыраған жергілікті би Сырым биге жүгінуді ұсынады. Себебі, билер сотының ерекшелігі сол, өсіреле биік деңгейдегі Сырым сияқты билер «Тура биде туған жоқ» деген қағиданы қатты ұстанатын. Даулы мәселенің мәні: Талапкер-бидің айтуынша, жергілікті бір қайраткерді еске алу мақсатында үйымдастырылған ат жарыста бас бәйігені жеңіп алған оның жорғасын атақты атбегілер аса жоғары бағалап, болашағы зор асыл тұқымды ат екендігін болжапты. Бұл жорғаның табыннан бөлек жайылып, тұнгі қотанға кейде келіп, кейде жайылымда қалатын әдеті бар екен. Бірде ол үйірге мүлде қосылмай, ізім-қайым жоғалады. Екі жыл өткен соң, шағымданушы би шалғай жердегі Өлімұлы руладының жайлауындағы үлкен тойға конак боп барған екен. Осы мерекеге орай өткізілген ат жарыста ол шабысына, артқы аяғын сілтейтін әдеті мен сыртқы жабу-түгіне қарап, бұрынғы жорғасын жазбай таниды. Бірақ жорғаның жана иесі жануарды қайтарудан бас тартады. Жауапкер шындықты жасырмaston, өз түсінкtemesіn береді: ол талапкер-бидің ауылынан алыс жерде табыннан ажырап, қасқырлардың талауына түскен жаралы атты табады. Оның сұлу мұсіні мен отты көзіне тәнті болып, бағып-қағады. Жылқы жазылған соң нағыз жорға екені білінеді. Жауапкер жануарға деген құқығын ежелгі қыпшақ-казактардың «Жұртта қалған жұрттікі» деген заңымен бекіте түседі. Табыннан тыс жайылатын жорғаның жоғалуына жануарын үйір ішінде жүруге үйретпеген талапкердің өзі айыпты. Және жорға өзге тайпаның

жайлауынан, яғни жауапкердің руы жайлаған өрістен табылған, сондықтан «Адасқан малдың түбі екі жыл» деген қағида да аяқ астынан олжалы болған адамның құқығын қорғап тұр. Осылайша жауапкер күә беру барысында «Жарғы» зандар жинағына сүйеніп, жорғаны қожайынына қайтаруға міндетті емес екендігін дәлелдей бақты. Ал сот қазысы – Сырым би қазақтың «Жарғысын» тереңірек білгендіктен, «Тапқан қуанады, таныған алады» немесе «Тапқан ие, таныған – иесі» деген құқықтық нормаларды көлтіре отырып, ұзак-сонар сөзін айтады. Бұл нормалардың күші қалған қафидаларға қарағанда басым еді, бірақ даулы жақтардың жауапкершілік деңгейі жеке-жеке қаралатын. Сырым би де осыны ескере отырып, балама шешім қабылдайды:

а) жауапкер жорғаны бұрынғы қожайынына қайтаруы тиіс, ал талапкер екі жыл бойы әлгі атты емдеп, баптап, бәйгеге қосқаны үшін материалдық шығынын және жылқыға бауыр басып қалған жауапкердің жан күйзелісі үшін моральдық өтемақысын төлеуге міндетті;

ә) өтемақының көлемі бір жылдың ішінде екі рет өтетін ат жарыстарда берілетін төрт бәйгелік жүлдені, яғни жиырма құнаның құнын құрауы қажет (бір бәйгелік жүлде – бес жылқының құны). Бидің пайымына сай, егер жорға аман болса, екі жылда төрт жүлдені қанжығаға байларат еді;

б) немесе жорға жауапкерде қалып, ол бұрынғы қожайынына екі жүлдені – он құнаның құнын төлеуі тиіс.

Жорғаның бұрынғы иесі кейінгі кезде кедейлік күнін кешкендіктен және жануарды баптап, бейгеге қайта қосу үшін тағы да уақыт өткізіп, шығындалатының ойлап, би-қазы айтқан талапқа сай тұлпарды жауапкерге қалдыруды үйгарады. Оның бұл шешіміне жиналған қауым күә болады. Ал Сырым бидің төрелігін халық әділ өрі дөп кесім ретінде қабылдайды.

**5. «Таңбалы ат тұяғынан».**Халықарасында бұл сottық кесімді өртүрлі билердің меншігіне жатқызады, алайда барлығының мағынасы бір. Би алдына тұлпарға таласқан екі адам келеді. Бір нұсқаға сәйкес, атағы жаңа шыға бастаған биді көре алмағандар, оны халық алдында сүріндіру үшін қасақана дауласқан. Ал келесі нұсқаға сай, керісінше дауласушылар бидің тілекестері болғандықтан, оны жаттықтырып, тәжірибесін шындау мақсатымен алдына жорта барады. Жұрттың айтуынша, би-қазы шағымданушылардың шикілігін іштей сезсе де, өзінің білімі мен даудамайды шешу қабілетін көрсетуге бел буады. Ол жануарды танудың үш кезеңін өткізеді. Атты өзі тектес бірнеше жылқының қасына қойып, дауласушылардан өзжүйрігін көрсетулерін

өтінеді. Екі жақ та даулы атты нұскайды. Ендігі кезекте би әлгі жануарлардың бәрін жабулап тастап, жанжалдасқан еркектерден атты аяғына қарап тануладын ұсынады. Бұл жолғы сынақтан да олар сүрінбейді. Ақыры би таласушылардан аттардың қасына жақындал, өз жануарының жүгегінен ұстаударын сұрайды. Осы әрекеттердің бәрін жіті бақылап тұрған би-қазы еркектердің бірі аттың нағыз қожайыны екендігін жария етіп, ал жалған сөйлеген екінші даугерге теріс пифылы үшін айыппұл салады. Мұндай шешімге би мынадай қысынмен келген еді: алғашқы екі кезенде ол даулы жануардың екі ер адамның біріне сәл серпіліс танытқанын байқайды, бірақ нақты шешім шығару үшін бұл жеткіліксіз еді. Ұшіншіде, даулы жактар жылқыға жақындал, жүгегін ұстаған шақта, ат иесін анық танып, жылы қабақпен бір тұяғын көтере түскен. Өзінің байқағыштық қабілетімен би дұрыс шешім қабылдаған еді.

Аты-жөні анық сакталмаған қазының осы бір соттық оқиғасы «Таңбалы ат тұяғынан» деген атаумен ел есінде қалды.

6. «Елін тапқан нар дауы». Әйтке бидің төрелігі туралы бұл аныз 1962 жылы Қызылорда облысында жазып алынған болатын. Әңгімеге сүйенсек, атамыш сот ісі Әйтке бидің атағы асқақтап тұрған XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басы аралығында көрініс тапқан. Сырдария өзенінің алқабында асыл тұқымды аруана-нарларды өсіріп-өрбітетін әлдебіреу бір түйесін шалғайдағы Түрікмения тұргынына сатады. Арага екі жыл салып, әлгі жануар бір апталық жолды-сулы тосқауылы бар бес жұз шақырымдық жерді басып өтіп, бұрынғы қожайынына қайтып келеді. Бұл оралудың астарында талай қиямет-қайым жатыр еді. Қазақтың көшпелі малшылары осындағы асыл тұқымды нарлардың қасиет-киесін жақсы білетін. Әсіресе, бұл тұқымның аруаналары өздері туған қотан мен қожайындарына бауыр басатындары соншалық, бөтен жерге біразға дейін бейімделе алмай, кейде тіпті бұрынғы ауылдарын аңсал, қашып келеді еken, халықтың айтуынша, туған жерінде өлгенді қалайтын көрінеді. Бөтен елге сатылған әлгі аруана да осының кебін тартады: оның қасиетті күйін байқаған жаңа қожайыны алғашқы жылы-ақ буаз болған малын әрдайым құзеттіріп қояды. Бұл тұқымдас түйелер буаз кездерінде альсқа ұзамайтын және ботасына сондай үйір келетін. Бір тұні туған қорасын аңсаған аруана біраз есіп, қатаіған ботасын ертіп, туған жеріне қарай қашып шығады. Соңдарынан күгіншы келіп, ботаның мойнына күрық салғанда, ботақан қатты қышқыра бастайды, ал енесі салт атты құғыншыны таптап, босап шыққан ботасын ертіп кете барады. Жолда оларды үлкен өзен күтіп тұрған еді. Алайда ботақан суға түскенімен, дарияның терең жеріне

келгенде, қорқыныштан жағаға қайта шығады. Аруана ботасының қасына оралғанда, көмескі дыбыстардан құғыншылар тобының жақындағанын сезіп, төлін өзеннен жүзіп өтуге мәжбүрлемек болады, бірақ мұнысынан түк шықпаған соң, ботақанын бір теуіп құлатып, құғыншылардың тұзағына түспесін деген оймен таптап өлтіреді, ал өзі арғы жағаға жүзіп өтіп, туған жеріне жетеді. Бұл оқига көршілес-қазактар мен түрікмендердің қарым-катынасын шиеленістіріп жібереді. Түрікмендер қазактардан аруананы қайтарып берулерін және мерт болған құғыншының құнын өтеп, ботаның да орнын толтыруларын талап етеді, себебі атамыш қайғылы оқигалар қазақ жерінде орын алған, оның үстіне мұның бәрі – Отанына оралуды аңсаған аруананың ісі, сондықтан «оның Отаны» жауапқа тартылуы тиіс. Қазактар өздерінің наразылықтарын білдіріп, түрікмендердің талаптарын орындаудан бас тартады. Бұл даудың өрши түскені соншалық, тіпті түрікмендер мен қазақ руладының арасында «соғыс» басталу қаупі туындейды. Эйтсе де, екі жақты қанагаттандыратын шешім табыла қоймады. Ақыр сонында олар Қазақстанның оңтүстік-батысында ғана емес, басқа да көршілес аймақтарға атағы шыққан Эйтеке биді Төбе би қып сайлайды.

Әйтеке би даурықкан бұқараны басу үшін екі жақтың өкілдеріне, алдымен олардың мүддесін қорғаушы аға билерге, кейін аруананың бұрынғы және жаңа иелеріне, сосын жиналғандарға назар сала, мынадай сауалдарға жауап берулерін өтінеді:

а) «Ұрлық жоқ, зорлық жоқ, қорлық жоқ жерде қандай айып түрлері болады?»; ә) «Еліне қайтқан ерге кім борышты? Жеріне сағынышпен қайтқан нарға кім борышты?»; б) «Нар тәуекел» басында үлгі болып нардан қалды ма, адамнан қалды ма?»; в) «Ұрпағын жауға қимай өлімге қиса, кім жауапты?».

Әйтеке би қалың бұқараның басын қосқан сот процесінің қатысушылары мен жалпы жиналған қауымға жасаған үндеуі арқылы даулы екі жақ арасындағы қатты кернеуді босатып қана қоймай, басты мақсатына да жеткен болатын: ол жиналғандардың өз ботасының жанын пида ету арқылы туған жеріне оралған жануарға деген аяушылық сезімін тудырып, жандандыра түседі. Бұқараның түсінік-пайымы мен дауласуши жақтардың жауап, сөздерін мұқият тыңдасымен, Әйтеке би екі жақтың аға билерінің қолдауымен өз төрелігін ортага салады: а) аруананың алғашқы қожайыны түйені өзіне қалдырып, түрікмен жағына ақшасын қайтарады; ә) ботасын жоғалтқан аруананың жаралы жанын емдеп, жүдеу түрін бұрынғы қалпына қайта келтіру шараларына жұмысалатын шығынның орнын толтыруға түрікмендерге төленетін ақының жартысы алынады; б)

құлазыған даладағы құғыншы өлімі мен асыл түкымды анасының аяғында мерт болған ботаның зауалы – тағдырдың жазғаны. Әйтеке би өз шешімін мына мазмұндас сөздермен бекіткен екен: аруана өзі аңсағандай өмір сүрге лайық және ол өзінің осы бір жанкештілігімен туысқан халықтардың жаңын жақындана түсті. Бидің осындай кесімі ұзаққа созылған дау-дамайға нүктө қойды.

7. «Құланнан туған бесті жүйрік ат дауы». Бұл оқиғаның мазмұны мынадай: Жылқы үйірінің айғыры табыннан бір байталды бөліп, айдаладаға қалдырып кетеді. Дала кезіп жүрген әлгі байтал жабайы жылқы-құландар табынына қосылып, келер жылы құлышнайды. Дәулетті адамның малын бағып жүрген бір жылқышы далада еркін күн кешкен құландардың арасындағы құлышнды биені байқап қалады. Жылқышы мен оның табыннан үріккен құландар қаша жөнеледі, олармен бірге әлгі бие де кете барады, ал қатты шабысқа қатайып ұлгермен құлышы сондарынан қалып қояды. Табыншы әкелген құлышақты бай қожайын дәстүрлі түрде бір биеге теліп жібереді. Сөйтіп, есейген құлыш бесті болған шағында талай ат жарыстың бас бәйгесін қанжығаға байлатағы. Осындай жарыстардың бірінде тұлпардың иесіне бір адам келіп былай дейді: «Мынау мениң жылқымнан шыққан ат. Мұның менікі екендігін сүйегінен таныдым. Атты қайдан алдың?» Жүйріктің қожайыны: «Өз жылқымның баласы. Өз биенмен туған. Ел біледі», – деп жауап береді. Екі жақта егесіп, өз дегендерінен қайтпай, бестіге таласып отырып алады. Іс насырға шаба бастағандықтан, дауласушылар әділдік ізден, сол аймақта атағы жайылған Ақтайлақ бидің (1742–1838) алдына барады. Екі жақтың айтқандарын тыңдаған би, дәлел-айғақтары бір-бірінен асып түспегендіктен, «мамыр айында кой қоздағанда келіндер, сонда өз кесімімді айтамын» деп әлгілерді шығарып салады. Қоқтемде екі жақ Ақтайлақ бидің ауылында қайта бас қосады. Енелерін күткен жүздеген қозы корада қамалып түрған еді. Қошақанын емізу үшін өрістен қайтып келе жатқан қойлардың бірін нұскап, Ақтайлақ би бестіні даулаган адамға былай дейді: «Қамауда түрған төлдердің ішінен мына койдың қошақанын тауып ал да, енесіне әкеп қос». Талапкер қойдың өзіне тән ерекшеліктері мен белгілерін жіті бақылап болған соң, қошақандарды сұрыптауға кіріседі, сосын көп қозының ішінен біреуін таңдап алып, қойдың қасына әкеледі. Сөйткенше болған жок, жаңағы қой өз төлін танып, иіскелеп, емізе бастайды. Сол мезетте Ақтайлақ би істі талапкердің пайдасына шешіп, мынадай төрелік айтады: «Бұл ат иесі енесінен қалған жас құлышнды биесіне беріп, өлтірмей мал қылып асырап, қазір міне бәйге ат болды. Мұның еңбегі зор. Сондықтан асыл аттың басын жеті бестіге кесем.

Аттың иесі – сен, аттың жарым бағасын төле де атынды ал, болмаса атты иеленіп жүрген кісіден жарым басын ал да, сонымен бітісіңдер». Жиналғандар Ақтайлақ бидің шешімін толығымен қолдап, әділдік орнаганын айтысты.

**8. «Бала дауы».** Билер сотында қаралған кейбір дау-жанжалдардың күрмеуі тым күрделі болғандықтан, қарапайым, дәстүрлі-процессуалдық әдістермен түбіне жету қынын, тіпті мүмкін емес еді. Мұндай кездерде, жағдайға қарай, дауласушы жақтарға психологиялық ықпал жасау әдісін пайдаланатын. Халықтың тарихи жадында әйгілі Қазыбек бидің (1667–1763) атымен байланысты бір оқиға сақталып калған. Сот ісін шебер жүргізу өнерімен атағы шыққан Қазыбек биге бір балаға таласқан екі әйел жүгінеді. Олардың бірі бұрын сәбиін жоғалтып алып, енді мына әйелдің үйінен тапқанын, бірақ баласын қайтара алмай жүргенін жеткізеді. Екінші әйел бұл баланы өзі туғанын айтумен болады. Екі жақтың да не күөгері, не айнымас айғағы жоқ. Біраз толғанған Қазыбек би баланы екі әйелдің ортасына қойып, қолдарынан ұсташқан соң, өткір дауыспен: – Егер сіздер өз еріктеріңізben баланың нағызы анасының кім екендігін мойында масаныздар, мен баланы екіге бөліп тастаймын. Сонда екеуің де баланың мәңгілік бейнесіне ие болып, ауылдарыңың қасында көміліп жатқан бала бейтіне барып тұрасындар, – деп, қылышын қынабынан суырып алады. Осы мезетте баланы жоғалттым деген әйел жан ұшыра айғайлап, жылап жібереді: – Ойбай, би, баланы жарманыз, мен одан бас тартамын, әйтеуір қайда жүрсе де, аман болсын, – деп ол баланы өз денесімен қалқалап, бидің семсерінен қорғамақшы болады. Ал екінші әйел: – Ең болмағанда баланың жартысы менікі болсын, – деп қарап тұрады. Қазыбек би аяғының астында жалынып тұрған әйелді тұрғызып, өз орнына барады да, кесімін жария етеді: – Ешқандай ана өзінің туған баласын өлімге қимайды. Сондықтан мына бала «тірі жүрсін, жармандар» деп зар жылаған әйелдікі екені сезсіз.

Бидің бұл дана шешімі туралы әңгіме құллі қазақ даласын шарлап кетеді.

**9. «Ұрғашы тұлкі дауы».** Әйтеке бидің (1681–1766) алдына тұлкіге таласқан екі егде аңшы келеді. «Балам, біздің дауымызды шешіп берші. Мен мына тұлқинің терісін алмақ оймен, жаздың басынан бері жүнінің жылтырап өскенін күтіп, інін аңдып жүр едім. Терінің тамаша қалыпқа енуі үшін бір айдай уақыт қажет. Алайда мына адам әлгі аңды інінен жырақ жүрген кезінде атып алышты», – дейді алғаш сөйлеген даугтер. Алекіншісі: «Мен оның ізінен түсіп, дала кезіп жүрген жерінен атып алдым, сондықтан тұлкі менікі», – деп ақталады. Осы

жерде аздаған ақпарат бере кетейік. Әйтеке би XVII–XVIII ғасырларда өмір сүрген ең атақты және данышпан би-қазылардың алғашқы үштігіне кірген. Төле би мен Қазыбек би сияқты ол да халық жағында терең сақталуда, сонымен қатар өткен ғасырдағы саяхатшылар, шығыстанушылар мен ұлттық қайраткерлердің жазбаларында Әйтеке би жайлы құнды деректер мен әңгімелер, сондай-ақ бірегей сottық төреліктері туралы мағлұматтар жиі кездеседі. Тұлкіге қатысты осы оқиғада да оның табиғи көрегендігі айқын байқалады. Ол мәселенің мәніне терең үніліп, бүгес-шігесіне көз жеткізген соң, тұлкінің өлігін қарап шығып, өз кесімін айтады: – Егер тұлкі ерекк жынысты болса, атып алған аңшының олжасы болар еді, себебі ерекк аң қаңғыма өмірді қалайды. Бірақ тұлкі үрғашы болғандықтан, олжа інді андып жүрген адамға тиесілі, себебі үрғашы аң алысқа ұзамай, інін күзетумен болады.

Бидің қисынды шешіміне ел ғана емес, аңшылардың өзі тәнті болып, ризашылығын білдіріпті.

#### **10. «Шідер ат сақтайды, ат ер сақтайды, ер ел сақтайды».**

Төле бидің алдына иесінің киіз үйінің манында жайылып жүрген аттың аяғындағы шідерді шешіп алмақшы болған ұрыны әкеліп, ата-баба заңы бойынша жазалауын сұрайды. Би төрелігінің мәні түсінікті болу үшін мынадай дерек бере кетейік: Жылқы малы қазак қоғамы мен хандықтарында аса қастерлі де құнды жануар болып табылады. Жылқы ұрлау, айдал әкету, барымталау немесе жарадау сияқты әрекет жасағандарды дала заңы қатаң жазалаған. Бұл жануарлар сыртқы жаудан қорғанудағы басты құрал және қөшпелі өмір мен құнделікті тұрмысқа ынғайлы көлік рөлін атқаратын. Есім хан Тәуке ханның заңнамасында жылқы өліміне деген жауапкершілік ер адамның қазасынан кейінгі екінші орында тұрған. Және бір қызығы, қазақтың «Жарғы» заңдар жинағы жылқы құнына байланысты айыппұл көлемін белгілемеген, себебі аттың бағасы түрі мен түсіне, шығу тегіне қарап анықталатын, бұл міндет би-қазылардың құзырына қалдырылған. Енді Төле би қарауындағы шағымға қайта оралайық. Қөшпелі қазақтарда ат аяғын тұсайтын құралдың бірнеше түрі болған: «тұсау» алдыңғы екі сирақты тұсайды; «өре» қатарлас орналасқан артқы сирақ пен алдыңғы сираққа салынады; «шал шөре» – алдыңғы оң аяқ пен артқы сол аяққа немесе алдыңғы сол аяқ пен артқы оң аяққа; «шідер» – алдыңғы екі сирағы мен артқы бір сирағына. Аталмыш оқиғада шідер қолды бола жаздаған. Бұл бүйім – өрілген теріден және ат қылының арқанынан жасалатын қымбат зат. Шідер, әдетте, бағалы жануарға салынады. Ұры мен куәгерлердің сөздерін мұқият тыңдаған Төле би, деректерде

жазылғандай, «қарапайым болып көрінетін істің шешімін ойладап, ұзак отырады». Сосын өз кесімін жария етеді: Ұрлық жасауға ұмтылған адам шідерді үш жылқының артқы бір-бір аяғына кигізіп, үшеуін үш жаққа айдауы тиіс. Егер шідер үзіліп, жылқылардың ең болмағанда біреуі босап шықса, айыпталушы жауапкершіліктен мұлде босатылатын болады. Бірақ шідердің мықтылығы сондай, үш атты да ұстап тұрады. Сондықтан Төле би «Шідер ат сақтайды, ат ер сақтайды, ер ел сақтайды» деген даналыққа сүйеніп, үрыға шідердің «қызыметтік» құнына сай айыппұл салады. Осы ұстаным мен шідердің беріктігін сынау тәжірибесін ескере отырып, би «Бұл шідер – үш ер» деп түйін жасайды. Төле бидің осы төрелігі мен берілген жазаның қисынды дәйектемесі жиналғандарды бей-жай қалдырмады.

### III

Би-қазылар лауазымы, қызмет дәрежесі, яғни қоғамдық беделінің деңгейіне қарай бөлінеді. Төбе би – сот құрылымындағы жоғарғы саты. Әдетте, жан қуаттарының құндылығына үйір көшпелі қазактардың кезеңінде бұл атақ бедел мен кәсіптік деңгейдің белгісі болып табылатын. Өз жүзінде, белгілі бір аймақтар мен ірі рулық қауымдарда ұлken күрметке ие болған билер Төбе би аталағын. Олардың лауазымы шыққан аймағы мен ықпалы өтімді өнірлердің атауымен қоса айттылатын. Мысалы, XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың басында өмір сүрген Төле би – Ұлы жүздің Төбе би, Қазыбек би – Орта жүздің Төбе би, Әйтеке би – Кіші жүздің Төбе би болып есептелген. Өз кезінде дауласуыш жақтардың қалауымен күрделі істерге талай рет Төбе би болып сайланған билер бұл атаққа тұракты тұрде ие болған. Олардың алдына әділдік ізден басқа жүз бен рулардың өкілдері де келе беретін.

Билер сотына келмес бұрын дауласуыш жақтар маңызды, күрделі әрі шиеленісп кеткен істеріне Төбе би таңдау мәселесін мұқият талдап, талқылайтын. Айта кететін жайт, өз руыныңabyройына нұқсан келтірмеуді көздеген әрбір жақ алдынала өзінің Төбе биін, қазіргі тілмен айтсақ, корғашы – зангерін анықтап алады. Мәселен, XIX ғасырдың ортасында Жетісудағы Алтынемел шұрайлы қыратын иемденуді көздеген Матай мен Жалайыр руларының арасында ұлken қақтығыс болады. Бұл рулардың жерлері ғана емес, билеуші-сұлтандары да бөлек еді. Осы қантөгісте Жалайырдан төрт кісі, Матай руынан үш адам қаза табады. Екі жақ та өздеріне тілекtes руларға «мият» жариялайды, яғни билер сотында қолдауларын сұрайды. Тезек төрөнің қол астындағы жалайырлықтар Шу өзенінің бойында көшіп

жұрген Дулат руына шабарман жібереді. Ал матаілықтар Арғын тай-  
пасына үміт артады. Іс насырга шаба бастайды: бірнеше адам құрбан  
болған қақтығыс қандастар арасындағы соғысқа үласуы ықтимал  
еді. Тез арада билер сотын шақыру керек болды. Бұл үшін алдын ала  
бірқатар маңызды мәселелерді шешу қажет: қайда және кімге жұғіну  
керек, әділ және адал сот өткізу үшін кімді Төбе би қып сайлайды?  
Өз кезегінде, даулы екі жақ сотта шағымдарын жеткізетін өз билерін  
дайындауды, осы билер өзара келісіп, Төбе биді сайлаулары тиіс.  
Көрші руларға аттандырыған шабарманы оралған соң, Жалайырдын  
билиеушісі Әли сұлтан белгілі билердің Кеңесін құрады. Олардың ара-  
сында Сұраншы батыр (Шапырашты руынан), Туғанбай би (Талғар  
өнірінен), Қарабай би мен Диқанбай би (Ботабай аймағынан), Сары  
би (Сары Үйсін руынан), Байғазы би мен Көбекбай би (Қасқарау  
аймағынан), Дәуітәлі би (Сәмбеттен) және тағы басқалары болған  
еді. Қызы пікірталас пен талқылаудан кейін ру қауымының мұддесін  
корғау үшін ақсақалдар сотына баратын билердің барлығы бара ма, әлде басты  
бір өкілді жібереміз бе?», – деп сұраған сұлтанға кейбір қызба жан-  
дар «бәріміз барып, матаілықтарды қанжоса қылайық» деп шуласа-  
ды. Сонда өз өніріне танымал Бөлтірік би «Біз бәріміз ағайындымыз,  
бір-бірімізben қанша қырылышсақ та, ақыры бейбіт шешімге келу-  
ге міндettіміз. – Бұл – ата-бабамыздың өсінеті» деп тоқтау айтқан  
көрінеді. Осы сөздерден кейін ең тәжірибелі биді таңдауға кіріседі.  
Әркім өз тегінің биін ұсынады. Сиқымнан шыққан Шомай биді  
ұсынғанда: «Ол көбіне ұсақ-түйек істердің шешімімен шектелген, ал  
қазіргі жер дауы өте маңызды» деген уәж айттылады. Сәмбет ауы-  
лынан келген Дәуітәлі «тым толық және ебедейсіз» болғандықтан,  
қолдау таппайды. Ал Қарабай бидің «биден гөрі жауынгерлік қабілеті  
басымырақ» екен. Атақты Сұраншы батыр «сөзбен емес, семсермен  
шабысқанды жақсы көреді». Үйсіннен шыққан атақты Сары би ту-  
ралы «көбіне әйелдер арасында болғанды ұнатады және солардың  
дауын шешкенді жөн көреді» деген наз айттылады. Жиналғандар ара-  
сында жасы үлкен бір дана манадан бері үндемей отырған еді, енді  
сол салмақты дауысымен жұртты өзіне қаратып, қызыл тілімен қыза  
сөйлейді: «Мұндай үлкен дауга ауыздыға сөз бермейтін, аяқтыға  
жол бермейтін, айтулы шебер адам бару керек. Әз ата Ысты аруағы  
деп ауыздарына алмайсындар. Бұл дауга Ысты Бөлтірік барсын.  
Онан шешен, онан тапқыр қайсың барсың, – деп біраз тоқтайды да,  
оған серік Кебекбай би болсын, қасына еріп Байғазы би барсын». Данышпан қарияның ұсыннысы қабылданып, Алтынемелге Жалайыр  
руының мұддесін корғау үшін әлті үш өкілді аттандырады.

Матай тайпасында да осыған үқсас жағдай болған еді. Ұзак айтыс пен талқылаудан кейін, матайлыктардың мұддесін қорғау міндепті Құнанбай би (басты өкіл), Құсбек төре және Тәнеке би сынды белгілі тұлғаларға жүктеледі.

Оқиғаның одан әрі өрбүі тіпті қызық. Бес-алты күннен соң елшілер алдын ала белгіленген сот өтетін жерге келеді. Матайлыктар Қоянкөз атты қотанның бір жағына арнайы салынған киіз үйге түседі. Қотанның келесі жағына жалайырықтар тоқтайты. Олардан бөлек түрлі ру-тайпалардан әдейі келген қонақтар қашшама. Оларға да ондаған киіз үйдің шаңырағы көтеріледі. Сот өтетін жердің түрғындары елшілер мен басқа да келушілерді, дәстүрге сәйкес, қонақжайлыштық танытып, қарсы алумен болады. Соттың жартылай ресми бөлімі екі жақтың алғашкы елшілерінің – Бөлтірік би (1771–1854) мен Құнанбай бидің (1804–1885) кездесуімен ашылады. Келіссөздер, әдеттегідей, мейірбандық пен сыйластық шенберінде жүріп, даулы іс бойынша ортақ шешімге келу мақсаттарын айқындастырын кисынды фәлсафалық сез жарыстарын өткізеді. Ақыр сонында, Төбе би болып Бөлтірік би сайланады. Осы лауазымға тағайындалmas бұрын ол «Мен айтсам істің дәлелін, биліктің әділін айтам» деп айт етеді. Қолда бар деректерге сүйенсек, ол осы антынан таймаған. Бөлтірік би Алтынемелдің тарихын суреттеп, оның көп ғасырдан бергі иелерін атап, шатқал және құдықтардың атауларын және Алтынемелде мекен еткен талай халық жайлы сыр шертетін көк тастарда сакталған жазу – белгілерді мысалға ала отырып, өз сөздерін бекіте түседі. Сол халықтардың ішінде Жалайыр одағы да бартын, соңғы жүзжылдықтарда салынған мазар-бейіттерде олардың ата-бабасының аты-жөні жазылып, сакталғаны да рас. Би шешімі айғақ пен дәлелге толы болғандықтан, келесі жақ амалсыз келіседі. Билер сотында көрініс тапқан бұл оқиға Жанғара Дәдебаевтың енбегінде, дәлірек айтсак, 1994 жылы Алматы қаласында басылған Бөлтірік биге арналған кітабында суреттелген.

Ру-руға бөлініп, жайлауларда көшіп жүретін әрбір қауымдастықтың, мейлі ол үлкен немесе шағын болсын, өз биі болатын. Және би біреу емес, бірнешеу еді, сондықтан халықтың таңдау мүмкіндігі болған. Көбіне, олар көшке жақын және адалдығымен, білімімен, даналығымен аты шыққан, яғни сот ісінің талаптарына сай биге жүгінгенді жөн санайтын.

Осы орайда, сот ісінің мәні мен түпкі мақсатын айқындастырын нұсқаулар мен қағидалар жүйесі болғандығын және билер сотында осы мақсатқа жетудің өзіндік әдістері мен негіздері қолданылғанын айта кетейік. Аталмыш қағидалар қысқа-нұсқа және еске оңай

сақталатын үйқас түрінде айтылған. Кез келген дәрежедегі би-қазы осы заңдылықтарды біліп қана қоймай, оларды ұтымды пайдаланып, қажет болса, қаралып жатқан жайтқа сәйкес қысынды мазмұны мен бағдарына сай түсінкітеме беруі тиіс. Кейде мәнерлі және үйқасты болуы үшін қағидалардың негізгі ойына басқа бір саланың нұсқаулығын қосады. Мәселен, «Дау мұраты – біткен, қызы мұраты – кеткен» деген нұсқауда бұл анық көрінді, яғни алғашқы негізгі ойды кейінгісі үстемелеп тұр. «Дау тұбі – бітім» деп қысқа қайыруға да болады. Билер сотында «екі жақты келістіре» отырып, қоғамдағы тұрақтылық пен қауымдардың, жалпы халықтың ынтымақтастығын нығайту – басты мақсат пен міндеп болып табылады. Әйгілі Қазыбек бидің «Сөз атасы – бірлік, Сөз анасы – шындық» деген даналығы да билер сотындағы пікірталастың мақсаты шындық пен әділдікке негізделген халық бірлігін бекіту екендігін мензеп тұр.

## АБАЙ – ҰЛЫ БИЛЕРДІҢ СОҢҒЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БІТІМ-БИЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Абай Құнанбайұлы (1845–1904) – Шығыс ойшылдарының өнегелі үлгілерін игерген қазақ әдебиетінің класигі, мәндайалды ақын, кемел ойлы философ ретінде тек қазак топырағына ғана емес, бүкіл әлемге әйгілі. Мұхтар Әуезов айтқанында, «Соның барлығымен қатар Абайдың ел ішінің ең үлкен, ең іргелі биі болғанын да еске алу керек»<sup>1</sup>. «Билікке келгенде Абайдай әділ, таза, дұрыстығы күшті биді Тобықты іші бұрынғы заманда да көрген жоқ деп айта аламын», – дейді замандастарының бірі<sup>2</sup>.

Ғасырлар бойы қалыптастан әдет-ғұрып, жол-жора ережелеріне негізделген қазақ заңдарының күші әлі де Ресей отаршылық дәүірінде де жойыла қоймаған ортада, оларды қазақ халқының бірлігі, тыныштығы, болашағы үшін жаңаша көзқараспен мейлінше пайдалана білген, XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ірі тұлғалардың алды Абай. Оның шешен-би ретінде атқарған қызметі, жол-жора ережелеріне енгізген жаңа үлгілері көшпелі қазақ халқының рухани өмірінің дамуына едәуір әсерін тигізді.

Абайдың күні бүгінге шейін ұлы ақын деп қарап келдік. Бұл орынды. Орынды болса да, жеткіліксіз. Ұлы ақын өлең сөзбен бейнелеген жүрек сырын, терен ойын тек арманы етіп қалдырмаған. Сол үшін құрлескен. Шешенідік, билік жолы оның халықтық сана-болмысты биіктетудегі негізгі құралы саналған. Абай – тұтас тұлға. Оның би

<sup>1</sup> Құнанбаев А. «Кокпай әңгімелері». Толық жинақ, 2-бөлім. Алматы, 1940. 275-бет.

<sup>2</sup> Сонда. 376-б.

атануы, биліктері – тұтас тұлғаның құрделі болмысының бір қыры. Ол «Ұлы дала» заңын ұлken қоғамдық күш деп санады. «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деп жазды.

Абайдың ақындығын билік, шешендік өнерімен ұштастыра қарау міндеп. Сонда ғана ұлы адамның ұлылығы биігінен көрінбек. Абайдың өмірбаянын, тарихтағы орнын оның би болып атқарған қызметінен бөліп қараша біржактылық екендігі айқын. Солай бола тұрса да, өкінішке орай, бүгінге шейін Абайдың биліктері ол тура-лы зерттеулерден сырт қалып келді. Оның себебі де бар. Қоғамды топқа емес, қарсылас тапқа бөліп, тап күресін уағызыдаған Кеңестік идеологияның ұstem болған кезеңінде «би» дегенді әшкереумен болдық. Оның көшпелі елдің өзіндік мекемесі екендігін, ғасырлар бойы ел тарихының арқауы болғанын біле тұра, оны ғылыми түрғыдан зерттеуден бас тарттық. Енді өмір өзгерді. Қазактың өз алдына тәуелсіз ел болуына байланысты актаңдақтарды жоюға мүмкіншіліктер туды. Абайдың жораға түсіү, биліктері ежелден қалған әдет-ғұрып ережелеріне сүйене отырып, заманына сай кейбір жаңалық енгізгені – зерттеуін күтіп жатқан Абай өмірбаянындағы актаңдақтар. Көп дүниеден құр қалдық. Ел арасына кезінде кеңінен тараған Абайдың биліктері мен соған байланысты шешендік сөздеріне куә болған, болмаса, атадан үрпакқа тарағанды жеткізер қариялар бүгінде жок.

Академияның ғылыми кітапханасының қолжазба қорында Абайдың биліктері жөнінде бірен-саран ғана мағлұматтар кездеседі. Халқымыздың ауыз әдебиетін зерттеушілердің, я болмаса оған жаңашыр, әуесқой ата-бабаларымыздың, азаматтардың жеке қорында да кейбір ақпарлар әлі де сакталуы мүмкін. Кеңес дәуірі кезіндегі ашаршылық, кен тараған құғыншылық, босқыншылық жылдары талай қолжазбалар өртенген, жойылған. Олардың орны толmas қасіреттері тиген. Откен XX ғасырдың 50-60- жылдары ел арасынан, соның ішінде Тобықты, онымен аралас-құралас көрші тайпалардың қарияларынан ауызша сақталған Абайдың билік үлгілерін әдейі жинағанмын, ол кезде Ұлттық академияның құрамындағы философия және құқық институтының директоры болуымды пайдаланып, іздену жұмысына көпті көрген, елдегі саусақпен санарлық сыйлы кісілердің бірі, Абайдың ағасы Құдайбердінің баласы Ақат, сонымен бірге Тобықты топырағынан шыққан қариялар С. Қасиманұлы, Ә. Қайнарбайұлы сияқты басқа да ақсақалдарды тарттым. Бірқатарын институттың уақытша қызметкерлері ретінде орналастырып, олардың жүріп-тұруына тиісті ақысын төлеп, мүмкіндік жаса-

дым. Солармен бірге өзімнің қарауымдағы қызметкерлер Мұстафа Ысмағұлов, Рысбек Сарғожаұлы, Нұролла Өсерұлы, тағы басқалар да іздену, жинау ісіне өздерінің үлесін қости. Осы зерттеуге байланысты Академияның кітапханасындағы қолжазба қорымен біркелкі таныстым. Абай туралы бұрын-соңды жарияланған еңбектер, әртүрлі пікірлер зерттелді, жинақталды. Әкінішке орай, әртүрлі себептермен зерттеу жұмысы қорытындыланбады, тоқталып қалды. Енді міне, 50 жыл араға салып, жиналған құнды қолжазбаларымды көпшілікке ұсыну мақсатымен, сол еңбектерге қайта оралған жағдайым бар. Оған негізгі себеп болған отаршылықтан құтылып, қазақ тәүелсіз мемлекетінің құрылуы. Сонымен бірге кезінде әйгілі жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің ұсынысы да қамшы болды. Соңынан Абайдың шешім-біліктірінің бір бөлігі Әйтеке биге арналған жинаққа енді<sup>1</sup>.

## I

Билердің атасы аталатын ертедегі Мөңке би, орта ғасырдағы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», бері келе «Жеті жарғы» аттарымен ұлт тарихына енген заң-ережелерінің халықтық қасиеттерін өнеге ұстаған, оларға дәуіріне сай кейбір құнды толықтырулар енгізген XIX ғасырдағы ірі тұлға – «Төбе би» атанған ұлы Абай. Үш жүзге әйгілі Төле, Қазыбек, Әйтеке, келесі буын – Сырым, Есет, Саққұлак сияқты әрі әділетті бітім-біліктірімен, ел басқару, ел мұддесін қорғау тәсілдерімен қазақ топырағында ерекше орын алған іргелі тұлғалардың жолын ұстаған соңғы билердің бірден-бірі, ғаламаты да Абай. Бұл мақала осы жөнінде айтылмай келген, зерттеуден түрлі себептермен сырт қалып жүрген Абайдың бір үлкен қыры – биліктері мен шешендігіне арналды.

1909 жылы Петербургте жарық көрген, Құнанбай балалары даярлаған Абай өлеңдерінің басылымында: «20 жасында Абай халық ортасында Мөңкедей бас шешен болды... Қазақтың ескі заманы болса, бұрынғы қазақтың атақты биінің бірі болмағы анық еді», – деп жазған.

Абайдың өзіне сөз беріп көрелікші. Ол бұрынғы билермен өз кезіндегі Ресей отаршылдығы дәуіріндегі билердің айырмашылығын, заманның өзгеруімен бірге билердің де өзгеріп бара жатқандығын, әділдіктің азайғандығын әкінішпен суреттейді: «... Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жо-

<sup>1</sup> Әйтеке би. Алматы: Атамұра, 1998. 116–154-бб.

лын», Әз-Тәуке ханың «Құлтөбенің басында күнде кеңес» болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтүғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жааралық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ»<sup>1</sup>. Ресей патшасының отарлау саясаты қазақ сахарасында талай өзгерістер енгізді. Солардың бірі – билердің үкімет тарапынан сайлануы, олардың көбін жергілікті әкімшіліктердің қолшоқпарына айналдыруы.

## II

Абайдың шын мәніндегі би болып қалыптасуына өскен ортасы әсерін тигізді. Жорға тұсу, билік ісі – Ырғызбай-Құнанбай әuletінде атадан балаға тараған дәстүр. Арғынның ішіндегі Тобықтының аты Абайдың арғы аталарының бірі, Ырғызбай<sup>2</sup> кезінде шыға бастады деген бар. Зерттеушілердің айтуынша Ырғызбай беделді би болған. «В памяти слышавших его надолго сохранились песни, скорого ворки, пословицы» – дейді М.С. Сильченко<sup>3</sup>. Мықты билердің қатарына кірмегенімен, оның өмірі өз руына жүрген. Ауыз әдебиетінде құнын ала алмаған даугердің «мойынбасы былқылап, Ырғызбай жүрді араға», – деген сөзі кездеседі. Сіра, бір сөзді, бір түйінді басшы болмаған сияқты. Тобықтыны қонысы көршілес рулармен теңеген, оның ықпалын күшайте түскен – әрі биі, әрі көсемі Кеңгіrbай. Ол қартая келе өзінен тараған үрпақ ішінен беделге ие бола бастаған ағасының баласы Өскембайға<sup>4</sup> өз жолын өз қалауымен берген.

Болжауы дұрыс болған. Өскембай елге беделді, қазақтың жолжоралғы ережелерін әділдікке сүйене отырып қолданады. Тобықты ішінде сол кезде «Ісің адап болса, Өскембайға бар, арам болса, Ералыға бар» деген мәтел тараған (бұндағы Ералы – Кеңгіrbайдың баласы). Өскембайдан туған Құнанбай ойшыл, сырлы, терең сөздің шебері, мінезі қatal, бір сөзді, ескі әдет-ғұрып салты мен дінді қатар ұстаған Тобықтының әрі биі, әрі басшысы. Өз әuletінің шеңберін місе тұттай, қарадан шықса да, Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып бекиді. Абай осындай ортада өсті. Өмірден өнеге алуға жастайынан талпынған бала аталары би болғандықтан, ел билеу, шешендік үлгісінде тәрбиеленеді. Құнанбайды көзі көрген, онымен араласқан

<sup>1</sup> Құнанбаев Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том, Алматы: Фылым, 1977.

<sup>2</sup> Ырғызбай шамамен 1750 жылдары туған.

<sup>3</sup> Сильченко М. Абай. Алма-Ата, 1945, Т. 6.

<sup>4</sup> Бір мағлұмттарға қарағанда Өскембай 1778 жылы туып, 1850 жылы 72 жасында дүниe салған.

саяхатшы А. Янушкевич 1846 жылы жазған естелігінде былай деп суреттейді: «Құнанбай таңгаларлық төкпелі шешен, тоқтамай жүретін сағат сияқты ертеңгі оянғаннан кейін үйқыға кеткенше тыным жоқ, сөйлеумен болады. Қазақтар оған минут сайын келіп, кеңес сұрап жатады, ол болса ежелгі шешендер сияқты белін таянған күйі суырыла сөйлеп отырады».<sup>1</sup>

Абайдың өзі айтқандай «Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анасынан, құрбысынан, әсіресе солардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады»<sup>2</sup>.

Сөздің қоғамдық құны, аты шулы билердің билік үлгілерінің (прецедент) қадірі кете бастады. Бірақ та түгелдей жойыла қойған жоқ. Бұрынғы әділ, шешен, бұқара елдің қамын жоктайтындардың сынықтары әлде де, бірен-саран болса да, кездесетін. Абай солардың ішіндегі көрнектілерінің алды болды.

Арман әртүрлі. Атадан туып елдің азаматы, «көштің басы» болсам деп аңсаған жас жораға түсіп, шешен, тапқыр атанып, көпшіліктің көзіне ілінсем деп армандайды. Заманында Төле би: «Тұман түбі жұт, ақыл түбі құт, елге бай құт емес, би құт», – деп тегін айтпаған.

Дарын-талабына сай би болам, сөзімді жүргізем деген үмітті кісі көрнекті ата-бабаларының артына қалдырған түйінді, ернек сөздерін, өсімет-мұраларын игеруі шарт! Оларды өзіне үлгі етеді. Осы жолда жетілуіне қарай өседі.

Абай жасынан карттардың қызықты әңгіме-аңыздарына, сөз таластарына, ауыз әдебиетіне әуес болып өсті. Атақты ел басшыларынын, билердің кеңесін тыңдауды әдет етті. Әкесі Құнанбайдың, басқа да Тобықты ішінде атағы шыққан үлкендердің ойлы сөз өнерін, ата-бабадан қалған атаулы жол-жоба, шешім, келісім, билік үлгілерін үйренді, жадына құйды. Абай ата жолын қуады деп оған Құнанбай сенім артты. Қартая келіп, Тобықты ұлысының тізгінін бұдан былай да ұстап тұру мақсатымен Құнанбай баласын Семейдегі Ахмет-Риза медресесіндегі оқуын бітірткізбей, елге шақыртады да, би болып билік айтудың сырына баулиды. Оны қасына ертіп Қоянды жәрменкесіне, Қарқаралыға, тағы басқа жерлерге апарады. Белгілі ақсақалдар, билер кеңесіне қосады. Мұхтар Әуезов осы кезең тұралы былай деп жазады: «Отец вернул его в аул и начал постепенно приучать к разбирательству служебных дел, к будущей административной деятельности главы рода. Вращаясь в кругу изощренных вдохновителей межродовой борьбы, Абай, наделенный от природы

<sup>1</sup> Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алматы: «Қазақстан». 1966, 184-бет.

<sup>2</sup> Абайұлы Т. Әкем туралы. // «Социалистік Қазақстан» газеті, 1945, 15 караша.

недюжинными способностями, постигает тончайшие приемы ведения словесных турниров, где оружием служили красноречие, остротумие и изворотливость. Так как тяжбы решались не царским судом, а на основе веками существовавшего обычного права казахов, Абай должен был обратиться к сокровищам казахской народно-речевой культуры»<sup>1</sup>.

Абайдың мұрасын зерттеушінің бірі М.С. Сильченко да осыны қуаттайды. Әкесі оны 13 жасынан бастап «стал при влекать к решению спорных дел и управлению родом», – дейді<sup>2</sup>. Тағы бір еңбегінде: «Незаурядные способности сына, его ораторские данные и знание поговорок, изречений биев и других видов устного народного творчества вскоре сделали юношу весьма популярным в среде окружающей отца феодально-родовой верхушки тобуктинского рода»<sup>3</sup>.

Абай ерте жетілді. Жас кезінен-ақ ел көзіне түсті. Оның тапқырылығы мен шешендігі, әдет-ғұрып ережелерін игергендігі, әділ де қисынды шешімдері көвшіліктің ойынан шықты, ел билеуге әзірлігін көрсетti.

Болжауы мол әкесі Құнанбай да Абайды түсінді. Ол әлі жиырмаға толар-толмас жас болса да ел билеу жұмысына араласуын көздеді. Семейдегі окуынан алдырып, болыс сайлауына қатынастыру ойы да осыған байланысты еді.

Абайдың баласы Тұрағұлдың естелігінде: «Әкем әуелі Құдайберді болыс болып сайланғанда оның кандидаты (орынбасары) болып тағайындалды», – дейді. 1868 жылғы реформадан кейін әкесі оны өз болысына управительдікке ұсыну қымылын жасайды. Бір мағлұматтарға қарағанда Абай оған келісімін бермейді. Осының салдарынан әке мен бала арасында үйлеспеушілік, реніш туады. «30 жасында көршілес Қоңыр-Көкше Тобықтыға бірінші рет управитель болып, Абай әкімшілік жұмысын өзінің әділеттігі мен жігерін ел басын біріктіруге, ұрлық-корлыққа мейлінше тыйым салуға, оқу-білімнің пайдасын, надандықтың зиянын көвшілікке түсіндіруге пайдаланады»<sup>4</sup>. Абайдың өлеңдері мен өмірін терең зерттеушінің бірі Сәбит Мұқановтың жазуынша, «ол кезде белен алған ұрлық-карлыққа, барымтаға, тағы ондай қиянаттарға қатты тыю салған. Қиянатшыларға кешірім істемейтін қatal болған»<sup>5</sup>.

<sup>1</sup> Ауззов М. Жизнь и творчество Абая Кунанбаева. – В сб. «Жизнь и творчество Абая». Алма-Ата, 1954, 7–8-бб.

<sup>2</sup> Сильченко М.С. Творческая биография Абая. Т. 9. Алма-Ата, 1957.

<sup>3</sup> Сильченко М.С. Абай – классик казахской литературы. Стенограмма лекций. Алма-Ата, 1949, 4–5-бб.

<sup>4</sup> Қазақ КСР Академиясының ғылыми кітапханасы, колжазба қоры. № 629-ic, 61-б.

<sup>5</sup> Мұқанов С. Абай туралы. Монография. Қолжазба.– Қазақ КСР ғылыми кітапханасы, колжазба қоры. № 620-ic, 59-б.

Әсіресе, сауатын ашқан кей аша бастаған сезімтал жастар арасынан Абайды жактаушылардың көбеюімен бірге қарсыластары да бой көрсетті. Өз ата-бабасының, өз ауылының кертартпа ескі салтының шырмауынан шықпаған күндестердің күңкілі көбейді. Абайдың оқығандығы, сезгіштігімен алға қарай көш бастауға ұмытылуы оларға үйренген «тыныштығын» бұзатын өрекел іс болып көрінді. Патша ұлықтарының атына Абайдың үстінен арыз берушілер де табылды.

Араға үш жыл салып, Абай болыстық жұмысты тастанды. Кейін, ол жыл шамасы өткеннен соң, осы елге тағы бір рет болыс болады. Саналы кезінде қоғам өмірінен қол үзбеді. Округ, болыс бастығы сайлауларында өзінің туыстары ішінен ақылдыларының өтуіне көп күш жұмсады. Елді «тұзетемін» деген ойына да күмән түсті. Ілияс Жансүгіровтің ойынша, Абайдың «Ел бұзылды» атты өлеңінде түпкі сарын «басшыға, әсіресе, елді тұзетем, бастаймын деген өзіне бағынбағандығын көп арман қылады»<sup>1</sup>.

Сол кезде Орта жүздің әкімшілік орталығы болған қалалары Омбы мен Семейге тоқталып, тұрақтап, қазақтардың ата-баба заңдары, ережелерімен шұғылданған орыс оқымыстылары жер ауып, ия болмаса, бостандық аңсан келіп оқыған жас орыс мамандары Абай ауылына соқпай, онымен ақылдаспай кетпеген. Солардың ішінде П.Е. Маковецкийдің 1886 жылы жарық көрген қазақтың әдет-ғұрып заңдарына арналған кітабына Абайдың тікелей қатысы бар. Оның Абаймен жақын, сырлас, тамыр-таныс болғаны мәлім. Апталап, айлап Жидебайда қонақ болып, келіп-кетіп жүрген. Абаймен тығыз аралас-құралас жүрген туысқандарының, шәкірттерінің айтуына қарағанда, Абай өзінің қолжазбасын Маковецкийге берген, соның атымен шығарғанға келеді. 1909 жылы Петербургте басылған Абай өлеңдері жинағының алғы сөзінде былай деп көрсетілген: «... Макауитскийдің атына басылған қазақтың ескі әдет-ғұрпы деген кітапты жазып аламын деп жүрген Грус (Гросс – С.З.) ...әм Михаэлис Абайдікіне қонак болып келіп кетіп жүрген»<sup>2</sup>. Гросстың енбегіне Абайдың көмегі мен әсері мол болған. Мұхтар Әуезовтің ертеректе шыққан бір енбегінде: «Гирос (Гросс – С.З.) айдалып келген соң қазақтың ескі жорасы бойынша айтылатын билік кесім сияқты ескі әдет заңдарын жиып, қарастыруға салынған, сонымен бұ да Абаймен араласып, қырға шығып, 3-4 айдай Абайдың ауылында жатып қайтқан»<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Жансүгіров I. Абай. Толық жинақ. Кіріспе сөз. Алматы, I бөлім, 1993, 24-б.

<sup>2</sup> Әуезов M. Абайдың туысы мен өмірі. – Абай. Толық жинақ. Қызылорда, 1933, 361-б.

<sup>3</sup> Сонда.

Абайдың өскен заманында билер сан жағынан көп те, шын мағынадағы билер саусақпен санағандай болатын. Би атағын атап та беру, сатып та беру тараған-ды. Ауыл басына кемінде бір биді ұлық тағайыннады. Бұрынғы, ел бұзылмай тұрғандағы адал билердің салтын, өнерін, әділеттілігін, тапқырлығын, ойшылдығын сақтағандар сирек кездесетін еді. Соның бірі Абай болды. «Сұңқар даусымен, тұлпар шабысымен» дегендей, Абайдың тапқырлығы, сөз қисыны мен ой қисының үштасуы, үлкендердің алдында қаймықпай айттысқа түсे алатындығы жасынан-ақ сезіледі. «Тегін емес», дарынды жас екендігі байқаудан өтеді. Ел арасында «Құнанбайдың Ыбырайы», кейде «Құнанбайдың Абайы» деген сүйсінген көтерінкі ат кеңінен тарай бастайды. Әділ би, шешен би аты көпке тарап, Абай тарихта өткен ұлы билердің қатарынан саналады.

Фасырлар бойы қалыптасқан үлгі бойынша би атағына ие болу үшін алдыменен қылдылығымен бірге тапқырлығын, әсіреле үлкен ойшылдығын үлкендер алдында, жиын алдында жасынан бастап көрсетуі, сөйтіп көпшілік сыйынан өтуі қажет. Абай да осы жолдан өтті. Бір-екі мысал келтірейік. Академия кіталханасының қолжазба корында Мұхатов Фалымжан атты азаматтың ертеректе ел ішінен жинап, тапсырған мына дерегі жатыр. Қаракесекпен жасарлас отыратын Қареке руының адамдары бір жылы ел жайлауға шыққанда Тобықты руның бес айғыр үйір жылқысын барымтап алышты. Дау шешімін таппайды, таласқа айналып, екі рудын араздығын қүшеттеді. Кейін осы рулардың арасындағы дауды бітіруге Тобықтыдан Құнанбай бастаған қырық кісі Қареке еліне келіпті. Қареке жағынан Камен би бастаған халық жиналыш, екі ел бір төбенің басына отырыпты. Жол сырын аңғарғаннан кейін Камен би: – Уа, Құнеке! Желілекен жылқы жалғыз сіздікі емес, желпінген тақым жалғыз біздікі емес, көрген көз, қалған із жок, айып кімнен? – дейді. Сонда Құнанбай не айтар екен деп қасындағы баласына қарайды. Абай кідірместен: – Рас айтасыз, биеке! Желілекен жылқы жалғыз біздікі емес, желпінген тақым жалғыз сіздікі емес. Тай мініп, тайлақ жетектеген әр елде бар, Қара үнгелдін бойымен жылқы қуып, қансорпа қылған қай елде бар? Қөрген Тобықты аз болса, Құдай көрді, – депті. Камен би бала сөйлейді деп ойламаған, сасып қалышты.

Сонда ол: – Япырым-ай, Тобықтының үлкені тұрғанда, кішісі сөйлейді екен-ая! – дейді. Абай оған: – Биеке, оның не ерсілігі бар? Үлкенім жол айтады, өзім дау айтамын. Ал сіз дауыңызды өзіңіз айттып отырсыз, жолыңызды кім айтады? – деп жауап қайтарады. Камен би сөзден ұтылып: – Тілінді тәнір кессін. Менін заманымның сүрқылтайы мынау екен, – дейді де, орнынан үшшып

тұрып, жігіттеріне қарап: – Тобықтының жылқылары біздің үйірге қосылғаны рас болса, қайырындар, – деп бүйрық береді. Сонымен Қаракелер барымтаға алынған жылқының барының көзін қайырып, жоғының төлеуін беріпті. Бұл даудың қансызы, қауіпсіз, жөнімен біткеніне Қаракелердің өздері де қатты риза болып, Абайға алғыс айтады, Құнанбайға айыпқа қасқа тоғыз жол беріпті<sup>1</sup>.

Абайдың кейбір мұлік-мұрасын 1932 жылға шейін қолында сақтап келген (тоғызқұмалағына шейін), қызы есебінде болған келіні Камалияның айтуынша: Абай анасы Ұлжанның бауыры Сактыбаймен, оның дәлелдеп айтатындығына сүйсініп, әңгімелескенді ұнататын. Бір күні Абай Сактыбайға: – Біз: Тәнірберді, Ысқақ, Абай, Оспан төртеуміз кедей болып сенің қолыңа барсак, сен бізді қалай пайдалана едің? – дейді. Сактыбай ойланбай-ақ: – Тәнірбердің жылқының қосағасы қылар ем, Абайды дауға, Оспанды саудаға, Ысқақты қонаққа салар едім, – депті. Мұны естігенде Абай қанағаттанғандай қарқылдан күлетін<sup>2</sup>.

Абайдың өткір тілін, өсем сөзін, талай шиеленіскең дауларға түсіп айтқан ақылды биліктерін баяндайтын біраз естеліктер, материалдар бар-ды. Әділдігі, шешенендігімен Абай жиырманың үстіне жаңа шыққан кезінен-ақ үлкен беделге ие бола бастады. Оның атағы оязной түгіл («уездный начальник»), Семей губернаторына жетті. Ел арасында «Аузымен құс тістеген» ақпа дәүгер, алмас тілді ақын, әділ билік иесі деген атақ та кеңінен тарады. Абайдың беделінің артқаны сонша, өзі ресми қызмет орында болмаса да болыс сайлау науқанында оның сөзі, ұсынысы жүріп отырған. Абай қолдаған үміткерлердің ісі онынан туған.

Біздің қолымызда кезінде жиналған елуден астам Абай биліктері, оның үстіне Тәбе би болып ресми танылған кезіндегі оның басшылығымен жасалған ережелер де бар. Осы кітапта Абайдың жер дауы және мал дауына қатысты бірқатар бітім-біліктеріне ғана талдау жасап, оқырмандарға ұсынып отырмыз. Осылардың өзінен де көп мағлұмат алуға болады: Абайдың қазақ халқы өміріндегі, ақындығына қосымша, бұрынғы ел қамын ойлаған, әділдіктің арқауы болған ұлы билердің мұрагері, соңғы өкілдерінің бірі болғандығы байқалады. «Абайға жүгініске барсак, билігіне құлдық» деу әділ бітім іздеңдердің арманы болыпты.

<sup>1</sup> Фылыми кітапхана. Қолжазба қоры, № 631 іс, 23–24-бб.

<sup>2</sup> Сонда, № 628 іс, 195-бет.

## 1. Абай және жер дауы

Ежелден белгілі талас-тартыстың бірі – жер дауы. «Жер Құдайдікі» деген заманның өзінде-ақ жайлау, шұрайлы қоныс үшін жауласуға шейін барған мезгілдер болған-ды. Бірак жердің кендігі бір қонысты, ұнамаса тастай беріп, екінші қонысқа ауысу мүмкіншілігі бар уақытта жерге таластың көп өзгешеліктері болатын. Таластың көбі ұлыс, ұлken рулар арасында болатын да, жеке шаруа, ауыл арасында сирек кездесетін, рудың өз ішіндегі жанжалдар көбінесе сыртқа шықпай, ақсақал, билердің шешімдерімен бітетін. Сол себепті ұлыстың, рулардың ішкі өміріндегі қайшылықтарға арналған әдет-ғұрып, жол-жоба тәртібінде жер дауы жайлыш ережелер аз. Ертеде, дәлелдеп айтсақ, XVIII ғасырдың ортасына шейін жерге жеке меншік деген бүгінгі мағынадағы ұғым көшпелі қазақ елінде болмады. Бұдан жер кімдікі болса, сонықі, иесіз жатты деу де қате. Ауыл-ауылдың, ру-рудың жайлауы, күздігі, қыстақ орындары бөлінгендей болғалі, бірақ та тарлық болмайтын. Қоныстары ауысып отыратын, малдары қосылып жайылатын, оларды айыратын заманда жер дауының ұлken қоғамдық маңызы болған жоқ.

Абай кезіндегі жағдай өзгеше. Қазақ қоғамының өміріне, соның ішінде жер қатынастарына да ұлken өзгерістер енді. Жайлау-қоныстың тарылуы, ішкі өлеуметтік қайшылықтардың өсуі ру, ауыл ішіндегі «туысқандық» байланыстардың әлсіреуіне, бұрынғы көшпелі қауымның уак-уақ болып бөлшектенуіне, жеке шаруа, ия болмаса әрбір ата баласының өз алдына бөлінуіне әкеліп соқты. Жер иеленуде жеке меншіктік өріс алды. Тек қыстаудың айналасындағы қыстық жер емес, жайылымы, су бұлағы, шалғын сайы бар орындар ана ауылдікі, мына адамның жері болып бөлінді, белгіленді. Малды ауыл, малсыз ауыл, әлді-әлсіз ата баласы, бай-кедей болып жіктелу көбейгендейтін, қонысқа талас, күшпен басып алу – жер дауын көбейтті.

Жорага түскен жер дауын шешуде ескі тәртіп, дәстүрмен қатар жана ережелер туды. Бұрын жер таласында қонысты жерді қай ру, ауыл бірінші боп бұрын игерді, қазған құдығы, жер аттары моламазарлары, тасқа ойған ру танбалары дәлел ретінде бағаланатын.

Сонғы уақытта жерді бөлуде, айыруда атпен жүріп тас тастау, меже салу, бақан тігу, шоқы-төбебе белгі салу өріс алды.

1. Абайдың өзінің інісі Оспанға тарттырған айыбы. Кенжесі ретінде Құнанбайдың қара шаңырағына ие болған Оспан содыр мінезді, дандайсыған, сотқарлау болыпты.

Жазда Оспан жайлауға көшіп кеткенде, қыстаулар, қора-копсы бағып қалған 12 үй жатақтар ой-ойдағы тың жерлерге ағаш, соқаға

сауын сиырларын жегіп, бірлесіп 20-25 десятина жерді жыртып, азды-көпті тапқан бидайларын, арпаларын шашып, егін егеді. Оны түяқтыға таптатпай, тұмсықтыға шоқытпай, қорып өсіреді. Мандай терлері кетпей, егіндері көбінесе бітік өседі, алқарапқа болып бүл жылы да толқып тұрады. Күш көлігінің, құрал-сайманың жетімсіздігінен кеш егілген егіс кеш пісетін-ді. Дегенмен жатақтар бала-шағасына көжелік, кеспелік астығын жинап алатын.

Бір жылы Оспан жайлаудан жылқысын айдатып көшіп келе жатқан кезінде жатақтардың жайқалып өскен егісін көріп жылқышыларына:

— Ой-ойдағы жатақтардың егініне жайындар! – деп әмір береді.

Жатақтардың егіндерін Оспанның жылқысы аузымен орып, түяғымен таптап күйе жегендей етеді. Сорлы жатақтар зар жылап, құркелерінің түбінде жер шұқып, іштері күйіп өкінеді де қалады. Бұл кез Қоянды жәрмеңкесіне елдің жүрер қарсаны екен. Қояндыда билердің төтенше съезі де тағайындалады. Абай осы съезге шақырылады. Ол Қояндыға бара жатып, жатақтардың үстімен жүреді. Жол-жөнекей әрбір ойпанда құрым жапқан олардың құркелерін көреді. «Сусын ішелік», – деп аттың басын бұрып, бір құркеге тіреледі. Алдынан бір бұқірейген шал шығады, сәлем бергеннен кейін, Абайды танып: «Құыс үйден құр шықпа», – деп, шал Абайды құркеге кіргізіп, сусын ұсынады. Сол жерде Абайға Оспанның егінді таптатқанын, соның салдарынан шиеттей бала-шағаның қатықсыз көжеге зәру болып қалғанын айтады.

Абай шалдың сөзін ұн демей отырып тындаиды да: – Ал аксақал, қасына серік ерт те, қос атпен маған еріп жүр, мен ертең жолдағы Оспанның үйіне барамын, сонда осы әнгімені жалғастырайық, – дейді.

Шал: – Біздің 12 қос жатақтың аяқ ылау қып мінері жалғыз сабау бұт, жауыр дөненнен басқа біздің көлігіміз жок, – дейді. Бұдан кейін Абай өзінің жеккен шеткі атын доғарып, шалға береді де: – Менің атыма біреуің, дөненге біреу мініп, ертең сәскеде, мен Оспанның үйіне барап кезімде келіндер, – деп тапсырады. Келесі күні түске таман шал, қасында тағы бір жатақ, Оспанның ауылына түсіп, Абайдың шақыруымен інісімен бас қосқан үйге кіреді. Болған оқиғаның растығына көз жеткеннен кейін Абай Оспанға: – Қазір өзің бар да, жылқыдан құнан-тайы, аты бар, маған 24 жылқы айдал әкел, – дейді. Оспан аң-тан, қапелімде орнынан тұра қоймайды. Абай Оспанға зәрін тігіп, қадала қарайды. Оспан үйден шығып, жылқыға кетеді.

Жылқыға бара жатып Оспан қиялданады: «Егер Абай жылқыны жатақтарға беріп айдатса, қайтар жолына 3-4 жігіт жіберіп, жылқыны қайта үйіріне қостырайын» деп, әдіс-айла құрады.

Оспанның үйден қытырып шықанын жаратпаған Абай: – Бұл содыр, соқтықпа неме, жылқыны айдал үйіне бір әкетер, бірақ, жатақтарды ауылына жеткізбей, өзінің сойылын соғатын көңілдестерін жіберіп, «ана екі жатақтың жұлдызының үз де, жылқыны айдал үйіріне кос» деп те әрекет жасар» деп іштей топшылайды. Оспан 12 ірі жылқы, 12 құнан-саяқтарды айдал келіп, Абайға: – Ал жылқы келді, тілегінді орындағым, әкеңнің малын қайда, неге жаратқан қызығына қарауға рұқсат етіңіз, – деп, қыр көрсетіп сөйлейді.

Абай екі жатақтың қасына өзінің жанында еріп келе жатқан Қонды шабарманын қосып: – Мына 24 жылқыны айдасып, жатақтарға барып, 12 үйге, біріне де қиянат етпей, бір ірі, бір құнаннан бөліп бер. Бұл менің Оспаннан әперген әрі төлеуім, әрі айыбым, – деп айтыңыздар, қорықпай малдансын, қажетіне ұстасын, – дейді, де Оспанға: – Бері кел, «құлдық» де, – деп бүйірады. Оспан ашуланып: – Тағы қандай әкеңнен қалған малға мырзалық етесін? Тек шаңыракты корлама, – деп зіл айтады. Сонда Абай: – Экеңнің шаңырағының қасиетін сақтасаң, көленкеде жүрген, жай-лауға көшсөң қыстауынды құзететін, әйелдері іркітінді құрт, жүнінді киіз, малыңың көнін отын ететін жатақтарда әкеміздің құны кеткен жоқ, сен неге оларды қорлайсың? Алты ай жаз ауруға дем салғандай етіп күтіп, бәйек болып өсірген 12 үй жатақтың егінің әкеңнің жылқысына неге жегіздің? «Жер ортак – өсімінде менікі-сенікі жоқ» деуің жатақ елінің табанының етін, мандайының терін бағаламау, ел дәстүрінің ата заңында бар ма? Білмесен бар, ана Нұрсейіттен сұрап біл... жерді, суды сен жаратқан жоқсың, жер-су Құдайдікі, соны кім пайдаланып, иғілікке үлес қосса, соныкі. Сен жерге малыңды жайып өсімін алсаң, жатақ күш-куатын жұмсап, жерден өнім алуға тиіс. Экеңнің дәулетінде менің де үлесім бар. Мен сол өз үлесімнен емес, сениң үлесіңнен жатақтарға айып әпердім. Менің шешіміме қарсы болсан, Қояндыда болатын билердің съезіне жүр. «Әдепсіз өскен ұл-қызы өлген ата-анасының сүйегіне тіл тигізеді», – деген бар. Сен өзінді олардың қатарына жатқызыбаудың амалын ойла, – депті. (Абайдың бұл билігі 1960 жылы Жалғызтебе ауылдың тұрғыны карт Исақов Айыздың айтуынша жазылды, Сыбандармен құда, сүйегі – Кіші жұз, Байбакты руы).

2. Абайдың туысы, Тәкежанның баласы Әзімбай күшіне, сүйемеліне сеніп, аз Жігітек руының егініне 30 жылқысын жіберіп, жайдырады. Бұны басынғандық деп санап, жылқыларды егін иелері ұстап алады.

Әзімбай ашуланып, 150 адам жинап, сойылдасады. Бірақ жыл-кыларын қайтара алмайды. Енді ол 300 қол жинап жатқанда оған қарсыласудың қындығын білген Жігітектің бас адамдары Базара-лы мен Дәркембай тұн ішінде Абайға кісі жібереді. Абай ертеңіне егін басында Әзімбайдың, Жігітектен Базаралының шағымдарын тыңдалап келіп, желінген, тапталған егін үшін, сойылдасқаны үшін Жігітектердің қолында тұрган 30 жылқыны соларға қалдырады. Әзімбай Семей қаласындағы орыс сотына шағым түсіреді. Сот Абайдың билігінен асып түсе алмапты. (Бұл оқиға 1962 жылы шілде айында «Горный» совхозының тұрғыны Едіжанұлы Әбіштің айтуыша жазып алынды, 82 жаста, туған жері Семей облысы, Шұбартау ауданы).

3. Оразбай мен Абай. «Аңы судың арғы жағы» аталатын Ертіске құлар жолдағы Уақтың жерін Тобықты Оразбай Аққұлұлы «жылқысы Ертістен су ішкізуге бөгет болды» деп, 100 кіслік қол жіберіп, сойылдасып басып алады. Осы тартыста Уақ руының жігіттері Оразбайдың бес мықтысын түсіріп қалады. Семей оязының ресми сотына Оразбай арыз береді. Тергеу жүргізіп бітіре алмай, орыс әкімдері бұл істі Абайға жолдауды макұлдайды. Ол үшін екі жақтың жүгініске отыруға келісімі керек. Бір жағы, сүйегіміз бір ғой деп келіссе, екінші жағы Абайдың әділдігіне сеніп келіседі. Абай екі жағына да тартпай, жүгіністен соң «Қара қылды қақ жарып» мынадай бітім жасайды:

— «Анау Аңы су кезінде Уақтікі болатын, оны әкем Құнанбай тартып алды, оның бергі жағы — Аңы судан Доғалаққа шейін Жиреншениң әкесі Шоқа тартып алды. Аңы суға шейінгі орынды Оразбайдың әкесі Аққұл тартып алды. Аңы судың арғы жағы Уаққа қалсын. Қолға түскен бес кісіні Уақтар Тобықтыға қайтарсын. Олардың мінген бес жылқысы (аты) жеріне рұқсатсыз кіргені үшін айыбы ретінде Уақта қалсын».

Оразбай бастаған Тобықтылар Абай Уақтың сөзін сөйлейді, оларға болысты деп қатты даурықсан. Бұл оқиғаны есінде сақтаған, көп билетін 82 жастағы қарт Әбіштің айтуына қарағанда, Оразбайдың Абаймен өштесуі осы биліктен басталады. Жүгініс сонынан Оразбайлар «Аруақ атсын!» — деп айқайлағанда, Абай:

— Мені ататын аруақ сен емес, — депті. Оразбай: — 3000 жылқыны осы жолға салдым, — деп істі қуатының білдіреді. Сонда Абай:

— Құнанбайда 7000 жылқы бар, жылқы сөйлейтін болса, сөйлетіп көр, оны да қосып көр, — депті. (1962 жылы жазылды. Айтуышы Едіжанұлы Әбіш).

4. «Әкенің салған белгісі, бітім сөздің желісі» деген бар. Бұл

биліктің тарихы 1958 жылы, 73 жасқа келген Әрхамның айтуынша жазылды.

Ол Көкітайдың баласы, Көкітай Абайдың інісі Ысқақтың баласы.

Абайдың туып-өсken Шыңғыс болысымен іргелес – Қызыладыр болысына қарасты Мамай ішіндегі Еламан руынан Жамантайдың екі ұлы болады: Тезекбай, Көжекбай. Әкесі қөзінің тірі кезінде оларға малын, жерін бөліп береді. Тезекбай кедей болып, бір сиыр, бір аттан артық бітпейді. Ер жеткен төрт ұлы бар. Көжекбай малды болып, байып, өзіне тиісті жерінің жайылым шөбі жетпей, ағасы Тезекбайдың жеріне ат майын, ұсақ мал беріп, жыл сайын малын жаяды.

Байлықтың арқасында оның абырайры өсіп, бес старшын Мамайдың басты адамдарының арасында ықпалы жүреді. Соларға сүйеніп ағасының жерін өзіне қаратып, меншіктеп алуды ойлап, Еламанның атқамінерлері Қосқан, Тұрарларды бірнеше рет қонақ қылып, ортаға жүргізеді. Олар Тезекбайды Көжекбайдың үйіне шақырып алыш:

– Мына ағайынды екеуінің жерің бөлінбепті. Біздер ағайын болып, билік айтып, жерлерді бөліп берейік, – дейді. Тезекбай:

– Жерді әкем Жамантай өзі тірі кезінде бөліп берген. Қайта бөлуге рұқсатым жоқ. Жүгініске келісімім жоқ, – дейді. Тілімізді алмады деп ызалаңған Қосқан мен Тұрар Еламанның бірталай кіслерін шақырып, жерді еріксіз бөліп, Тезекбайдың көп жерін Көжекбайдың меншігіне қаратып, меже салып, таспенен белгілейді.

Көжекбай алған жеріне малын жаяйын десе, Тезекбай төрт баласымен бірге балта, шоқпар алып, жеріне жолатпайды. Дау өрши түседі. Қалай да болса Тезекбайды қөндіру үшін бес старшын Мамайдың болыс-білерін, елубастарын шақырып, бір семіз тай сойып, Қосқан мен Тұрардың жерді бөлуін актілетіп, бекітіп алмақшы болады. Больіс-білер Тезекбайға: – Ақсақал, бір старшын Еламанның басты адамдары бөліп берген жеріне Көжекбайдың малын неге жайғызбайсың? Олай болса бізге билетіңіз, біздер біржолата дауларыңызды аяқтайық, – дегенде, Тезекбай: – Мен билікке Абайды аламын. Абай алдына барып жүгінелік, – дейді. Больіс-білер:

– Абай бөтен болыстың адамы, ал біздер болсақ туыскан, бір болыстікіміз. Бізге неге сенімсіздік туғызасың? Біз шешкелі жиналдық, – деп бірсөзділігін білдіреді. Тезекбай: – Төрт балам мен өзімді қырып тастамасандар, берер жерім жоқ, жүгінетін жүгінісім де жоқ, – деп көнбейді. Оның қарсылығына қарамастан Қосқан мен Тұрардың биліктерін бекітіп, мөрлерін басады. Бұдан кейін де Тезекбай төрт баласымен Көжекбайдың малын өз жеріне жайдыртпайды. Төбелес-тартысқа бара алмай, Көжекбай Абайдың алдына барудың айласын ойлайды. Қосқан мен Тұрарға: – Мына Тезекбай төрт бала-

сы мен өзі өлмей тұрып, жерді беретін емес. Енді өзі қалап отырған Абайына барып сілесін біржолата қатырып алсақ қайтеді... Сондыктан Абайға жақындасуға сіздердің қандай мүмкіншіліктерініз бар? – деп сұрайды. Сонда Тұрар: – Мен Абайдың ең жақсы көретін баласы Мағауиямен жақсы едім. Сен малыңды аямасаң, мен Мағауияға барып, Абайды бүрғызузың амалын ойлайын. Көжекбай: – Малымның ішіндегі екі жыл мінілмей, құр жүрген бурылала атым бар, соны Мағауияға беріп, неғылсандар да, осы жерді алып беріндер, – деп Тұрарға жалынғандай болады. Тұрар бурылала атты жетектеп, Мағауияға барып істің жайын баяндайды.

– Бір болыс Мамайдың билігін бекіттіріп беруге көмектес, әкенді көндір, – дейді. Сонда Мағауия құледі де: – Ақсақал, менің әкем пара алып, билігінді теріс айт дегеніме көне ме? Бірақ та өзім үш күннен кейін Ақшоқыдан Жидебайдагы әкеме барғалы отырмын. Бұл сөздің мәнін айтайын. Лайықты бітім табар, мына бурылала атыңды өзің алып кет, – деп жауап беріпти.

Тұрар Мағауияға сөзім өтпелі деуді ар көреді де, Көжекбайға бұрып айтады: – Мағауия үш күннен кейін Абайға барып, біздің тілегімізді орындаپ бермек болды. «Атты содан соң алғызып мінермін» деп кейін қайырды, – дейді. Бұған Көжекбай сеніп, Тезекбайға: – Үш күннен кейін Абай алдына барып жүгінелік. Бірақ осы дауды қайталамау үшін әкеміздің атын атап, Абай айтатын шешімге ризамын деп ант ішсін, – деп хабар береді. Тезекбай: – Менің қолым Абайға жетсе болғаны. Абай бар жерімді Көжекбайға алып берсе де ризамын. Ата-бабам Мамайдың, әкем Жамантайдың аруағы атын, – деп ант етіп, өз сезінің байлауын айтып жауап қайырады.

Енді Көжекбай бес старшын Мамайдың бес басты кісісімен, Қосқан мен Тұрарды ертіп, айтылған күні Абай ауылына аттанады. Тезекбай да бір баласын ертіп, ол да Абай ауылына жүреді.

Жүгініс кезінде Көжекбай:

– Әкем өлгеннен кейін, маған тиісті жерге мына Тезекбай қора салып алып, баласының қоптігін, бәрінің ержеткендігін істеп, малымды жайғызбай қойған соң, Еламанның ақсақалдарын, басшыларын шақырып, билік жүргіздірген едім. Оған да Тезекбай тоқтамағасын, бір болыс Мамайдың болысын, биін, мынау отырған жақсы адамдарын жинап, актілеп, бөлген жерді бекіттіріп алған едім.

Тезекбай оған да көнбей, өлермендік қылып, сіздің алдыңызға билікке келіп отыр. Мен де бір болыс Мамайдың игі жақсы басшыларының сезін аяққа баспас деп сізге келдім, – деп айтып, сезінің аяғын жұмбақтатып кетеді.

Абай: – Тезекбай, сен барлық Еламанның, бір болыс Мамайдың бөлүіне, айтқан билігіне неге көнбейсің? – де генде Тезекбай: – Әкем Жамантай тірі кезінде, Көжекбай екеуміздің жерімізді бөліп меже салып, тас қойып белгілеп беріп кеткен еді. Бұғанде Көжекбайдың малы көбейіп, абыройы есіп, менің жерімді зорлық етіп алғысы келеді. Еламанның басшылары Қосқан мен Тұrap ат пен астың билігін айтады, өзге Мамай адамдары ақша мен ру партиясының билігін айтады. Сондықтан әділетті билік естісем бе деп сізге келіп отырмын. Нендей билік айтсаңыз да менің бұлтарарым жок, көндім, – депті. Екі жақты тыңдай келіп Абай: – Көжекбай, сен мына Тезекбайға бір семіз жылқы, үш семіз қой соғым бер. Қытай барлық малынды Тезекбайдың жеріне жайып шық. Ал Тезекбай, сен жаз шыққанша, Көжекбайдың малын жерінен қайтарма. Қар кетіп, жер қарайған соң өзім барамын. Бұдан жиырма жыл бұрын әкелерің Жамантайдың екеуінде жерін бөліп беріп жатқанын көргенім бар еді. Сондағы белгілерді тауып, орталарынды тындырып қайтамын. Сонда Көжекбай:

– Абай, сіздің бұған жүруінізді сұраймын. Бір болыс елдің жақсыларының билік актісінде әкеміздің бөлген жерлері көрсетілген. Сол кезде салған белгілерді көрмесеңіз де болады, – деп ұсынады.

Оған Абай: – Ай, Көжекбай, ісің ақ болса, актілерің хақ болса, бурылала атты Мағауияға неге бердің? Әкең Жамантайдың бөлігін, билігін мен екі ете алмаймын, – деп билігін қорытындылайды. Бұны естігенде Тезекбай орнынан ұшып тұрып: – Билігінізге ризамын. Құлдық етемін. Бұл Сары Сайтан (Көжекбай) Сіздің де қолтығыңызға кірем деген екен-ау, – деп, ырзалық білдіреді.

Жаз шыға Абай өзі барып, Көжекбай мен Тезекбайға жер бөлгендегі әкесінің салған межесін, белгі тасын тауып, жерді Жамантай бөлгендей етіп бөліп, екі ағайын арасындағы созылған дауды тындырарлық етіп шешіпті.

5. XIX ғасырдың соңғы жылдары Көтібак руы Айқынбай деген кісінің бәйбіше, тоқал – екі әйелі болады. Оның әрқайсысынан екі-екіден төрт бала болады. Айқынбай өлгеннен кейін жер еншісін бөліскенде өзді-өзі келіспей, бәйбішeden туған Көріpbай бір анадан туған інісі Оспанбаймен жер бөлу туралы жанжалдасып, төбелесіп, Оспанбайға айып тарттырмақшы мұқату ойымен төбелес кезінде өзінің шекесін өзі пышақпен тіліп жіберіпті. Бұдан кейін көлденен ағайындар Оспанбайға екі ат-шапан айып кесіп, билік айтады.

Осыған орай Оспанбай сары буласын және бір атын айыпқа төлейді, бірақ риза болмайды. Бөлінбеген жерге тоқалдың балалары да үміттеніп қалады, «біздің де үлесіміз бар» деп, жер таласы

қайта қозғалады. Ауыл ақсақалдарының кенесімен Айқынбай балалары Абайға жүгініске барады. Жора үстінде Көріпбайдың өз шекесін өзі кескені анықталады. Абайдың билігі бойынша көлденең ағайындарының Оспанбайға кескен ат-шапан айыбы өзгертиледі, оның берген малын Көріпбай қайтаратын болады. «Жер бәйбішеге екі есе, тоқалға бір есе есебімен бөлінеді. Бәйбіshedен туған Көріпбай мен Оспанбай екі есе жерді екеуі тең бөліп алсын. Ал тоқалдан туған екі үл – Иманбай мен Жаманбай бір есе жер алып, тілектеріне сай, өзді-өзді беліспей, риза болсын», – осылайша Абайдың билігімен жер дауы біткен-ді. (айтуши – Әрхам Көкбайұлы Ыскаков. Одан Көтібак руынан Базарбай Науанбайұлы жазып алған. 1958 жылы ол 68 жаста).

6. Абайдың Еркежанды жүгініске отырғызыу. Абайдың інісі Оспан өзімен аралас-құралас жүрген әрі сенімді құрдасы Көтібайға (Керей руының Тобықтыға сіңген Құнанбай кезіндегі бір бөлігі): – Менің көзімінің тірісінде Көтібай, сен менен енші алып, бөлек шықшы, – деп оның еншісіне бір сиыр, бір бие, бір түье, он қозылы саулық, оның үстінен әкесі «Құнанбайдың шіі» аталағатын қорықтан Майтұбек дейтін жерді шабындыққа бөліп беріпті.

Оспан өлгесін, үш жылдан кейін, ел бауырға, яғни құзгі жайланаға көшіп келіп, шабылған шөпті қорага тасу басталғанда шаруаны аралап жүрген Еркежанның (бұл кезде Абайға атастырылған) көзіне Майтұбекте үолі-үолі шөмелелер түседі де:

- Мына шөпті неге қалдырындар? – деп, тасушыларға сұрау салады.
- Бұл шөп – Көтібайдың шөбі.
- Көтібай ешқандай шөпті арқалап әкелген жок. Шөпті қорага тасындар, – деп Еркежан бұйырыпты.

Көтібай бата алмай жүріп, Абайға барады. Сөз де айта алмай, үнсіз отырып кетейін деп тұра бергенде, Көтібайдың көзінен сорғалап аққан жасты Абай сезіп қалады да:

- Эй, Көтібай, бері келші, отыршы, сен неге жыладың? – дейді.
- Әншейін.
- Әншейін емес, бері кел, сенің көзіңнің жасында бір сыр бар. Үш түрлі жылас бар: шын жылас, біреуді мадақтап жылау, соңсонаң біреуді алдап жылау... Сенің көзіңнің жасы – шын жыластың жасы. Сырыңды айтшы, неге жыладың? – деп Абай тежеген соң Көтібай: – Кенже Оспан есіме түсіп кетті, – дей салады. Соңда Абай: – Әкем бір, шешем бір, ең жақсы көретін кенже бауырым Оспанға бұл күнде мен жыламағанда, сен жылайтын себебің не? – дейді.

– Өзіңіз білесіз, Оспан маган енші беріп еді. Сонда маган шабындыққа Майтубекті ұсынған. Был шауып қойған шөбімді Еркекан бәйбіше қораға тасыттырып, үйіп алыпты.

– Шөп сенікі екенін біле ме?

– Тасушылар айтқан екен, оған қарамапты Еркекан бәйбіше.

Далада шаруашылықпен жүрген Еркеканды Абай шақырттырып алыпты. Үйге кіріп келген Еркеканды Абай өзінен жоғары, ең төрге отырғызыпты. Оған Абай:

– Кәдімгідей жүгініп отыр, – дейді.

– Болды емес пе?

– Енді екі қолынды салалап, тізеннің үстіне сал. – Бәрін орындағаннан кейін Абай Еркеканға:

– Мына Көтібайға сені қыздай алған байың Оспан марқұм, менің туған інім кезінде шабындық берген, оны өзің білесің. Сонша тарлық жасап, сол шабындықта үйген шөбін қораға неге тасытып алдың? Осының артын аңғардың ба? Көрген-білген әділдікті Абай алдымен үйінде орнатып алсын деп көзімізге шұқып, жүзімізге таңба салмай ма? – деген Абай сұрауына Еркекан тіл қатпай, үндемей, өн-түсі қашып отырып қалады. Көтібай бұның бәрін тыңдалап, үнсіз отырады.

Шөп тасушыларды Абай шақырып алып: – Көтібайдың шапқан жерінен қанша шөп тасып алдындар? Енді сол қораға тасыған шөпті Көтібайдың шөбінен екі есе артық етіп, оның қорасына тасып, үйіп беріңіздер, – деп билігін айтыпты. Бұл билікті естіген Еркекан үнсіз жүгініп отыра беріпті (айтушы: Қасен Балғабайұлы, Абай ауданы, 1958 жыл).

## 2. Абай және жесір дауы

Жесір дауы – Қазақ қоғамында көп тараған даулардың бірі. Салт-дәстүрді мейлінше мықты ұстаған, ру тәртібінің әлі қаймағы шайқалмаған ерте кезеңдерде жесір дауы аз кездесетін. Абайдың заманында, яғни XIX ғасырдың екінші жарымында көшпелі қазақ елінің шаруашылығына да, әлеуметтік-саяси жағдайына да, тұрмысына да, санасына да бірталай өзгерістер енді. Жесір дауы көбейді. Оның жаңа түрлері шықты. Ел басына талай алуан қыншылық туған кезде жесір дауы халықтың күйзелісін күшайте түсті, іштей ыдырай беру себебінің біріне айналды.

Ресей патшасының отарлау саясатымен бірге қазақ халқына Еуропа мәдениетінің рухани байлығының лебі келе бастады. Адам теңдігі, жыныс теңдігі сияқты жаңа ұғымдар қазақ сахарасында, әсіресе

оқыған, сезімтал жастар арасында тарады. Ескі салт-дәстүрді, әдет-ғұрып заңдарын бұзбай ұстауды көксеген топтар құрылды. Бұларды ескінің адамдары деуге болады. Жаңадан бой көрсете бастаған топтардың пікірі – қазақ қызы-әйелдерінің ауыр халін жеңілдешу, олардың бас бостандығы мен тенденцияне мән беру, осы арада әдет-ғұрып заңдарын ақылмен пайдалану. Бұл ағым Еуропа мәдениетінен хабары бар, озық ойлы көзқарасты орыс, татар интеллигентиясымен аралас-құралас жүрген халықты оқу-білімге, ағартушылыққа шақырған қазақ азаматтарының арасында болды, осындай жаңа ағымның ірі өкілінің бірі Абай еді.

Қазақ салт-дәстүрінде, әдет-ғұрып заңында әйел мәселесіне, жесір дауына арналған ережелер көп-ақ. Олар «құда болып құрмаласудан» бастап, «қалыңмал», «шымылдық байғазы», «беташар», «ақ баталы жесір», «ақ некелі әйел», «әменгерлік» сияқты қызы-әйелдердің өміріндегі орнын қамтиды. Осыларға байланысты дау-таласты шешу ретін баян етеді. Әйел нәсілінің тенденцидің мен қофам өміріндегі әйел орнын кемітетін ескі әдет-ғұрыптардың, заң ретінде жүрмесе де, әсері әлі де жоқ емес еді. Оған «Күдалық қырқынан шыққан үл-қызыға жүре бастайды» атты салт қуә. Әйел, жесір туралы қағида-ережелер әдет-ғұрып заңында ерекше мол орын алған. Олар қысқаша тұжырымды нақыл сөз өрнектерімен берілген. «Әйел құны – ердің жарты құны», әменгерлік – «ерден кетсе де – елден кетпейді», айыпқа «қызы бастаған тоғыз» беру, қызды бітім құралы ретінде ұстау, «қатын мал иесі емес», «қатын қайратты болса, қазан кайнатуғағана жарайды», тағы осылар сияқты қағидалар күшін әлі жоймаған.

1. Абай өзінің беделін, білімін, әдет-ғұрып заңдарына жетіктігін, би атағын құғын, жәбір қөрген, азды-көпті бас бостандығын тілеген қызы-әйелдерге көмекке жүмсады. Абайдың туысқан-тумаларының жазып қалдырған естеліктерінде осы туралы бірталай деректер бар. «Әкем жесір әйелге, жетім балаға қатты қарайласатын», – дейді келіні Камалия. Оның айтуынша, бір күні Әліман деген жас әйел «әкеме қарсы қарап отырып, көзінің жасын моншактатып жіберді де, ауыр күрсініп: «Менің күйеуімнің (аты Шөте) өлгеніне бір жыл толып еді. Жасым 23-те, жалғыз еркек балам бар. Туысқандар мені бірімізге тиесің деп тыныштық бермей жатыр. Мен байға тимеймін, маған көз қырыңызды салыңыз, басымды талқыға түсірменіз. Ағажан, алдыңызға арыз айта келдім», – деп көз жасын тыймай жылады. Біраз әнгімелесіп, қал-жағдайын сұрасып болып, Абай осы жесір әйелдің ауылы – Топай руының басты адамдарына хат жазып берді де: – «Енді ешкім тимейді, үйіне қайт, баланды тәрбиелеп өсір, шаруана ие бол», – деп ақылын айтып шығарып салады».

Ақбордак дейтін жесір женгесін (Мамай руынан, кедейдің қызы) қайнысы (Құнанбай ауылына жақын адам) әмекгерлікпен алам деп зорлық істеп, қараңғы үйге қамап қойыпты. Әйел қамаудан қашып шығып, Абайға келеді. Абай бұл әйелге де бас бостандығын алып береді.

2. Жас кезінен өнерге үйір, домбыра тартумен бірге скрипканы да Абайдың қолдауымен игерे бастаған бір шәкіртінің баласы – Мұқа Семей дуанына қарасты елдің болысының баласы өлгеннен кейін, оның Батиха атты келінін алып қашады. Әдет-ғұрып тәртібі бойынша «ақ баталы жесір» өлген күйеуінің туыстарының біреуіне шығуға тиісті. Қашып кеткенге жаза да, айып та үлкен. «Жаным қалса, Абай арқылы қалады» деп, Мұқа сүйгенімен Абайдың ауылына барып панарайды. Іс дауга айналып, Абайға сөз тие бастайды. Дауды өршітпей мақсатымен Абай өзі барып кездесіп, шешендігі мен беделін салып Әлімкан болысты тоқтатады.

Келініне ол бостандық беруге көнеді. Бұл жерде Абаймен сыйластығы да қымбат болған сияқты. Кейін Мұқа мен Батиханы Абай өзінің қарауына алыпты. Олар Семейдегі «Народный дом-да» – қазақ халқының әні мен күйінен концерт беруге қатынасқан (жаздырған: Ақметқали Жанбосынұлы, 60 жаста, сүйегі Уақ, Семей қаласы, 1962 жыл).

3. «Өз жесірін өзі алса – бітім жақын» деген, Абай атымен аталатын, қагидаға айналған шешімнің шығу тарихына тоқталалық.

Семей уезінде қарасты Көкен болысынан Нұркеле Шыңғысұлы мен Абай өрі замандағас, әрі дос екен. Достықтың аяғын құдалықпен жалғастырмақ боп Нұркеннің қызын Абай Мағауия деген баласына айттырады. Қазақ ғұрпымен мал алысып, Мағауия Нұркениң қызына жасырын күйеу болып келіп, қызбен жолығады. «Қол ұстатур» деген күйеудің малымен, жыртыспен баратын, белгілі тойы болмақ болып, Абай Мағауияны қайнына жүргізбекші болғанында Мағауия «Нұркениң қызын алмаймын, күйеу болып бармаймын», – деп, көнбейді. Абай баласына зорлық қылмайды. Ойлансын, жастық қылмасын, Нұркемен менің достығымды айырмасын деп Мағауияға ойланарлық сөздер айтады. Кейінгіге қалдырады. Бұл хабар Нұркениң ауылдарына да естіліп, қыздың құлағына да шалынады.

Осындай күндер отіп жатқанда Нұркениң қызы әкесімен де, Абаймен аралас, оларды қатты сыйлаушы, үйге келіп-кетіп жүретін Көкшетобықты, Белағаш болысында тұратын Айтқазы Жексенбайұлы деген жігітпен кездеседі де, басындағы қыын жағдайын айтып келіп: – Сізді сыртыңыздан естуші едім адал, намысқер жігіт деп, енді өзіңіз кез болдыңыз. Абай баласының жесірі болған соң, сыртқы көзге ба-

сым байлаулы. Сөзге тұрсаныз ерлік қылып мені алып қашыңыз, жар қылмай, құн қылсаныз да ризамын, жалғыз-ақ Магауияның мазағынан құтқарсаныз болды, – деп қыз Айтқазыға жабысады. Айтқазы үйіне қайтып, қызыға уәде байласқан күні түнде 10 жігітпен келіп қызды алып қашады. Нұрке қызының қашып кеткенін білген соң Абайдан ұялып, не қыларын біле алмай сасады да, Абайға хат жазып кісі жібереді. «Өзініз Семейге келіңіз, сол жерде ақылдасайық», – депті.

Хатпен танысқаннан соң Абай: «Нұрке қызын өз қолынан берген жоқ шығар, Айтқазы екеумізбен де дос еді. Бүгін оған аттана шауып жауалық ізdemейік. Бір айдан кейін өзім Семейге барамын, сонда бір ақылы болар» деп жауап қайтарады.

Нұрке Абайдың сөзін күтіп жата береді. Айтқазыға кісі жібермейді. Айтқан мерзімде Абай Семейге келеді. Нұрке Абайға бұрынғы достық қалпында амандасып, сөйлесіп отырады. Қайтатын мезгілі болғанда Нұрке сөз бастайды: – Абай, екеуміз әуелден дос болып едік. Тобымызды сүйек айырсын деп, күда болып, екі баланы қостық, кінә сіздің баладан да болды. Менің балам шыдамсыздық қып қашып кетіп, мені Сізге қарабет қылды, Сізден қатты ұялдым. Ендігі ақылын өзініз табыңыз, – дейді. Сонда Абай:

– Эй, Нұрке, сөзіңің бәрі рас, бірақ өз басың таза, көнілің ақ болған соң ұялуың жөн емес. Тентектік екеуміздің баламызда да болды деп өзің айтып отырсың. Ендігі менің тапқан ақылым өзіміздің бұрынғы достығымызды айырмай жүре беру. Айтқазы Тобықтының баласы, алса өз жесірін өзі алды, зорлықпен алған жоқ шығар. Қыз мұңын шаққан соң, ерлік мінезі ұстаған шығар, мен оны да кінәлап қумаймын. Осы кездесуімізбен аяқталсың, басқа ақылым жоқ, – депті.

Бұл сөзден кейін Нұркенің көнілі тынып, үйіне қайтады.

Өзі жасырын Семейге келіп, осы әңгіменің бәрін естіген Айтқазы Абайдың жатқан пәтеріне келіп, үйге кірмей, есік алдында тұрып бір жолдасын Абайға жібереді: Барып, Абайға менің сәлем беруге келіп, есік алдында тұрғанымды айт дейді. Абайдың рұқсатымен үйге кіріп, тәмен келіп отырады. Сонда Абай: – Эй, Айтқазы, бұрынғылар айтқан, «досың да ер болсын, дүшпаның да ер болсын» деп, бір жағы сен менің інім, бір жағы досым едің, ерлік бетінді мен қайырамын ба? Бұрынғы орныңа отыра бер, – дейді. Айтқазы: – Абай аға, өзініз ерке қып өсірген соң өлерімді білмей өрге шауыппын. Сіздің менің ісімді кек көріп айдатып, байлатқаныныздан «өз тентегім» деп кешірім қылғаныңыз ауыр болды. «Өлімнен ұят құшті» деген осы екен, кінәлі болғанымды біліп, өзінізге келдім, – дейді. Абай: – Мен басынан

кешкем, енді шын кештім, – дейді де, басқа әңгімеге қөшеді.

Кейін бұл іс күтпеген жерден үлкен шиеленіске айналды. Абаймен басы араз, бір жақ елге басшы болып жүрген Оразбай Жалпақ деген жерде болған Семейге қарасты 4 уездің төтенше билер съезінде, Абай мен Нұркенің келмегенін пайдаланып, Тобықтыдан келген билердің басын қосып: – Бұл Нұрке аяқ астында отырған аз ауыл Уақ еді. Тобықтының алалығын пайдаланып, Абайдың жесірін басқа біреуге беріп жіберді. Оған Абай кектеніп жауласуға маған сенбеді.

Нұрке Оразбайға қосылып кетер деп қорықты. Сондықтан Нұрке мал да, айып та бермей кетті. Біз тұбі бір Тобықтының баласымыз, Абаймен араздығым үшін ел намысын сатпаймын. Осы съезде Нұркеден жесір даулап, берген қалыңмалымызды айыбымен қайтар деп съезге арыз тұсірейік, – дегеніне бірқатар Тобықтының билері еріп: – Абай кешсе де, біз кешпейміз, жесір көптің жұмысы, – деп желітіп, Абайдың жақыны Қазыбек дайтіннен арыз тұсіреді. Нұркені съезге шақырады, бірақ ол келмейді. Арызды қараушы билер Нұрке съезден қашты деп қорытындылап, сыртынан Қазыбекке 15 түйе қалыңмал төлесін, 10 ат айып төлесін деп билік айтады.

Нұрке Тобықтының бұл билігін кек көріп, Көкен болысының басшыларын жинап, Тобықтыдан жер даулатпақ болып үш уәкілдің атынан уезге арыз тұсіреді. Аямай шашқан ақшаның арқасында Семейден землемер барып, Шыңғыстың Сарша, Ақжол, Білде, Жылыөзек деген бірталай қоныстарын Көкенге береді. Бірақ көрші отырған Абайдың қонысына тимейді. Жері кеткен Оразбай, басқа да Тобықтылар амалы жоқ Абайға барып: – Біз Нұркемен жауласпай, жерімізді қумай отыра алмаймыз. Сен өз жеріме тимеді деп Уаққа бар ағайынның жерін тонатып қоясың ба? Жоқ, Тобықты аруағын жоқтайсың ба? – дейді. Сонда Абай: – Ей, ағайын, тыныш жатқан Нұркеге өздерің тиістіндер. Мен Нұркеде жесірім кетті, малым кетті, соны даулап алып беріндер деп сендерге айттым ба? Екіншіден, осы жер бөлігінде Нұрке мен менің қатысым болды ма? Қонысымды өзіме сұрадым ба? Енді келіп тыныш жатқан маған Нұркемен жаулас-даулас дегендерің жөн бе? Менен басқа Тобықты баласы Уақпен жауласуға жетерсіндер! Жәй жатамын, тынышыма қойындар, – деп, іске кіріспейді.

Жері кеткен ел Абайға өкпелеп, Оразбайдың айналасына топтанды.

Екі болыстың, Көкен мен Шыңғыстың арасында, бірін-бірі қаралап түскен арыздар көбейіп, жанжал күшіе түседі. Арқат деген жерде уез әкімнің өзі қатысқан билердің төтенше съезінде Нұрке жақ басым болып, Тобықтының ұрыларды сүйейтін адамдарына мал кескізіп, абақтыға жабу үкімін шығара бастайды. Нұрке уез басшыларымен

сөздес болған соң оларға қарсы тұрып, қайрат қыларлық Тобықты адамы болмайды. Тобықты мықтылары сасқан соң үйінде жатқан Абайға тағы да кісі жіберіп: – Нұркे уезге өзінің сөзін сейлетіп, Тобықтыдан мал мен бас алып жатыр. Бір тоқтау қылмаса, Тобықты елдіктен кетті. Өншегінде қадірін білмейді екенбіз. Енді бізді туысқан дейтін болса келсін, – деп шақырады. Абай көптің сұрағына шыдай алмай, Нұркеге хат жазып, кісі жібереді. Абайдың хатын оқыған соң Нұркे уез әкіміне барып, Тобықтымен қазақшылап өзінің бітіспек болғанын айтып, съезді тарқатады. Ақыры Тобықтыда ақым бар деген Уақтың кісілерін Нұркे Абайға жүгініске жібереді.

Екі жағы да Абайдың шешімін барына мал, жоғына күмән алып тоқтасады. Тобықты мен Уақтың қарым-қатынасы бұрынғы сыйлас-көршілес қалпына қайта келеді. Ел аузында бұл оқиға «Өз жесірін өзі алса – бітім жақын» деген Абай билігі ретінде сакталды. (Фылыми кітапхана, қолжазба қоры. «Абай» туралы материалдар», № 628 іс, 160–163-бб).

3. Абайдың інісі Ысқақ Мұқыр елінде болыс болған 1870 жылдардың аяғы. Құнанбай қартайып, қажылық жолына түсіп, ел билеуден қалған кез.

Ысқақ болыс Есболат пен Жуантаяқ деген елдердің ортасынан үй тіккізіп, билер съезін ашады. Бұндайда әр уақытта басшылықты Абайға берген. Бұл жолы да солай болды. Билер кенесінде қаралған көп даудың бірі – қыз Қадишаның арызы. Оның тарихы: Тоқалдан туған шешесі ерте өліп, жетім қалған қызы Қадишаны әкесі Пазыл (Жуантаяқ ата баласы) Есболатқа құда болып, бір жігітіне атастырады. Қадиша оны менсінбейді. Башан–Ақбота елінен Олжабай деген жігітпен көніл қосып, серт байласып, кетпекші болады. Бұрында Қадишаға сөз айтып жүрген жігіттер бар-ды. Оларға көнбейтін. Олардың бесеуі бірігіп, аңдып жүріп Олжабай мен Қадишаны ұстап алып, Олжабайды сабап, екеуінің аяғына кісен салып, Абай басқарған билердің съезіне алып барып, жазалауын сұрайды. Жүгініске отырар алдында Абай аяқ-қолдарын кісеннен босатады. Қадиша өзінің сөзін өлеңмен айтады:

Қадиша менің атым, әкем Пазыл,  
Жастықта жасараспай ма құрган әзіл.  
Айдалып бұл съезге келіп тұрмын,  
Бетіме айдай таңба түсін әжім.  
Алдыңа келіп тұрмын Абай ага,  
Бар шыгар Сіздерде де мендей бала.  
Айдаған кісен салып жиын топқа,  
Бар ма еді, бұрынғыдан қалған мұра?

Қыздың әкесі Пазыл жағын, оның құдасы Есболат адамдарын, кісендеген бес жігітті тыңдағаннан кейін Абай тұжырымын жариялады: – Мына Қадишаның басы бос болсын, өзі сүйген Олжабайға барсын. Пазыл жағы Есболаттан алған қалыңмалдарын қайырып берсін. Бес жігіт кінәлі болса да кінәсіз, олар әдет-ғұрып салтына сүйенген, олардың пайдасына Олжабайдан бір түйе айып кестім. Осылымен бітісіндер. Сонда Есболат жағы: – Абайжан, Пазылда мал жоқ, келініміз кетсе де, малымызды кетірменіз, – депті. Бұл сөзге Абай: – Олай болса, мына Олжабай мен Қадишаны жазықсыз ұрып, кісен салған бес жігіт сендердің малдарынды төлесін, – деп кеседі.

Бұндай әділ билікті бұрын естімеген, мүмкін деп те ойламаған Олжабай мен Қадиша бостандық алғанына ризалығын білдіріп, қуанғаннан көздеріне жас алып, Абай ағасының алдына тәжікім етіп жүріп кетеді. (Бұл биліктің желісі мазмұны жағынан бірдей, үш жерден алынды: Ғылыми кітапхана, қолжазба қоры, № 631 іс, 25–27-б.; Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайы, «Абай туралы естеліктер», Көрім Ақбергенұлының материалы; Қенгірбай ұрпағы Ахметбек Мұртазаұлының айтуыша 1958 жылы жазып алдық).

4. Сыбаның қызы Зылиқаны Керейдің Шақантай деген жігітіне айттырады. Қалыңдық ойнап жүргенде қүйеу бала қайтыс болады.

Жасы алпыска келген Сабатыр әменгерімен, жібермеймін деп Зылиқаны тоқалдыққа алмақ болады. Қыз қарсы, көнбейді.

Сыбандықтар қызын Сабатырға бергісі жоқ. Қыздың қалыңмалы өуелде 200 қара болып тағайындалған-ды. Екі атанаң арасында екі жылға созылған жанжал ұлғайып, барымталап жылқы шауып алу өріс алады. Соның біреуінде Керей жақ Сыбаның 170 жылқысын барымталайды. Бірнеше рет биліктен өтеді, бірақ та бітіске келмейді.

Қарқаралы уезі мен Семей уезі бас қосып, Аягөзде шақырған съезінде бұл дауды бітірсе, Абай бітіреді деп қорытынды жасап, екі жақтың келісімін алып, Абайды Төбе би салтайды. Абайдың сұрауы бойынша, оған көмекке Үіскәк пен Шекөрімді, Жиренше мен Оразбайды береді. Тергеу үстінде бұлардың өздерінің арасында пікірталас туады, көпшілігі қызды Керей шалына тоқалдыққа беруді жақтайды. Абай өзінің билігімен Зылиқаға бас бостандығын береді.

Оның тумалары Керейден алған қалыңмалын қайтарады.

Барымтансың білінгендері толық есепке алынып, білінбей, күмән ретінде қалғандары «сырымта» болып есептен шыққан. Дау бітіп, елдің өзара тыныштығы орнаған. (айтуши: Зылиқаның тумаларынан естіген Бірім ақсақал; Семей облысы, Покровка ауданы, Қарасуда тұрады, сүйегі Уақ, 196 жыл).

5. Мұқыр болысына қарасты Көкше руынан бай Шоламбайдың 23 жастағы жалғыз баласы Әзімқан қайтыс болады. Жетісіне жетпей жасы 70-тен асқанда өзі де дүние салады. Екі жас өйел жесір қалады.

Әзімқанның әйелі Батыrbай 22 жаста, үл баласы Балтақай 2 жаста, Шоламбайдың тоқалы Аналық 25 жаста, Үргызбайдың нәсілінен, өзі сұлу, ақылды, «ұжымактың қор қызындай» деп аталған. Қаралы жыл өткен соң сырт ағайын, Көкшениң басшылары жиналып, екі жесірге орын белгілейді. Әменгер көп. Тек Шоламбайдың әкесі Бозамбайдың 10 баласының тұқымдары бар. Ақсақалдар алдымен Аналықтың тағдырын шешті. Өйткені ол байдың әйелі, оның үстінен Үргызбайдың нәсілінен, «разы болмаса Көкшениң күлін көкке ұшырады» деп сескенді. Аналықты мандайалды жігіттердің бірі Нұрымбайға (Бозамбайдың үлкен баласы Сатының үрпағы) тиғізуге байлау қылады. Екі жағы да риза болып, еншісіне тиген 100 жылқы, 150 қой, жасау-жабдығымен Нұрымбай ауылына көшіріліп жіберіледі.

Екінші жесір Батыrbайға бозамбайлықтардың арасында талас ұлғая түсті. Кенжеғұлдың баласы Алтынқан бұл рет менікі, «мен аламға» салады.

«Қатынды алам, ал маған бүйіртпайды екенсіндер, малдың жарымын алайын. Саты тұқымы үлкен марқалығынан бір қатынды алады. Мен Кенженің тұқымы бола тұрып қалайша қатыннан құр қалам? Егер айтқаным дәл келмесе өлемін я біреуді өлтіремін, бірге айдалам» деп жерді қамышысымен сарт-сарт еткізіп, жапырылып жатқан көкөрай шалғынды таптап, шаңын шығарады. Оны Батыrbай ұнатпайды.

Көшілік те үйғармады. Алтынқан тоқтамға көнбеді. Жиынжылыс бірнеше күнге созылады. Ақырында жесірді Бозамбайдың екінші баласының тұқымы Шыңғайға тиғізуге байлау жасалады. Батыrbай ырза болмайды, неке оқытамыз дегенде неке суын ұрттамай, ойбай салып үйден шыға жөнеледі. Шыңғайды үйіне кіргізбейді. Аузы дуалы ақсақалдар жесірге де, Алтынқанға да ақылын, сөздерін тындана алмайды. Алтынқанға: «150 жылқы, 100 қой енші берелік, тоқта, шырағым» десе де, «Батыrbайды мен аламын» деуін қоймайды.

Жиылыс сайын бозамбайлар көшілік алдында керілдесе, боктаса келіп, жұдырық жұмсап таяқтасып кетеді. Бас жарылады, қол сынады.

Жесір Батыrbай мен оған әменгерлікке үйғарған Шыңғайдың арасы шиеленісе түсті. Жазған күйеуі оны көндіремін деп төбелесуге

шейін барады. Батыrbай көнбеді, кейде Шыңғайды қөтеріп соғып тепкілең тастайды, ауыл адамдары айырып алады. Шыңғай зорлықпен үйге кірем десе, қолындағы қарыс пышағын жалақтатып, бір қолына баласын ұстаган бойында, кәне келіп көрінізші, қайнаға, Құдай біледі жарып тастаймын, нең бар менде, мен байға тимеймін деп ойбай салады. Осылай күндер өтіп жатты...

Алтынқан бұлік салуын да тоқтатпайды. «Батыrbайды қайтсем де мен аламын» деуін қоймады. Әсіреле ел жайлауға шыққанда қонысы Шыңғай ауылымен қатарлас келсе, екі жақ болып қолдарына сойыл-шоқпарын ұстап төбелесулерін қоймайды. Қызыл жоса болады, бас жарылады, қол сынады, төбелеске қатындары да араласады. Көшіп келе жатқан бейбіт елдің түйесі үркіп, жүгі аударылып, қазан-аяғы қирайды.

Бұлік асқынып, насырға шапқасын тағы да көпшілік жиналады. Бұл жолы сырт ағайындары – Тобықты мен Мұқырдың бірқатар жақсылары бас қосады. Олар Батыrbайды Шыңғайға көндіруге тырысса да, нәтиже шықпайды. Алтынқанға да бұрынғы жоба мен сыбағанды ал да, әуреленбей-ақ қой десе – ол да өрши түседі. «Қатынды алам, басымды тіктім» деп отырып алады. Шыңғайға да: «Көнбекен, разы емес қатынды қайтесің, еншінді берелік» десе, ол да көнбейді. «Билік екеу ме, мені мазактайсындар ма? Батыrbай некелі қатыным, көнбесе төрт аяғына төрт қазық қағып тұрып керіп көндіремін» деп бураша шабынады. Ақсақалдар айтқан ақылын алғыза алмай, өздері де киналады, әуреге түседі. Ақырында Олжай ақсақалдың пікірі қабылданады. Оның ұсынысы: Бұрын талай тазды емдеп едік, аузымыздың дуасы кеткен екен. Біздің шын ұшырымыз бозамбайларға – бай балаларына даритын емес. Менің ойымша, бұларға Абайдан басқаның емі қонбайды, Құдай біледі, Абайдың алдында біздің алдымыздағыдай бұлар тұра жүгіріп төбелесіп кетпейді. Тіпті даурыға да алмас деп ойлаймын, Абайдың салауаты басып кетер десе, оны көпшілік мақұл көреді.

Ауыз керісіп отырған, алакөз болып алған бозамбайларды шақырып, ақсақалдар өз байлауларын естіртсе, олар: қайда айдасандар да барамыз, би тандамаймыз, – деп мақұл алыпты. Сонымен көпшілік Абайды шақыртпақ болады. Болған істің жағдайын айтып хат жазылады.

Абай Мұқыр елінің болыс, басшыларын тілмөш, стражниктерін де қатыстырып, Тасқұдық дейтін Бозамбай ауылдарының жерінде билер мәжілісін шақырады. Бұрыннан Абай келген жыынға адам көп келетіні мәлім. Бұнда да солай болады. Тікелей жұмыстары болмаса да, Абай келді деген хабарды ести сала атпен ерте шығып

кештетіп жететін қоныстардағы адамдар көп жиналады. Олар Абай сөзін тыңдағысы, есіткісі келеді, көрмегендер оны көріп қайтады. Жиын басталады. Абай сөзін көшілікке, ақсақалдарға арнап былай бастапты: – Казақ әдептінде әке дәүлеті, жер, су, мал-мұлік ерек баласына мирас. Әкенің мирасқоры ерек баласы. Жетімге, жесірге болысу ата-баба, мұсылмандықтың белгісі. «Жетім жыласа, жер-көк тітірейді» деген үлгі сөз бар. – Енді болыс, тілмәш, стражниктерге қарап: – Қол астарыңызыдағы елде екі жас-жарым-жетімнің малын талап алып үлесіп, сүймеген жесірді еріксіз ұрып-соғып, қөндіргісі келеді. Күш қолдарында емес пе? Болыстық ұзын найза, жүйрік ат сықылды емес пе? Не шаппай, не шанышпай тентекке бір сөйлесіп, есекке бір сөйлесіп, ұрыға бір сөйлесіп, құрыға бір сөйлесіп, көлеңдеп көзден тайып, тасалап, дон көрінбей жүргендерін макұл ма? Протокол жазып, кол койғызып жоғары ұлыққа бермейсіздер ме?

Абайдың бұл сөздері жиналғандарға, соның ішінде Бозамбай тұқымдарына катты әсер етеді.

...Бұдан кейін Абай үйді шамалы уақыт оңашалап, болыс, басшылармен сейлесіп алып, жесір әйел Батыrbайға атасқандарды бір-бірлеп шақыра бастайды. Алдымен түгі сыртына тепкен Алтынқан келеді. Абай оған жиылышта отырған басшыларды атайды: волостной управитель Эбен Бітімбайұлы, волостной писарь Алексей Познаков, ақсақалдардың ішінде Олжай Сапақұлы, тағы басқалар, – деп келіп сөзді өзіне арнайды. Абай: – Бұл адамдар сіздердің асқынып кеткен жанжалдарынызды әділетпен жайғастыруға, ұғындыруға жиналып отыр. Егер бұл жанжал бұл топтың басынан асып ұлғайып кететін болса, бастығы сіз болып жанжал иелері тиісті орындағы жоғары ұлық алдында (орыс әкімдері) жауапқа баrasыздар. Сол үшін өзіңізді Хакім алдында деп есептеп, тымағынызды қолыңызға алып, қамшынызды тастап, төрге қарай жүгініп отырыңыз. Енді жете алмай жүрген арманынызды ашусыз айта берініз, – дейді. Алтынқан бозарып, өзгеріп, бұрын малдың жарымын аламын деп жүрген, енді: – Маған үлкен үйдің малының керегі жоқ, қатынның қара басын алсам, іргеден шығарып алсам деймін, арманым сол, – деп бітіреді.

Абай: – Бұл қатынды алған адам іргеден шығарып алмайды, кім болса да байдың үйіне кіреді, дәүлетін есіремін, өшірмеймін, өз басым ішіп-жемеймін деп, ант етіп, уәде береді. «Дос жылата, дүшпан құлдіре айтады» деген, Сіздің байдың үйіне кіріп қатын алуыныздың тіпті орайы жоқ, қыдырлы табалдырықтан аттайын дегеніңіз өзіңізді-өзіңіз білмеушілік, – деп айта келіп, – көпшілік бұған айтартыңыз бар ма? – дегенде ақсақалдар: Бұрыннан осыны айта-айта жағымыз карысты, – деп бірауыздан сейлейді. Алтынқан көнбейді:

– Атқа мінгеннен басқа қандайлық тентек мінезім бар? Бір де біреуге бұрын ұмтылып көрген жан емеспін. Алыс жол барымтаға барғанда Тобықтыдан лақ азық алмай кететінімді ақсақалдар анықтайтын шығар, – деп карсылық істерін мойнына салады. «Сіз ұрлышыңызben тұрмайсыз, әліңіз келетін адамды, аз атаның баласын алып ұрып тепкілейсіз, қадірлі ақсақалдардың айтқан ақылын алмайсыз!» – деп Абай біраз қысады. Алтынқанның көнбеске лажы қалмайды. Аяғында: – Абай аға, міне, Құдайға шүкір пейілім, қатынды қойдым, енді ақсақалдар бүйірган енші малымды беріндер, – дейді де қағазға кол қояды.

Шыңғай шақырылды. Абай мен Шыңғай арасында болған айтысты келтірейік. Абай: – Шыңғай аға, Сізге жесір келініңіз телінген еken, келініңіз Сізге разы болмапты деседі. Үйіне Сізді жуытпай бай-балам салғандықтан, жанжалдан жанжал туып, ұлғайып, асқынып кетіпти.

Бүгін бұл жұмысты бітіріп, мұлдем тоқтатуға бастығы болыс, тілмәш боп, ақсақалдар келіп отырмыз. Келініңіз разы болмаса да, алғаным алған дейсіз бе? Қысқаша ғана жауап берініз. Шыңғай: – Абайжан, қатын алайын деген ойымда жоқ еді. Жоқ жерден ақсақалдар маған тигізді, некемізді қиғызды, мал сойып, тойшық та жасады. Неке екеу емес, біреу, алған қатынның алған деймін. Абай: – Шыңғай аға, азырақ сөз тыңдаңыз. Адам баласының өмір жүзінде екі-ақ досы болады. Бірінші – өке мен шеше баласы үшін жанын қияды, жылы жүрегі бір сұымайды. Екінші – алған қатыны. Өзі бөтен елдің әлпештеп өсірген қызы болса да, құдалық жүргенде, көп естіп жүрген болса да күйеуін көргенше сағынып, тісі қышиды да жүреді.

Ұрын келген күні жеңгелері апарып тапсырғанша құмартқан жүрегін баса алмай құбылып, аузына дәм салуды да ескермейді. Еркектен әйелдің құмарлығы күшті. Аты көп бірбеткей жараптап, қара қайраты аз болғанмен жігер, намыс, ар-ұяты еркектен әлдекайда жоғары...

Бірін-бірі сүймеген әйел мен еркектен бала тумайды. Туа қалса, көбі жарымес, мылқау я мүшесі кем болады. Келініңіз Сізді ұнатпайды екен. Өзінізді ұнатпаған, пейіл бермеген безер жесір әйелді алғанда қандайлық рақат көрем деп ойлайсыз? «Жалақты мінген жауызды бағады, соқырды мінген ақсақты қағады» дегенді бұрынғы өткен ақылды аталарымыз айтқан. Ұрып-соғып, күшпен көндірмекші көрінесіз. Ойлап қараңыз, Шыңғай аға, занда әйелді зорлау қылмыстың ең жоғарғысы саналатынын есіткен шығарсыз. Разы болмаса да келініңізді алғаным алған десеніз, Шыңғай аға,

ақсақалдардың сізге айтқаны айтқан, байлауы байлау көрінеді.

Бетіңізден қайтпайтын болсаңыз, жетім баланың малын есеп алып санап, қолыныздан Законға лайық қолқағаз (расписка) аламыз да тарқаймыз. Ескеріңіз, ақыл-ойы жетпеген жетім малы қазына малы есебінде ғой, ішпей-жемей ол малды өсіресіз, Балтақай (2 жасар баланың аты) он-сол қолын танығанша сізден уақыт-уақыт есеп алып тұратын нанымды адамнан үш кісі сайланады: Ойланып айтасыз ба, жоқ көзір айтасыз ба? Жауап беріңіз. Шыңғай: – Абайжан, разы емес қатынды қайтесің деген көпшілікке көнбеп едім. Өмірімде алдынан кесе өтпеген, атын атамаған Олжекемнің де (Олжай ақсақал алғашқы байлауды жариялаған) тілін алмап едім. Алтынқанмен, осындағы тағы да бұзғыштармен көрісейін деп едім. Басымды байлаған да едім.

Сіздің бүгінгі сөзіңізден, карагым Абай, зәрем ұшып кетті, сен өтірік айтпайсың ғой. Мен шықтым. Келін разы болған күнде де байдың үйін баға алмаспын. Құдайшылыққа араз ашуым жоқ, жесірді біреуіне тигізе беріңіз.

Бұдан кейін ақсақалдар, отырган қауым Абайға қарап: Қарағым, өзің осында бір Бозамбайға жіп тақ, айтқаның айтқан болсын. Біз бата берейік, шеберлігіңізге разымыз, тәңірі жарылқасын айтамыз, өртті өшіруге айналдың, ендігісін де өзің жайғастыр, – депті. Осыдан кейін Бозамбайдың картайғанда алған тоқалынан туған Мырзақанды, таласқа түсіп жүрген басқаларды да шақырып, оларды пиғылдарынан қайтарады.

Жесір Батыrbай кіреді. Жауап қатпай, Абайдың алдында жылайды. Абай Батыrbайға: – Сөзді өзіңе калдырыдық. «Өзі қылған өкінбейді» деген бар. Кімнің болса да етегінен ұстайтын күнің нақ осы сағат екенін есіңе алып, жауап бер. Мүмкін бүгінге шейін ақсақалдардың аузына ілінбей келген Бозамбайдың біреуіне бейіл берген шығарсың. Енді ақсақалдардың қарсылығы жоқ, ойынды айт, үялма дегенде, Батыrbай бір қызырып, бір бозарып, жанындағы Құнбазарға ақырын-ақырын құбірлеп еді. Атағаны Садықан екен. Ол Уақбайдың ортанышы баласы еді.

Абай Садықанға шамалы уақыт насиҳат айтып, жетім балаға рақым көзбен қарап, жақсы тәрбие беріп, сегіз жасқа толған соң оқуға бер деп, уәдесін алып, жақсы өмір сүрулеріне тілектес екендігін білдіріпті.

Барлық Қекше және Мұқыр елі болып, Абайдың шеберлікпен жанжалды басып, тоқтау салғанына рақмет айтып, разы болыпты.

Кейінірек Садықан Мұқыр елінің болысына сайланыпты. Оған

Абайдың көмегі де болыпты. (Бұл естелік ретінде жазылған. Оның авторы Малдыбайұлы Берікбол 1939–40 жылы Фылыми кітапханаға тапсырған. Әңгіме Әзімқан өлгенде «Мұқыр болысында Көкшеде едім» деп басталады. Қолжазба коры, 1450-іс, 21–22-66).

### 3. Абай және мал дауы

1909 жылы Петербургте жарық көрген Абайдың өлеңдер жинағында, осыны баспаға даярлаған жақын туыстары алғы сөзінде былай деп жазған: «Абай 30 жасында барша халық ортасында атағы жайылып белгілі болды. Бөтен елдің басшы адамдары құда-тамыр болып жақындық қылып, араздық, жаулық қылмай жүрді. Үрлық қылған кісіге, зорлық қылғандарға жазаны аямай салып, қатты қысымшилық көрсетуші еді. Үры ауылының маңынан жүре алмаушы еді».

XIX ғасырдың екінші жартысы казак қоғамының ішкі қайшылықтарының бұрынғыдан да гөрі шиеленіскең кезеңі. Ресей патшасының Қазақстанды отарлау саясаты тамырын кеңінен жая бастады. 1822–1824 жылдары хандықты жойып, орнына өкімет өмірімен тағайындалған әкімдер, билер арқылы тікелей басқару жүйесі енгізілді. 60–70-жылдары Қазақ сахараасын басқарудың жаңа тәртібі орнатылды. Жоғарғы өкімет билігі түгелдей патшаның өз адамдарының қолына, губернатор, уездің әкімі (уездный начальник – «оязной») қарамағына көшті. Ел болыстарға, болыс старшина, ауылдарға бөлінді. Жергілікті халықтың үекілдерінің шағын билігі осы араға ғана жүрді. Қылмыстық істер жаңадан құрылған патша сотына – «орыс сотына» берілді. Билер соты «жергілікті» азаматтық талас-дауларды ғана қарайтын. Бұндай саяси биліктегі өзгерістер халық қарсылығын, қозғалысын туғызды.

Шаруашылық күйзелісі, ғасырлар бойы қалыптасқан ел басқару тәртібінің бұзылуы, билердің сайланып-қойылуы үрлық-зорлықты көбейтті. Елдің тыныштығын алды, бұрын да айтарлықтай болмаған халықтың бірлігіне көп зияны тиді. Абайдың өз сөзімен айтқанда, «ел басына қындық пен әуре туды, күйзеліс әкелді. Үрлық, барымта, бұзықтық көп болғандықтан «әне алып кетті, міне алып кетті» деп кемпір-шал, қатын-қалаш, жас бала тыныштықпен асын іше алмаушы еді».

Жалпы мұлік үрлығы емес, мал үрлығы көшпелі Қазақ ұлыстарында басқа қылмыс түрлеріне қарағанда бұрын да көп тараган. Оның бірталай себептері бар. Солардың ішінде, әсіресе, еске алатындары:

а) Халықтың шаруашылық, тұрмыс негізі мал, «байлық малда», «Малы бардың асы бар, асы бардың малы бар» – Өмір сипаты еді. Ұрлықпен айналысып күн көрушілер әр уақытта, әр жерде болмак. Оның үстіне, Ресейдің отарлау, канau саясатының салдарынан, құнды жайлауынан қуыла бастаған қазақ халқы шаруашылық күйзелісіне ұшырады. Кедейлік көбейді, сонымен бірге ұрлық өсті; ә) Бітпеген дау, алынбаған айып, төленбеген қүн, осылардың арты барымтаға әкеліп сокты. Ертеде барымта орындалмаған бітім мен билікке жауап ретінде қолданылса, кейін мал шапқынына айналды; б) Рұ-руға, ру жіктеріне бөлініп, натуральды шаруашылығы басым, бірлігі аз елде шапқыншылық, зомбылық, әлсізге әлдінің әмірі етек алады.

Халықтың тыныштығына тікелей қауіп тәнгенде, «жау жағадан алғанда» ғана «бірлік», «ынтымак», «бас қосу» ұрандары естіледі; в) Табиғилығы басым қарапайым елде кеткен кек, қорланған намыс, бітпеген бітім, кейде ғасырлар бойы арадағы тұтанар өрттін шоғына айналған; г) Қоныстары алшақ елдің малдарын тұнделетіп айдал кету, малыштарын байлап кету ертеректе жастардың, ұландардың жігіттігін өсірелесе, енді ұрлыққа айналды.

Хан менен төре қайда? Би менен бай қайда? Олар орыс алған ұрлық-зорлықпен неге табанды құреспеді? – дегенге келсек, көшпелі қазақ елінде басқару тәсілі әр уақытта осал болды. Бытыраған рулардың, ру бөлімдерінің өз алдына ханы я болмаса төресі, би бар-ды.

Олардың қарамағында, хандық дәүірдің өзінде де, бағынышты, жарлығын орындағын арнайы жасақталған тұракты (аппараты) тобы болған емес. Атшы, қосшы, хабаршы, шабарман сияқтыларды ұстады. Олар ен алдымен мырзалардың қосшысы, жеке дәүлетін корушы ретінде жүрді. Төре-білердің арасында билікке, қонысқа таласуышылық құнделікті әдетке айналған-ды. Халықтың, ұлттың тұтастық бірлік сезімі ел басына қауіп туғанда ғана, жау жағадан ала бастағанда ғана оянатын. Осындай жағдай қазақ қоғамының әлеуметтік, шаруашылық өзгешелігінің, саяси құрылышы, дәүірінің өзіндік ерекшелігінің туындысы.

Құнанбай – Абай заманында, елдің, бүкіл ұлттың болашағы мен тағдыры таразыға түскенде өріс алып бара жатқан ұрлық үлкен-кіші ұлыс көлемінде ауыр кеселге айналды. Бұны түсінген де бар, түсінбеген де бар. Қөзі ашықтар, оқығандар, бірен-саран орыс-европа мәдениетінен нәр алғандар жастар арасында оқу-білім пайдасын үағыздаумен бірге, ұрлық-зорлықтың қиянатын теренірек түсінді, онымен қуреске шақырды. Құнанбай, Абай сияқты ел басшылары ұрлықпен қатты арпалысты. Олардың құрестері өздерінің әuletі, ру көлемінде табыссыз да болған жок. Дегенмен де ұрлықтың тамыры-

на балта шабылмады. Ұрлықпен күрескендер тым аз еді. Көп жерде ру, ауыл басшыларының өздері ұрлықка дағдыланып, ұрылардың сүйенішіне, қолдаушысына айналған-ды.

Абай өзінің беделін, Қенгіrbай – Құнанбай әулетінің беделін ұрлықпен күресуге салды. Сөздің қадірі жүрген жерде шешендігін пайдаланды, жораға түскенде әдет-ғұрып, өнеге болып қалған ережелер жөніндегі білімділігіне сүйенди. Жұғініске отырғызып, билігін айтты. Осындай батыл да қатал істерімен Абай ұрлық-зорлықка біраз тыйым салды, шек койды. Оның ұрлықпен, тағы басқа да қылмыстық істермен нәтижелі күресі аты мен беделін бұрынғыдан да асырды. Абай әділ, кеменгер би атанды.

Халықтың, ұлттың қамкоршысы ретінде танылған, тарихта аты қалған Мөңке, Төле би, Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке, Қаражігіт, Есет сияқты аты шулы билердің, ел басшыларының жолын Абай қуды. Әділдікті ұран қылып ұстады. «Әділ бидің туғаны жоқ» дегенді пашетті.

Абайға жұғініске келген даугерлер үш топқа белінетін. Біреулері – ұрыларды жазалайды деп, олардың басшыларынан қанағат, жәрдем көрмей, ұрланған малын қайтару мақсатымен талапкер ретінде келетін. Екіншілер – жақ болып таласып, дау шиеленісп, сүйек дағына айналып, елді аздыра бастағанда өзара бітімге келе алмай Абайдың билігіне құлдық деп келетіндер болатын. Үшіншілері – басқа билердің шешімін мойындармай, қайта қарауды талап ететін.

Абайдың ұрлық жөніндегі биліктепе өділдік, шындық жолындағы күресін айқындауды, көпшілік санасына сіңген әдет-ғұрып зандарының ізгі тәртібін ретті пайдалана білгенін көрсетеді. Баласы Тұрағұлдың «әкем іздел кеп жұғінгенге аз да болса салмағын досына сала айтатуғын секілді еді, тумаға тартуды ол әдет қылмады, ұрысүегіш адамға ризалығы жоқ еді», – дегендегі осыған айғак.

1. Абайдың төмендегі билігі үлгі, мұра болып «бір дауда екі сыбаға тимейді» деген атпен қазақтың жол-жоба ережелеріне енген. «Абай былай шешкен» еken деген тәртіп басқа билерге сүйемел болған. Абай билігінің осы үлгісі туралы хабар бірінші рет 1945 жылы республикалық газетте жарияланды. Екінші ретте 1962 жылы Семей облысы Абай ауданының тұрғыны Жандыбаев Рахымның аузынан жазып алынды. Бұл биліктің екі нұсқасының мазмұн жағынан айырмашылығы жоқ та, кейбір кісі аттарында азды-көпті өзгешеліктер бар. Енді оның шығу себебіне келелік.

Мамай руынан Еламан ұрланған құнанын Сарбас руы ішіндегі Құлжабайдан көреді. Екі жақ келісе алмай, тартысқа түсіп, ақыры Абайға жұғініске баруға келіседі. Екеуін де тындағаннан кейін бірден

бітімін айтпай, «өзара келісерсіңдер» деп екібесіндіге шейін үзіліс жасайды. Сол уақыттың ішінде Абай өз адамдары арқылы қосымша хабар алғып, іштей шешімге келеді. Абай жауапкер Құлжабайға: – Құнаның қайтар, – дейді. Еламан, әлде ризалығынан ба, әлде көпсөзділігінен бе, «айтарым бар тағы да» деп, сөз алғып, ұрлықтың мәнісін қайталап ұзақ баяндайды. Абай намазшамға шейін үндемей отырып тындаиды.

Абай: – Сөйлеп болдың ба, Еламан? Болсаң, – дейді де Қулжабайға қарап: – Енді сен құнанды берме, – деп кесім шығарған. Еламан: – Бұл не дегенің, Абай? Абай: – Құнан саған тиген еді. Оны сөзге айырбастиадың. Құнанның орнына сөз алдың. «Саған бір дауда екі сыбаға тимейді», – деп, соңғы бітім шығарған. Сонынан Абайдың бұл билігіне «атымыз шықты» деп, екі жағы да риза болыпты.

2. Ел аузына ілігіп, үрпақ қуалаған Абайдың бір билігі «шынының айтқан шығынсыз құтылар» деп аталады. Ережелерге Абай қосқан ұлғі ретінде саналған. Бұл да өзара байланысы жоқ екі адамның аузынан 1958–1962 жылдары жазып алынды. Айтушылар: Бекшоғын Алпысұлы, Абай ауданының тұрғыны, аудандық заготскоттың Ақшидегібазасында темірші-ұста (1958 жыл), Жақсылық Көпірбайұлы, Семей облысы, Аягөз ауданы, жасы 95-те (1962 жыл).

Биліктің айтылуы былай:

Найман руынан Тана дейтін кісінің бәйгеге түсіп, жүлде алғып жүрген «Қаракөз» деген аты болыпты. Сол атты Танадан Абай кісі жіберіп сұрапты. Оған Тана: – Мұрын елінде былтыр сауын айтқан бәйге бар еді. Қаракөзді соған арнап жаратқанмын. Бұрсіқұні жүргелі отырмын. Бәйгеден кейін ат Абайдікі, – деп жауап беріпті. Келесі күні кермесінде байлаулы тұрған Қаракөзді ұры алғып кетеді. Тана Абайға кісі жіберіп: – Екеумізге ортақ Қаракөз ұрланды. Қолым жеткен жерге сұрау салдым. Ізі табылмады. Абайдың абыроійы бар, тапсын да алсын, – деп хабарлапты.

Сол жылы Абайдың бір баласы қайтыс болып, Ескеңенің кісілері Абайдікіне бата оку үшін келеді. Олар қайта бастағанда Абай: – Олардың ішінде Балақазы дейтін болуы керек, соны шақыршы маған, деп, зайыбы Еркежанды жұмсайды. Еркежан аттанып жатқан көвшіліктен: – Сіздердің іштеріңізде Балақазы дейтін кісі бар ма еken? – дегенінде, біреу: – Иә, мен Балақазы, – дейді. – Сізді мырза шақырады.

Балақазы «Абай ұрыны жек көреді» дегеніне қанық, «Абайдың алдында жанынды сауғаласаң, шынынды айт» сияқты сөздерді құлағы естіген, қатты үрейленіп «ойпырмай, ажалым жеткен екен», – деген оймен Абайдың үйіне кіріп келеді. Абай: – Балақазы деген

кісі сенбісің? Балақазы: – Иә, менмін. Абай: – Еркекан, үйдің жанында кісі бар ма?

– Жок.

– Ендеше өзің де үйден шығып тұр, біздің әңгімеліз бар, – дегенде Балақазы «өлеңін жерім келген еken» деп ойға батып, өңі бозарып, іштей шындығын айтуға көshedі. Абай: – Эй, Балақазы! Есінде ме, өткен жылды найман Тананың Каракөзатын ұры өкетті. Көрген-білген, естіген жерің бар ма? – дегеннің өзінде-ак Балақазы іштей шошып, «Абай біліп қойған еken, өзім айтпасам болмас» деген оймен: – Өзім кетерде ауылдың сыртындағы сайға арқандатып кетіп едім, – дейді.

Абай: – Сайға арқандатып кеткенің рас па?

Балақазы: – Рас. Абай-аға, шындығымды екі рет айттырдыңыз. Бірінші рет үйіңізге кіргенде іштей айттым. Екінші рет алдыңызда.

Абай: – Жарайды, шындықты мойындардың. Жаратылысың үрліктың құлы емес, шындықтың құлы еken. Егерде өтірік айтқан болсан, аямайтын едім. Келісімге келелік: – Солатты саған бұйырдым. Бұдан былай үрліғыңды тый, егер де екінші рет үрлік қылсан, аяу күтпе, – деп қайтарыпты. Осыдан кейін ол үрліғын мұлдем қойып, Абайдың сырттан сыйласы болып кетіпті. Бұл шешім ел ішіне тез тарап, «Абайдың алдына барсан, шынынды айт», – деген аңызға айналыпты.

3. Абайдың ел арасына кең тараған билігінің бірі «Най ман Төлеу» 1958 жылды руы Қаракесек, туған жері Семей облысы Абыралы ауданы, Дегелең Қаратұмсық орны Шахаман совхозының тұрғыны Үйсінбайұлы Фабдрахманнан (65 жаста) жазып алынды. 1880 жылдары Шар өзенінің бойында Қарамолада шақырылған билердің төтенше (чрезвычайный) съезінде Абай Төбе би болып сайланады.

Сонда Найман руынан талапкер ретінде Борсықбай, Торсықбай, Сасай деген билерінің Тобықты, Уақ, Керей руларының адамдары мынадай малымызды барымталады, ұрлады және кісі өлімі болды деген шағымы олардың бір топ билерінің қатысуымен қаралады.

Жауапкер жағы Найманның билеріне: – Не дауларың бар? Не талап етесіздер? Ұрланған малдарының белгісі бар ма? Ұрыны үстадыңдар ма? Сайға құлап өлген адамдарының да күнын сұрайсыздар ма? – депті. Найманның билері Борсықбай мен Торсықбай кезек-кезек сөйлеп, түйіні: – Бұғінге шейін бұл рулардың басшыларына сөзіміз өтпеді, қолымыз жетпеді, малымызға төлеу, кісімізге құн ала алмадық. Енді Абайдың алдынан ағын тілеп отырмыз деп, шығындарын баяндайды. Бірақ та талас сөзде Найманның «кісіміз сайға түсіп өлді» дегені дәлелді, ұтымды болып шықпайды. Сол кезде Сасай би артынан сөз алады: – Эй, Тобықты, Уақ, Ке-

рей! Айқайлап жылқымды алмасаң, ел шауып қиқуды салмасаң, жатқан тесектен сасып тұрып, артыңыздан қумаса, жыра мен сайға жығылып кісім өлмес еді. Нақаңтан кісім өлмесе, жалған жала жабар ма едім? Сақалыммен бұнда келер ме едім? Да, Абай мырза, билігіңе құлдық, кеміне де, артығына да көндік, дауласа-дауласа шаршадық, – депті.

Абай орнынан қозғала түсіп: – Да, бұл сөйлеген кім еді? – деп сұрайды.

– Найманның Сасай деген би осы кісі, – депті біреу.

Абай билігінде: – Да, ала жіпті аттамайтын Сасай би жүгініске келсе, мынау сөзді Сасай би айтса, Тобықты, Уақ, Керей, Найманға «аз беріп, көп жарылқар», – деп кесім айтыпты. Бұған түсініп, екі жақта көнілті.

Төлеу беріп, бітім малын алғанда ер құнына нар беріпті, түйеге тайлақ, атқа тай, қойға қозы, сиырға бұзау беріпті. «Аз беріп көп жарылқардың» мәнісі осы екен. Абайдың бұл айтқан билігі «Найман – Төлеу» аталып, қариялардың айтуынша, осы құнге шейін мақал болып келеді. «Ұры сүйегіш адамдарға ризалығы жоқ еді<sup>1</sup>», – дегендеріне осы айғақ.

4. Бір күні үйде отырғанда «Найман Көріпжан қажы келіп тұр» деп тыстап біреу хабар берген соң Абай мәсісін, бешпетін киіп, көрпе салғызып, келгенді үйге кіргізеді.

Абай: – Е, қажы неғып жүрсіз? – деп сұрайды.

Қажы: – 7–8 жылқы алғызып, соны қуып келіп қалып едім.

Абай: – Қажы-ай, 7–8 жылқы алғызып, соны қуып келгенің не қылғаның, бір бала-шағаны жіберсөніз де Тобықтының ұрысы әкелген болса алып бермеуші ме едім? – деп ренжиidl.

Қажы: – Бір ашумен шығып кетіп едім, – деп ұялып қалыпты.

Абайдың тексеруінен кейін күмән Шодыр баласы Смағұлға түседі.

Абай оны жүгініске шақырады. Тұрағұлдың айтуынша, Көріпжан қажы Абай үйінде түстеніп отырғанда ағасы Тәңірберді Смағұлды ерте келеді. Абай Тәңірбердіге: – Сіз нағып жүрсіз? – дейді.

Тәңірберді:

– Оспанның сұрауымен мына Смағұлды саған билікке ертіп келдім. Соның жағынан менің де жүгініске қатысу ойым бар. Айыбы жоқ сияқты.

Абай: – Сіз атшабар болғаныңыз ба? Ісіңіз жемісті болсын, – деп жақтырмай, қаталдана сөйледі. Абайдың бұл сөзіне Тәңірберді өкпелеп, көп уақыт араласпай қояды. Артынан оларды татуластыру

<sup>1</sup> Фылыми кітапхана. Қолжазба қоры, № 629 іс, 52-6.

үшін Оспанның үйінде ұлкендердің жиыны болды. Сол жиынға мен де қатынасым дейді Тұрағұ!<sup>1</sup>

5. Қазақ халқының әдет-ғұрып, жол-жоба ережелері бойынша, дауларды қарau, шешімге келу істің қисыны мен қайшылықтарын ажыратуға да, бидің (Төбе бидің) жорага түсіне де байланысты. Шешендігі ұлken іргелі би сұрақты сүйегіне тиетін етіп беріп, арына артып қадай беріп, кейде жұмбактап, даугерлердің сырын алады, жауабынан сөзеді. Мұндайда іс тез біtedі. Арқатта болатын билердің төтенше съезінде Абай Төбе би болғанда Қытай жерінде тұратын он екі Абақ Қаракерейдің біr айғыр үйірін шектес Найман ауылдары айдан кетіп, бермей қояды. Оязнайдын шақыртуы бойынша съезе Найманның уәкілі ретінде біr қажысы келеді.

Жұғініс кезінде Абай оған: – Қажы, анауыңыз не? Мынауыңыз не? – деп жұмбактап сұрайды. Қажы бұndай сұрақ береді деп ойламаған, өзірлеген бүрма жауабын ұмытып, жұмбағына жұмбақпен шынын айтуға мәжбүр болады. Қажы: – Анауым ақырет үшін, мынауым дүние үшін, – дегіті. Куәсіз ұрлықты мойындағанын түсініп, Абай сол бойда билігін жариялапты, Керейдің ұрланған малын тұяғын тұяқтай қайтарыпты.

Бұндагы Абайдың сұрағы мен қажының жауабының шешімі:

Абайдың «Анауың не? Мынауың не?» – дегені: Не үшін қажыға бардыңыз? Қажы бола тұрып ұрлық істеттіруіңіз қалай? – дегені.

Қажының жауабы: «Анауым ақырет үшін» дегені – тәнімнің болашақта тазалығы үшін Мекеге қажылыққа бардым, «мынау дүние үшін» дегені – Бұл ісім өмірдегі күн көріске керек болды деген ойды білдіргені.

6. «Әкем Нұғыман «Абайдың алдына жүгініске барғанмын» деп өзі айтып отырушы еді», – дейді оның баласы Сәбит. Нұғыманның жалғыз атының кісенін ашып Діндібай, Қарала дейтін ағайынды екеуінің балалары ұрлап алып кетеді. Олар бұрын да ұрлықты көсіп жасаған.

Атын сұрап барған Нұғыманды ұры ауылының ұлкендері тыңдайды, шешім айтпайды, аяқсыз қалдырады. Азар дегенде 3 сом ақша жинап, Абайға барыпты. Кіріп барғап Нұғыманға Абай шаншыла қарайды. Абай: – Не жұмыспен келдіңіз?

Нұғыман: – Атымды Діндібай, Қарала дейтіндердің ұрылары алған еді. Сұрап ала алмаған соң сізге 5 сом таба алмай, 3 сом фана тауып әкелдім, атымды алып берер ме екен деп. – Абай онан әрі шаншыла қарайды: – Эй, Нұке-ай, ана біr жылдары Найман елінің дауына барған уақытымда Найманның біr байы менің сөзімді

<sup>1</sup> Фылыми кітапхана. Қолжазба коры, № 629 іс, 52-б.

сөйлесін деп 80 сом ақшаны шытқа орап жібергенінде, оны алсам, үш уез бас қосқан съезде әлгі байдың сөзін сөйлесем, Абай ғаділетті 80 сомға сатты демей ме? Пара жеді десе сүйегіме таңба емес пе? Ел қарғысының астында қалмайын деп қайтарғанмын. Ал бүгін сен 3 сом беремін деп отырсың. Шіркін, сол үш сомды ал дегеніңіз үшін үш күн босағада кісен салып отырғызың ма еді?! Қайыр-қайыр. Анау Белағаштағы Айтқазы болыстан алған ұлгің ғой! Сол болыстар сықылды ғаділетті ақшаға айырбастамаймын. Ертең атынды алған ұрыны шақыртып, атынды алып беремін. Ана 3 сомынды үй керегіне жұмса, – депті. Айтқанындай, Нұғыманның ұрланған аты қайтарылыпты. (Айтушы – Нұғыманов Сәбит, Абай ауданы, «Заготскот», 15 шілде, 1962 жыл).

7. Абайдың алысқа, иә үлкен думандарға барғанда мінетін атын «Ақерін» депті. Қарамолада төтенше съезд болатын жылы Найманнның ішіндегі Қыржы ата баласынан шыққан атақты ұры Аюбай Тобықтыдан барымта ретінде алған жылқыларының ішінде Акерін кетеді. Абайдың шағым сұрауы бойынша сол съезде Найманнның белгілі билерінің бірі Жұмақан (Қысық баласы) Ақерінді қайтару ісін қарайды. Жұғініске шақырылған Аюбай Абайдан да, Жұмақаннан да кешігіп келеді. Жұмақан Аюбайға:

– Неге кешіктің Аюбай? Жұмақан Ыбраімен (Абаймен) құда дедің бе? (Абайдың баласы Ақылбай Жұмақаннның қызын алған). «Құдалыққа күн кешпейді» деген бар емес пе? Мен ел аруағын сатам ба? Абайдың Ақерін атын алғаның рас па? Аюбай: – Алғаным рас, барымтаның ішінде екен. Бірақ оның көзі жоғалды, – дейді.

Жұмақан Абайға қарап: – Ақерін атыңызға «екі бесті» кесемін, – деген.

Абай: – Сен Жұмақан болсан, мен Абай болсам, Ақерін мен мінетін атым болса, «екі бесті» Ақеріннің орны емес, бірақ өкпем жоқ, тәлемін алмаймын. Ақерін Аюбайға кетсін, сонымен бұл дау бітсін, – дегенде катыскандар Абайдың ақылы мен ел тыныштығын жоғары санайтындығына риза болған (Айтушы: Көріpbайұлы Жақанбек, 95 жаста, Семей облысы, Аягөз ауданы, 1962 жыл).

Осы келтірілген Абай биліктегі мен билік шешімдерінен қазақ әдет-ғұрып ережелерінің сыр-сипаты, қасиеттері туралы, шешендігі үлкен іргелі билердің үлгісін, тәртібін ұстаған Абай сияқты сырлы асыл сөздің иесі атанған, әділдігі мен адалдығы арқасында, ел на-мысын жоғары ұстаған жеке адамдардың – билердің тұлғасы кез алдымызда елестейді. Қаймағы бұзылмай тұрган ерікті, ерлікті, адам басын сыйлайтын ерте замандағы қазақ әдет-ғұрып зандарының қоғам өміріндегі алған орнын сипаттайды.

## **ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ ЗАҢ ШЫҒАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### **I. Қазақ құқығының («Жарғы») бастаулары және қайнар қөздері**

Қазактардың құқық әлемі мен құқықтық дүниетанымы тереңде жатыр. Қазақтар жене олардың ата-бабалары өмір сүрген Орталық Азия мен Еуразия кеңістігінде сан империялар мен әлеуметтік-саяси жүйелер бірін-бірі толассыз алмастырумен болды. Қазақтар мен олардың ата-бабалары жер шарының осы бөлігінде шешуші, басты орынға ие болған көшпелі мал өсірушілердің конфедеранциясына кірді. Мұның өзі барлық көшпелі қоғамға тән жалпы жағдай болатын. Қазақтың көшпелі қоғамы аясында, оның дүниені және құқықты тануда өзіндік ерекшеліктері болды. Адамгершілік құндылықтарға негізделген дала демократиясының институттары кең қулаш жайған көшпелі қоғамда пікірталас қысындылығының құралы ретінде әділ сот пен шешендік ділмарлықтың рөлін ете жоғары қойып, өзін-өзі басқару еркіндігіне деген ұмтылыс айқын сезілді. Бұл қырынан қазақ қоғамы, өзі қалыптасқан көшпелі далалық негізін әлдекайда басып озды. Егер әлемде көшпелі өркениет болған және әр жерде өзінше көрініс тапқан деп болжасақ, шын мәнінде көшпелі өркениет түсінігі өміршең десек, менің пікірімше, көшпелі өркениеттің ең дамыған нысаны Қазақстан аумағына тән болған. Бұл қандай да бір субъективті ой шең берінде көшпелі аймақтардың бірін жоғарылату, асыра мадақтауға бағытталған зерттеу елесінің нәтижесі емес. Бұның сырын жағрапиялық, әлеуметтік-саяси, адами-өнегелік құндылықтармен астасып жатқан үш фактордан іздеңген жөн.

Бірінші фактор – Орталық Азияны мекендерген түрғындарының басым бөлігі үшін ортағасырлық тарихи жағдайда өмір сүрудің бірден-бір негізін құраған мал шаруашылығын дамытуға барлық жағынан қолайлыш болып келген, халқы сирек қоныстанған ірі табиғи кеңістіктің болуы. Көшпелілер осы шебі бітік, суаттары мол, жайылымдық-шабындық алқаптар, орманды аймақтар, кең далалық кеңістік кіретін – солтүстікте Ертіс-Енисей аймағынан бастап, оңтүстікте Балқаш көлі мен Сырдария өзеніне дейін, батыста Орал, Еділ-Жайық алқабынан Қарақұм, Мойынқұм құмдарына дейін, шығыста Жетісудың қайнар қөздеріне, Жонғар қақпасына дейін жүз мыңдаған шаршы шақырым жерді алып жатқан, көшпелілер үшін «Пейіш бұрышы» ретінде танылған ұлан-ғайыр жер сілемін қоныстанды. Осы кең аумақ Қыпшақ даласы аталып, тарихқа «Шығыс

Дешті Қыпшақ» ретінде енді. Шыңғыс өз заманында осы жерді ірі әрі маңызды аймақ атауымен өзінің үлкен ұлы Жошыға берген еді. Кейіннен осы жердің көп бөлігінде өзге ордалардан айырмашылығы мол «Ақ Орда» құрылды.

Екінші фактор – осы ұлан-ғайыр жерде еркін психологияға ие көшпелілер бірлестіктерінің өмір сүруі. Оның қайнар көзі мен негізін мыналар құрады: а) көшпелі өмір үрдісі еркіндігі мен оның дәстүрлі мәдениетін қызу қолдаушылар; е) ғұн, қыпشاқ, монгол және тимуридтер империясы қол астындағылардан түрлі себептермен бөлінген қоныс аударушылар. Осы империялар билеушілері үздіксіз, халықты қажытқан жорықтар жасады. «Қоныс аударушылар» үшін бұрынғы келген орнында қысымға ұшырау, сондай-ақ үйреншікті дүниеге көзкарас және көшпелі тұргындар дүниетанымына қайшы келетін жана ережелерді, оның ішінде клерикалды-діни, милитаристік мемелер ережелерін күшпен қабылдатуға ұмтылу айтарлықтай рөл ойнады; б) жайылымдық-көшпелі жерлерді және өзін-өзі басқару еркіндігін іздеушілер. Қыпшақ даласы көшпелі тұргындарының дүниетанымы негізінен өз базасы шенберінде өзінің көп ғасырлық тұрақты дамуы барысында қалыптасты.

Үшінші фактор – Қыпшақ даласы (Шығыс Дешті Қыпшақ) деп аталған кең-байтақ аймақ көшпелі өркениет пен еркін көшпелілердің көп жағдайларда жалпы адами құндылықтарымен үндес мәдениетін бойына сінірді. Қоғамда сөз құдіреті мен әділ сот құдіреті өмірлік күшке ие болды. Ол бай мен кедей, ақсүйек пен бағыныштыларға бөлінген әлеуметтік, теңсіздікке негізделген қоғамның өзінде де жеке және қоғамдық санада үлкен күшке ие болды.

Қазақ құқығы («Жарғы») – Шығыс Дешті Қыпшақта (Қыпшақ даласында) көшпелі қоғам дамуының жалпы және ерекше жолын көрсететін селективті құқық. Ол Орталық Қазақстан тарихында көптеген ғасырлар бойында бірін-бірі алмастырған көшпелі бірлестіктердің құқықтық массивтерінің табиғи іріктелуі болып табылады. Әрине, онда ғұндар мен түрік қаганаттарының, қыпшактар мен Монгол империясының іздері бар. Ескеретін жайт, қазақ құқығы («Жарғы») Қазақ хандығында басты рөл ойнағанымен, ол жалпы мемлекеттік құқық болып саналмады және тек хандық қөлемінде ғана әрекет етіп қойған жоқ, оның аумағы одан да кең еді. Бұл мемлекеттің көшпелі халқына қатысты еді әрі отырықшы халық құқығымен қалалық құқық пен егіншілік құқықтан айтарлықтай бөлек өмір сүрді. Бұл олардың арасында өзара байланыс болмады дегенді білдірмейді, бәріне бірдей ортақ құқықтық нормалардың барлығын жоққа шығармайды. «Дала

құқығына» ішкі тұрақтылық пен консервативті сипат көбірек тән еді. Отырықшы орталықтармен тығыз байланыста бола түрып, ол өзінің ішкі «мені» мен құрылымын өзгерткен жоқ, керісінше, оның негізі – көшпелі қоғам нығая түсуімен бірге далалық құқық та қүшейе түсті. Көшпелі бірлестіктер үнемі Орта Азия хандықтары мен ордаларының экономикалық тұрақтылығы мен әскери қуатының негізі және тірепі болды. Қалалар мен отырықшы орталықтар жиі үздікіз жүргізілген өзара тартыс пен соғыс жылдарында талан-таражға ұшырады, қирады. Ал көшпелі бірлестіктер өмір-қүйінің ширақтығына, өмір сұру кеңістік аясында терең үғына алу бейімділігіне байланысты осындағы ауыр сынақтарға аз ұшырады. Егер де мұндай жағдай орын алса, көшпелілердің басына түсе қалса, олар өздерінің өмірге икемдігі арқасында ежелгі қалпына тезірек оралады. Көшпелі казак қоғамының тұрақтылығы мен бекемділігіне рулық құрылыммен қатар, «Дала зандары» да айтарлықтай үйиткы күш болды. Көшпелі қоғам өз қалпында, өз негізінде қаншалықты сақталса, оған тән «Дала зандарының» қоғамдағы алатын орны да соншалықты мықты болды. Керісінше, ежелгі құқықтық мекемелер мен зандардың өз күші сақталса, көшпелі қоғамның талай қызын кездерден өтуіне, ішкі бірлестігінің сақталуына зор жәрдемін тигізді. Осы тұрғыдан алғанда көшпелі қоғамды оның ішкі зандарынан бөліп қарастауда ретсіз.

Қазак құқығы («Жарғы») кең-байтақ қыпшақ даласында еркіндік пен бостандық саясында, көшпелілердің дүниетанымы, өзіндік тендік, өзін-өзі басқару ұғымдарының негізінде қалыптасып, дамыды. Бұл оның Орта Азияны мекендереген басқа көшпелілерден ерекшелеге мүмкіндік береді және оның мәні де осында. Көшпелі қазак қоғамында реттеуіші нормалардың рөлі басым болды және олар әдеттегі, дәстүрлі жүріс-тұрыстың басым бөлігіне тарады. Халық санасында оларды «әдет зандары», «дала зандары», «билер зандары» деп атады. Олардың нормалары әрі қысынды, ұтымды, әрі ықшам мәні терең, бір естігенде есте қаларлықтай үйлесімді. VIII–IX ғасырлардағы түркі тіліндегі жазба ескерткіштердегі бір қағанның (ханның) ұндеуінде мынандай сөздер бар: «Ей, түрік! Жоғарыдағы аспан құламай, төмендегі жер тесілмей сенің мемлекетінді, әдетінді кім жоя алады?». Қасым хан тұсында «Хан болсын, ханға лайық заң болсын» деген ұран таратылды.

Қазак құқығының («Жарғы») негізгі қайнар көзіне көшпелі қоғамның талаптарына бейімделген әдет-ғұрыптар, қоғам мен мемлекет өмірінің ішкі және сыртқы жағдайлардың әсерінен тез өзгеріп

<sup>1</sup> Древнетюркская цивилизация: памятники письменности. Алматы, 2001. 249-6.

отыратын әдет-ғұрып нормаларын толықтырып әрі үйлестіріп отыратын бидін үлгілі билігі (прецеденттері); хан заңнамасы жатты.

Қазақ хандығы тарихында Қасым хан зандары, Есім хан зандары және Тәуке хан зандары деген атпен енген зандар белгілі. Олардың әрқайсысы өзіндік атауға ие. Осы атауларда оларға берген көшпілік халық бағалауы мен сезімі бейнеленген, актілердің ерекшелігі, мәні, бағыты қамтылған, көрініс тапқан. Бұндай халықтық сын көзі өсіресе, казақтардың көшпелі қоғамында айқын байқалады. Онда ауызша шешендік, ойдың кеңдігі, айқындылығы, қысқалығы және оны есте сақтау ынғайлышығы ерекше орын алды..

Төменде Қасым хан мен Есім хан зандары қарастырылады, бірақ та өзірше нақты мәліметтердің табылмауы әртүрлі көзқарастар мен талқылауларға жол ашуда.

## 2. Қасым ханның мемлекеттік саясаты және зандары

Қасым ханның есімімен «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталған кешенді заң жинағы қазақ тарихында сүбелі орны бар маңызды құқықтық құжат. Заңның мазмұны, бағдары, мақсаты Қасым ханның мемлекеттік саясатымен тығыз байланыста құрылып, өзара үндестікте өрілген.

### 2.1 Қасым ханның саясаты, ұстанымы және көзқарасы

Қазақстан тарихында Қасым ханның алатын орны ерекше. Хан тағына 1511 жылдың отырған кезінде қазақ хандығының құрылғанына<sup>1</sup> әлі жарты ғасыр да өтпеген еді. Ол жер көлемі аз, бытыраңқылық сипаты басым, ортақ мемлекеттік билік әлі қалыптаса қоймаған ұлыстардың басын біріктіріп, өзінен кейінгі үрпаққа сол кездегі жер көлемі ең үлкен (шамамен, қазіргі Қазақстан аумағы), бірлігі мыйты мемлекетті қалдырып кетті.

Шын мәнінде мұндай жетістік оның хан тағында болған ресми он жылдың (1511-1521) көлемінде атқарылған шаруа емес. Бұл жетістік Қасымның әлі хандық мәртебеге ие болмай тұрғанында, Әүріндыхан тұсында «екінші хан» есебінде жүріп ел басқарған кезеңдерінен бастау алатын 50 жыл ішіндегі қажырлы еңбегінің нетижесі.

<sup>1</sup> Қазақ хандығының дербес құрылған кезі XV ғасырдың 60-жылдары. Хандықтың алғашқы хандары болған сұltандар Керей мен Жәнібек өз кол астындағы ұлыстармен сол кездегі Қыпшак даласын билеп тұрған Өзбек ханы Эбілқайырдан бөлініп, ауып көшіп кетті.

Ел ішінде әлі хандық мәртебеге ие бола қоймаған Қасым сұлтанның беделінің артуы, ел басқарушылық қабілетінің айқын танылуы Бұрындық ханның халық алдындағы беделін азайта берді. Дей тұрганмен Қазақ мемлекетінің шекарасы мен аумағын көңейтуге қосқан хан Бұрындықтың да үлесін жоққа шығаруға болмайды. Ұақыт өткен сайын Қасым сұлтанмен екі арадағы келіспеушілік өрши түсті, сонымен бірге кешегі Бұрындық хан қол астындағы рубасылардың бірқатары Қасым сұлтан жағына шығып кетуі салда-рынан Бұрындықтың Қыпшақ даласындағы хандық билікті тастап, Самарқан қаласындағы туыстық-некелік байланыстағы Шыңғыс тұқымынан тарайтын жақындарына кетіп қалуына себепкер болды.

Қасым сұлтан Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі Жәнібек ханның үшінші ұлы еді. Шыңғыстектілердің билік құру жүйесінде үлкенді тану қағидасты қатаң ұсталды. Сол себепті Жәнібек ханмен қатарлас ел билеген Керей хан өзінің тегі, жасы және қол астындағы ұлысының қөлемі бойынша да, билігі жөнінде де Жәнібек ханнан жоғары тұрды. Керей хан өлгеннен кейін билікке оның ұлы Бұрындық келді. Бұрындықтың Жәнібек ханға қарағанда таққа мұралығы лайыкты деп есептелді. Бұрындықтың ресми хан тағында отыруы Қасым сұлтанның күн санап өсіп келе жатқан беделіне, оның мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына шешуші ықпал етуіне кедергі келтірmedі. Алғашқыда Бұрындық хан Қасым сұлтанмен мақсат-мұдделері бір болғандықтан тату қарым-қатынас ұстады, ал кейіннен Қасым сұлтанның бедел-абыройының күшіне түсуіне байланысты арақатынастары суи берді.

XV ғасырдың соңғы ширегі мен XVI ғасырдың алғашқы ширегінде Бұрындық хан мен Қасым сұлтанның қатарлас хандығы кезінде, әсіресе Қасым сұлтанның билікті өз қолына алғаннан кейінгі дәуірде қазақ хандығы быттыраған қазақ көшпелілерінің жерлерін біріктіретін орталыққа айналды. Қазіргі Қазақстан аумағына тең, ал хандықтың қарамағына көшкен Ертістің солтүстік аймағында орналасқан «орман халықтарын» қосқанда одан да көлемді жерге Қазақ хандығы ие болды. Бұл сол кездегі Қазақ мемлекеті дамуының нақты көрінісі еді.

Қазақ хандарының мемлекет аумағын көңейтудегі әскери және бейбіт жолмен жүргізген шараларымен қатар, маңызды рөл аткарған тағы бір құбылысты атаяуға болады. Бұл «қазақ» этнонимінің көшпелілердің бірлікке шақыратын әлеуметтік-саяси, рухани ұран мәнінде ие болған тарихи кезең. Белгілі шығыстанушы В.П. Юдин өз еңбектерінің бірін «қазақ» деген ұғымның этимологиясына арналап, «К этимологии этнонима «казак» (қазақ)» енбегінде билай дед

жазды: «В XIV–XVI веках «казаками» именовались также целые коллектизы, которые по какой-либо причине уходили от своего народа» – «Қазақ этнонимінің этимологиясына қатысты айтар болсақ, XIV–XVI ғасырларда «қазақ» деп – әртүрлі себептермен өз ортасынан бөлініп кеткен біртұтас ұжымдарды атаған»<sup>1</sup> – деп көрсетеді. Мұның әртүрлі себептері болды: тұрған орталығында қысым, жәбір көру, қоныс тарлығы, көшпелілердің ішкі өзара тартыстары, ұзаққа созылған жорық-соғыстардың әсері.

Алғашқыда Өзбек хандығынан Керей мен Жәнібек сұлтандардың бөлініп, Моголстан (Жетісуда) жеріне орналасуы және оларға өзге де үлкенді-кішілі көшпелі руладардың келіп қосылуының сыры, қазіргі тілмен айтар болсақ, көшпелілердің еркіндікте, азаттықта өмір сүруді қалағандығында жатыр. Бұл жолда көшпелілерге қөптеген қызындықтарды бастанынан кешіруге тұра келді. Еркін өмір сүрге деген ұмытылыс олардың ерлігі мен төзімділігін күшетті. В.П. Юдин жазғандай, «қазақ» деген атау батырлықтың, өжеттіліктің, төзімділіктің көрінісіне айналды, ал кейбіреулерге тіпті үрей де тудырды. Зерттеушінің пікірінше, «Очень рано привело к тому, что вокруг них стали создаваться легенды и жизнь их была опоэтизирована» – «Осының барлығы олар (қазактар) туралы аңыздардың пайда болуына әсер етті және олардың өмірі өлең-жырға айналды»<sup>2</sup>.

Белгілі бір ұлттың (халықтың) атауын білдіретін «қазақ» (қазақ) ұғымымен қатар, көшпелі қауымның әлеуметтік атауын беретін «қазақ» (қазақ) ұғымының арасында тығыз байланыстың болуымен бірге, өзіндік ерекшеліктер де бар. Ұлт ретіндегі «қазақ» ұғымы көшпелілердің саяси бірлесуінің көрінісі болса, ал әлеуметтік атауға ие болған «қазақ» термині сайын даланың төсінде еркін мекендейтін, бостандықты аңсаған, шашырап жүрген көшпелілердің жекелеген бірлестіктерін суреттейді. Тарихи деңгектерге қарағанда «қазақ» деген әлеуметтік атау Қазақ хандығы құрылмай тұрып, IX ғасырлардан бастап белгілі болды. Оның қатарына еркіндік аңсап қоныс аударған, орталықтан «қашып шыққан» ер жүрек ру бөлшектерін жатқызды. Қазақ хандығы үшін еркіндік, азаттық, бостандық құндылықтары бір жағынан, осы тұрғыдағы бірлесіп мемлекет құруының көрінісіне айналса, екінші жағынан, қазактардың ұлт деңгейіне көтерілуіне бірден-бір себеп әрі айтарлықтай күш болды.

<sup>1</sup> Юдин В.П. Центральная Азия в XIV–XVI веках глазами востоковеда. Алматы, 2001. 148-б.

<sup>2</sup> Сонда, 149-б.

## **2.2 Қазақ хандығы Орта Азиядағы ірі мемлекеттердің біріне және қазақ халқын біріктіру орталығына айналды**

Қасым ханның Қазақстан тарихындағы орны оның дана да дарынды, өз Отанына берілген басшы ретіндегі бейнесімен ерекшеленеді. Оның жартығасырлық уақытта атқарған мемлекеттік, саяси және дипломатиялық қызметі мен ұстанған саясатын бір сөзben түйгенде, қазақ халқы мен жерін біріктіру орталығына айналдырыды десек артық айтқандық емес. Қасым ханның қызметі мен жеткен жетістігі осылай бағаланғаны абзал.

Алғашқыда Қаратал мен Шу өзенінің аңғарын мекендеген Қазақ хандары Керей мен Жәнібектің қол астында, кейбір мәліметтерге қарағанда, 10 мыңдай халық болған. Арада бір үрпақ ауысар мезгілде Қасым хан билігін мойындаған халық саны 1,2-2 млн адамға жеткен<sup>1</sup>. Сондай-ақ Орта Азия аумағында қазақ хандығы жер көлемі үлкен, ықпалды бес мемлекеттің бірі болып танылды. Бұған негізінен екі түрлі маңызды фактор өсер етті. Біріншісі қазақ хандығы тонау мен соғыс, жерге талас пен ірілі-ұсақты билеушілердің қысымдарынан зардал шеккен қөшпелілер үшін еркіндік аймағы ретінде танылса, екіншіден, бұл Қасым ханның тарих сахнасында ел сенімін арқалаған мықты колбасшы, дарынды ел басқарушы, ірі дипломат және реформатор ретіндегі атак-абыройы еді. Кезінде Әмір Темірдің жаулауынан кейін құлаған, күш-куаты әлемге мәшінр болған Ақ Орданың (Алтын Орда) даңқымен теңесерлікте жағдайға енген қазақ хандығы Қасым хан тұсында ірі мемлекетке айналды.

Қасым хан Бұрындық ханның тұсында оның келісімімен, ал өзі дербес хан болған кезінде өз еркімен Өзбек хандығы, Моголстан және Ноғай Ордасына жорықтар жасап, жорықтарды сәтті аяқтап отырды. Жорықтардың сәтті аяқталуының себебі Қасым ханның ішкі саясатты сол кездегі елдің мұддесіне сай жүргізе білуінде еді. Оның ұстанған саясаты көрші қөшпелі халықтардың бірігүge деген қызығушылығын арттырды. Жүргізілген саясаттың жасампаздығы да сонда, оның халық жиналышының, рубасылар мен билер сотының, қөшпелі қоғамның әдеттік-құқықтық арналарының қуаты мен күшін билік жүргізуге үдайы қатыстырып отырғанында жатыр.

Көшпелілер мекендеген Қыпшақ даласында әскери жорықтардың сәтті өтуіне Қасым хан қатты көніл бөлді. Құн санап өсіп келе жатқан сарбаздар саны, олардың жауынгерлік борышқа адап болуын талап етті. Ол «Хан борышы жорықта ту көтеру, сарбаз борышы ханға еріп

<sup>1</sup> Пищуллина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV–начале XVI веков. Алматы, 1977. 204-б.

жан беру» ұранын халық санасына енгізді, соған негізделген әскери тәртіп қалыптастырыды. Әрбір жорық алдында халық кеңесін тыңдал, көшпілік мақұлдауын әдетке айналдырыды. Бұл қағида «батыр болсын, жорық болсын, жорық жолы мақұл болсын» деген мазмұнда нұсқа сөзбен әдіптелді. Сол кезеңнің жылнамашысы Қазақ хандығының бүрынғы Шыңғыс хан иелігіндегі аумақта атақ-даңқы жаңғырған ірі мемлекетке теңейді. Оның айтуынша, бұл өнірде «қайсарлығымен және күшімен бұқіл әлемге мәшінүр қазақтар» тұрды. Бүрындық хан мен Қасым ханның сарбаздары қаһары жағынан да, саны жағынан да аса қауіпті күшке айналғанын тілге тиек етеді. Қазақ басшысының бүйіріғы шығысымен-ақ «в тот же час являлись четыреста тысяч колчанов богатырей, каждый из которых равнялся десятерым моло-децким воинам» – «сол сәтте әрқайсысында он жауынгердің күші бар төрт жұз мың сарбаздар топтаса қалатын»,<sup>1</sup> – деп суреттеледі.

Сондай-ақ тағы бір маңызды мәселеге тоқталған жөн. Қазақ хандығы құрылмай тұрған кезеңде дала өнірінде өздерін «қазақпызы» деп атайдын түркі тілдес көшпелі ру-тайпалары көрініс бере ба-стады. Олардың көбі өз биліктерін сонымен бірге еркіндік пен кең жайлауды аңсаған көшпелілер еді. Қазақ хандығының аумағының кеңеje түсуіне бұл құбылыс та өзінің оңды өсерін тигізді. Еріктілер мекендерген аумақтар Қазақ мемлекетінің шекарасын кеңейте түсті.

Қасым хан ірі билеуші ретінде таныла отырып, бір орталыққа бірігу бағытындағы стратегиялық жоспарын тек қол астындағы қазақ жерлері мен ұлыстарына ғана емес, сонымен қатар көршілес түркі тілдес хандықтар мен ордаларға да қолдана бастады. Орта жүздегі Жошы хан кесенесі, Кеңгір өзенінің бойына аты аңызға айналған Алаша ханға арнап күмбез-ескерткіш орнатылуы, Қасым ханның тікелей қатысуының нәтижесі болуы мүмкін<sup>2</sup>. Көшпілік санасында Алаша хан Орта Азияны мекендерген түркі тілдес халықтардың ортақ беделді ханы саналғаны мәлім. «Алты алаштың баласы», «Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда» деген ұрандар Қасым ханның көзқарасы және ұстанған саясатымен біte қайнасып, бірін-бірі толықтырып отырды. Баса назар аударатын біr ерекшелік, ол түркі тілдес Алаш ұрлактары арасында қазактың үлкендігін және маңызды біріктіруші орталық тетік күшке айнала бастағанын мо-

<sup>1</sup> Фазлаллах Ибн Рузбихан Исфахани Мухман — наме-ий Бухара Р.П. Жалиловтың аудармасы. М., 1976. 92-93, 147-б.

<sup>2</sup> Археологтар Ж. Смаилов, О. Ошановтардың қатысуымен 1997-1998 жылдары Алаша ханының кесенесіне жүргізілген казба жұмыстарының нәтижесі, кесененің XVI ғасырда түрғызылғандығы туралы дерек берді, яғни бұл Қасым хан билік құрған кезеңге келеді. Қараңыз: «Древнетюркская цивилизация: памятники письменности», – Алматы, 2001. 533-б.

йындану еді. Осы саясат «Қазақбайдың баласымыз, алты алаштың ағасымызы» деген үранға ұласты.

Қасым хан көршілес мемлекеттерде болып жатқан өзгерістер мен оқиғаларды жіті бақылап отырды. Ондағы болып жатқан қайшылықтарды, ру-тайпалардың көңіл қүйін, Қазақ хандығына және өзіне деген көзқарас-ұстанымын өз мұддесіне, хандықтың аумақтық шекарасын кеңейтуге тиімді пайдалана білді.

XVI ғасырда Қазақ хандығының шекарасы бейбіт жолмен Түркістан қаласына және оған жақын орналасқан оңтүстіктегі Сайрам, тағы басқа қалаларға дейін, Алатау, Жетісу өніріне дейін кеңейтілді. Өзбек сұлтандары 1514 жылы Түркістан қаласын Қазақ хандығының жері деп тануға мәжбүр болды. Қасым хан жоспарында Ташкентті басып алу, иемдену басты назарда болды. Қазақ хандығы әлсіреген Ноғай Ордасын ығыстыра отырып Жайықта орналасқан Сарайшық қаласына қазақ хандығының үстемдігін қайта орнатты. Қасым хан бірінші болып Еділ (Волга) өзенінің бойына өз әскерлерімен ат басын тіреді. Көршілес мемлекеттер Қазақ хандығын халықаралық қатынастың маңызды субъектісі ретінде бағалап, онымен тату қарым-қатынас орнатуға тырысты.

1514 жылы Өзбек хандығының ұсынысымен Қазақ хандығы арасында, Мауреннахрда (Сырдың орта ағысы) орналасқан севе-фидтер мемлекетіне<sup>1</sup> қарсы одак құру туралы келісімсөз жүргізілді. Бұл келісім XVI ғ-дың 20-жылдарына дейін сақталды. Өзбек ханы Ұбайдуллахтың өтініші бойынша, Қасым хан өз қыздарының бірін оған әйелдікке берді. Ұзатылған қызы хан сарайында «қазақ ханым» деген атқа ие болады. Өз кезегінде Қасым ханның ағасы Әдік сұлтан да шейбанидтер (өзбектер) басшысы Күшкінші ханның ұлына үлкен қызын ұзатады. Бұл қызы «Аман-бике ханым» деп аталып, Кожа Ахмет Йасауи кесенесінде жерленген. Осы кезеңдегі Өзбек және Қазақ хандығы арасындағы мұндай дипломатиялық және некелік-туыстық қарым-қатынас, олардың күштерін біріктіріп қарсыластарымен күресетін күшті одакқа айналуына әсер етті.

XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығының тарихын зерттеуші Н. А. Атығаевтың еңбегінде былай делінген: «В начале третьего десятилетия XVI в. Казахское ханство явилось одним из крупных и могущественных объединений Центральной Азии. В то время его границы на юго-востоке охватывали значительную часть Жетысу, район рек Каратал и Аягуз; выходили на северо-западе к р. Волге, на севере

<sup>1</sup> Бұл мемлекет XVI ғасырдың бас кезінде Өзбек мемлекетінің оңтүстік-батысында ирандық және өзірбайжандық түркі тілдес тайпалардың негізінде құрылған болатын.

и северо-востоке они проходили в районе гор. Улытау и озера Балхаш, а на юге выходили на правобережье Сырдарьи, включая оседлоzemледельческую зону городов Туркестана. В состав Казахского ханства в годы правления Касымхана входила почти вся этническая территория казахского народа. Численность населения государства в те годы превышала 1 млн человек. Авторитет верховной власти в то время был очень высок» – «XVI ғасырдың 30-жылдарының басында Қазақ хандығы Орта Азияның ірі және мықты мемлекеттерінің біріне айналды. Ол кездері оның билігі оңтүстік-шығыстағы Жетісудың біраз бөлігін, Қаратал және Аягөз өзендерінің аймақтарын қамтыды, солтүстік-батыста Еділ өзеніне тіреді, солтүстікте және солтүстік-шығыста Ұлытау таулары мен Балқаш көлі арқылы өтті, оңтүстікте Түркістан қалаларының отырықшы аймақтарын қамтып жатты. Қасым ханның билік құрган жылдарында Қазақ хандығының кұрамына Қазақ халқының бүкіл дерлік этникалық аумағы кірді. Ол жылдардағы мемлекеттің халық саны 1 млн адамнан асты. Жоғарғы биліктің беделі де өте қуатты болды»<sup>1</sup>.

## 2.3 Қасым ханның зандары туралы деректер жайлары

Қасым ханның саяси-құқықтық сипаттағы зандар жүйесінің құжаттық немесе сол кезеңдердегі жазба нұсқасы бізге жетпеген. Тіпті Қазақ хандығының ішінен болмаса да, бір дәүірде өмір сүрген алыс және жақын Шығыс мемлекеттерінің жазбаларында да ондай мағлұматтар кездеспейді. Мұндай жазбалардың бола қоймауы да ықтимал. XVI–XVIII ғасырлардағы Орта Азияның тарихын зерттеуші ғалымдар, шығыс әдебиеттері мен қолжазбаларын карау барысында қазақ хандарының реформалары, зандары, оның ішінде Қасым ханның заны туралы да ешбір мәліметтің кездеспегендігін бірауыздан қуаттап отыр.

Мұның өзіндік себебі бар. Орта Азия халықтарының өмір сүрген орта ғасырлар кезеңі шыңғыстектілердің билік үшін тартысқа толы дәүірі еді. Тарих сахнасында ауысып отырган ірілі-ұсақты мемлекеттік құрылымдар арасындағы үздіксіз соғыстар мен бітпес жорықтар негізінен бай аймақ есептелеғін Сыр мен Мауреннахр өніріндегі Түркістан, Ташкент, Бұхара, Самарқан қалаларына биліктерін жүргізу үшін болды. Сол кездегі шежірешілер көбінесе хан-сұлтандардың сарайының маңында топтасатын. Олардың жазбаларында негізінен жорықтағы жеңістері мен түскен байлықтар, әс-

<sup>1</sup> Атығаев Н.А. Казахское ханство в XV–середине XVI веков. Рукопись диссертации. Алматы, 2003, 96-б.

кербасылар мен ел билеушілердің өмірбаяны суретtelіп, ел басқару және заң жүйелеріне көп мән берілмейтін.

Қазіргі таңда көптеген авторлар тарихи зерттеулерінде Қасым хан-ды қазақ мемлекеттілігінің тарихында сәтті өскери және мемлекеттік қызмет жүргізген ірі саяси қайраткер ретіндеға таниды. «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын заң жинағы болғандығы да аракідік айттылады. Ал Қасым ханның реформаторлық және заңшығармашылық қызметі туралы, сондай-ақ оның тұзғен заңдары туралы ешқандай нақты жазба деректер келтірмейді. Осы күнге дейін оның заң жобаларының нұсқасы табылған жоқ, табылуы да күдікті мәселе. Бұл жағдай да зерттеуді киындалады. Дегенмен де тарихтың жекелеген деректерін салыстыра отырып, Қасым ханның заңы туралы шолу, негізді болжаулар жасау мүмкіндіктері бар. Халық жадында қалған тарих койнауындағы көшпелілердің ауызша мәдениеті бізге көлемді ақпарат кешенін ұсына алады. Олардағы рухани құндылық, дұрыс пайдаланса жазбаға түсken тарихи еңбектерден кем саналмайды.

Бұрынғы еңбектерде көрсеткеніміздей көшпелі қазак қоғамына тән екі құдіретті рухани құндылық болды. Олар – Сөз құдіреті мен Әділ сот құдіреті. Қазактар билік айтуды өнер деп білген, «Өнер алды – қызыл тіл» деп бағалаған. Қаймағы қалың қазақ тілінің бай сөздік қорынан бастау алатын суырыпсалма шешендік көшпелілер өмірінде жоғары деңгейде бағаланатын. Қызыл тілдің құдіреті қатынас құралы ретіндегі бейнесімен бірге, руаралық қатынастан бастап, ұлысаралық маңызды мәселелерде мұdde-мақсатты қорғап-сактайтын дәрежедегі күшке ие болушы еді. Әрбір көшпелінің еске сактау қабілеті өте жоғары және кең еді, сол себепті де олар айттылған сөзді, әсіресе өмірлік маңызға ие мәнді сөздерді қағып алғып, табан астында қолдана білуші еді.

Мемлекет өміріндегі билік жүргізу, басқаруға арналған нормалар қысқа әрі нұсқа, еске сактауға ынғайлы нақыл сөздермен көркем өрнектелетін. Бұл көшпелілердің есте сактау қабілетінің молдығына сүйенеді. Сонымен бірге хандардың жарғыларының жазбаша нұсқаларының болуын жоққа шығармайды. Дәлірек айтсак, Қасым ханның жарлықтарының жазбаша түрлерінің болуы мүмкін. XIX ғасырда өмір сүрген оқыған қазақ азаматтарының қолдарында, қойын дәпптерде сол заң нұсқаларының көшірмелері болғандығы туралы ақпараттар кездеседі. Өкінішке орай, олар аштық, репрессия, қуғын-сүргін жылдарында жоғалып-жойылып кеткен, кешегі Кеңес үкіметі кезінде қалған құжатты сактаушылардың устінен іс қозғап, оларды абақтыға жабу кең өріс алғандығы көпке мәлім. Сондыктан да жазбалар жоқтың қасы.

Қазақ хандығының өміріне қатысты мәліметтер, әсіреке Қасым хан заңдары туралы деректердің аймақтық, шетелдік шығармаларда кездеспеуінің басты себептері мыналар: а) ортағасырлық тарихи әдебиеттерге дәстүрлі тән нәрсе, олардың тек хроникалық сипатта жазылуы. Жазбаларда негізгі мәселе ретінде билеушілер арасындағы жүріп жатқан шайқастар мен жаулап алушылар, олардың жорықтары мен женістері, некелік-туыстық қарым-қатынастары бейнеленеді. Мемлекет пен қоғамдық құрылыш, қоғамдағы өмір, басқару мәселелері қамтылмады; ә) Орта Азиялық кеңістіктегі көшпелілердің экономикалық, әлеуметтік-мәдени негіздері мен саяси режимі талай ғасырлар бойы езінің алғашқы формасынан айтарлықтай өзгеріске ұшырамай, тұрақты түрде сакталды. Өзгере қалған жайттар тек санаулы ғана шамада болды және олар қалыптасқан қалыпты бұза алмады. Ғұн, қыпшақ, монгол империяларына да, кейін Қазақ хандығына да осы құбылыс тән болатын. Қоғамдағы қалыптасқан режимдегі кішігірім өзгерістермен, жаңа құбылыстар санаулы ғана хатқа түсірушілердің назарына іліккенімен, олардың деңгейі сарай тапсырмаларын орындаудан аса қоймады; б) Орта Азияға XIX ғасырға дейін билігін жүргізген шынғыстектілер үшін «Шынғыс ханның жасағы» деп аталатын заңдар жинағының рөлі жоғары болды. Белгілі бір аумақты билеуші шынғыстекті хандардың жарлықтары «жасау» нормаларының көленкесінде қалып қойды. Сондыктan да жекелеген хан заңдары – жарлықтарына маңызды қөніл бөлінбей, олар хатқа түсірушілердің назарына ілікпеді.

Қасым хан тұзғен заңдар туралы деректер негізінен тек ауызша тарихнамада аңыздар мен оқиғалар сипатында ғана ұрпақтан ұрпаққа жеткен. Қазақ ортасында кең дамыған ауыз әдебиетінің бүл үлгісінде өте құнды мәліметтер кездеседі. Деректер легінің ішінен тамырын тереңнен тартатын түбірлі мәліметтерді сұрып алғып зерттеу, қазіргі зерттеушілердің назарында болуы тиіс. Зерттеудің киындығы тек бүл тұста емес. Мұндай мәліметтер талай тарих қойнауынан өтіп, бізге жетуіне байланысты оларға сын көзben карауды, терен талдауды керек етеді. Өткен ғасырдың 50–60-жылдары Қазақ Ұлттық Фылым академиясының Философия және құқық институтында менің жетекшілігіммен, сол кездегі ауызша тарих қойнауының білгілері арнайы топтастырылды. Оларды штатқа енгізіп, облыстар мен аудандарға іссапарға жіберіп, көшпелі қазақтардың заңдары туралы, олардың құқықтық өмірінен хабар беретін ауызша, жазбаша сипаттағы сакталған деректерді жинау тапсырылды. Солай жиналған материалдар ішінде Қасым

хан, Есім хан, Тәуке хан туралы, олардың заңдары туралы мәліметтер де кездесті. Сол деректер көзін өз зерттеуімізде кеңінен пайдаландық.

## 2.4 Қасым ханның заңдары туралы

Қасым ханның заңдарында оның саясаты және қоғам мен оның әр-түрлі топтарына көзқарастары мен қатынасы, оның жоғарғы билеуші ретіндегі билігінің соншалықты нақты және танымал болғандығы әрі хандықты қалай басқарғысы келгендігі, нені аңсағандығы көрініс тапты. Енді Қасым хан туралы тарихи деректермен таныс шығыстанушы зерттеушілерді тыңдалп көрелік. А. Чулошниковтың пікірінше, «Последние годы его правления, прошедшего в общем довольно мирно, окончательно упрочили его влияние и стяжали ему славу и любовь всего народа. Не принадлежащий к числу обычных завоевателей Азии, он никогда не руководился в своей деятельности одними личными честолюбивыми интересами, почему и пользовался необычайной популярностью среди всех своих многочисленных подданных» – «Оның билік құруының соңғы жылдары жалпы алғанда бейбіт өтті және оның халық арасындағы беделі мен билігі нығая түсті. Ол Азияның әдеттегі жаулап алушылары қатарына жатқан жоқ, бірақ ол ешқашан өз қызметінде өзімшіл жеке мұдделерді басшылыққа алған жоқ, сондықтан да көптеген өзіне бағыныштылар арасында ерекше танымал болды»<sup>1</sup>. М. Вяткиннің айтуына қарағанда «Во всем Даши и Кипчаке, как говорили современники, не было такого могущественного султана после Джучи, как Касым», и далее: «Последние годы ханства Касыма были годами мира и относительного благосостояния казахов» – «Оның замандастарының айтуынша, бүкіл Дешті Қыпшақта Жошыдан кейін дәл Қасым сияқты күшті сұлтан болған емес» дей келе, «Қасымның хандық құрған соңғы жылдары қазақтардың бейбіт әрі берекелі өмір сүрген кезеңі» дейді<sup>2</sup>.

С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтанов былай деп жазған болатын: «Касым хан, по отзывам современников – Бинаи, Ибн Рузбихана, Бабура, Хондамира, мирзы Хайдара, – любил хороших лошадей, был их большим знатоком, отличался военным талантом, личной отвагой и смелостью вести других; на основе их высказываний создается образ человека с высокими моральными качествами, до-

<sup>1</sup> Чулошников А. Очерки по истории казах-киргизского народа. Орынбор, 1924. 127-6.

<sup>2</sup> Вяткин М. Очерки по истории Казахской ССР. ОГИЗ, Госполитиздат, М., 1941, 84-87-66.

стойными подражания» – «Бинаи, Ибн Рузбихан, Бабыр, Хондамир, Хайдар мырза замандастарының айтуна қарағанда, Қасым хан сәйгүлік жылқыларды жоғары бағалағаң, олардың мықты білгірі болған, әскери таланттымен, өзге халықты өз соңынан ертетін жеке айбынымен және батылдығымен өзгешеленді; олардың келтірген сипаттамаларының негізінде елкітеуге лайықты жоғары моральдық қасиеттері бар адамның бейнесі көзге елестейді<sup>1</sup>. Қасым хан туралы мұндай сипаттама «Қазақ КСР тарихы» курсына да кірді<sup>2</sup>.

Қасым хан бірқатар елеулі реформалар жүргізді. Олар тарихта және үрпактар санасында «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен қалды. Бірақ бұл реформаның орыс тіліндегі аударма атаяу бәрібір оған деген халықтың таңдануын, сүйсінуін толық жеткізе алмайды. Басқарушылар мен көсемдердің әрекеттерін бағалауда халық өте сыншыл қеледі. «Қасым ханның қасқа жолы» деген эпитет елбасына деген құрметті білдіруі де мүмкін. Себебі бұл көшпелі қазактардың дәстүрі еді. Мысалы, құрамына көптеген көшпелі ұлыстар кірген Ноғай Ордасының негізін қалаған, аты аңызға айналған Едіге бидін батырлығы мен халық үшін еткен қызметін ескерген халық оны «Ел қамын жеген Едіге» деп атады.

Оз заманының өлшемі бойынша, Қасым ханның реформалары ғасырлар бойы тұтастай қалыптасқан көшпелілер өмір-салтына нұксан келтірмestен белгілі бір жаңалықтар енгізді әрі олар көлемді болды. Оның реформалары негізгі бағытына қарай қазақ жерлерін бір ұлысқа біріктіру, көшпелі халықты ыңғайына сәйкес тиімді орналастыру саясаты деп атаяуға болар еді. Ол әкімшілік-аумақтық бөліністі жетілдірді, әсіресе басқару жүйесінде қыпшақ даласында қолданыстан шыға бастаған араб, монгол сөздерінің орнына қазақ және түрік терминдері мен ұғымдарын енгізді, көшпелі ұжымдардағы дәстүрлі институттар мен «халықтық» қағидаларды бекітті, билердің және билер сотының рөлін күштейтті, көшпелілер арасындағы дінбасылардың ықпалын әлсіретті.

Қасым ханның заңдары жаңалығымен бірге, көшпелі қауымдарда күші бар немесе бір кездері күші болған ел керегіне жарайтын, құқықтық нормаларды жаңа тілектерге сай етіп қолдану тәртібіне арналған ережелер. Олар жалпылама емес, заңдылық пен тәртіпті, қазақ мемлекеттілігі мен елбасының беделін нығайтуға бағытталған, қоғамдық-саяси қатынастардағы демократиялық және азаматтық қағидаларды нығайту мақсатында жасалды.

<sup>1</sup> Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алматы, 1992. 274-б.

<sup>2</sup> История Казахской ССР, Т. I. Алматы, 1997. 366-б.

Мәселен, ол жаза шарасы ретіндегі өлім жазасын шектеді. Ертеректе ол Шыңғыс ханның «Жасағы» бойынша да, көрші ордалар мен мемлекеттердің бірқатарының заңдары бойынша да жазалаудың кең тараған түрі болып есептелді. XIX ғасырда өмір сүрген атақты билердің айтуына қарағанда, екі жағдайда ғана өлім жазасын қолдануды қалдырған: Біріншісі, «қанға – қан», екіншісі керуен тонағаны үшін қолданатын «керуен соғу» деп аталатын өлім жазасы. Қасым хан сонымен қатар Шыңғыс хан ұрпактары мен рубасыларының өзара карым-қатынастарын реттейтін бірқатар нормаларды енгізді.

## 2.5 Хандықтың көшпелі халқын үш жүзге бөлу

Қазақ хандығы аумағының: батысында Еділ мен Жайық (Орал мен Волга) өзендерінен шығысында Жетісуға дейін, солтустігінде Ертіс-Енисей алқабындағы «орман халықтарынан» онтустігінде Түркістан, Сайрам және Ташкент қалаларына дейін кеңеюі, яғни шамамен қазіргі заманғы Қазақстан шекараларына тең келетіндей Орта Азияныңдалалықаймағындағы ұлан-байтақ кеңістікте мемлекеттілік құруы қазақ ру-тайпалар мен әр түрлі халықтардың араласуына, қоныстарының өзгеруіне алып келді. Өмір сүруі жайылымдық кеңістіктерді игерумен байланысты көшпелі ұжымдарды орналастыру қажеттілігі жөнінде бірінші кезекте болғандықтан, оларды басқаруды реттеу мәселелері әкімшілік-аумактық реформаларды жүргізуі кейінге қалдыртпады. Осы арада Қасым хан түркі тілді халықтар өлемінде бұрын-соңды белгілі тәжірибелерді пайдаланды, сонымен бірге кейбір жаңалықтарды да енгізді.

Қазақта үш жүздің пайда болуына қатысты әдебиеттерде әртүрлі пікірлер бар. Олар көбінесе үстіртін болжauларға негізделген. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, қазақ жерінің үш жүзге бөлінуі XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырдың басында – Хақназар және Есім хандардың кезінде жүргізілген дейтін болса, кейбіреулер оны Тәуке хан қайтыс болғаннан кейінгі (1718 жылы) кезенде ел арасындағы қайшылық, тартыстардың күшеюімен байланыстырады. «Үш жүздің дүниеге келуі Шыңғыс хан ұрпактарының өзара билікке таласуының нәтижесі еді», – деп көрсетеді<sup>1</sup>. Біздің ойымызша, қазақ жүздерінің өмірге келуі қазақ мемлекеттілігінің белгілі даму кезеңіндегі қажеттіліктен туған болатын. Бұл Қасым хан билік құрған кезенге тұспа-тұс келді.

<sup>1</sup> Даширов К. История казахского государства XV–XIX веков. Алматы, 2001. 78-6.

Хандықтың аумағын үш жұзге бөлу ойдан шығарылған жоқ, сырттан да әкелінген жоқ. Елді аумаққа бөлу жүйесінде «Орда», «Жұзі», «Қанат», «Сырт» терміндерін пайдалану бұрын да болған, ол ерекше жаңалық болмады. Қазақ хандығының негізін қалаушылар Керей мен Жәнібек хандардың бастапқыда өз жерлері – ұлыстары болған, оларды бастапқыда үлкен, Орта жұз не орда деп атаған. Ол жерлер сонымен жаңадан қосылған аумактардан өзгешеленді. Қазақ тарихын зерттеген алғашқы қазақстандық көрнекті зерттеушілердің бірі А.П. Чулошников былай деп жазды: «Так в самом начале обоз-начились те две старшие (большая и средняя) орды, которые легли в основу единого казахского союза, образовавшегося позднее из слияния трех орд» – «Осылайша, бастапқыда екі орда (үлкен және орта) белгіленді және кейін оған үшінші орда қосылып, тұтас Қазақ мемлекетіне айналды»<sup>1</sup>. М.Х. Әбусейітова мен Ю.Г. Баранова қазақ жұздері туралы алғашқы ақиқат жазба дерек XVIII ғасырдың басына жататындығына сүйене отырып, «По-видимому, в конце XVI начале XVII в. произошло разделение казахского народа на жузы» – «Сірә, XVI ғ-дың аяғы мен XVII ғ-дың басында қазақ халқы жұздерге бөлінген», – деп болжамдады. Сонымен бірге олар елді жұзге басқару алғаш жазба дерек пайда болғанға дейін орын алған деп болжайды. Олардың пікірінше, белгілі билеуші сұлтандар өздерін «ханмын» деп санаумен бірге өз ұлыстарын «Жұз» деп те атауы ықтимал»<sup>2</sup>. Сондай-ақ өз заманында Ақ Орда «Жуз Орда» деген атпен белгілі болғанын да айтып кету керек. Х. Маданов Қазақстан тарихының хронологиялық кезеңге бөлінуі туралы жазғанда қазақтың үш жұзінің пайда болуын XV–XVI ғасырға жатқызып, шындыққа жақын келген.<sup>3</sup>

Қазақ хандығының үш жұзге бөлінуі оның әлсіреуінің және ішкі талас-тартыстардың белгісі болған деген пікірмен келісуге болмайды. Осыған орай, бұл қате пікірдің жақтастары жұздердің пайда болуын Қасым ханның билік құрған заманынан алыстатып жазған. Себебі Қасым ханның кезінде орталық биліктің беделі күштейген еді. Біздің пікірімізше, хандықтағы көшпелі халықтың үш жұзге бөлінуі жекелеген хандарға, олардың билік құрған уақытына байланысты емес. Ол кеңейіп келе жатқан мемлекетті басқаруды күштейтудің әдісі ретінде аумаққа бөлу қажеттілігімен байланысты.

<sup>1</sup> Чулошников А. Очерки по истории казах-киргизского народа. Орынбор, 1924, 104-б.

<sup>2</sup> Абусейитов М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII–XVIII вв., Алматы, 2011, 160–161, 247–66.

<sup>3</sup> Маданов Х. Қазақ халқының аргы-бергі тарихы. Алматы, 1995, 246–6.

Хандықтың үш жүзге – «Кіші жүз», «Орта жүз», «Ұлы жүз» болып бөлінүі сірә Қасым ханның кезінде болған. Жүздердің бұлайша аталуы да кездейсоқтық болмаса керек. Оның түбірі көне заманға кетеді. Елді үш бөлікке – үш жүзге бөлу Шыңғыс ханның кезінде де және оның үрпақтары кезінде де болған. Жерлер оң қанат, сол қанат және орталық болып бөлінген. Бұл әскери және әкімшілік бөлініс еді. Бұл тәртіп бүкіл дерлік қыпшақ даласына (Шығыс Дешті Қыпшак) тараған. Жошы ханның кезінде де болған.

Қасым көне дәстүрге сүйене отырып, қазақ даласын үш бөлікке бөліп, әрқайсысын қазақша «жүз» деп атады. Ол «бөлік», «жак», «қанат» деген ұғымды білдірді. «Жүз» сөзі халықтың бейбіт өміріне сәйкес келеді. Ал «қанат» деген әскери уақыттағы жорықтық өмірге сәйкес келеді.

Енді қалайша және не себептен жүздер кіші, орта және ұлы деп аталғандығы туралы мәселеге келсек. Монгол империясындағы әкімшілік әскери-аумақтық «қанатқа» бөлінудің өзіндік мақсаты болды. «Орталық» деп хан ордасы орналасқан аумақты атаған. Ол көбіне онтүстікте орналсты. Бұл тәртіп Шыңғыс хан үрпақтарының заманында да орын алды. «Орта жүз» – Қасым ханның негізгі ордасы – Ұлытау аймағын қамтыды. Ол хандықтағы дәстүр бойынша басты хан болып есептелетін Бұрындық ханның кезінде сұлтан бола тұра, оның Жайықтағы (Оралдағы) Сарайшық қаласындағы ордасына аз баратын. Ол өзінің көп уақытын кешпелілер арасында, көши-қондарда өткізетін, ал Бұрындық хан хандық тақтан кеткен соң, яғни 1510 жылдан бастап, Қасым хан солтүстіктегі Ұлытау аймағында, бұрынғы Жошы ханның мекені орнында көп уақытын өткізетін. Бірақ Сарайшық қаласы қазақ ханының ресми ордасы болып қала берді. Осылайша хан ордасы орналасқан жер «Орта жүз», яғни «орталық» аталып кетеді. «Ұлы жүз» мазмұны бойынша хандықтың ерекше құрметтелетін, қадірленетін бөлігі еді. Мемлекеттің бұл бөлігін «Ұлы жүз» деп атаяу себебі: а) Қазақия тарихында маңызды рөл атқарған ірі рулық-тайпалық одақтар Жалайыр, Қанлы, Үйсіндер осы өнірде мемлекеттілігін құрды; ә) бір кездері Шыңғыс ханың ордасы болған Монголияға жақын болды; б) Бұл аумақ Орта Азияның басты қалалары болып есептелген Бұхара және Самарқан қалаларына баратын жолда жатты. «Кіші жүздің» еншісіне Қазақ хандығының қалған бөлігі түгел тиді әрі ол Ноғай Ордасымен, Өзбек хандығымен көп соғысты және үнемі Түркістан, Сайрам және Ташкент қалалары мен аудандарына бақылау жасау үшін талас-тартыстар жүргізді. Осылайша Қасым хан бұрынғы басқару жүйесін жетілдіріп, оған бірқатар жаңалықтар енгізді.

## **2.6 Қөшпелі қауымдар ішінде халық жиналыстарының, би сottары рөлінің артуы**

Қасым ханның замандастары да, зерттеушілер де оның Қазақ мемлекетінің басшысы ретінде үлкен беделге ие болғандығын айтады. Ол қөшпіліктің «ең сүйікті басқарушысы»<sup>1</sup> болды деп көрсетеді. Ол қажет болған жағдайда сыртқы жауларға қарсы жорықтарға қысқа уақыт ішінде 300 000 сарбаз жинап алғатын. Сонымен бірге көп жағдайда ол аз әскермен де жорықтардан жеңіспен оралатын. Бір сөзben айтқанда, ол қөшпелілердің рухын көтере және қолдай білді, ол қөшпелі хандықты басқара білді. Қасым ханға мұндай сәттілік өзінен-өзі емес, ең алдымен, оның қөшпелілер өміріне, сана-сезіміне «енуі» нәтижесінде туындаған құбылыс. Ол мемлекеттік билік тарапынан дәстүрлі қоғамдақ, саяси және мәдени құндылықтарды, мемлекет пен халық мұддесін қолдай білді. Қасым ханның саясаты мен жаңалықтарының логикасы осындай болды. «Қасым ханның қасқа жолы» атты Қасым хан заңдарының түпкі сыры мен мазмұны осындай еді. Бұл заңының солай деп аталуының өзінен Қасым ханның ішкі саясатының маңыздылығы сезіледі.

Қасым ханның дүниетанымынан көрінгендей, ол ең алдымен өз саясатын билігі мен беделі рулық-тайпалық бөлімдерде құшті болған рулық көсемдер мен ақсақалдар тарапынан қолдауға ие болуына ұмтылды. Ол солардың басы қосылған «Кенесті» ханның жаңындағы тұракты органға айналдырды. «Кенесте» ең өзекті ішкі-сырт мәселелеріне, соғыс пен бейбітшілікке, қөшпелілердің қоныстану тәртібіне, ұлыстар, рулар мен ұжымдар арасындағы дауларды шешүге байланысты мәселелер талқыланды. Бұл мәселелердің барлығы руға, тайпаға бөлінген топтардың арасындағы байланыстар мен «туыстық» сезімдерді, халық арасындағы бірлікті сақтау тұргысында қарастырылды. «Әділеттілік» үғымы қоғамдағы моральдық нормаға айналды. Сонымен бірге Қасым ханның кезінде оған алыс-жақын туыстар болып келетін Шыңғыс тұқымында сұltандарды да, бұрынғы беделі сақталмаса да биліктен қол үзіл кепегендерді ел басқарудан алыстатқан жоқ.

Билер мен ру ақсақалдарының «Хан өздігінен өлім жазасын қолданбасын, өлім жазасын халық өзі шешетін болсын» деген талабы, сірә қөшпілік айтатында Майқы бидің (XIII ғ.) кезінде емес, Қасым ханның кезінде қалыптасып, енгізілген. Қалай де-

<sup>1</sup> Чулошинов А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа. Орынбор, 1924. 127-6.

сек те мұндағы қағида Қасым ханның билік құрған кезінде нақты күшіне енген. Қазақ хандығының тағдырындағы тағы бір маңызды жағдайлардың бірі жергілікті руладар арасындағы да, жалпы саяси істерде де сот ретіндегі билердің рөлінің күшеюі болды. Олар әкімшілік-басқару жүйесінен сottық функцияны атқарушылар ретінде бөлініп шыққандықтан, әділдікке сүйенгендіктен көшпелі ұжымдар ішінде үлкен беделге ие болды. Бастапқыда «Тура биде туған жоқ, туғанды биде шындық жоқ» деген қағиданың екінші бөлігі кейін «туғанды биде иман жоқ» деп өзгертилген болатын.

Билердің және билер сотының қоғам мен көшпелі қауымдағы рөлін арттыру Қасым хан саясатының негізгі бөлігі болды және мемлекет пен құқықтық тәртіпті нығайту шарапалары болып табылды. Дәл осы Қасым ханның кезінде «Қара қылды қақ жару», «Әділ қазы – алтын таразы» деген қағидалар да қалыптасқан. Аңыз бойынша, Қасым ханның өзі «Ел билігін екі ауыз сөзben шешкен» екен. Бұл үлгі болып бекіген. Билер де «Ердің құнын екі ауыз сөзben шешкен». Билерге, билер сотына деген халықтың он болмысы «Би болсын, би түсетін үй болсын» деген қағидада сақталған.

Шыңғыс хан кезінде және оның ұрпақтары кезінде көне түрікше «юрт» – қазақша «жұрт» ұғымы орын алған. «Жұрт» деп көшпелі халық орналасқан көші-қонды атаған. Ол жерлердің көлемі тура-лы Шыңғыс ханның тірі кезінде үлдарына бөліп берген ірі жер иеліктері жайлы мәліметтер бар: Жошыға – 9000 жұрт, Шагатайға – 8000 жұрт, Үгедайге – 5000 жұрт, т.б. берілген. Қасым ханның кезінде «жұрттық» бөлініс бұрынғы мағынасын өзгерти. «Жұрт» ұғымы «халық» ұғымының синониміне айналды.

Қасым хан өзге Шыңғыс хан ұрпақтарына және өз ағайындарына қарағанда халықтық, парасатымен, далалық тұлғасымен өзгешеленді. Қасым ханның жорықтардан тыс уақытта көбінесе қазақ көшпелілері арасында болуы, олармен бірдей өмір салтын кешкендігінен көрінеді. Қасым хан өзі және өзінің қол астындағылар туралы: «Мы люди степей. Здесь не бывает дорогих вещей и изысканных блюд. Самое большое наше богатство – лошадь, а самая вкусная еда – ее мясо; самый приятный напиток для нас – ее молоко и то, что из него приготавливается. В нашей стране нет садов и зданий. Местом наших развлечений – является пастбища коней» – «Біз даланың адамдарымыз. Мұнда қымбат заттар мен ерекше тағамдар болмайды. Біздің ең қымбат қазынамыз – жылқы, ал ең дәмді тағамымыз оның еті; біз үшін ең тәтті сусын оның сүті және одан дайындалатын тағамдар. Біздің жерде бау-

бақша мен ғимараттар жок. Біз демалатын жер – жылқылардың жайылымдары болып табылады»,<sup>1</sup> – деген.

Қасым хан көшпелі қоғамдарды олардың ішкі жүйелерін «қазақыландыру» саясатын жүргізді. Оның тұсында өз заманында түркі тілді шығыс көшпелі қоғамына күшпен, я билеумен енгізілген монголдық, араб-ирандық, сондай-ак діни терминологиялардың күші жойыла бастады. Мұндай жағдай арнайы хан жарлығының күшімен емес, ел басқарудағы жаңарған тәртіптердің салдарынан болды. Осылайша, монголдың «нойон» сөзі көшпелі рулық-тайпалық ұжымдарда қазақ-түрік сөзі «би» ұғымымен ауыстырылды. Монголдың «суннүткү» сезінің орнына қазақтың «ауыл», түріктің «жүрт» сөзі қолданыла бастады. «Жүрт» термині «халық» ұғымын білдіре бастады. Ал «жүгініс», «құрылтай», «мәжіліс», «кеңес», «отырыс» сияқты қоғамдық институттар бұрынғы қүшіне енді. Нысаны бойынша ұжымдық, мазмұны бойынша халықтық бұл институттар көшпелі қоғамдардың ішкі өмірінің ұйымдық нысанына айналды. Олар сонымен бірге жария биліктің де нысанына айналып, «көшпелі – ру – хан» өзара қатынастарын білдірді.

Біз тек қана Қасым ханының саясаты мен жаңалықтарының кейір бағыттары мен қырларын ғана қарастырдық. Қазақ мемлекеті мен халқының тарихында өзінің соғыс пен бейбітшілік, әділ басқару және көшпелі қоғамның дәстүрлі мәдени, «халықтық», демократиялық құндылықтарын қолдау саясатымен өзгешеленген Қасым хан ерекше құбылыс болып табылады. Қазақ халқының белгілі үлдарының бірі ретіндегі оның есімін ел есінде сақтау және қалпына келтіру ұрпақтарымыздың және барша қазақстандықтардың қасиетті парызы болып табылады.

### 3. «Есім ханының жарғы мұрасы», «Есім ханының ескі жолы»

«Есім ханының ескі жолы» – біртұтас құжат емес. «Есім ханының ескі жолы» Есім хан билігі тұсында (1598–1628) түрлі кезеңде қабылданған, Шыңғыс ханының «Жасағы» немесе Тәуке ханының «Жеті жарғы» секілді зандар жинағының топтамасы емес. Есім ханының қол астына қарайтындар және оның кейінгі ұрпақтары Есім ханының жаңалығына «Есім ханының ескі жолы» немесе «Есім хан салған ескі жол» деген ерекше атау берді. Бұл – Есім ханының саяси қызметі мен оның негізгі құқықтық ережелерінің мағыналы атауы. Осы ережелердің нақты жақтарын түсіну үшін ең алдымен

<sup>1</sup> Мухаммед Хайдар Дулати. Тарихи Рашиди, перевод с перс. языка Урунбаева А. и др. 2-изд. Алматы, 1999. 327-6.

Есім ханның жүргізген саясаты мен ұстаған билік – басқару әдісіне тоқталған абыз.

XVI ғасырдың 50-жылдарының соңы мен 60-жылдарының басында дүниеге келген Есім сұлтан Шығай ханның ұлы еді. Шығай хан өлген соң, 1598 жылға дейін хандық тақта оның үлкен ағасы Тәуекел хан отырды. Осы кезде Есім сұлтан Қазақ хандығында ең алдымен көптеген соғыстар мен жорықтарда батыл жауынгер, ысылған әскербасы, сондай-ақ ашық-жарқын билеуші, өзінің көшпелі ұлысында көреген басқарушы ретінде зор бедел мен даңққа ие болды. Сол заман тарихшыларының кейбір еңбектерінде, Баһадур хан мен Есім сұлтан басшылығындағы қазактар қырғыздармен бірлесе отырып, 1580-1581 жылдары Өзбек хандығының билеушісі II Абдуаллах Оратөбеде соғысқаны жайлы мәлімет бар<sup>1</sup>. Бұл кезде Есім хан 20 жас шамасында еді.

Құқықтық ережелерімен белгілі Есім хан билігі кезеңі мен оның саясатының мемлекеттік сипаты жайлы сөз қозғағанда сол дәүірдегі көшпелі бірлестіктерге тән екі жағдайды назардан тыс калдырмау керек. Біріншіден, XV-XVIII ғасырларда Орта Азия елдері билеушілерінің мәртебесі мен беделі, данқы бұрынғыдай ең алдымен олардың ұстанған сыртқы саясатымен байланысты болды. Сол замандағы ұstem тап билеушілері өздерін билік пен байлықты иелену үшін осы дүниеге келдік деп есептейтін. Мұндай ұғым әсіресе Шыңғыс ханның тұқымдары – сұлтандарға, одан қала берді үлкен ру-тайпа басшыларына да тән қасиет болатын. Олардың ұлдарының саны 20–30-ға, ал кейбіреуінің ұрпағының саны 120-ға жеткен. Олардың барлығы ұstemдікке, биліккеталасқан, араларында тартысқа жол ашты. Қазақ хандығы осы жалпы процестен тысқары қалған жоқ. Сол себепті Есім ханның елдің жоғары билеушісі ретінде құреп айдынындағы сынақтан өтуі тиіс еді. Екіншіден, көшпелілер немесе көшпелілерден құралған қоғам, хандық соғыс пен бейбітшілік өмірдің талабына мейлінше сай келетін. Оларды өмірдің өзі осылай шынықтырған, көшпелілердің отырықшыларға қараганда бір ерекшелігі өздерінің көшпелілігі арқасында қанды қырғын мен талан-таражға белгілі деңгейде азырақ ұшырады. Сол себепті олардың орталығында тұрактылық, бірлік деңгейлері Қазақ хандығында билеуші хан, сұлтан, рубасшыларының олардың көшпелілердің мүддесіне байланысты қөзқарастары мен ішкі-сыртқы саясатын ақылдылықпен жүргізулеріне байланысты елішеніп отырған.

<sup>1</sup> Абусеитова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII–XVIII вв. Алматы, 2001. 260-б.

Есім хан Қазақ хандығының әлсірей, ыдырай бастаған кезінде, ыдырау жағдайында таққа отырды. Сыртқы жаулар мен (Жоңғар мемлекеті, орыс мемлекеті және т.б.) ішкі тартыстарда күш ала бастаған шайқас барысында хандық таққа ие болады. Мемлекет бірлігі, ел тыныштығын сақтау, сыртқы басқыншыларға жол бермеу, сонымен бірге қолдан келсе, билік шеңберін кеңейту ханның алдында тұрган басты міндет болды. Есім ханның саясатының бағытын төрт бөлікке бөлуге болады: а) көбінесе Өзбек хандығы (Шайбан әулеті) бақылауында болған Мауареннахрды, Сырдарияның байдаласын, Сайрам, Сығанак, Самарқан, Та什кент қалаларына Қазақ хандығының ықпалын жүргізуі; ә) Қазақ хандығын бөлшектеу, жерлерін басып алуға тырысқан сыртқы басқыншылыққа тойтаратыс беруді үйимдастыру; б) хандық қарамағындағы сепаративтік күштермен, өз алдына билеуге ұмытылған топтармен құресу; в) ішкі тұрактылықты сақтау, көшпелілердің дәстүрлі әдет құқықтарына сүйене отырып, елдің бірлігін нығайту басты мақсат болды. Қасым хан ісі мен саясатын жалғастыру, оларды үлгі етіп ұстауды Есім хан міндетіне алды. Бұл салада жетістіктер мен қыншылықтар қатар жүрді.

Есім хан талай рет қындықтармен бетпе-бет келген, оны хандық таққа екі рет отырғанынан да көруге болады. Ол 1598 жылы, екінші рет ішкі бәсекелесінен жеңілісіне байланысты хандық міндетін орындауды тоқтатуға мәжбүр болып, араға 12 жыл салып тақты қайта иеленді. Есім хан Қазақ хандығының жоғарғы билеушісі, сонымен қатар қолбасшысы және Та什кент қаласын билеуші болып жариялағанымен, Та什кент қаласында қазақ билеушісі Тәуекел ханға қолшоқпар болған Тұрсын сұлтан Есім ханның хандық позициясының алғашқы тұрақсыздығын пайдаланып, өзін қалалық аймақтың тәуелсіз билеушісі етіп, Қазақ хандығында іс жүзінде екінші хан ретінде жариялады. Ол Есім ханды жою үшін ашық құреске шықты. Өзара бірнеше шайқастардан соң Тұрсын сұлтан жеңіске жетіп, Есім хан 12 жыл қуғында жүрді. Дегенмен, Есім хан көшпелі рулардың шақыруы, қолдауы аясында жаңа соғысты бастап, Тұрсын сұлтанды биліктен аласттатты. 1623 жылы қазақ хандығының барлық жеріне бақылау жасау Есім ханның қолына өтті. Тұрсын сұлтан 1626 жылы тагы да хандық тақты қара ниетпен басып алуды ойлады, бірақ Есім хан жағына өткен жақтастарының қолынан қаза табады.

Есім хан өз заманында қорғаныс пен жаулаушылық соғыстарда тек ірі жеңістерге кол жеткізген жок, сонымен қатар бірнеше жеңілістің де аңы дәмін татты. Үйимдастырушы, халық жүгін арқалаған реформатор, қолбасшы ретіндегі дарынына қарамастан Қазақ мемлекеті

өзінің жақсы кезеңін бастан кешірген жок. Қазақ жерін біріктірген данқты, есімі ақызға айналған Қасым ханның ең бағалы мұрасы – оның мирасқорлары (осы арада 70-80-жылдар ішінде 4 хан алмасты) түсінде жойыла бастады. Есім хан қазақ мемлекетінің біртұтастығын сактау үшін жанкештілікпен қуресті. Оның қошпелі үжымдар мен ұлыстардың өзін-өзі басқаруы саласындағы, кезінде Қасым хан реформа жасаған басқару мен биліктің дәстүрлі тәртіпперін сактаудағы қызметі айтарлықтай табысты болды. Есім хан Қасым ханға үқсауға, қошпелі мәдениетті тұрақтандыру жолындағы оның саясатын басшылыққа алуға тырысты. Есім ханның осы бағыттағы істері, бастамалары мен басқару тетіктері қошпелілер тарапынан кең қолдауға ие болды. Олар үрпақтан үрпаққа жетіп «Есім ханның ескі жолы» деген атпен үлгілі қоғамдық модель ретінде орнықты. Билік пен қоғамды басқаруда Есім ханның жеке қасиеті мен дүниеге көзқарасы көрініс тапты. Оның қызметіне терең мән берген шығыс авторлары оның іскерлік және адамгершілік қағидаларына, қошпелі қоғам басқарушысы мәртебесі мен абыройы қағидаларына адалдығы жөнінде ортақ пікірде болды. Ишкі саясатта ол қошіп-қонуға ыңғайлы жерлерді, ауылдар мен олардың бірлестіктерінің қыстақтарын анықтауға, билердің әділ сottық билігін сактауда қошпелілер бірлестіктерінің бірлігі мен өзара жауапкершілігін қамтамасыз ету жолында бірталай еңбек етті.

Есім хан өміріндегі бір өскери эпизод – оның өскери адамгершілік келбетін, хандықтың беделін нығайтудағы күш-жігерін көрсетеді. Жазба мәліметтерге сәйкес, 1598 жылы Орда билеушісі Тәуекел хан өзінің бауыры – қазақ халқының болашақ ханы Есім сұлтанмен бірге саны 100000-ға жуық үлкен өскерге қолбасшылық етіп, Мауареннахрға басып кірді. Олар алғашында Түркістан, Әндіжан, Ташкент және Самарқан қалаларын иеленді. Хан Есім сұлтанды Самарқан билеушісі деп жариялад, оның жанына 12000 сарbaz қалдырып, өзі Бұхараны бағындыруға аттанды. Дегенмен, Тәуекел хан қала маңында Бұхараны қорғаушылардан жеңілді. Бұған ызаланған Есім сұлтан сол кезде «Бұхараның болмашы күшінен жеңіліске ұшырауы» барлық қазактар үшін «үлкен ұят» екенін айттып, ханға шабарман аттандырады.<sup>1</sup>

Есім хан Қасым хан дәстүрін жалғастырды, ірі қошпелі үжымдар, рубасылары мен билерін жинап, олармен ақылдасуды әдетке айналдырды, олардың кеңестері мен талаптарын тыңдал, негізінен қошпелі бірлестіктер мұддесін ескере шешім қабылдады. Ол ұзын бойлы кісі

<sup>1</sup> Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII–XVIII вв. Алматы, 2001. 212-б.

болған секілді. Сол себепті болар, далалықтар оны «Еңсегей бойлы ер Есім», «Бойлы қылыш – бойлы Есім» деп атаған. Сол жылдар оқиғаларын артынша қағазға түсірген шығыс тарихшылары Есім ханды көшпелілер және олардың ақсұйектерімен қарым-қатынаста қарапайым, жұмсақ болса, соғыста ер жүрек, батыл, табанды еді деп суреттейді.

Бүгінде Есім хан зандағының мәні мен негізгі бағыттары белгілі. Бұл ғасырлар бойында қазақ көшпелі қоғамында қалыптасқан көшпелілер өмірінің қатаң жағдайларына бейімделген дәстүрлі әдет-ғұрып пен құқықтық тәртіпті жандандыру, нығайту болған.

Біз бұл еңбегімізде Есім ханның мемлекеттік және заң шығару саласындағы қызметі аясында оның зандағының бастаулары мен негізін қарастыруды мақсат тұттық. Осы зандағының дәл нормативті аспектілеріне келсек, бұл алдағы зерттеулер еншісінде.

## ҚАЗАҚ ҚҰҚЫҒЫ «ЖАРҒЫ» ТУРАЛЫР

Әлемде, оның мәдени арналарында тарихи өлшем бойынша айтарлықтай маңызды, бірақ соған қарамастан адамзат үшін әлі де жұмбақ болып қалып отырған, лайықты деңгейде бағалаңбаған құнды құбылыстар көп. Олар көбіне-көп тарих қойнауының шырғалаң қатпарларында шырмалып, өркениет дамуының сарабдал жолдарынан түрлі себептермен тыс қалып қойды. Дегенмен олар өзінен-өзі тіпті тарихи тұрғыдан айтарлықтай маңызды, айтарлықтай құнды болған жок. Олардың ішінде халықтар мен мемлекеттер тарихында толық кезеңді қамтыған өлеуметтік-мәдени құбылыстар болды. Бүгінде қарқынды технологиялық даму мен шеттетушілік жағдайында еркіндік, демократия және адамның табиғи құқыктары құндылықтарына қайта көз жүгірту осы мәдени құндылықтарға деген қызығушылықты арттыра түсуде. Қазақтың «жарғы» құқығы (бұдан bylai – қазақ құқығы) осындай тарих қойнауында шырмалып қалған мәдени құндылықтардың бірі.

Көшпелі өркениет адамзат тарихында болған десек, онда оның өзіндік ерекшеліктерімен толастай түсінен байтақ аймағы Ұлы дала аталатын, жер шарының Орта Азиялық бөлігі саналмақ. Сол кездегі осы аймақтағы елдердің этникалық құрамын негізінен түркі тектес халықтар құрады, сондықтан да бұл даланы мәдени-этникалық мағынада Түркістан, Тұран деп атаған. Қазақ құқығы – «Қазакия» деп аталған ұлан-ғайыр «еркін» аймақта орналасқан, түркі тілді

<sup>1</sup> Бұл жаңа идея әдебиеттерде алғаш рет койылып, айтылып отыр. Оған 10 томдық «Қазақтың ата зандағы» іргелі еңбегін дайындау барысында келген едік.

көшпелі өркениеттің төл туындысы әрі мәдени жемісі, әрі мұрасы.

Қазіргі Қазақстан аумағын мекендерген халықтар өмірінде көптеген ғасырлар бойы астан-кестен оқиғалар және өзгерістер болды. Осындағы килем тарих шырмауынан көне дәуірдің мұрасы ретінде үрпақтар үшін қазақтар екі мәңгі күндыштықты сақтап қалды – ол Сөз құдіреті мен Заң құдіреті.

Әдettік-құқықтық жүйенің мәдени және демократиялық дәстүрлеріне негізделген Қазақ құқығы өзінің реттеушілік мәнін XIX ғасырға дейін, кейбір жағдайларда XX ғасырдың басына дейін жоғалтпай сақтап келді. Қазақ құқығының бұлай ұзақ өмір сүруін екі негізгі жағдаймен түсіндіруге болады: біріншіден, көшпелі өркениеттің шаруашылық-тұрмыстық, дүниетанымдық негіздері қазақтың кең даласында жана дәуірге дейін сақталды. Екіншіден, Қазақ құқығы халықтың тыныс-тіршілігінің өзегімен қисында болатын, халықтың өзіне жақын, тенденс, жалпы адам баласының мәңгілік рухани бітім-болмысына, талабына сай болатын.

Қазақ құқығы – қазақ халқының және барлық көшпелі өркениеттің мәдени байлығы. Ол мыңжылдық тарихы мен ерекшелігі және өміршендігімен, адам еркіндігін жақтаған сипаттарымен әлем назарына ілінді. Ұлы далада, көшпелі өркениеттің негізін құраған қыпшақтар даңқының үстемдігінің ерте құлдырауы, тиісінше қазақтың құқықтық мәдениетінің беделі мен рөлінің құлдырауына соқтырмағандығы таңғаларлық жағдай. Бұл қайшылықты Қазақ ата занының аумағы кең даланың «еркіндік» қабілетінің сақталуымен, «оқшау» орналасуымен түсіндіруге болады.

Дегенмен, орта ғасырлардағы қазақ даласындағы мәдени-шаруашылық тоқыраудың белен алуы, өркендер өскен басқа елдерден көш-құрым артта қалуы қоғам дамуына да әсерін тигізбей қоймады. Ұлан-байтақ Орталық Азия аумағы тарих сахнасының соңғы шебіне ысырылып тасталды да, ұзақ уақыт бойына ұмыт қалды. Жат елдердің көшпелілер даласын отарлау саясатының іске асуына байланысты қазақ қоғамы тарих бетіне қайта ене бастиады. Бұл өзгерістер қазақ құқығының кейінгі тағдырында да және оған баға беруден де көрініс тапты.

Қазақ құқығы әлемге дамыған күйінде XVII–XVIII ғасырларда жеткенімен, әлі күнге дейін, ғасырлар өтсе де толғандырады және мәдениеттің мәңгі күндыштығы ретінде халық санасында сақталды. Ғасырдан ғасырға өткен оның руханилығы мен мақсаттарының мәңгіліктілігі соңша, бүгінгі күні де заманың өзгергендердігіне қарамастан, «далалық құқықтың» рухы мен үлгісін жандандыруға, оның жекелеген институттарын игеріп, ұлттық құқықтық мәдениетті

байытуға талпыныстар жасалуда. Тарихта сирек кездесетін бұл құбылыстың құпиясы қазақтың «жарғы» құқығының бірегейлігінде өрі оның қебіне-көп қазіргі заманғы өркениеттің идеалының рухы мен қағидаларымен үндестігінде. Құқықтық руханилығы мен халықтық сипаты, ондағы соттық биліктің ерекшеліктері, сондай-ақ батырлық рух ортағасырлық қөшпелі қазак қоғамындағы реттеушілік жүйенің негізін құрайды. Бұлар қоғам дамуының барлық кезеңдерінің жалпыадамгершілік құндылықтары болып қала бермек.

## **1. Қазақтың «Жарғы» зандарындағы «Алтын ғасырдың» ашылу тарихы жайлы**

Ортағасырлық жазушылар шығыстық қөшпелі қыпшақтар атаған, тарихта өздерінің батырлығымен өрі еркіндік сүйгіштігімен белгілі болған ұланғайыр аумакты алып жатқан Қазақстанның саяси-құқықтық тарихын зерттеу өте кеш басталды және ол Ресейдің отарлау саясатымен тұспа-тұс келді. Бұған негізгі себептік фактор – бұл аймақ Азия – Еуропа, Азия – Азия деген негізгі жолдардан оқшау жатыр. Қазақ қоғамының ортағасырлық саяси-құқықтық тарихына қатысты зандалылық пен әділ соттың «Алтын ғасыры» туралы пікірді алғаш ауызға алған орыс зерттеушілері. Бұл орайда А.И. Левшин бірінші болып жазған еді. Ол – Ресей империясының мемлекеттік кайраткері, Шығыстағы отарлау саясатын колдаушы және Петербург пен Мәскеудің азиялық мұрағатында, Қазақ даласын басқару жөніндегі аймақтық ведомстволарда еңбек ете жүріп, халықтың «қаймағымен» етene жақын араласқан ірі шығыстанушы-ғалымның бірі. Оның 1832 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» деп аталағын үш томдықеңбегі, алып Орта Азиялық аймақты танытуға жол ашқан, өзін әлемге танытқан және оған Ресей Фылым академиясының құрметті мүшелігін алып берген еңбек болып табылады. Империялық Ресей үшін А.И. Левшиннің еңбегі ең алдымен саяси тұрғыдан – азиялық аймақтың кең-байтақ бөлігін қарқынды отарлау тактикасын жасау тұрғысынан құндырақ еді. А.И. Левшин өздерін қөшпелі қыпшақ немесе Дешті Қыпшақ деп әлі де болса атайтын қазақтардың ортасында олардың қоғамдық-саяси құрылымдарын зерттеумен шүғылданып жүріп, қазақ тарихында «ерекше кезеңнің» өткендігіне көніл аударады. А.И. Левшин еңбегінің құндылығы, біріншіден, оның халықтың өзінен тікелей жазылып алғанған деректер болып табылатындығында. Екіншіден, оларды жазып отырған дала жүртynда жүрген сауда керуенінің басшысы немесе шытырман оқиға желісімен жүрген

саяхатшы емес, Шығыс елін тану саласында түбегейлі білімі бар тәжірибелі ғалым, халықтың қоғамдық және өнегелілік түрмисын зерттеу мен мемлекеттік қызметті қатар атқарған қайраткер болып табылатындығында. Үшіншіден, қазақ тарихының «Алтын ғасыры» соғыстармен және олардағы женістермен немесе көшпелі халық үшін маңызды болып табылатын көші-қонды кеңейтумен байланыстырылмайды, керісінше, қазақ тарихындағы «Алтын ғасыры» заңдылық пен әділ соттың беделімен сипатталады. Қоғамдық-басқарушылық өмірдің ішінде барлық кезеңдер мен дәуірлерде оның мызғымас адами мәні болған заңдылық пен әділ сот саласы ерекше бөлініп көрсетіледі. Төртіншіден, заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасыры» қазақ даласының Кіші, Орта және Ұлы жұз болып бөлінетін үш кеңістігіне де ортақ тарихи тағдыр, оның бір сәті – Тәуке ханның басқарған уақытына (XVII ғасырдың соңғы ширегі мен XVIII ғасырдың басы) сәйкес келіп жатса, кейде оған дейінгі кезеңдерде де кездесіп қалады. Мұндай «Жаңа тәртіпті» енгізіп, бекіткен адамдарды автор «Солон, Ликургтермен» қатар қояды.

Сол кездегі Ресей астанасы Петербургтен шыққан орыс зерттеушісі А.И.Левшиннің ізін баса қазақ даласының кеменгер ойшылы әрі ғалым Шоқан Үәлиханов та дәл осы тұста осындай ойды білдірген еді. Ол өз еңбектерінде заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырының» жаңғырығы туралы естіп, жазып қана қойған жоқ, сонымен қатар «Алтын ғасырдың» шынайы бейнесін дәлме-дәл бере білді. Ол әділ сот пен өнегеліліктің күесі ғана емес, оның тірі кейіпкері де бола білді.

Қазақ әділ соттың ол «шешендік пен соттық дәстүрлердегі» білімі терен судья-билер бастаған «көне халықтық нысандағы сот» деп атайды. Оның айтуына қарағанда, бұл судья-билер атағы әлемге де реңктермен, сайлаумен емес, жеке еңбегімен мәшіүр болған Гетеңін және Шекспирдің аттарымен теңестірледі<sup>1</sup>.

Қазақтарда көне заманда, орта ғасырларда көптеген басқа көшпелі далалық қоғамдар мен мемлекеттерге қарағанда өз Солондары, Ликургтері, Шекспирі мен Гетеци, «көне халықтық нысандағы сотты», халық арасында әділдігі мен ақыл-парасаты үшін беделге ие болған, соттық қызметтерді атқарған шешен-билері болғандығын Шоқан Үәлиханов өзінше түсіндіреді. Ол: «Народ наш имеет богатую и не лишенную поэтических достоинств замечательную литературу, более близкую к индогерманскому эпосу, чем к восточным произведениям этого рода»<sup>2</sup>. – «Біздің халықтың бай поэтикалық әдебиеті

<sup>1</sup> Валиханов Ч. Собрание сочинений в 5 томах. Т.І. Алматы, 1985. 494-523-66.

<sup>2</sup> Сонда.

шығыстық шығармаларға қарағанда өзгешелеу, үнді-германдық зпосқа жақындау келеді», – деп атап көрсеткен.

Қазақ әділ сотына терен де әділетті сипаттаманы XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ойшил, ақын әрі көне қазақ құқығының білгірі Абай Құнанбаев та беріп кетті.

## 2. Қазақтың «Жарғы» зандарының қалыптасу ерекшеліктері туралы

Қазақ құқығы дүниесі мен құқықтық дүниетанымы қазақтар мен олардың ата-бабалары өмір сүрген Орталық Азия мен Еуразия кеңістігінде сан алуан империялар мен әлеуметтік-саяси режимдер бірін-бірі толассыз ауыстырып отырған ғасырлар койнауына кетеді. Қазақтар мен олардың ата-бабалары жер шарының осы болігінде шешуші, басты орынға ие болған көшпелі малышлар конфедерациясына кірді. Мұның өзі барлық көшпелі қоғамға тән жалпы жағдай болатын. Қазақтың көшпелі қоғамы аясында, оның құқықтық дүниетанымы өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Адамгершілік құндылықтарға негізделген дала демократиясының институттары кең құлаш жайған көшпелі қоғамда пікірталас қысындылығының құрамы ретінде әділ сот пен шешендік ділмарлықтың рөлі өте жоғары қойылып, өзін-өзі басқару еркіндігіне деген үмтүліс айқын сезілді. Бұл қырынан қазақ қоғамы, өзі қалыптасқан көшпелі далалық негізін әлдеқайда басып озды. Егер әлемде көшпелі өркениет болған және әр жерде өзінше көрініс тапқан деп болжасақ, шын мәнінде көшпелі өркениет түсінігі өміршең десек, менің пікірімше, көшпелі өркениеттің ең дамыған нысаны Қазақстан аумағына тән болған. Бұл қандай да бір субъективті ой шеңберінде көшпелі аймақтардың бірін жоғарылату, асыра мадактауға бағытталған зерттеу елесінің нәтижесі емес. Мұның сырын – жағрапиялдық, әлеуметтік-саяси, адами құндылықтармен астасып жатқан үш фактордан ізdegен жөн.

Бірінші фактор. Орталық Азияны мекендейген халықтардың басым болігі үшін ортағасырлық тарихи жағдайда өмір сүрудің бірден-бір негізін құраған мал шаруашылығын дамытуға барлық жағынан қолайлы болып келген, халық сирек қоныстанған ірі табиғи кеңістіктің болуы. Көшпелілер осы шебі құнарлы, суаттары мол, жайылымдық-шабындық алқаптар, орманды аймақтар, кең далалық кеңістік кіретін – солтүстікте Ертіс-Енисей аймағынан бастап, онтүстікте Балқаш көлі мен Сырдария өзеніне дейін, батыста Орал, Еділ-Жайық алқабынан Қарақұм, Мойынқұм құмдарына дейін, шығыста Жетісудың қайнар көздеріне, Жонғар қақпасына

дейін жұз мындаған шаршы шақырым жерді алып жатқан, «Жаннат бұрышы» деп аталған ұлан-ғайыр жер сілемін қоныстанды. Осы кең аумақ Қыпшақ даласы аталып, әдебиетке «Шығыс Дешті Қыпшақ» ретінде енді. Шыңғыс хан өз заманында осы жерді ірі әрі маңызды аймақ атауымен өзінің үлкен ұлы Жошыға берген еді. Кейіннен осы жердің ірі бөлігінде өзге ордалардан айырмашылығы мол «Ақ Орда» құрылды.

Екінші фактор. Осы ұлан-ғайыр жерде еркін психологияға ие көшпелілер бірлестіктерінің өмір сүруі. Оның қайнар көзі мен негізін мыналар құрады: а) көшпелі өмір үрдісі еркіндігі мен оның дәстүрлі мәдениетін қызу қолдаушылар; ә) ғұн, қыпшақ, монғол және Темір әулеті империясы қол астындағылардан түрлі себептермен бөлінген қоныс аударушылар. Осы империялар билеушілері үздіксіз, қажыткан жорықтар жасады. «Қоныс аударушылар» үшін бұрынғы келген орнында қысымға ұшырау, сондай-ақ үйреншікті дүниеге көзқарас және көшпелі халықтар дүниетанымына қайши келетін жаңа ережелерді, оның ішінде клерикалды-діни, милитаристік мекемелер ережелерін күштеп қабылдатуға ұмтылу айтарлықтай рөл атқарды; б) жайылымдық-көшпелі жерлерді және өзін-өзі басқару еркіндігін іздеушілер. Қыпшақ даласы көшпелі халықтарының дүниетанымы негізінен өз базасы шенберінде өзінің көпфасырлық тұрақты дамуы барысында қалыптасты.

Үшінші фактор. Қыпшақ даласы (Шығыс Дешті Қыпшақ) деп аталған кең-байтақ аймақ көшпелі өркениет пен еркін көшпелілердің көп жағдайларда жалпы адами құндылықтармен үндес мәдениетін бойына сінірді. Қоғамда Сөз құдіреті мен Заң құдіреті өмірлік күшке ие болды. Ол бай мен кедей, ақсүйек пен бағыныштыларға бөлінген әлеуметтік теңсіздікке негізделген қоғамның өзінде де жеке санада бастапқы күшке ие болды.

Қазақ құқығы («Жарғы») – Шығыс Дешті Қыпшакта (Қыпшақ даласында) көшпелі қоғам дамуының жалпы және ерекше жолын көрсететін селективті құқық. Ол Орталық Қазақстан тарихында көптеген ғасырлар бойында бірін-бірі алмастырған көшпелі бірлестіктердің құқықтық массивтерінің табиғи іріктелуі болып табылады. Әрине, онда ғұндар мен түрік қағанаттарының, қыпшактар мен Монғол империясының іздері бар.

Ескерілуі тиіс жайт, Қазақ құқығы («Жарғы») Қазақ хандығында басты рөл ойнағанымен, бүкіл хандық көлемінде жалпы мемлекеттік құқық болып саналған жоқ. Бұл мемлекеттің көшпелі халқына қатысты еді әрі отырықшы халық құқығынан – қалалық құқық пен егіншілік құқықтан айтарлықтай бөлек өмір сүрді. Бұл олардың ара-

сында өзара байланыс болмады дегенді білдірмейді, бәріне бірдей ортақ құқықтық нормалардың барлығын жоққа шығармайды. «Дала құқығына» ішкі тұрақтылық пен ұстамдылық көбірек тән еді. Отырықшы орталықтармен тығыз байланыста бола тұрып, ол өзіндік тұргысы мен құрылымын өзгерткен жоқ, керісінше, оның негізі – көшпелі қофам нығая түсуімен бірге далалық құқық та күшіне түсті. Көшпелі бірлестіктер үнемі Орталық Азия хандықтары мен ордаларының экономикалық тұрақтылығы мен әскери қуатының негізі және тірепі болды. Қалалар мен отырықшы орталықтар жи, үздіксіз жүргізілген өзара тартыс пен соғыс жылдарында талантаражға ұшырады, қирады. Ал көшпелі бірлестіктер өмір-куйінің ширактығына, бейімділігіне байланысты осынданай ауыр сыйнақтарға аз ұшырады. Егер де мұндай жағдай орын алса, көшпелілердің басына түсе қалса, олар өздерінің өмірге икемдігі арқасында ежелгі қалпына тезірек оралды. Көшпелі қазақ қофамының тұрақтылығы мен бекемділігіне рулық құрылыммен қатар, «Дала зандары» да айтарлықтай үйіткы болды. Көшпелі қофам өз қалпында, өз негізінде қаншалықты сақталса, оған тән «Дала зандарының» қофамдағы алатын орны да соншалықты мықты болды. Керісінше, ежелгі құқықтық мекемелер мен зандардың өз күші сақталса, көшпелі қофамың талай қыын кездерден өтуіне, ішкі бірлестігінің сакталуына зор жәрдемін тигізді. Осы тұрғыдан алғанда көшпелі қофамды оның ішкі зандарынан бөліп қараша ретсіз.

Қазақ құқығы («Жарғы») кең-байтақ қыпшақ даласында еркіндік пен бостандық саясында, көшпелілердің дүниетанымы, өзіндік тенденция, өзін-өзі басқару үфымдарының негізінде қалыптасып, дамыды. Ру ішіндегі және руаралық байланыстарда, сондай-ақ басқару қатынастарында шыншылдық, әділдік және адальдық сияқты моральдық құндылықтарды тәрбиелеп, бекітуге ерекше көніл бөлінді. Бұлар қофамдық идеология деңгейіне дейін көтерілді және қофамдағы игіліктің, құқықтық тәртіп пен бейбітшіліктің күшіне айналды. «Ар» түсінігі адамдық қадір-қасиет үфымынан да үлкен үфым, адамның рухани негізін білдірген қофам мен қазақтың «жарғы» құқығынан қөрініс тауып, жоғары бағаланды. «Ар» үфымына адами мазмұн берілді. Оның мазмұны мен салмағы келесідей нормативтік және сондай-ақ моральдық қағидалардан көрінеді: «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы»; «Өлімнен ар күшті»; «Жігіттің құны – жұз жылқы, ардың құны – мың жылқы».

Қазақтың «Жарғы» құқығының бірегейлігі оның көшпелі еркениет шенберінде туындалап, сол дәуірдің арман-мақсаты мен көптеген құндылық белгілерін қамтуында. Бұл орайда ол әлемдегі

тариҳи маңызы бар құқықтық жүйелер арасында өзінің лайықты орнын иелене алады және иеленуі тиіс те.

### 3. Билер соты – қазақ құқығының белгісі

Қазақстан тарихындағы құқықтық тәртіптің «Алтын ғасырында» қоғамның басты, маңызды құрылымын арнайы дайындығы бар, дала құқығын жақсы меңгерген және мінсіз жеке өнегелілік қасиеттері бар билер бастаған сот құрады. Олар дана ақсақалдар алдында және халықтың алдында сыйнектан өтуі тиіс еді және өтті де. Билер соты көшпелі қазақ қоғамының да, әділ сотының да белгісі болды.

#### I

«Бий есть живая летопись народа, юрист и законовед его» – «Би – халықтың тірі шежіресі, зангері өрі заң шығарушысы»<sup>1</sup> – бұл анықтама Қазақстандағы (Ақмола қаласындағы) отарлау әкімшілігінде қызмет еткен, ерекше тапсырмалар жөніндегі Ресей шенеунігі И. Козловтың 1882 жылы қазақтардың әдettік-құқықтық нормалары мен құқықтық құрылымдарын арнайы зерттеу негізінде жариялаған еңбегінен алдынды. Аталмыш анықтама XIX ғасырдың өзінде Ұлы далада сирек болса да кездесіп қалатын, «Алтын ғасырдың» соттық дәстүріне адал болған билерге қатысты еді. Олардың кейбіреулері тіпті «көне нысандағы» қазақ әділ сотының даңқын жаңғыртуға да тырысты. Қазақтардың соттық-құқықтық жүйесін жақсы білгендердің барлығы осындағы пікірде еді. Зерттеуші А. Крахалевтің пікірінше, «В отношении справедливости суда киргизы (казахи) очень требовательны... Справедливость – присутствие ее всего важнее» – «қырғыздардың (қазақтардың) сот әділдігіне қатысты көзқарасы өте қатал... Әділдіктің болуы – ең маңызды талап».

Қазақ әдеп-ғүрүп құқығы жүйесінде билердің мәртебесіне қатысты, халықтың құқықтың санасына мықтап енген және дәстүрлі менталитеттің мазмұнын құраған бірқатар қағидалар мен нормалар бар. Олар қысқа да нұсқа нақыл сөздерден көрініс тапқан: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол»; «Тұғанына бұрганы – биді Құдай ұрганы»; «Таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ». Әділдік пен ақиқат, оларға жетуғе тырысу Қазақ құқығы нормаларына негізделген сот ісін жүргізуғе және билердің соттық шешімдеріне іргелі негіз болған, яғни: «Атаңның құлы айтса да, әділдікке басынды и», «Тіл жүйрік емес, шын жүйрік».

<sup>1</sup> Козлов И.А. Обычно право киргизов. В кн. «Материалы по казахскому обычному праву». Сб. I. Алматы, 1948. 223-б.

«Көне нысандағы» қазақ соты көшпелі өркениет дәуірінде пайда болып, дамыған құбылыс ретінде қабылдануы мүмкін және зерделене алады. Қазактар өздерін және өз мемлекеттілігін «Киіз туырлықты қазақ хандығы» деп атаған. «Көне нысандағы бұл сот әрі халық соты, әрі сот төрелігі бола білген. Ол әмбебап сипаттағы дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың институционалдық нормативтік құрылымдарына, сондай-ақ таптық, касталық, жергілікті бөлінушіліктен дербес биліктік нормативтік ережелерге негізделген үнемі даму үстіндегі құқықтық кеңістікте іске асырылды.

Жалпы этникалық мұдделер әдет-ғұрып күқығы нормаларынан жоғары қойылды. Бұл «Әдет әдет емес, жөн – әдет» деген ережеден көрініс тапты. Сот рудың, аумақтың немесе аймақтың атынан емес, тәуелсіз судья-бидің, әділдіктің атынан шығарылды. Қазақ күқығында қыска да нұсқа ережелерден көрініс тапқан билердің билігінің моральдық және императивтік күші болды. Оның негізгі нормасы келесідей ережелерден көріністапты. «Тура бидетуған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Туғанына бұрганы – биді Құдай ұрғаны». Қазактардағы билер сотының келесі бір маңызды ерекшелігі – біріншіден, қарастырылатын даулы істің материалдық-мәндік мазмұнына қарағанда, рухани мазмұнына көбірек көңіл бөлінді, екіншіден – «әділеттілікпен» моральдық қағидаларды басшылыққа алу. Халықтың санасында үнемі «Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің білімі мен ары бар», «Бай мал сақтайды, би ар сақтайды» деген сөздер жаңғырып тұрды. Осындай моральдық-нормативтік қағидалар әділдіктің «Алтын ғасыры» кезеңінде бидің санасында сайрап тұрды. Бұл орайда атақты Әйтке би ұрпақтарына келесідей сөздерін қалдыրған еді: «Менің өмірім өзгенікі, өлім ғана өзімдікі болды».

Қазақ соты дауласуши тараптарды келісімге келтіруге тырысып істі шешетін, сондай-ақ дауды шешу барысында жеке және қоғамдық сипаттағы теріс әрекеттерді жоюға тырысты. Осындай қыын максаттарды шешу үшін билердің далалық даналар мектебінде (кітаптар бойынша емес, өмір мектебінен) оқып, данагей ақсақалдардың алдында сыннан өтіп, өткір ойлы, шешен тілді болуы, сондай-ақ қазақ құқығының білгірлері болуы міндетті еді. Тек осылай болғанда ғана билер соты өз айналасында Ұлы даладағы әділдік пен құқықтық тәртіптің «Алтын ғасырын» орната білді.

Қазақтың билері өздерінің атқаратын қызметтері мен зандық кадір-қасиеті бойынша Орта Азия хандықтарындағы билерден, бегі-бектерден елеулі түрде өзгешеленді. Қазақ билерінің жалпы әлеуметтік топтан, сондай-ақ ұstem таптан кең-байтақ түркі тілді кеңістікте бөлініп шығуына қазақ-қыпшақ көшпелі өркениеті жағдайы әсер етті. Орта Азияның тарихи қалыптасуының ортақтығына қарамастан, қазақ билері өз ортасынан бөліне білді. Қазақ-қыпшақтардың Ұлы даласында билердің дамуы Орта Азиялық аймақтың басқа бөліктеріне қарағанда өзге жолмен дамыды. Қазақ билері негізінен сottық қызметтер атқарса, көрші түркі халықтарындағы билер әкімшілік және басқарушының қасында кеңесшілік қызметтер атқарды. Қазақ билері көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдағы сottық-құқықтық басқару саласындағы аталар даналығы мен білімін менгерген топ ретінде қалыптасты.

Әдettік құқықтық нормативтік байлығын менгеру және оны өмірдегі қолдана білу, шешендік пен әділдікті қатар ұстай білуі – билердің «аттестациясының» басты шарты болды.

«Көне нысандары» қазақ билерінің рөлі мен орны қысқа да нұсқа ережелерден көрініс тапты: «Би жақсының елі жақсы», «Батыр елін жауға бермейді, би елін дауға бермейді».

Қазақтардың ауызша халық шығармашылығын зерттеушілердің барлығы қазақтардың Ұлы даласында «би» және «шешен» ұғымдары синонимдер деген ортақ пікірге ие. Қөп жағдайда биді шешен деп таныған, ал егер шешен ақылды болса, ол биге айналған. Қазақтардағы сottық «шешендік өнер» тек сөздік байлық қана емес, дәлелдемелік және мазмұндық қүшке де ие болды. Ол мынандай нақыл сөзден көрініс тапты: «Сөз тапқанға қолқа жоқ». XVIII ғасырдағы атакты билердің бірі Қазыбек би туралы «Ағын судай әйгілі шешен» деген қанатты сөз бекітілген. Атакты зерттеушілердің бірі Балтабай Адамбаевтың пікірінше, «би-шешен» түсінігі қазақтардың сөздік қорынан Жиренше шешеннің (шамамен XV–XVI ғасырлар) заманынан бері бөлініп айтылыш келеді. Ол: «би» мен «шешен» деген атаулар тіпті революцияға дейін қатар қолданылып, кейде бірін-бірі ауыстырып келгені кездесеок емес», – дейді<sup>1</sup>.

Қазақ құқығында шешендік, сөз қисынын таба білу дәлелдеу және сендерудің құралы болды. Орта ғасырлардағы қазақтарда сөз құдіреті түтті жаңа заманға дейін аса жоғары бағаланды. Бұл Ұлы даладағы келесідей қагидалардан көрініс тапты: «Ердің құнын екі ауыз сөзбен

<sup>1</sup> Қазақтың ата зандары (Древний мир права казахов), Т.2, Алматы, 2003. 43-б.

бітірер би», «Өнер алды – қызыл тіл», «Тіл жүйрік емес, билікте шын жүйрік». Үнемі байсалды, заманымыздың заңғар жазушыларының бірі Қазақстанның өткен тарихындағы соттық билік туралы сөз қозғалғанда, ұстамдылығын шетке ығыстырып қойып былай деп жазған еді: «В своих решениях знаменитые бии, не в пример нашим современным судьям, прежде всего исходили из убеждения, что честь, совесть и достоинство, возведенные в высокий принцип наиглавнейший аргумент в любом спорном вопросе, служит надежной опорой народного благосостояния. И этот аргумент подчас, бывало перевешивал даже столь понятное человеческое стремление одержать верх в прилюдном состоянии соперников»<sup>1</sup> – «Атақты билер өз шешімдерін шығарған кезде кез келген даулы мәселеде ең басты дәлелдің жоғары қағидасты болған әділдік пен қадір-қасиетті, ар-ожданды халық мұддесін қамтамасыз етудің негізгі тірепті ретінде басшылыққа алды, ал біздің заманымыздың судьялары бұл жерде үлгі бола алмайды».

Арнайы әдебиетте «би» сөзі көне түркі сөзі, ол шығыс билеушілері – хан, сұлтандар кезінде ол маңызды лауазымдық атақты білдірді. Ол әртүрлі түркі халықтарында әртүрлі тарихи кезендерде әртүрлі аталды – «бек», «бегі», «би». Бірақ барлық жерде бұл ұғым «білік», «битеу» деген мағынаны білдірді және бұл атақты жоғарғы билеушінің қасындағы кеңесшілер, ерекше құзырлы адамдар, идеологтар иеленді.

Қазақтың «би» сөзі түріктің «білік» элементі бар жалпы атауынан шыққан. Ол терминологиялық белгі мағынасын сактап қалған. Ал арнайы ұғым ретінде ол басқа синонимдерден өзгешеленді. Қазақ ордаларында, хандықтарында, жүздерінде және руларында, сондай-ақ Орта Азияның қазақ-қыпшақ жерлері аталатын Ұлы даласында «би» ұғымы өзгеше болды, яғни ол көбінесе соттық қызметтерді аткаратын адамға қатысты айтылды. Билер қызметі әділ сотпен тығыз байланысты адамдардың ерекше тобына жатты. Тарихи далалық жағдайда соттық биліктің екі мағынасы болды – дауларды қарастыру және құқық түзушілік. Қазақ билері жерлер мен рулардың әкімшіліктерінен бөлек, тек қана әділ билер мен заңгерлер қызметін ғана атқарды. Бұл – қазақ билерінің алыс-жақын түркітілді елдердегі бек-билерден айырмашылығы. Бидің құқықтық қызметі жеңіл болған жоқ. Би тарихи-құқықтық біліммен қатар Ұлы далада қолданылатын құқық жүйесін де жетік менгеру тиіс еді. Ал бұл онай емес еді.

Қазақ құқығының нормативтік жүйесі үш сатыдан құралды: а) қысқа да нұсқа ережелерден көрініс тапқан негізгі әдettік-құқықтық

<sup>1</sup> Нурпенсов А.К. Мысли, навеянные действиями предков. В кн. «Айтеке би». Алматы, 1998. 49-54-бб.

институттар мен нормативтік қағидалар; ә) қазақ құқығына оларды құрастырган хандар мен билердің атымен енген ірілі-ұсақты нормативтік құқықтық жинактар. Ол «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы», б) сottық прецеденттер – көбінесе «Атадан қалған үлгі» «Биден қалған жол өнеге, жол, жоралғы сөз» деп аталатын атақты билердің биліктері. Олардың әркайсысы қысқа да нұсқа билік, нақыл сөздерден құралған.

Қазақстандағы билердің сottық биліктері қалалық және жерендеушілік мәдениетке негізделген құқық нормалары мен ислам құқығының нормалары қолданылатын жекелеген орталық-азиялық жерлер мен елдерге қарағанда зайырлы әрі менталды болды және мемлекеттік билікке көп әсер етті. Қазақ халқының тарихи тағдыры мен мемлекеттілігіндегі тұтастай бір дәуірді құраған заңдылық пен әділ сottың «Алтын фасыры» – сottық-құқықтық қатынастар өз дамуында жалпыұлттық құндылық деңгейіне көтерілген қоғамның қалыпты жағдайын сипаттайды.

Қазақ құқығының маңызы Қазақияның этномәдени шекараларындағы өзінің реттеушілік нормативтік рөлі шенберінен шығып кетті. Ол біруақытта бірнеше қызмет атқарды: реттеушілік, басқарушылық, біріктірушілік, коргаушылық және адамгершіліктік. Ол кең мағынада алғанда заң да, билік те, қоғамдық болмыс пен өнегеліліктің қайнар көзі де, өнер де, рухани құндылық та болды. Сірә, қазақ құқығының дәл осы белгілеріне сәйкес оның өміршендігі мен әртүрлі құқық жүйелеріне – мұсылман құқығына, монгол құқығына, орыс заңдарына мойынсұнбауын түсінуге болады. Олардың қазақ құқығына әсері киратушы күшке айнала алмады. Ол көбінесе қоғамның үстем табына, оның жекелеген топтарына әсер етті. Қазақ құқығының реттеушілік қасиеті мен дамуы жаңа заманға дейін сақталған еді.

Қазақ құқығының таңғаларлық өміршендігі оның тарихтағы жүйелі-институционалдық құрылым ретіндегі ерекшелігінде емес, барлық халықтар өз тарихының ерте кезеңінде белгілі бір нысанда – қоғамдық және басқарушылық қатынастарды құқықтық реттеудегі әдettіk-құқықтық, сottық прецеденттердің үстемдік кезеңін бастан өткерген. Көптеген халықтарда мұндай кезең тұрақсыздығымен, өтпелілігімен ерекшеленді әрі ұзакқа созылған жоқ және ортағасырлар дәуірі шенберін ғана қамтиды. Қазақ құқығы өзінің негізінде әдettіk-құқықтық ережелер мен институттар бола отырып, моральдық құндылықтар мен еркін аймақта қалыптастып дамығандықтан онда қошпелі өркениеттің бейбіт, жақсы қағидалары шоғырланды.

## ҚАЗАҚ ҚҰҚЫҒЫН БАҒАЛАУ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ

Астана қаласында Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының ғимаратының алдында XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII бірінші жартысында өмір сүрген үш биге: Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге қатар отырған түрінде көрнекті ескерткіш орнатылған. Олар көшпелі шығыс халықтарының әдетінше, төбе басында орналасқан. Олардың бірі сол қолын жүрек тұсында ұстап, халқына тәжім еткендей түрдे отыр, екіншісі шешендігімен көрініп, жартылай жұмылған он қолын алдына тосуда, ал үшіншісінің қолында қағаздары бар. Бұл үш би, олардың көрінісі әрбір қазаққа жақын әрі түсінікті. Бейне бір даналық пен парасаттың лебі есіп түрғандай. Далалық әділ соттың өлшемі әрі майталманы ретінде танылған үш бидің кескін-келбеті, Республиканың тәуелсіздік алғаннан бері үрпақтар үтіт-насихат жүргізбей-ақ «ресми мойындалмаған» Қазақ мемлекетінің символына айналуда. Бұл билерге арналған ескерткіш көпшілік халық тағым ететін орынға да айналып отыр. Ешбір мемлекетте сот әділдігі өкілдерінің бейнесі мемлекеттік символға дейін көтерілмеген. Бұл халық санасында тарихи түрғыда қалыптасқан «дала демократиясының» құқықтық жүйесіне берілген жоғары баға.

Қазақ құқығының тарихын шынайы зерттеу соғы он жыл ішінде, яғни Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері (1990 жылдан бастап) орын алған құбылыс. Оған осы томга енгізіліп отырған зерттеушілер мен мәдениет кайраткерлерінің еңбектері айғақ.

Қазақ халқының өз-өзін, тарихын тануда «идеологиялық бұғау» болған, ғасырларға созылған дәуірдің жойылуы нәтижесінде қазақ рухы көтеріліп, көптеген зерттеушілердің еңбектеріне арқау болуда.

### I

Қазақ құқығы – жер шарының Батыс-Сібір және Орта Азиялық бөлігіндегі кең далада қалыптасып орныққан көшпелі түркі тілді өркениеттің мәдени құндылықты құбылыстарының бірі. Бұл аймақ тарихи әдебиеттерде қыпшақтардың Отаны – Ұлы дала деп немесе осы жерлерді мекендейген этникалық бірлестіктердің атымен Қазақия деп аталды. Бұл Ұлы даланың дамуында өзіндік ерекшеліктері болды. Олар келесідей: а) бұл мыңжылдықтар бойы табиғи-демократиялық дәстүрлер негізінде бейбіт өмірге ұмтылуши мемлекеттік құрылымдар қалыптастырған, көптеген тайпалар мен этностар көшіп-конып жүрген кең де «еркін аймак» болды; ә) бұл жерлерді мекендейген халықтар негізінен дамыған көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Мұның

сыры үлкен аумақты емін-еркін иемдену, біріктіруші ортақ еркін құндылықтардың қалыптасуы және үлкен кеңістікке сай қалыптасқан дүниетаныммен тығыз байланысты еді; б) осы «еркін аймақта» қазактүркі этносының біргүтас тілдік мәдениеті және көшпелі қазақтардың өзіндік мейлінше дамыған демократиялық құқықтық мәдениеті қалыптасып, бекіді.

Қазақ құқығы Улы даала қыпшактарының (Дешті қыпшактар) демократиялық құндылықтары мен ерекшеліктерін бойына сініре алғандықтан да «Далалық демократия» құқығы деңгейіне көтеріле алды. Сот билігі беделінің есуі, жоғарғы сатыға көтерілуі, билердің халық ілтишатына бөленуі қазақ құқығының өзіндік қырын аңғартады. «Шығыстық» тирандық заңдардың қазақ сахарасында орын алмауы, олардың ықпалының әлсіздігі – бұл да қазақ құқығының ерекшелігі. Қазақ құқығында өлім жазасы, түрмелер (зындандар) бас бостандығынан айыру, денеге зақым келтіру, қылмыстық қудалау болған жоқ. Ерекше жағдайларда ғана өлім жазасы қолданылды, онда да рулық бірлестік деңгейіндегі халық жиналыстарында шешіліп отырды. Барлық даулар азаматтық-құқықтық сипатқа ие болды және олар үшін мүліктік жауапкершілік қолданылды.

Қазақ құқығы нормаларының тірі кейіпкері, оны үрпактан- үрпаққа жеткізуші әрі реформаторы сот нәтижесіндегі үстемдігін ел бірлігіне ариған, көне дәстүрді берік ұстаған билер деп аталатын ерекше топ еді. Бұл қазақ билері Шығыстағы басқарушы-билерден өзгеше болып қалыптасты. Олар әрі ақын және шешен, көркем сөздің шеберлері, философ әрі ойшыл, әдет-ғұрып құқығының білгірі және оның реформаторы, әскери колбасшы және басқарушы, ал көзқарасы негізінен – өз қызметінде жергілікті ру мүдделерінен бұрын Қазақия халқының мұддесін жоғары ұстаған, сонымен бірге олар қоғамдық пікірдің бақылауында болды. Қазақ биінің моральдық-құқықтық мәртебесі халықтың – «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген талабынан көрініс тапты. Дәл осы пікірді XVII–XVIII ғасырдың басында өмір сүрген атақты Әйтеке би: «Өмірім өзгенікі, өлім ғана өзімдікі», – деп әдемі айшықтаған болатын.

Қазақ құқығы бойынша сот әділдігін іске асыру әділдік, халықтық және адамгершілік идеологиясына негізделді және оның түп мақсаты дауласушы жақтарды татуластыру болып табылды. Қазақ құқығында бауырласу және некелік одақ құру институты кеңінен қолданылды. Дауды қарастырудың қарапайымдылық, сот әділдігімен дәлелдеу бостандығының қамтамасыз етілуі, тараптардың және процеске қатысушылардың әрқайсысының өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігінің шектелмеуі, тараптарды татуластыруға тырысу және

соттық шешімдердің, тіпті кінәлі тарапқа қатаң жаза тағайындалған кезде де қоғамның алдындағы өділеттігі мен логика зандарына сай болуын қамтамасыз ету билер сотының нысаны мен мазмұнын құрады.

Қазақ құқығының негізгі қайнар көзі – Ұлы даланың нормативтік ережелер жүйесі қаншама ғасырлар бойы тікелей және жана ма түрде әртүрлі мемлекеттер тараپынан қысым көріп, олардың идеологиясының әсерін сезінсе де өзінің таңғаларлық өміршендігін сақтап келді. Әрине қазақ қоғамы осындай күштердің әсерінен елеулі түрде өзгеріске ұшырап отырған, бірақ оның құқықтық мәдениеті мен тіл мәдениетін ешкім, ешбір құш өзгерте алмады. Олар мұндай қиын-қыстау жағдайларда, тек өзін-өзі сақтап қана қоймай, ішкі күшке ие болып нығая түсті. Ұлан-байтақ қазақ даласында болған өзгерістер мен төңкерістерге қарамастан сақталып, өзінің бастапқы «мәйегін» жоғалтпаған қазақ құқығының өміршендігін, оның негізі, құрылымының өзегі табиги еркіндік, әділдік, өнегелік идеяларымен үндестікте болуымен түсіндіруге болады. Мұндай құбылыстар Қазақ құқығының басқыншылардың қылышы мен режимінің қыспағынан өзгермей, берік ұстануының себебі болып табылады.

Көшпелі мемлекеттің мәдени және демократиялық дәстүрлеріне негізделген Қазақ құқығы өзін тудырған мынжылдық тарихи дәуірлерден өтіп қана қоймай, оны нешеме белестерге артына тастан үлгерді. XIX ғасырға дейін кейбір жағдайларда XX ғасырдың басына дейін өзінің реттеуешлік мәнін жоғалтпай сақтап келді. Қазақ құқығының бұлай ұзак өмір сүруін екі негізгі жағдаймен түсіндіруге болады: біріншіден, көшпелі өркениеттің шаруашылық-тұрмыстық, дүниетанымдық негіздері қазақтың кен даласында жаңа дәуірге дейін сақталды. Екіншіден, қазақ құқығы халықтың тыныс-тіршілігінің өзегімен қисында болатын, халықтың өзіне жақын тәндес, жалпы адам баласының мәңгілік рухани бітім-болмысына, талабына сай болатын.

## II

Қазақ құқығын, оның тарихын, нормативтік құрылымын, көшпелі өмірдің демократиялық мәдени құндылықтарын зерттеу кеш басталды. Еуропа үшін қазақ көшпелі әлемі XVIII ғасырдың соны мен XIX ғасырдың басындаған белгілі бола бастады. Бұл жағдайды бірнеше себептермен түсіндіруге болады: 1) ұлан-ғайыр Орталық Азияның «еркін» даласын мекендейген қазақ қоғамы Азия мен Еуропаның біраз бөлігін ертеде дүр сілкіндірген ірі саяси және соғыс науқандарынан тыс қалып отырды. Осыған орай

ерте және кейінгі орта ғасырлардағы әйгілі саясаткерлер мен мемлекет қатынастарының, зиялды қауымның назарына ілінбеді; 2) қазақ қоғамы ғасырлар бойы негізінен мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі, жазу-сызудан гөрі ауыз әдебиетіне, еркіндік пен бейбіт өмірге бейімделген халықтардан құралды. Өркениетке сыртын беріп елеусіз қалған қазақ қоғамында шаруашылықты жүргізу дің көшпелі тұрақтылығы көп уақыттар бойы сақталынды; 3) қоғамдық үйымдардың көшпелі типін таңдаған көшпелі өмір үшін Сөз берен Заңның үстемдігі әділет құрған заманың тұтастай өзі, ішкі қайнарлары мен қасиеттері, өзіндік ерекшеліктері үлкен қуат беретін күштің бастауы еді. Сөз берен Заң үстемдігі адамның табиғи ажырамас құндылығы деңгейінен қоғамдық пікірдің қажеттілігі сатысына трансформациялана алды. Бұл жүйені орнықтыру және үрпактарға ұлағаттап тапсыру мәселе сі ешбір мәжбүрсіз және ресімсіз өзіндік ішкі табиғи арналарымен іске асып әрі жаңғырып отырды. 4) Қазақия кеңістігінің әлемдік тарихи оқиғалардан тысқары болуы себепті шаруашылық жүргізу дің жайылымдық-көшпелі режимі ұзақ мерзімге сақтала алды әрі қоғамдық дамуда осы сатыда көп тұрақтап қалды. Бұл құбылыс өз кезегінде бостандықтың халық билігінің бастапқы формаларының әдettік-құқықтық мәдениет арнасында еркін дамып, жаңғыртылған деңгейге дейін жетуіне мүмкіндік берді. Саран «өркениетті» әлем қазақ қоғамының сырттай өркениеттен тыс жатқанын бірден көре алды. Осы теріс көзқарас ұзақ уақыт үстемдік етіп тұрды.

Отарлаушылық-экономикалық, мұддені көздеген шет мемлекеттердің сыртқы саясаты XVIII ғасырдан бастап Қазақстанға деген қызығушылығы мен қысымын күшайтеді түсті. Сонымен бірге қазақ құқығын тануға терең зерттеуге жол ашылды. Бұл бағытта көрші Ресей патшалығы зор белсендерлік көрсетті. «Артта қалған» қазақияның ішкі дүниесі Еуропалық деңгейде білім алған зиялды қауымдардың, шығыс халықтарының тарихына өүесқойлардың назарына іліне бастады. Олардың ішінде тәжірибелі зерттеушілерге қазақтың құқықтық мәдениетінің, оның өзіндік бітім-болмысы мен құндылығы ерекше әсер етті. Олар құнды пікірлер білдірді. Орыстың шығыстанушы зерттеушісі А. Левшин қазақтың құқықтық өмірінде «Алтын ғасыр» дәүірі болғандығы туралы алғаш пікір білдірді (1832ж.). Қазақияда бірнеше жыл болған поляк ұлтының өкілі А. Янушкевич (XIX ғасырдың ортасы) шешендігімен және дүниетаным қабілетімен көпшілікті таңданырған дала Демосфендері мен Цицерондарының өркениетті әлем кезінде, алдағы уақытта мойындауға мәжбүр болады деп көрсеткен.

Қазақ құқығын зерттеуде үш кезеңді бөліп көрсетуге болады. Оның бірінші кезеңі Қазақ даласын патшалық Ресейдің отарлауымен байланысты. Хронологиялық түрде ол XVIII–XX ғасырдың басын қамтиды. Екінші кезең – Кеңес үкіметімен тұстас (1917–1989 жылдар). Үшінші кезең тәуелсіз мемлекет Қазақ Республикасы (1990 жылдан бастап) құрылған кезден басталады. Алғашқы екі кезеңде қазақ құқығының меселелерін қарастыру патшалық Ресейдің отарлау саясатына, кейін қеңестік мемлекеттің империялық саясатының бағытына сай жүргізілді. Әдет-ғұрып ережелеріне негізделген қазақ құқығын жүйелі, объективті түрде зерттеу тек соңғы жылдары – үшінші кезеңде бой көтерді.

Патшалық Ресей Қазақстанды отарлау саясатын жүргізу барысында, орыс шенеуніктерінің өздері мойындағандай, ежелгі қазақ ата зандарының, сондай-ақ саяси өмірдегі және қоғамдық сана-сезімдегі билер сотовынан қызығынан қарастыру патшалық Ресейдің отарлау саясаты неғұрлым белсенді жүргізілсе, қазақ даласының ежелгі құқық құрылымының оған қарсылығы соғұрлым күшті болды. Кеңікпей-ақ қазақ қоғамына ықпалын қүшету үшін, оның құқықтық жүйесін тұсауламай, оны өзінің отарлаушылық пиғылымна ынғайламай отарлау саясатын жүзеге асыру мүмкін еместігіне патшалық өкіметтің көзі жете бастады. XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап патша өкіметі өзінің отарлау саясатын қүшпен енгізе алмайтындығын түсініп, ендігі жерде қазақтың құқықтық мәдениетін, құқықтық болмысын түсіну, зерттеу мақсатымен қазақ даласындағы құқықтық нормаларды жинау, оларды бір жүйеге келтіру жұмысын жүргізу туралы бұйрық береді. Мысалы, И.А.Козлов Петербург университетінің заң факультетін бітірген соң (1877 ж.) өзінің сұрануы бойынша Қазақ даласының «Сібір басқармасына» Омбы қаласына жіберіледі. 80-жылдары оның бастамасы бойынша қарамағына Орталық Қазақстанның біраз бөлігі кіретін Батыс Сібір генерал-губернаторы мақұлдаған «Құқықтық әдет-ғұрыптар туралы мәліметтерді жинау» басталады. Ол өзінің 1882 жылы жариялаған алғашқы мақалаларының бірінде «билер сотовын» жоюдан сақтап қалудың қажеттілігі туралы жазған. Ол өзі редакция-лайтын «Особое прибавление к Акмолинским областным ведомствам» (1888–1894 жылдар) газеті арқылы «Дала зандары» туралы мақалалар жіберуін сұрап, қазақ әдет-ғұрып құқығының жергілікті білгілеріне түгелдей, кейбіріне жекелеп өтініш жібереді<sup>1</sup>. Қазақ құқығы туралы дәл осындаі пікірді орыстың тағы бір жас зерттеуші-шенеунігі Н.Н. Максимов та ұстанған. Ол да И.А. Козлов сияқты Петербург университетінің заң факультетін бес жыл кейінірек бітірген.

<sup>1</sup> Особое прибавление к Акмолинским областным ведомствам. Омбы, 1888. №14.

1883–1898 жылдар аралығында ол Даға өлкесінде (Омбы қаласында) жұмыс істеді, қазактардың арасында ел арапап, билердің қызметімен, қазақ әдет-ғұрып құқығымен, оның болмысымен танысып, оны зерттеумен айналысты. Ол жариялаған мақалалар мен жазба деректерінің көпшілігінде билердің рөліне және «даға құқығына» жоғары баға берген, сондай-ақ олардың ежелгі маңызының бүгінде төмендеуінің себептерін өзінше түсіндіруге тырысқан. Соған қарамастан XIX ғасырдың сонында да бидің шешімі «мұлтікіз орындалуы тиіс» екендігін байқауға болатындығын жазды<sup>1</sup>. Өзге де озық ойлы орыс шенеуніктері сияқты ол да Патша әкімшілігінің көзін қазақ «әдет-ғұрып құқығының жинағын» құрастыру қажеттілігіне жеткізуге тырысып бақты. Өзінін бұл идеясын дәлелдеуде ол қазақ құқығының аз зерттелгендейдігін, оның нормалары мен институттары түрлі сыртқы әсерлердің салдарынан өзгеріп бара жатқандығын тиек етті, бұрынғы билердің азайып бара жатқандығын түсіндірді. Ол мұсылман құқығы-шириаттың қазактардың құқықтық өміріне қолданылуына карсы болды<sup>2</sup>. Осы және өзге де пікірлерді негізді деп тапқан Патша әкіметі, XIX ғасырдың 40–60 және 80-жылдарында қазақ қоғамындағы басқару жүйесін және ондағы билердің рөлін зерттеу жөнінде бірнеше рет арнайы комиссия құрган болатын. Патшалық комиссиялардың бірқатар қызметінің нәтижесінде қазактардың әдettік-құқықтық ережелері туралы көлемді материалдар жиналады. Бұл материалдардың ғылыми-танымдық бағасы өте зор болды. Жиналған материалдардың біраз бөлігі кезінде қазақ әдет-ғұрып құқығы нормаларының жинағы түрінде жарияланды. Қазақ әдет-ғұрып құқығы туралы көптеген мағлұматтар КСРО-ның және Ресей Федерациясының, Мәскеу, Петербор, Омбы, Орынбор, Ташкент, Томбы, Алматы қалаларының мұрағаттық қорларында сақталған. Осы кезде қазақ әдет-ғұрып құқығы туралы: «Сборник обычного права сибирских инородцев» (Самоквасов Д.Я., Варшава, 1876); «Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой киргизской Орде силу закона» (Баллюзек Л.Ф., Оренбург, 1871); «Обычное право киргизов» (Козлов И.А., Омск, 1886); «Материалы для изучения юридических обычаем киргизов», (Маковецкий П.Е., 1886); «Обычное право киргиз» (Леонтьев А., Москва, 1890) және тағы басқа да зерттеулер, жинақтар бірінен соң бірі шыға бастады.

Қазақстандағы отаршылық-әкімшілік жүйенің мекемелерінде жұмыс істеген білімді орыс шенеуніктерінің, әсіресе жас буын ара-

<sup>1</sup> Максимов Н.Н. Народный суд у киргизов // Журнал Юридического общества при Императорском Санкт-Петербургском университете, 1897, кн. 7, 65-б.

<sup>2</sup> Максимов Н.Н. О необходимости приступить к составлению сборника Киргизского обычного права «Отчет о деятельности Западно-Сибирского русского географического общества за 1897 год». Омбы, 1899, 9-12-бб.

сында «артта қалған», «мешеулік» қазақ қоғамымен етene жақын та-  
нысу, оның құқықтық мәдениетіне деген өзіндік қызыгуышылдықтарын  
тудырады.

Қазақ құқығы нормаларын жинаудан оларды зерттеуге көшүге  
бетбұрыс екінші кезеңде – 1917 жылғы Ресейдегі Қазан төңкерісінен  
кейін жасалды. Ұйымдық тұрғыдан Қазақ КСР-інің Ғылым ака-  
демиясы мен оның құрамында Құқық бөлімінің (1946 ж.), Фило-  
софия және құқық институтының (1958 ж.), оның негізінде Ұлттық  
Ғылым академиясының құрылымындағы Мемлекет және құқық  
институтының құрылуы (1992 ж.) Қазақ Республикасындағы тарихи-  
құқықтық зерттеулерге елеулі тың серпін берді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Қазақ құқығы, оның көне  
институттарын зерттеуге деген ғылыми құлшының кең орын алды. Алғашқыда бұл «Қазақстан тарихының» очерктерін, кейінрек  
көп- томдық басылымдарын дайындау үстіндегі жүргізді және онда Қазақстанның орта ғасырлардағы қазақ тарихын жазуда сол кездегі  
құқықтық жүйеге ат басын бүрмай өту мүмкін емес болатын. Со-  
нымен бірге әдейі зерттеулер де жүргізіле бастады. Осы жылдары Т.М.Күлтелеевтің, С.Л.Фукстің арнайы құқықтық зерттеулері, «Ма-  
териалы по обычному праву казахов», Т. 1 (1948 ж.), «Материалы по  
политическому строю казахов», Т.1. (1960 ж.), «Проблемы казахско-  
го обычного права» (1989 ж.) атты еңбектер жарық көрді. Әсіресе Қазақстан тәуелсіз мемлекет дәрежесін алғаннан кейін құнды, құрделі  
енбектер, зерттеулер жарияланды. Еліміздің саяси және құқықтық  
тарихына арналған бірталай кандидаттық және докторлық диссер-  
тациялар қорғалды. Олардың ішінде докторлық зерттеулер: З.Ж.  
Кенжалиевтің «Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық  
мәдениет» (1996 ж.), Н.Ә.Өсеровтің «Қазақ құқығы және мұсылман  
құқығының нормалары» (1998 ж.), М.А. Құл-Мұхаммедтің «Алаш»  
партиясы қайраткерлерінің саяси-құқықтық көзқарастары» (1999 ж.),  
С.Әзбекұлының «XVII ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі Қазақстандағы қоғамдық-саяси және құқықтық ой-пікірлер» (1999 ж.);  
ал кандидаттық диссертациялардың ішінен: К.А.Абишевтің «Русская  
передовая интеллигенция Западной Сибири в истории политической  
и правовой мысли Казахстана» (1990 ж.), Н.А. Ахметованың «Институт  
«кун» в обычном праве казахов», Ш.А. Андабековтың «Билердің  
төтенше съездері» (1995 ж.), Г.З. Ыдырысовтың «М. Сералиннің саяси  
және құқықтық көзқарастары» (1985 ж.) және т.б. атап өтуге болады.

Кеңес үкіметі дәүірінде жасалған зерттеулер қаншалықты маңызды  
болса да, «таптық көзқараспен» шектеліп, қоғамның қанаушылар мен  
қаналушылар деп бөлінуіне негізделген тарифологиялық мақсаттарды

көздеді. Сондықтан да билердің, шешендердің, қазақ ата заңдарының білгілерінің көпшілігі халықтың ауқатты болігінен шыққандықтан, оларға деген көзқарас та теріс болды. Қазақ қоғамы және ондағы құқықтық құрылымдар кеңестік дәүірде «ұлкен саясатқа» қарсы жүйелер ретінде бағаланды.

Кеңес үкіметі тұсындағы жаппай құғын-сұргінге ұшырату науқаны кезінде халықтың көзі ашық, оқыған зиялды қауымның қолында сакталған көненің көзі саналатын құнды қолжазбаларды да өртеп, құртып жіберді. Кейінгі кездегі елімізде жүргізіліп жатқан құғын-сұргін құрбандарын актау «ежелгі қазақ құқығын» қайта түлетуге мүмкіндік тудырды.

### III

Қазақ қоғамында Сөз құдіретін жоғары бағалаған. Дауласқан даугерлерді, жауласқан ішкі жауларды бір ауыз сөзбен тоқтатқан, сөзден асқан ештеңе болған жоқ. Шешендік өнер адамдардың қарым-қатынастарының отбасылық, рулық, мемлекеттік деңгейлерінде қолданылып, негізгі атрибуттардың бірі болып есептелді. Сөздік кордың байлығы, оны ұстартып шебер жетілгендікпен пайдалана білу ерекше бағаланды. Сөзді саптау мен аяқасты тапқырлық, айтқыштық, топта суырылып шығып сөйлеу ақыл-парасат деңгейінде орындалғанда далалықтар құрметтеген ұлы күшке айналушы еді. Әлеуметтік ортада және ұжымда рухани құнды сөздер тек қарым-қатынас құралы емес, одан да биік, рухани азық деңгейінде аса қызығушылықпен әрі саналы түрде қолданылып отырды. Күшті сақталған рулық бірлестіктердің бейбіт сүйгіш көшпелі өмір сұру образындағы еркіндік пен халықтың алып кеңістікті иемдену әрі мекендеу еркіндігі сөз феноменінің қалыптасуына және қоғамда қуатты күшке айналуына мүмкіндік туғызды. Қазақи сот билігі – билер сотының шешендік сөз күш – құдіретіне негізделген. Би – қазақ құқығы нормаларының тарихи-эволюциялық дамуындағы білгірі әрі шешені болған. Олар бірін-бірі толықтырып, далалық Фемиданың бейнесін көрсетті. Сот әділдігі саласында біреуінің болмауы ақылға сыймайтын әрі мүмкін емес құбылыс деп қаралды. Қызыл тілдің, шешендік өнердің басты қайнары, олардың сақтаушысы әрі реформаторы болып бірінші кезекте сот билігін жүзеге асыруши, ерекше кәсібіленген, қоғамның әлеуметтік қабатының бірі болып табылатын бидің орны ерекше. Қазақ құқығының соттық-процессуалдық нормаларының түзілуінде соттық функцияның еркін іске асуына толық әрі жан-жақты жағдай жасалған. Билер туралы бізге жеткен:

«Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары, білімі бар», – деген халық даналығы жоғарыда айтылған ойдың шындыққа жанасатындығын білдіреді. Белгілі жазушы Ә. Нұрпейісов: «С годами я, все чаще оглядывая мысленно скрытые пласти веков казахской истории, все более и более поражаюсь... Три мудреца чьи имена сегодня не сходят с уст благодарных потомков – Төле, Казыбек, Айтеке – не только были наделены Богом великим ораторским искусством. Они точно так же, как Цицерон в древнем Риме, исполняли широкий круг государственных обязанностей – в том числе судьей-биев, утверждая тем самым своими деяниями принципы демократии Великой Степи», – деп жазды. Қазақстандық сыншы-казушы Г.Бельгер қазақтың үш біи туралы айта келіп, оларды «үш пайғамбар» деп атайды.

Осы томға енгізілген, соңғы он жыл ішінде жарияланған отандық және шетелдік авторлардың көптеген зерттеулері Қазақияның рухани тарихы мен ата заң ережелерінің ерекшеліктерін, байлықтарын мейлінше ашып көрсетеді. Осы арада төмендегі белгілі ғалымдар мен жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің пікірлері құнды ойларға толы. Көрнекті зерттеуші Балтабай Адамбаевтың пікірі бойынша: «Қазақ шешендік өнері XII–XIII ғасырларда Майқы би мен Аяз билдерден басталады». Аты әлемге әйгілі жазушы, ғалым әрі қазақ тарихының білгірі М.О.Әуезов: «Әрбір хан өз қасында ақылшы болатын биді таңдағанда, ең алдымен сөз тапқыш өткір деген шешенниен, судырлаған ақыннан алатын», – деп жазды. Ұлттық әдебиет тарихын зерттеуші Раҳманқұл Бердібаев: «Ұлы билер барлық кезде үлкендікішілі іс-әрекетінің бәрінде ел мұддесін өз бастарының мұддесінен жоғары қойған», – деп жазды.

Қазақ ата зандарының мәнін тек қана Қазақияның этномәдени шекарасындағы өзіндік нормативтік әрекеттің түсіндіруге, шектеуге болмайды. Онда біз аясы кең қазақ құқығын белгілі қысандықтың бұғауында қалдырарымыз хақ. Ол бір мезгілде бірнеше функция (қызмет) аткарды.

Қыпшактардың Ұлы даласының ерте құлдырауы қазақдаласындағы құқықтық мәдениеттің құлдырауына соқтырыған жоқ. Бұл қарама-қайшылықты процесте оның ұлан-ғайыр «еркін» даладағы өмірі өз әсерін тигізген болуы мүмкін. Бірақ ортағасырлық қазақ даласының шаруашылық, мәдени тұрғыдан басқа елдермен салыстырығанда артта қалуы да қоғамға өз әсерін тигізбеді. Ұлан-байтақ Орта Азиялық аймақ әлемдік тарихтың сахнасынан ығысып, ұзақ уақыт бойы ұмыт қалған болатын. Бұны да ескерген жөн.

Қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениетін зерттеу бастапқыда Стalin қайтыс болғаннан кейінгі кезеңде, кейін Қеңес өкіметі тарағаннан

соң Республикамыздың өзекті мәселелерінің біріне айналды. Оған тіл мамандары, әдебиетшілер, тарихшылар мен заңгерлер де қатысты. Біртіндеп ортағасырлық қазақ тарихында «соттық-құқықтық өркендеу» кезеңінің тұтас бейнесі күрылды.

Қазақ құқығы мен бидің билігін әртүрлі тұрғыдан зерттеу оларды көшпелі түркі өркениетінің құнды мұраларының бірі ретінде сипаттайды, олардың құқықтық мәдениет аясындағы орны мен ерекшеліктерін ашып көрсетеді.

## **БИЛЕРДІҢ СОТЫ БҰРЫН ХАЛЫҚТЫҚ БОЛСА, ЕНДІ ОЛ АППАРАТТЫҚҚА АЙНАЛДЫ: ОРЫС ӘДЕБИЕТТЕРІНІҢ НЕГІЗГІ МОТИВІ ОСЫНДАЙ ЕДІ**

Орыс әдебиеті мен Ресейдің мұрағат қорларында қазақтың «Жарғы» құқығы мен XIX ғасыр және XX ғасырдың басындағы билер соты туралы жазба қор баршылық.

Қазақтардың құқықтық мәдениеті туралы «көшпелі қазақтардың әдет-ғұрып құқығы», «дала құқығы» және «Шығыс Дешті Қыпшақ қазақтарының құқығы» аттарымен белгілі қазақтың «Жарғы» құқығын жинау, соның ішінде оның нормативтік құрылымын зерттеу Ресейде тек қана XIX ғасырда ғана басталған болатын.

Әрине Қазақстан туралы материалдар бұған дейін жалпы айтқанда орыс мемлекетінің мұрағаттары мен кенселерінде болған. Олар негізінен хабарламалар, хаттар, күнделіктер және де қазақ жерлеріндегі жағдай туралы жекелеген мәліметтер, Ресеймен қарым-қатынастар, оның өкіметі мен шекаралық органдарының қазақ хандықтарымен, оның жеке өкілдерімен қатынастары туралы мәліметтер еді. Олардың арасында сот және құқықтық жүйе туралы ақпараттар жоқтың қасы еді, бар болғанның өзінде үзінді күйінде ғана кездесетін. XIX ғасыр ортасында Даға өлкесі халқының ішкі жағдайына қатысты Патша өкіметінің де, жеке зерттеуші энтузиастердің де қызығушылығы арта түсті. Соның өзінде қазақтардың өмірінің көптеген жақтары, әсіресе сот және құқықтық мәдениеті өте аз зерттелген әрі түсініксіз сала болып қала берді. Генерал-адъютант Крыжановский XIX ғасырдың 60-жылдары Императорлық Географиялық қофамның Орынбордағы бөлімін ашар кезде былай деген: «О киргизах имеют в России понятия ложные, что конечно, гораздо хуже, чем полное незнание»<sup>1</sup> – «Қырғыздар туралы Ресейдегі мәліметтер жалған, бұл ештене білмегендіктен де ауыр жағдай».

<sup>1</sup> Записки Оренбургского отдела Императорского русского географического общества. Вып. 1-й, Казань, 1870. 27-бет.

Осындай пікірді көптеген жылдар бойы Орынбор әкімшілігінде қызмет атқарған, қазақ тілін менгеруге құлықтылық танытқан шығыстанушы фалым Л.А.Словохотов та жазып кеткен. Оның ойынша, дала зандары мен билер соты туралы орыс авторларының жариялаған еңбектері үстірт жазылып, көбінде ақиқатты бұрмалайды. Дегенмен де осындай кемшіліктерге қарамастан орыстардың қазақтың «Жарғы» құқығы туралы әдебиеттері сан жөне сапа жағынан да бірталай мәліметтер береді. Бұл әсіреке XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басына қатысты.

## I

Қазақ жері XVIII ғасырдың 30-жылдарында Ресей қарауына кіргенімен де, Ресей тарапынан «басқарылмайтын аумақ» болып қала берді. Қазақ жері Ресей үшін Оңтүстік Азияның бай мемлекеттеріне жол ашатын көпір ретінде керек еді. Орыстың I Петр патшасы 1722 жылы парсы жорығы кезінде Астраханда болған шағында қазақ ордаларының жағдайы туралы сұрауларға жауап бергенде: «Киргиз-кайсацкая степь всем азиатским странам и землям ключ и ворота»<sup>1</sup> – «Қырғыз-қайсақ (қазак) даласы бүкіл Азия елдеріне шығатын жолдың кілті мен есігі» деп көрсеткен. Империяның негізгі күштері, «үлкен саясат» алаңында – Батыс жөне Оңтүстік батыста шоғырланғанына қарамастан, орыс патшасы Бекович Черкасскийдің ірі отрядын қазақ даласы арқылы Хиуа хандығына жорық жасау үшін аттандырады. Ондағы патша әкіметінің негізгі мақсатын зерттеуші былай түсіндіреді: «Проложить русскому купечеству через степи ее (Средней Азии – С.З.) дорогу к сокровищам Индии»<sup>2</sup> – «Орталық Азия арқылы орыс саудагерлеріне есепсіз Индия байлығына жол ашу еді».

XIX ғасырдың басына қарай заман өзгерді. Ресейдің Дала өлкесінеген саясаты да өзгерді. Қазақ жерлері арқылы Азияның оңтүстік елдеріне дәлізді қалыптастырудан бастап, осы жолдың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дейін әкімет қазақ жерлерін игеріп, оны империяның басқарылатын шеткі аймағына айналдыруға кірісті. Бұл мәселе күрделі жөне көп кезенді еді. Ол Дала өлкесінің ішкі құрылымына күш көрсету және мейлінше өзгерту арқылы жүзеге асырыла бастады.

Қазақстанда жаңа отарлау саясатын жүргізуінің негізгі шарты қазақ қоғамы туралы мүмкіндігінше анық мәлімет алу екенін Ресей әкіметі де түсіне бастады. Дамуында әлдекайда артта қалған көшпелілер

<sup>1</sup> Витевский В.Н., Неплюев И.И. Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 года. Т. I, Казань, 1889-1892, 136-б.

<sup>2</sup> Григорьев В. Русская политика в отношении Средней Азии. СПб, 1874. 11-12-66.

қоғамын, оның ішкі ережелерін, руға бөліну жағдайындағы қазақ қоғамындағы ұжымдық институттарды басқару мен реттерін, негіздерін түсінуді мақсат етті. Бұндай саясат бірінші жағынан бұрын-сонды жинақталған материалдар мен сипаттамаларға, екінші жағынан жана ақпараттарға сәйкес жүргізіліп отырды. Қазақ дала-сын жанаша басқарудың схемалары мен үлгілерінің, ойластырылған жаңартулардың жүзеге асуын қамтамасыз ететін зандардың жобалары дайындалды. Қазақстан Ресейдің сауда-экономикалық, жер мен кеңістік және стратегиялық саясатында тәуелсіз рөлге ие болды.

Дала өлкесінде хан билігінің жойылуы отарлау саясатының жаңа бір кезеңінің басты мәселесіне айналды. Бұндай саясат XIX ғасырдың басынан басталды да, 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы Жарғының» жасалуы және қабылдануымен аяқталды, ол тарихқа «Сперанский Жарғысы» деп беделді шығыстанушы ғалым, либерал-реформатор, Ресейдің көрнекті қайраткері, жарғы авторының атымен енді. Бұл уақытқа дейін далада, Кіші және Орта жүздерде Патша әкімшілігінде ресми колдау таппаған, өз-өздерін сайлаған сұлтандар арасынан шықкан хандарға қалды. Ережеден тыс қалмаган Каспийдің шағын аймағында орналасқан әкіметтің өзі де жеке хандық ретінде жариялаған Бекей ішкі ордасы еді (бұл жерде Жәңгір хан өз қызметінде 1845 жылы қайтыс болғанға дейін отырған). «Жарғыса» сәйкес бұрынғы хан билігі жаңадан құрылған округтер басындағы сұлтандарға ауысты.

Ханбилігін жоқарсанында, «Сібір қырғыздары туралы Жарғының» қабылдануы және қазақ халқын руға сәйкес әкімшілік аймақтарға бөлуге негізделген қазақ даласын басқарудың жаңа патшалық зан жүйесінен гізу карсанды бірқатар дайындық жұмыстары жүргізілген. Петербург билігі тапсырысы бойынша, сонымен қатар Омбы, Орынбор, Ташкент қалаларында орналасқан өлкені отарлау саясатын жүзеге асыруға жауапты губерниялық шекаралық басқармалардың өздері де отрядтар мен топтарды құрып және жекелеген шенеуніктерді қазактар шоғырланған алыс және жақын аудандарға, олардың көштеріне жіберіп отырған. Олардың алдарына белгілі бір міндеттер қойылған: білгірлер мен жергілікті әкімдерден билер сотында қолданылатын құқықтық нормалар туралы, олардың үкімдерінің мазмұны мен рөлі туралы ақпараттарды жинақтау, сондай-ақ олар туралы өздерінің бақылаулары мен алған әсерлерін қағаз бетіне түсіру тапсырылды. Олардың алғашқы қатардағы міндеті аймақтар бойынша көшпелі қазақ халқының зандар жинағын құрастыру еді. Ол кездерде артта қалған және көшпелі елдерде, оның ішінде Қазақстанда да, бейбіт жағдайда ел басқару ісі, билік көбінесе сот билігі арқылы жүргізіледі деген үғым

үстем болатын. Қазақ даласындағы ішкі құқықтық ережелерді білмей және оларды ескермей Ресейдің империялық мұдделеріне сәйкес келетін Даала өлкесінде қандай да бір тиімді саясат пен реформаларды жүргізу мүмкін емес деген пікір қалыптасты. Осындағы бағыттарда жүргізілген белсенді жұмыс үш кезеңге бөлініп өткізілді: бірінші рет XIX ғасырдың 20-жылдарында кешенді занадарды, соның ішінде 1822 жылы дайындалған «Бұратаналар туралы Жарғы» мен «Сібір қырғыздары туралы Жарғыны» жасау және қабылдау қажеттігіне байланысты; екінші ретінде хан билігін толығымен жою және XIX ғасырдың 40-жылдарында қазақ жерлерінің әкімшілік құрылымын реформалау қарсаңында және оларды басқарумен байланысты; үшінші кезең XIX ғасырдың 60-70-жылдарында өлкеде Ресейдің жан-жақты ықпалын күштегі бағытталған, Қазақстандағы басқару мен сот саласында жаңадан ірі реформаларды жүргізуі қамтиды.

